ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖІКТЕУІШІ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖІКТЕУІШІ (ЭҚЖЖ)

ОБЩИЙ КЛАССИФИКАТОР ВИДОВ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ (ОКЭД)

ҚР ҰЖ 03-2019

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Нұр-Сұлтан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖІКТЕУІШІ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖІКТЕУІШІ (ЭҚЖЖ)

ҚР ҰЖ 03-2019

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Нұр-Сұлтан

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2019 жылғы 22 ақпандағы № 68-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы жіктеуіш Еуропалық экономикалық қауымдастығы Экономикалық қызмет түрлерінің статистикалық жіктелімін (NACE Rev.2) есепке алып әзірленген.

4 Осы жіктеуіште «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II Заңының нормалары іске асырылған.

5 «ҚР МЖ 03-2007 Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ)» **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын басып шығарылатын «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі құжаттары» ақпараттық каталогында, ал өзгерістер мәтіні мерзімдік «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама мерзімдік «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы жіктеуіш Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толығымен немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖІКТЕУІШІ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖІКТЕУІШІ

Енгізілген күні 2020-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы жіктеуіш экономикалық қызмет түрлерінің жіктеу және кодтау тәртібін белгілейді.

Ескертпе - Осы жіктеуіш ұлттық деңгейде мынадай негізгі мәселелерді шешу кезінде пайдаланылады:

- тіркеу кезінде заңды тұлғалар, филиалдар және өкілдіктер (шаруашылық субъектілері) берген экономикалық қызмет түрлерін жіктеу және кодтау;
- шаруашылық субъектілерінің негізгі және нақты жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрлерін анықтау;
- экономикалық процестердің дамуына қызмет түрлері бойынша мемлекеттік статистикалық байқауды жүзеге асыру;
- ұлттық шоттар жүйесі қағидаттарының негізінде макроэкономикалық көрсеткіштердің және қоғамның өсу қарқынына болжамды бағалауды экономикалық дамуын модельдеуді өткізу;
- экономикалық қызмет түрлері туралы ақапартты Статистикалық бизнес-тіркелімде, басқа ақпараттық тіркелімдерде кодтау;
- аналитикалық мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік өкімет және басқарудың экономикалық қызмет түрлері туралы ақпаратта қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы жіктеуішті қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 5.0-2015 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Негізгі ережелер»;

ҚР СТ 5.1-2015 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Техникалық – экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерді әзірлеу тәртібі».

Ескертпе - Осы жіктеуішті пайдалану кезінде сілтемелік жіктеуіштердің іс-қимылын ағымдағы жылға жағдайы бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіш бойынша және ағымдағы жылы жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіштер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы жіктеуішті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы жіктеуіште тиісті анықтамалармен бірге мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Қызмет түрі:** Қызмет түрлерін жіктеудің неғұрлым іріленген санаттарын сипаттайтын өнімнің (тауарлар мен қызметтердің) біртекті жиынтығын жасау процесі.

3.2 **Қызметтің негізгі түрі:** Қосылған құны шаруашылық субъектісі жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі.

3.3 **Қызметтің қосалқы түрі:** үшінші тұлғалар үшін өнімдерді (тауарлар мен қызметтерді) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын, негізгіден басқа қызмет түрі.

3.4 **Қызметтің қосымша түрі:** шаруашылық субъектінің негізгі және қосалқы қызмет түрлерін ғана қолдау үшін жүзеге асырылатын және осы шаруашылық субъект шегінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өндірісінде (тасымалдау, сақтау, сатып

алу, өткізуді дамыту, жинастыру, жөндеу және қызмет көрсету, күзету және т.с.с.) тек тұтынуға арналған қызмет түрі.

4 Жалпы ережелер

4.1 Осы жіктеуіштің объектілері (жіктелетін көптік элементтері) шаруашылықтық оқшауланудың, дербестік шарасының әртүрлі дәрежесімен сипатталатын, бірбейінді және көпбейінді қызметі бар шаруашылық субъектілерінің экономикалық қызмет түрлері болып табылады.

4.2 Оларға қатысты ақпарат сұралатын және статистикалық динамикалық қатарлар құрылатын шаруашылық субъектілері статистикалық бірліктер болып табылады.

4.3 Экономикалық қызметтің бір ғана түрімен айналысатын шаруашылық субъектілер меншік түріне (жекеше немесе мемлекеттік) және шаруашылық жүргізудің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан жіктеуіштің бір ғана топталымында жіктеледі.

4.4 Жіктеуіште қызметті өндірістік және өндірістік емес түрлерге бөлу қарастырылады, бірақ бір жағынан негізгі және қосалқы қызмет пен екінші жағынан көмекші қызмет арасындағы айырмашылығы жүргізіледі.

4.5 Қызметтің негізгі түрі бойынша жіктеу жұмыстың кәсіпорында немесе үй шаруашылығында машинамен немесе қол тәсілімен орындалатындығына немесе орындалмайтындығына қарамастан жүргізіледі.

4.6 Қызметтің негізгі түрін анықтау үшін критерий өнімдердің (тауарлардың және қызметтердің) тауарлық шығарылымы көлеміндегі қосылған құн болып табылады.

5 Жіктеуіш құрылымы

5.1 Жіктеуіш екі блоктан тұрады:

- сәйкестендіру;
- атауы.

Сәйкестендіру блогында жіктеудің 5 деңгейлі иерархиялық жүйесі және кодтың әріптік-сандық әліпбиін пайдалана отырып кодтаудың тізбекті жүйесі қолданылады.

5.2 Жіктеуіш коды NACE Rev.2 кодтау жүйесін сақтай отырып, екінші және үшінші таңба арасындағы, және қызмет түрлерінің ұлттық топтамаларының болуын атап өте отырып, төртінші және бесінші таңба арасындағы нүктелерді қамтиды.

Жіктеуіштің мынадай деңгейлері қабылданды:

бірінші деңгей (жоғары) әріптік кодымен (секциялар) белгіленген;
екінші деңгей екітаңбалы сандық кодымен (бөлімдер) белгіленген;
үшінші деңгей үш таңбалы сандық кодымен (топтар) белгіленген;
төртінші деңгей төрт таңбалы сандық кодымен (кластар) белгіленген;
бесінші деңгей бес таңбалы сандық кодымен (ішкі кластар) белгіленген.

Код құрылымының формуласы мынадай түрде болады:

XX	бөлім
XX.X	топ
XX.XX	клас
XX.XX.X	ішкі клас

5.3 Секция коды бөлімдерді, топтарды, кластарды және ішкі кластарды анықтайтын кодта болмайды.

Мысалы - «Шикі мұнайды және ілеспе газды өндіру» 06.10.0 кодымен белгіленген, мұнда 06-бөлім коды, 06.1-топ коды, 06.10-клас коды және 06.10.0-ішкі клас коды. «Өңдеу өнеркәсібі» С секциясының коды шикі мұнайды және ілеспе газды өндіру бойынша қызмет кодында болмайды.

Әр бөлімге өзінің коды берілген. Кодтардың кейбір бөлімдері резервте қалдырылған, бұл кодтау жүйесін өзгертусіз халықаралық деңгейдегі жаңа бөлімдер енгізуге мүмкіндік береді. Бұл кодтар жаңа бөлімдердің туындауы әбден мүмкін секцияларда болады.

Бұл жағдайларда жіктеудің белгілі бір деңгейі келесі кішірейтілген деңгейдегі санатқа бөлінбейді, «0» саны қолданылады.

Мысалы - «Темекі өнімдерін өндіру» тобында 12.0 коды бар, себебі «Темекі өнімдерін өндіру» бөлімі (12-код) топтарға бөлінбейді.

Топтар немесе «өзгелер» немесе «басқа топтамаларға енгізілмегендер» «9» санымен белгіленген.

Мысалы - 08.9 «Басқа топтамаларға енгізілмеген пайдалы қазбаларды өндіру» тобы, «Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де пайдалы қазбаларды өндіру» 08.99 класы.

5.4 Осы жіктеуіште экономикалық қызмет түрлерінің жіктелімдік белгілері ретінде әртүрлі жіктеу деңгейлеріне арналған түрлі белгілер пайданылады. Сонымен, секциялар деңгейінде, сондай-ақ ҰЖШ-да пайдаланылатын негізгі жіктелімдік белгілер өндірістік қызметтер мен өнімдердің негізгі сипаттамалары болып табылады; бөлімдер мен топтар деңгейінде (тиісінше 2 немесе 3 таңба) – өндірілетін және пайдаланылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің мақсаты, шикізат түрі және өңдеу технологиясы. Кластарға бөлудің негізгі белгілері (4 таңба) осы класқа енгізілген, статистикалық бірліктер өндіретін өнімнің негізгі бөлігін құрайтын нақты тауарлар мен қызметтер болып табылады. Ішкі кластар (5 таңба) Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының ерекшеліктерін есепке ала отырып кластардың нақтылануын білдіреді.

5.5 Жіктеуіштің секциялар және бөлімдер деңгейіндегі құрылымы

Секциялар	Атауы	Бөлімдер
A	**Ауыл, орман және балық шаруашылығы**	**01-03**
	Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну	01
	Орман шаруашылығы және ағаш дайындау	02
	Балық аулау және балық өсіру	03
B	**Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу**	**05-09**
	Көмір өндіру	05
	Шикі мұнай және табиғи газ өндіру	06
	Металл кендерін өндіру	07
	Өзге де пайдалы қазбаларды өндіру	08
	Кен өндіру өнеркәсібінде саласындағы қызметтер көрсету	09
C	**Өңдеу өнеркәсібі**	**10-33**
	Тамақ өнімдерін өндіру	10
	Сусындар өндіру	11
	Темекі өнімдерін өндіру	12
	Тоқыма бұйымдарын өндіру	13

	Киім өндіру	14
	Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру	15
	Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру	16
	Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру	17
	Полиграфиялық қызмет және жазылған ақпарат жеткізгіштерін жаңғырту	18
	Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	19
	Химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру	20
	Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндіру	21
	Резеңке және пластмасса бұйымдар өндіру	22
	Өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру	23
	Металлургия өндірісі	24
	Машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру	25
	Компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіру	26
	Электр жабдықтарын өндіру	27
	Басқа топтамаларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру	28
	Автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндіру	29
	Басқа көлік құралдарын өндіру	30
	Жиһаз өндіру	31
	Өзге де дайын бұйымдар өндіру	32
	Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату	33
D	**Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау**	**35**
E	**Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет**	**36-39**
	Суды жинау, өңдеу және тарату	36
	Ақаба суларды жинау және өңдеу	37
	Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру)	38
	Ластануды жою жөніндегі қызмет және қалдықтарды жою саласындағы өзге де көрсетілетін қызметтер	39
F	**Құрылыс**	**41-43**
	Ғимараттар құрылысы	41
	Азаматтық құрылыс	42
	Мамандандырылған құрылыс жұмыстары	43
G	**Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу**	**45-47**
	Автомобильдер мен мотоциклдерді көтерме және бөлшек саудада сату	45
	Автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, көтерме саудада сату	46
	Автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа, бөлшек	47

	саудада сату	
H	**Көлік және жинақтау**	**49-53**
	Құрлық және құбырмен жүретін көліктің қызметі	49
	Су көлігінің қызметі	50
	Әуе көлігінің қызметі	51
	Жүкті қоймалау және қосалқы көлік қызметі	52
	Пошталық және курьерлік қызмет	53
I	**Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету**	**55-56**
	Уақытша тұру жөнінде қызмет көрсету	55
	Тамақ өнімдерімен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету	56
J	**Ақпарат және байланыс**	**58-63**
	Баспа қызметі	58
	Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар, дыбыс жазбалар және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет	59
	Бағдарлама және теле-радио хабарлама жасау жөніндегі қызмет	60
	Телекоммуникациялар	61
	Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер	62
	Ақпараттық қызмет көрсету саласындағы қызмет	63
K	**Қаржы және сақтандыру қызметі**	**64-66**
	Қаржылық делдалдық, сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз етуді қоспағанда	64
	Міндетті әлеуметтік қамсыздандырудан басқа, сақтандыру, қайта сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру	65
	Қаржылық көрсетілетін қызметтер мен сақтандыру саласындағы қосалқы қызмет	66
L	**Жылжымайтын мүлікпен операциялар**	**68**
M	**Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет**	**69-75**
	Құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызмет	69
	Бас компаниялардың қызметі; басқару мәселелері бойынша консультация беру	70
	Сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет	71
	Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер	72
	Жарнама қызметі және нарық конъюнктурасын зерттеу	73
	Өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	74
	Ветеринариялық қызмет	75
N	**Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет**	**77-82**
	Жалдау, прокат және лизинг	77
	Жұмысқа орналастыру саласындағы қызмет	78
	Туристік агенттіктердің және операторлардың қызметі, брондау және ілеспе қызмет	79
	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеу жүргізу бойынша қызмет	80
	Ғимараттарға қызмет көрсету және аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет	81

	Коммерциялық қызметті қолдауға бағытталған офистік әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	82
O	**Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру**	**84**
P	**Білім беру**	**85**
Q	**Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету**	**86-88**
	Денсаулық сақтау саласындағы қызмет	86
	Тұруды қамтамасыз етумен әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну	87
	Тұратын жермен қамтамасыз етусіз әлеуметтік қызметтер көрсету	88
R	**Өнер, ойын-сауық және демалыс**	**90-93**
	Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет	90
	Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің және өзге де мәдениет саласындағы қызметтер	91
	Құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру бойынша қызмет	92
	Спорт, демалыс және ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет	93
S	**Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну**	**94-96**
	Қоғамдық бірлестіктер (ұйымдар) қызметі	94
	Компьютерлерді, жеке пайдаланатын заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу	95
	Өзге де жеке көрсетілетін қызметтерді ұсыну	96
T	**Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі, өзіндік тұтынуы үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру бойынша үй шаруашылықтарының қызметі**	**97-98**
	Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі	97
	Өзіндік тұтынуы үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді көрсету өндіру бойынша үй шаруашылықтарының қызметі	98
U	**Аумақтан тыс ұйымдар мен органдардың қызметі**	**99**

6 Жіктеуішті жүргізу

6.1 Жіктеуішті жүргізу жіктеуіштің бақылау данасын құруды, ондағы ақпараттың анықтығы мен толықтығын қамтамасыз ету мақсатында өзгерістер енгізуді қарастырады.

6.2 Жіктеуішке өзгерістер енгізуді бекітілген тәртіпте статистиканың уәкілетті органы жүзеге асырады.

А СЕКЦИЯСЫ АУЫЛ, ОРМАН ЖӘНЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Бұл секцияға өсімдіктерден және жануарлардан алынатын табиғи ресурстарды пайдалану кіреді және ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, жануарларды бағу және көбейту, орман және өзге де өсімдіктерді жинау, жануарларды фермаларда немесе үйреншікті тіршілік орындарында көбейту сияқты қызмет түрлерінен тұрады.

01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Бұл бөлім екі негізгі қызмет түрінен: сондай-ақ генетикалық модификацияланған өсімдіктер және жануарларды өсіру, ашық және жабық жерде өсімдіктерді өсіру, ауыл

шаруашылығына қатысы бойынша көмекші қызметтерді көрсету, сонымен қатар жабайы аңдарды, олардан өнім алу және өсіру мақсатымен ұстау, аулау, осы салалардағы көрсету кіретін өсімдік және мал шаруашылығы өнімдер өндірісінен тұрады.

«Аралас ауыл шаруашылығы» 01.5 тобы қызметтің негізгі түрін анықтаудың негізгі қағидаттарына сәйкес жіктелмейді. Бұл топ көптеген ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мал шаруашылығы өнімдерін де, сонымен қатар өсімдік шаруашылығы өнімдерін де (шамамен теңдей пропорцияда) өндіруімен түсіндіріледі, сондықтан оларды осы немесе басқа санатқа жатқызу дұрыс болмас еді.

10 және 11-бөлімдерде «Тамақ өнімдерін және сусындар өндіру» және темекіні алғашқы өңдеуден басқа, 12-бөлімде «Темекі өнімдерін өндіру» жіктелген ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бұл бөлімге кірмейді. Алғашқы нарыққа өнімдерді дайындау осы бөлімге енгізілген.

Бұл бөлімге «Құрылыс» F секциясына жіктелген жерлерді дайындау (мысалы, жер жұмыстары, күріш алаңдарын дренаждау және т.б.), сондай-ақ G секциясына жіктелген ауыл шаруашылығы өнімдерін комиссиондық және кооперативтік қауымдастықтар арқылы сату, 81.30.0 ішкі класта жіктелген ландшафт дизайны кірмеген.

01.1 Бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру

Бұл топқа бір- немесе екіжылдық дақылдарды, яғни екеуден артық емес өсіп-өну және даму кезеңі өмір сүретін өсімдіктерді өсіру, сонымен қатар осы өсімдіктерді тұқымдарға өсіру кіргізілген.

01.11 Дәнді дақылдарды (күріштен басқа), бұршақ және майлы дақылдарды өсіру

Бұл класқа ашық жерде дәнді (күріштен басқа), бұршақ және майлы дақылдарды өсіру кіреді.

01.11.1 Тұқым өсіруді қоскқанда, дәнді және бұршақ дақылдарды өсіру

Бұл ішкі класқа:

- бидай, жүгері, қонақ жүгері, арпа, қара бидай, сұлы, тары, басқа да дәнді дақылдар сияқты дәнді-бұршақ дақылдарын, оның ішінде тұқым қорын қалыптастыру үшін өсіру
- үрмебұршақ, бұршақ, нут (түрік бұршағы), жасымық, бөрібұршақ, бұршақ, бұршақққын бұршағы, басқа да бұршақ дақылдар сияқты дәнді-бұршақ дақылдарын, оның ішінде тұқым қорын қалыптастыру үшін өсіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- күріш өсіру, (01.12.0 қараңыз)
- тәтті жүгеріні өсіру, (01.13.2 қараңыз)
- азықтық жүгеріні өсіру кірмейді, (01.19.1 қараңыз)

01.11.2 Майлы дақылдарды және олардың тұқымдарын өсіру

Бұл ішкі класқа:

- соя бұршағы, жер жаңғағы (арахис), мақта, үпілмәлік, зығыр, қыша, рапс, сафлор, күнжіт, күнбағыс тұқымдары сияқты майлы дақылдарды, тұқымдарды өндіруді қоса алғанда, басқа да майлы дақылдар өсіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- құрамында майы бар жемістерді өсіру кірмейді, (01.26.0 қараңыз)

01.12 Күріш өсіру

01.12.0 Күріш өсіру

01.13 Көкөністер, бақша дақылдарын, тамыр жемістілер мен түйнек жемістілерді өсіру

01.13.1 Картопты және отырғызатын материал өсіру

01.13.2 Көкөністерді, олардың тұқымдарын және көшеттерін өсіру

Бұл ішкі класқа:
- бөрікгүл, аспарагус, қырыққабат, түсті қырыққабат және брокколи, салат-сүтшөп және салат сорты цикорий, шпинат сияқты жапырақты және сабақты көкөністерді, басқа да жапырақты және сабақты көкөністер өсіру
- қияр және корнишондар, баялды, қызанақтар, мускус қауынын қосқанда, қарбыздар, қауындар, сияқты жеміс – көкөністерді бақша және жеміс – көкөністердің басқа да түрлерін өсіру
- сәбіз, шалқан, қантты жүгері, сарымсақ, пияз (шалотты қоса алғанда), порей пиязы және пияз тәрізділерге жататын көкөністер сияқты тамыр жемісті, түйнекті жемісті және көкөністердің өзге де тамыр жемісті және түйнек жемістілер өсіру
-саңырауқұлақтар және трюфельдерді өсіру
- батат (тәтті картоп), маниок, ямс, және т.б. сияқты көкөністердің өзге де түрлерін өсіру
- көкөністердің тұқымдарын өсіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- ащы (чили) және тәтті бұршаққынды бұршақтарды және дәмдеуіштер мен хош иісті шөптердің басқа да түрлерін өсіру, (01.28.0 қараңыз)
- саңырауқұлақ жіпшелерін өсіру кірмейді, (01.30.0 қараңыз)

01.13.3 Қант қызылшасын және оның тұқымдарын өсіру

Бұл ішкі класқа:
- қант қызылшасын өсіру
- қант қызылшасының тұқымдарын өсіру кіреді

01.14 Қант қамысын өсіру

01.14.0 Қант қамысын өсіру

Бұл ішкі класқа:
- қант қызылшасын өсіру кірмейді, (01.13.3 қараңыз)

01.15 Темекі өсіру

01.15.0 Темекі өсіру

Бұл ішкі класқа:
- темекі өнімдерін өндіру кірмейді, (12.00.2 қараңыз)

01.16 Тоқыма дақылдарды өсіру

01.16.1 Шитті мақтаны өсіру

01.16.2 Тоқыма дақылдарды және олардың тұқымдарын өсіру

Бұл ішкі класқа:
- кендірді, кенафты және басқа да тоқыма тінді талшықтарды өсіру
- зығырды және қарасораны өсіру
- сизальды және агава түрінің тоқыма талшығының басқа да түрлерін өсіру
- маниль кендірін, рамиді және басқа да өсімдік тоқыма талшықтарындың өсіру
- басқа да тоқыма дақылдарын өсіру
- тоқыма дақылдарының тұқымдарын өсіру кіреді

01.19 Өзге де бір-немесе екіжылдық дақылдарды өсіру

01.19.1 Жем-шөп дақылдарын және олардың тұқымдарын өсіру

Бұл ішкі класқа:
- тарнаны, жем-шөпті қызылшаны, жем-шөпті тамыржемістілерді, бедені, жоңышқаны, эспарцетті, жем-шөптік жүгеріні және басқа шөптерді, жем-шөптік қырыққабаты және жем-шөптік дақылдылар сияқтыларды өсіру
- қарақұмықты өсіру
- қызылша тұқымдарын (қант қызылшасынан басқа) және жем-шөп өсімдіктерін өсіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- дәмдеуіштерді, хош иісті шөптерді, емдік және парфюмерияда өсімдіктер пайданылатын өсімдіктерді өсіру кірмейді, (01.28.0 қараңыз)

01.19.2 Гүлдерді өсіру, гүлді дақылдардың тұқымын өсіру

Бұл ішкі класқа:
- гүлдерді өсіру
- жаңадан кесілген гүлдерді және гүлшанақтағы гүлдерді өндіру
- гүлдер тұқымдарын өсіру кіреді

01.19.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де бір- немесе екіжылдық дақылдарды өсіру

01.2 Көпжылдық дақылдарды өсіру

Бұл топқа көп жылдық дақылдарды, яғни екіден артық өсіп-өну маусымына шыдайтын және әрбір маусымнан кейін қурап қалатын, бірақ өсіп-өнуі жалғасатын өсімдіктерді өсіру кіреді.

Бұл топқа өсімдіктерді тұқымдар өсіру кіреді.

01.21 Жүзімді өсіру

01.21.0 Жүзімді өсіру

Бұл ішкі класқа:
- жүзім алқабында шарап өндіру үшін жүзімді және жүзімнің асханалық сұрыптарын өсіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шарап өндіру кірмейді, (11.02 қараңыз)

01.22 Тропикалық және субтропикалық жемістерді өсіру

01.22.0 Тропикалық және субтропикалық жемістерді өсіру

Бұл ішкі класқа:
- авокадо, көкөністік банан, плантайндар, құрмалар, інжірлер, манго, папайя, ананастар сияқты басқа да тропикалық және субтропикалық жемістерді өсіру кіреді

01.23 Цитрус жемістерін өсіру

01.23.0 Цитрус жемістерін өсіру

Бұл ішкі класқа:
- грейпфрут және помело, лимондар және лаймдар, апельсиндер, танжериндер, мандариндер, клементиндер сияқты цитрус жемістерін басқа да цитрус жемістерін өсіру кіреді

01.24 Дәнді және сүйекті жемістерді өсіру

01.24.0 Дәнді және сүйекті жемістерді өсіру

Бұл ішкі класқа:
- алмалар, өріктер, шие және қызыл шие, шабдалы және нектариндер, алмұрттар және беке, алхоры және терн сияқты басқа да дәнді сүйекті жемістерін өсіру кіреді

01.25 Басқа да жемістер, жидектер және жаңғақтарды өсіру

01.25.0 Басқа да жемістер, жидектер және жаңғақтарды өсіру

Бұл ішкі класқа:
- қара жидек, қарақат, қарлыған, киви, таңқурай, құлпынай/бүлдірген сияқты жидектердің басқа түрлері өсіру
- жемістердің тұқымдарын өсіру
- бадам, кешью, талшын, фундук, пісте жаңғағы, грек жаңғағы сияқты жеуге жарамды жаңғақтардың басқа да жаңғақтарды өсіру
- басқа да ағаштармен бұталы жемістерді өсіру (мысалы, жоңқалы ағаш жемістері) кіреді

Бұл ішкі класқа:

- кокосты жаңғақтарын өсіру кірмейді, (01.26.0 қараңыз)

01.26 Құрамында майы бар жемістерді өсіру

01.26.0 Құрамында майы бар жемістерді өсіру

Бұл ішкі класқа:
- кокос жаңғағы, зәйтүн, майлы пальмалардың жаңғақтары және ядролары сияқты құрамында майы бар басқа да майлы жемістерді өсіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- соя бұршағын, жер жаңғақтарды (арахис) және басқа да майлы дақылдарды өсіру кірмейді, (01.11.2 қараңыз)

01.27 Сусындар өндірісіне арналған дақылдарды өсіру

01.27.0 Сусындар өндірісіне арналған дақылдарды өсіру

Бұл ішкі класқа:
- кофе, шай, мате, какао сияқты сусындар өндірісіне арналған дақылдарды басқа да сусындар өндірісіне арналған дақылдарды өсіру кіреді

01.28 Дәмдеуіштерді, хош иісті шөптерді, емдік және парфюмерияда пайдаланылатын өсімдіктерді өсіру

01.28.0 Дәмдеуіштерді, хош иісті шөптерді, емдік және парфюмерияда пайдаланылатын өсімдіктерді өсіру

Бұл ішкі класқа:
- қара бұршақты бұрыш, бұршаққынды бұрыш, жұпар жаңғағы, жұпар жаңғағының және кардамонның кептірілген қабығынан жасалған хош иісті дәмдеуіштердің түрлері, анис, ерең және аскөк, даршын, қалампыр, зімбір, ваниль, құлмақ сияқыт басқа да дәмдеуіштер мен дәмқосарлар өсіру
- емдік және парфюмерияда пайдаланылатын өсімдіктерді өсіру кіреді

01.29 Басқа да көпжылдық дақылдарды өсіру

01.29.0 Басқа да көпжылдық дақылдарды өсіру
Бұл ішкі класқа:
- каучукті жинау үшін каучукті ағаштарды өсіру
- жаңа жылдық шыршаларды өсіру
- шырын алу үшін ағаштарды өсіру
- өрілген бұйымдарды өндіру үшін өсімдік шикізатын өсіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- гүлдерді және олардың тұқымдарын өсіру, жаңа кесілген гүлдерді және гүлшонақтағы гүлдер өндірісі, (01.19.2 қараңыз)
- ағаш шырынын немесе каучук тәріздес шайырын жинау кірмейді, (02.30.0 қараңыз)

01.3 Өсімдіктердің ұдайы өндірісі

01.30 Өсімдіктердің ұдайы өндірісі

01.30.0 Өсімдіктердің ұдайы өндірісі

Бұл ішкі класқа өсімдіктердің ұдайы өндірісі үшін материалдарды, оның ішінде өсімдіктерді өсіру үшін қалемшелерді, шыбықшаларды, кеспелерді немесе өсімдіктерді өсіру үшін екпеге арналған қалемше егілетін телітушіні құру кіреді.

Бұл ішкі класқа:
- отырғызу үшін өсімдіктерді өсіру
- көшет үшін шымды қоса алғанда, безендіруге арналған өсімдіктерді өсіру
- бадананы, түйнекті және тамырды, өсіндіні және өркенді алу үшін өсімдіктерді, сақырауқұлақ жіпшелерін өсіру
- орман питомниктерінен басқа, питомник өнімдерін өсіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- тұқым алу үшін өсімдіктерді өсіру, (01.1, 01.2 қараңыз)
- орман питомниктерінің қызметі кірмейді, (02.10.0 қараңыз)

01.4 Мал шаруашылығы

Бұл топқа су жануарларын қоспағанда, жануарлардың барлық түрін өсіру (ауыл шаруашылығы) және көбейту кіреді.

Бұл топқа:
- ауылшаруашылық жануарларын ұстау және күту жөніндегі қызмет көрсету, (01.62.0 қараңыз)
- мал сою орындарында былғарыны және терілерді өндіру кірмейді, (10.11.0 қараңыз)

01.41 Сүтті бағыттағы ірі қара малды көбейту

01.41.0 Сүтті бағыттағы ірі қара малды көбейту

Бұл ішкі класқа:
- сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіру және көбейту
- шикі сиыр сүтін және басқа ірі қара малдың шикі сүтін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- сүтті қайта өңдеу кірмейді, (10.51.1 қараңыз)

01.42 Басқа да ірі қара малды және буйволдарды көбейту

01.42.0 Басқа да ірі қара малды және буйволдарды көбейту

Бұл ішкі класқа:
- ет алу үшін ірі қара малды және буйволдарды өсіру және көбейту
- бұқаның шәуетін өндіру кіреді

01.43 Жылқыларды және басқа да жылқы тұқымдастарды көбейту

01.43.1 Жылқыларды көбейту

Бұл ішкі класқа:
- жылқыларды өсіру және көбейту кіреді

Бұл ішкі класқа:
- бәйгелерге қатысатын жылқыларды және салт мінуге арналған жылқыларды ұстауға арналған ат қоралардың және салт жүріс мектептердің қызметі кірмейді (93.19.0 қараңыз)

01.43.2 Есектерді, қашырларды және биелерді көбейту және өсіру

01.44 Түйелерді және өзге де түйе тектес жануарларды көбейту

01.44.0 Түйелерді және өзге де түйе тектес жануарларды көбейту

Бұл ішкі класқа:
- түйелерді (бір өркешті түйелерді) және өзге де түйе тектес жануарларды өсіру және көбейту кіреді

01.45 Қойларды және ешкілерді көбейту

01.45.0 Қойларды және ешкілерді көбейту

Бұл ішкі класқа:
- қойларды және ешкілерді өсіру және көбейту
- қойлардың және ешкілердің шикі сүтін өндіру
- өңделмеген жүнді (жуылмаған) және мамықты өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- қойларды сыйақыға немесе шарттық негізде қырқу бойынша қызмет көрсету, (01.62.0 қараңыз)
- түтілген жүнді өндіру, (10.11.0 қараңыз)
- сүтті қайта өңдеу кірмейді, (10.51.1 қараңыз)

01.46 Шошқаларды өсіру

01.46.0 Шошқаларды өсіру

01.47 Ауыл шаруашылығы құстарын көбейту

01.47.1 Етті алу үшін құсты, асыл тұқымды және төл құстарды көбейту

Бұл ішкі класқа:
- тауық, күркетауық, үйрек, қаз, мысыр тауығы және т.б. сияқты ауыл шаруашылығы құстарын өсіру және көбейту кіреді

Бұл ішкі класқа:

- қауырсын және мамықты өндіру кірмейді, (10.12.0 қараңыз)

01.47.2 Жұмыртқа өндіру

Бұл ішкі класқа:
- ауылшаруашылық құстарынан жұмыртқа өндіру кіреді

01.47.3 Аралас, етті жұмыртқалы өндіріс

01.47.4 Инкубаторлық құс шаруашылығы стансаларының қызметі

Бұл ішкі класқа:
- құс өсіруге арналған инкубаторлық стансаларды пайдалану кіреді

01.49 Жануарлардың басқа түрлерін өсіру

01.49.0 Жануарлардың басқа түрлерін өсіру

Бұл ішкі класқа:
- түйеқұстар және эму, құстардың басқа да түрлері (ауылшаруашылық құстарынан басқасы), жәндіктер, үй қояндары және басқа да терісі бағалы аңдар сияқты жартылай үй немесе өзге де жануарларды өсіру және көбейту
- фермаларда үлбірлі терілерді, бауырымен жорғалаушылар және құстардың терісін өндіру (оларды көбейту жерлерінде)
- құрттарды, ұлуларды, моллюскаларды және т.б. өрбітуге арналған фермалардың қызметі
- жібек құрттарын өсіру, жібек құрттарының пілләсін өндіру
- араларды өрбіту, балды және ара балауызын өндіру
- үй жануарларын (балықтарды қоспағанда): мысықтар және иттер, ұзынқұйрықты тотықұстар сияқты құстарды және т.б., аламандарды және т.б. өрбіту және көбейту
- жануарлардың өзге түрлерін өсіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- ауылшаруашылық құстарын көбейту және өсіру, (01.47 қараңыз)
- аңшылық және жануарларды аулау нәтижесінде алынатын былғарылар мен терілерді өндіру, (01.70.0 қараңыз)
- құрбақаларды, қолтырауындарды, теңіз ұлуларын өсіру жөніндегі фермалардың қызметі, (03.21.0, 03.22.0 қараңыз)
- балықтарды өсіру бойынша фермалардың қызметі, (03.21.0, 03.22.0 қараңыз)
- үй жануарларын ұстау және үйрету кірмейді, (96.09.0 қараңыз)

01.5 Аралас ауыл шаруашылығы

01.50 Аралас ауыл шаруашылығы

01.50.0 Аралас ауыл шаруашылығы

Бұл ішкі класқа өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өндірісі, сонымен қатар ауылшаруашылық дақылдарды немесе жануарларды өндіруге мамандандырылмаған мал шаруашылығының өнімдері кіреді. Фермалардағы ауылшаруашылығы жұмыстарының

барлық түрлерінің көлемі анықтаушы фактор болып табылмайды. Мал шаруашылығымен үйлестірілген өсімдік шаруашылығы, мұның өзінде бір саладағы мамандандырылу коэффициенті жалпы өнімнің 66%-нан аспайды.

Бұл ішкі класқа:
- аралас өсімдік шаруашылығы өндірісі, (01.1 және 01.2 топтарын қараңыз)
- аралас жануар шаруашылығы өндірісі кірмейді, (01.4 тобын қараңыз)

01.6 Астықты өңдеу жөніндегі қызмет және ауылшаруашылық дақылдарын өсіру және мал басын көбейтуге мүмкіндік беретін қызмет

Бұл топқа ауылшаруашылық өндірісіне тән қызметті, сондай-ақ ауылшаруашылық қызметіне ұқсас, бірақ сыйақы немесе шарттық негізде жүзере асырылатын өнімді өндіруге (ауыл шаруашылығы өнімдерін жинауға) бағытталмаған қызмет кіреді. Бұл топқа сонымен бірге астықты жинаудан кейін жүзеге асырылатын және ауылшаруашылық өнімін бірінші нарық үшін дайындауға бағытталған қызмет енгізілген.

01.61 Өсімдік шаруашылығына тән қызмет

01.61.1 Суару жүйесін пайдаланудан басқа, өсімдік шаруашылығына тән қызмет

Бұл ішкі класқа:
- сыйақыға немесе шарттық негізде жүзеге асырылатын өсімдік шаруашылығы саласындағы қызметі, сондай-ақ: алаңдарды дайындау, ауылшаруашылық дақылдарын көбейту, өсімдіктерді өңдеу, ауадан бүркуді қоса алғанда, ауылшаруашылық дақылдарын бүрку, жеміс ағаштарын және жүзімдіктерді қырқу, күрішті қайта отырғызу, қызылшаны отырғызу, астық жинау, өсімдіктерді жәндіктерден және зиянкес жануарлардан (соның ішінде қояндардан) қорғау
- ауылшаруашылығы жерлерін ауылшаруашылыққа жарамды жағдайда және қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан тиісті жағдайда ұстау
- ауыл шаруашылық техникасын операторлармен және техникалық персоналдармен бірге беру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- астықты өңдеу жөніндегі қызмет, (01.63.0 қараңыз)
- ауылшаруашылық жерлерін құрғату, (43.12.1 қараңыз)
- ландшафттық сәулет өнерін, (71.11.2 қараңыз)
- ауылшаруашылығы саласындағы агрономия мен экономика мамандарының қызметтерді көрсету, (74.90.9 қараңыз)
- қолданбалы бақшашылық, көгалдандыру саласындағы қызметтерді көрсету, (81.30.0 қараңыз)
- ауыл шаруашылық жәрмеңкелерін және көрмелерін ұйымдастыру кірмейді, (82.30.0 қараңыз)

01.61.2 Суару жүйесін пайдалану

Бұл ішкі класқа:
- ауылшаруашылығы мақсаттары үшін суару жүйелерін пайдалану кіреді

01.62 Мал шаруашылығына тән қызмет

01.62.0 Мал шаруашылығына тән қызмет

Бұл ішкі класқа:
- сыйақыға немесе шарттық негізде жүзеге асырылатын мал шаруашылығының қызметі, сондай-ақ: жанауарлардан алынған өнімдерді көбейту, өсіру және өндіру, мал бағу, малды сату, үй жануарларын тарттыру, тауық қораларын жинап тазалау және т.б., қолдан ұрықтандыру, жылқы шаруашылығы, қойларды қырқу, малдың үй тұқымдарын күту және ұстау кіреді

Бұл ішкі класқа сонымен қатар:
- жануарларды тағалау бойынша қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жануарларды ұстау үшін ғана үй-жайларды беру, (68.20 қараңыз)
- ветеринарлық қызмет, (75.00.0 қараңыз)
- жануарларды вакцинациялау, (75.00.0 қараңыз)
- жануарларды (мысалы, табын) жалға беру, (77.39.1 қараңыз)
- үй жануарларын күту бойынша қызмет көрсету кірмейді, (96.09.0 қараңыз)

01.63 Астықты өңдеу жөніндегі қызмет

01.63.0 Астықты өңдеу жөніндегі қызмет

Бұл ішкі класқа:
- ауылшаруашылық дақылдарын сатуға дайындау, яғни тазалау, кесу, сұрыптау, дезинфекциялау
- мақта талшықтарын тұқымдарынан бөлу
- темекі жапырақтарын өңдеу, мысалы, кептіру
- какао-бұршақтарды өңдеу, мысалы, тазалау
- жемістерді тасымалдау және сақтау үшін балауызбен өңдеу кіреді

Бұл ішкі класқа:
- өндірушінің ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу, (01.1, 01.2 немесе 01.3 топтарының тиісті класын қараңыз)
- астықты жинаудан кейінгі тұқымдардың сапасын жақсарту үшін қажетті ауыл шаруашылық қызметі, (01.64.0 қараңыз)
- кесіндіні жою және темекі жапырақтарын қайталама кептіру, (12.00.2 қараңыз)
- сату далдалының және кооперативтік қауымдастықтардың маркетингтік қызметі, (46-бөлімді қараңыз)
- ауыл шаруашылық шикізатының көтерме саудасы кірмейді, (46.2 қараңыз)

01.64 Тұқымдарды отырғызу үшін өңдеу қызметі

01.64.0 Тұқымдарды отырғызу үшін өңдеу қызметі

Бұл ішкі класқа астықты жинаудан кейін тұқымдарды өңдеу, сапасын жақсарту үшін қажетті генетикалық түрлендірілген тұқымдарды қоса алағанда: қоспаларды, ұсақ, жәндіктер, кеміргіштер бүлдірген немесе тұқымдарды машинамен жинау кезінде

жетілмеген тұқымдарды алып тастау, сақтауға қолайлы жағдайды қамтамасыз ету үшін оларды зеңнен тазарту. Бұл қызметке тұқымдарды кептіру, тазалау, сұрыптау және оларға тауар күйге келтіру үшін химиялық өңдеу кіреді.

Бұл ішкі класқа:
- тұқымдарды өсіру, (01.1 және 01.2 топтарын қараңыз)
- тұқымдарды май алу мақсатында өңдеу, (10.41 қараңыз)
- тұқымдардың жаңа нысандарының түрлерін алу мақсатында зерттеу немесе оларды түрлендіру кірмейді, (72.11.0 қараңыз)

01.7 Аңшылық пен аулау, осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсынуды қоса алғанда

01.70 Аңшылық пен аулау, осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсынуды қоса алғанда

01.70.0 Аңшылық пен аулау, осы салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсынуды қоса алғанда

Бұл ішкі класқа:
- коммерциялық мақсаттағы аңшылық және аулау
- тамаққа қолдануға, тері, былғары алуға немесе зерттеу мақсаттарына, хайуанаттар паркінде немесе үй жануарлары ретінде пайдалану үшін жануарларды аулауды қоса алғанда, аңшылық
- аң терісін, бауырымен жорғалаушылардың терісін немесе құс терісін аңшылық немесе аң аулау нәтижесінде өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сонымен бірге:
- сойдақтістілер және итбалықтар сияқты теңіз сүтқоректілерін аулау кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жануарларды фермада өсіру нәтижесінде аң терісін өндіру, бауырымен жоғалаушылардың және құстардың терісін өндіру, (01.49.0 қараңыз)
- фермаларда жабайы жануарларды өсіру, (01.49.0 қараңыз)
- киттерді аулау, (03.11.0 қараңыз)
- қасапханадан көн мен тері алу, (10.11.0 қараңыз)
- спорттық және әуесқойлық аңшылықпен байланысты қызмет, (93.19.0 қараңыз)
- аңшылық пен жабайы аң аулауды дамытуға бағытталған қызмет кірмейді, (94.99.0 қараңыз)

02 Орман шаруашылығы және ағаш дайындау

Бұл бөлім дөңгелек ағаш материалының өндірісін және жабайы өсетін ағаш емес орман өнімдерін жинауды қамтиды. Сонымен қатар бөлімге болмашы өңдеу нәтижесінде алынған өнім өндірісі (отын, ағаш көмірі) және өңделмеген түрінде пайдаланылатын дөңгелек ағаш материалы (мысалы, кеніш бағандары, теңгеру сүрегін және т.б.) кіреді. Осы қызмет түрлері тікелей табиғи және жасанды жасалған екпе ағаштарында жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл бөлімге аралаушы және тесуші құралдар көмегімен ағашты одан әрі өңдеу кірмейді (16-бөлімді қараңыз).

02.1 Орман шаруашылығы және өзге де орман шаруашылығы қызметі

02.10 Орман шаруашылығы және өзге де орман шаруашылығы қызметі

02.10.0 Орман шаруашылығы және өзге де орман шаруашылығы қызметі

Бұл ішкі класқа:
- құрылыс ағаштарын өсіру: екпе көшеттерді және тікпе көшеттерді отырғызу, ормандарды және ағаштарды кесу, сирету және қорғау
- жас балақ шыбықтарды, теңгерім сүрегін алуға ағаштарды және отынға арналған сүректі өсіру
- орман питамниктердің қызметі кіреді

Көрсетілген қызмет табиғи орындарында және жасанды жасалған орман екпе ағаштарында жүзеге асырылады.

Бұл ішкі класқа:
- жаңа жылдық шыршаларды өсіру, (01.29.0 қараңыз)
- орман питомниктерін қоспағанда, питомниктердің қызметі, (01.30.0 қараңыз)
- саңырауқұлақтарды және өзге де жабайы өсетін ағаш емес өнімдерді жинау, (02.30.0 қараңыз)
- жоңқалы сүректерді және жоңқаларды өндіру кірмейді, (16.10.1 қараңыз)

02.2 Ағаш дайындау

02.20 Ағаш дайындау

02.20.0 Ағаш дайындау

Бұл ішкі класқа:
- ағаш өңдеу өнеркәсібіне арналған дөңгелек ағаш материалдарын өндіру
- кеніш бағандары, білте тақтайша, шарбақ, бақан, бастырық сияқты өңделмеген түрінде пайдаланылатын дөңгелек ағаш материалдарын өндіру
- отын ағаштарын жинау және өндіру
- энергетикалық мақсаттарға арналған ағаш қалдықтарын жинау және өңдеу
- ағаш көмірін дәстүрлі әдіспен өндіру кіреді

Осы қызметтің нәтижесінде алынған өнім бөренелер немесе отындар түрінде болуы мүмкін.

Бұл ішкі класқа:
- жаңа жылдық шыршаларды өсіру, (01.29.0 қараңыз)
- құрылыс ағаштарын өсіру: отырғызу, екпе көшеттерді және көшетті ауыстырып салу, ормандарды және ағаш кесу үлескісін тазалау, (02.10.0 қараңыз)
- жабайы өсетін ағаш емес орман өнімдерін жинау, (02.30.0 қараңыз)
- жоңқалы сүрек және жоңқаларды өндіру, (16.10.1 қараңыз)
- ағашты дистилляциялау арқылы ағаш көмірді өндіру кірмейді, (20.14.9 қараңыз)

02.3 Жабайы өсетін ағаш емес өнімді жинау

02.30 Жабайы өсетін ағаш емес өнімді жинау

02.30.0 Жабайы өсетін ағаш емес өнімді жинау

Бұл ішкі класқа:

- жабайы өсетін ағаш емес өнімдерді: саңырауқұлақтар және трюфелдер, жидектер, жаңғақтар, бататолар және басқа каучук тәрізді шайырлар, тығын, өсімдік шырындары және сығындылары, өсімдік талшығы, емен жаңғақ, талшын, мүк және қына жинау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тоз ағаштарын қоспағанда, барлық жоғарыда аталған өнімдерді мақсатты өсіру, (01-бөлімді қараңыз)
- саңырауқұлақтарды немесе трюфелдерді өсіру, (01.13.2 қараңыз)
- жидектерді немесе жаңғақтарды өсіру, (01.25.0 қараңыз)
- отын ағаштарын жинау, (02.20.0 қараңыз)
- ағаш жоңқасын өндіру кірмейді, (16.10.1 қараңыз)

02.4 Орман шаруашылығы және ағаш дайындаумен байланысты көрсетілетін қызметтер

02.40 Орман шаруашылығы және ағаш дайындаумен байланысты көрсетілетін қызметтер

02.40.0 Орман шаруашылығы және ағаш дайындаумен байланысты көрсетілетін қызметтер

Бұл ішкі класқа сыйақыға немесе шарттық негізде көрсетілетін қызметтерді ұсыну:

- орман шаруашылығымен байланысты: ағаштарды түгелдеу, ормандарды басқару бойынша консультациялық қызметтер, құрылыс ағашын бағалау, өртке қарсы күрес және ормандарды өртке қарсы қорғау, орман зиянкестерімен күресу
- ағаш дайындаумен байланысты: орман ішінде бөренелерді тасымалдау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- орман питомниктерінің қызметі, (02.10.0 қараңыз)
- құрылыс учаскелерін тазалау, (43.12.1 қараңыз)
- орман жерлерін кептіру кірмейді, (43.12.1 қараңыз)

03 Балық аулау және балық өсіру

Бұл бөлім теңіз, минералды немесе тұщы сулардағы су биоресурстарын, атап айтқанда балықты аулау (жинау), шаян тәрізділерді, бақалшақтарды және басқа теңіз ағзаларын (мысалы, балдырлар, маржандар, губкалар және т.б.) пайдалануды қамтитын, балық аулауды және балық өсіруді кіреді.

Бұл бөлімге сондай-ақ көбінесе балық аулау және балық өсіру өнімдері өндірісінің бір бөлігі болып табылатын қызмет (мысалы, маржан өндірісі үшін устрицаларды ұрықтандыру) кіреді. Сыйақыға немесе шарт негізінде жүзеге асырылатын теңіз немесе тұщы судағы балық аулау мен балық өсіруге ықпал ететін қызметтер, дербес жүзеге асырылатын балық аулау немесе балық өсіру бойынша тиісті қызмет секілді осы бөлімнің осы ішкі класына кіргізілген.

Бұл бөлімге кемелерді жасау және жөндеу (30.1, 33.15), сондай-ақ спорттық-әуесқой балық аулау (93.19.0) кірмейді. Жағалауда орналасқан балық зауыттарын немесе жүзетін балық зауыттарын балықты, шаян тәрізділерді немесе моллюскаларды қайта өңдеу осы бөлімнен алып тасталған (10.20.0).

03.1 Балық аулау

Бұл топқа «аулау», яғни адамның тағам ретінде қолдануы үшін немесе қолмен не балық аулауға арналған құылғылардың әр түрлі типтерінің (тор, қармақ және тұрақты қақпан) көмегімен өсімдіктерді (балдырларды) қоса алғанда, жағалаудағы немесе ішкі сулардан тірі жабайы су организмдерін (киттерді, балықтарды, моллюскалар және шаянтәріздерді) аулау және жинау жөніндегі қызмет кіреді. Мұндай қызмет түрлері жағалауда (мысалы, мидиялар және устрицалар сияқты моллюскаларды жинау), тор, қармақ, балық аулайтын қайық немесе балық аулайтын кемелердің көмегімен мұхитта, жағалау немесе ішкі суларда, соның ішінде су қоймаларында жүзеге асырылуы мүмкін.

03.11 Теңізде балық аулау

03.11.0 Теңізде балық аулау

Бұл ішкі класқа:

- мұхит және теңіз суларында коммерциялық негізде балықтарды, теңіз шаян тәріздерін және моллюскаларды, киттерді, теңіз тасбақаларын, медузаларды, сегізаяқтарды, теңіз кірпілерін және т.б. аулау (өндіру) кіреді

Бұл ішкі класқа сонымен бірге:

- теңіз балығын аулауды, сондай-ақ балықты өңдеуді және консервілеуді жүзеге асыратын кемелердің қызметі
- басқа да теңіз организмдерін және материаларын: табиғи теңіз маржанын, губканы, інжулерді және балдырларды жинау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- киттерден басқа, теңіз сүт қоректілерін аулау, мысалы, сайдақтістілерді және итбалықтарды аулау, (01.70.0 қараңыз)
- өнеркәсіптік кемелерде киттерді өңдеу, (10.11.0 қараңыз)
- өнеркәсіптік кемелерде немесе жағалаудағы балық зауыттарында балықтарды, шаян тәріздерді және моллюскаларды өңдеу, (10.20.0 қараңыз)
- экипажбен бірге туристік теңіз қайықтарын және жағалаудағы су көлігін жалға алу (мысалы, балық аулау круиздер үшін), (50.10.0 қараңыз)
- балық аулауды қадағалау, (84.24.0 қараңыз)
- спорттық-әуесқой балық аулау және осы саладағы көрсетілетін қызметтерді ұсыну, (93.19.0 қараңыз)
- спорттық балық аулауға арналған қорықтардың қызметі кірмейді, (93.19.0 қараңыз)

03.12 Тұщы суда балық аулау

03.12.0 Тұщы суда балық аулау

Бұл ішкі класқа:

- ішкі суларда коммерциялық негізде балықтарды, тұщы сулардан шаян тәріздерді және моллюскаларды, басқа да тұщы суларда жануарларды балық аулау (өндіру) кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- тұщы су өсімдіктерін жинау кіреді

Бұл ішкі класқа:
- балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу, (10.20.0 қараңыз)
- балық аулауды қадағалау, (84.24.0 қараңыз)
- спорттық-әуесқой балық аулау және осы саладағы көрсетілетін қызметтерді ұсыну, (93.19.0 қараңыз)
- спорттық балық аулауға арналған қорықтардың қызметі кірмейді, (93.19.0 қараңыз)

03.2 Балық өсіру

Бұл топқа «балық өсіру» (немесе «акваөсіру»), яғни жақсартылған мекендеу ортасының (табиғатпен салыстырғанда) арқасында (мысалы, мерзім сайын балық жіберу, тамақтандыру және жыртқыштардан қорғау) тиісті организмдердің өсімін молайту көлемдерін арттыруға бағытталған әдістерді қолдана отырып, теңіз және тұщы су организмдерін (балықтар, моллюскалар, шаянтәрізділер, өсімдіктер, қолтырауындар, қосмекенділер) өсіру қызметі кіреді.

Балық өсіруге кейін оларды аулаумен жабық ортада шабақтар және (немесе) ересек дара нұсқалары сатысына дейінгі су организмдерін өсіру кіреді. Бұдан басқа, бұл топқа дайын өнімді жинауды қоса алғанда барлық кезеңдердегі жекелеген теңіз және тұщы су организмдеріне жеке, кооперативтік немесе мемлекеттік иелік ету жатады.

03.21 Теңізде балық өсіру

03.21.0 Теңізде балық өсіру

Бұл ішкі класқа:
- сәндік теңіз балықтарын өсіруді қоса алғанда, теңіз суында балықтарды өсіру
- жас екі жармалы моллюскаларды (устрицалар, мидиялар және т.б.), омарларды, асшаяндарды, балық шабақтарын өсіру
- қызыл балдырларды және өзге де жеуге жарамды теңіз балдырларын өсіру
- шаян тәрізділерді, екі жармалы моллюскаларды, өзге де моллюскаларды және теңіз суындағы басқа да теңіз организмдерін өсіру кіреді

Бұл ішкі класқа сонымен бірге:
- тұзды суда арнайы резервуарларда және тұзды су айдындарында теңіз жануарларын және өсімдіктерін өсіру жөніндегі қызмет
- теңіздегі балық питомниктерінің қызметі
- теңіз құрттарды өсіру фермаларының қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- құрбақаларды өсіру, (03.22.0 қараңыз)
- спорттық балық аулауға арналған қорықтардың қызметі кірмейді, (93.19.0 қараңыз)

03.22 Тұщы суда балық өсіру

03.22.0 Тұщы суда балық өсіру
Бұл ішкі класқа:
- сәндік тұщы су балықтарын өсіруді қоса алғанда, тұщы суда балықтарды өсіру

- тұщы су шаян тәрізділерін, екі жармалы моллюскаларды, басқа да моллюскаларды және басқа да тұщы су организмдерді өсіру
- тұщы су балық питомниктердің қызметі
- құрбақаларды өсіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- арнайы резервуарларда және тұзды суы бар су айдындарында балық өсіру, (03.21.0 қараңыз)
- спорттық балық аулауға арналған қорықтардың қызметі кірмейді, (93.19.0 қараңыз)

В СЕКЦИЯСЫ ТАУ-КЕН ӨНДІРУ ӨНЕРКӘСІБІ ЖӘНЕ КАРЬЕРЛЕРДІ ҚАЗУ

Бұл секцияға табиғатта қатты кендер (көмір және руда) түрінде, сұйық (мұнай) қалпында немесе газ тәрізді (табиғи газ) қалпында кездесетін пайдалы қазбаларды өндіру кіреді. Пайдалы қазбаларды өндіру кен орындарын жерасты немесе ашық қазу ұңғымаларды пайдалану, теңіз түбін қазу және т.б. сияқты әр түрлі тәсілдермен жүзеге асыруы мүмкін.

Бұл секцияға өткізуге шикізатты дайындау мақсатында мынадай қосымша қызмет түрлері: ұсақтау, уақтау, тазалау, кептіру, сұрыптау, кен байыту, табиғи газды сұйылту және қатты отынды агломерациялау кіреді. Қызметтің осы түрлерін, әдетте пайдалы қазбаларды өндіретін кәсіпорындар және/немесе өндіру орнынан тікелей жақын жерде орналасқан басқа кәсіпорындар жүзеге асырады.

Пайдалы қазбаларды өндіру негізгі өндірілетін минералдық шикізаттың түрі бойынша бойынша бөлімдерге, топтарға және кластарға жіктеледі. 05-, 06-бөлімдеріне отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды (көмір, қоңыр көмір, мұнай, газ) өндіруді; 07-, 08-бөлімдерінде металл кенін, әр түрлі минералдарды және басқа да тау жыныстарын өндіру кіреді.

Бұл секцияға енгізілген техникалық операциялардың кейбіреулері, әсіресе сұйық көмірсутектерді өндіруге жататын операцияларды мамандырылған бөлімшемен өнеркәсіптік көрсетілетін қызмет ретінде сыйақы үшін немесе шарттың негізінде жүзеге асырылуы мүмкін және және 09-бөлімде сипатталған.

Бұл секцияға:
- өндірілген пайдалы қазбаларды өңдеу, («Өңдеу өнеркәсібі» С секциясын қараңыз)
- өндірілген пайдалы қазбаларды құрылыста одан әрі өңдемей пайдалану, («Құрылыс» F секциясын қараңыз)
- табиғи қайнар көздерден суларды және ұңғымалардан минералды суларды бөтелкелерге құю, (11.07.0 қараңыз)
- тау-кен өндіру өнеркәсібімен және жер асты қазба жұмыстарымен байланысты емес жер қабатын, тау жыныстары мен минералдарын ұсақтау, уату немесе кейбір топырақты өзге де өңдеу түрлері кірмейді, (23.9 қараңыз)

05 Көмірді өндіру

05.1 Тас көмірді өндіру

Бұл топқа жанатын қатты жер асты пайдалы қазбаларды немесе ашық тәсілмен өндіру кіреді және өткізуге жарамды өнім алу жұмыстары (мысалы, бөлшектеу, тазалау, сығымдау және тасымалдау қажетті басқа жұмыстар және т.б.) кіреді.

Бұл топқа:
- тас көмірді немесе қоңыр көмірді өндірудегі жалғасатын қызметтер, (09.90.0 қараңыз)
- кокстеу, (19.10.0 қараңыз)
- брикеттерді өндіру кірмейді, (19.20.3, 19.20.4 қараңыз)

05.10 Тас көмірді өндіру

Бұл класқа:
- үйіндіден тас көмірді алу кіреді

Бұл класқа:
- лигнитті (қоңыр көмірді) өндіру, (05.20 қараңыз)
- шымтезекті өндіру, (08.92.0 қараңыз)
- сыйақыға немесе шарттық негізде көрсетілетін тас көмірді өндіруге ықпал ететін қызметтер, (09.90.0 қараңыз)
- көмірді өндіру үшін сынама бұрғылау, (09.90.0 қараңыз)
- көмірді өндіруге арналған учаске дайындау жұмысы кірмейді, (43.12.1 қараңыз)

05.10.1 Тас көмірді ашық тәсілмен өндіру

05.10.2 Тас көмірді жер асты тәсілмен өндіру

05.10.3 Тас көмірді байыту

Бұл ішкі класқа тас көмірдің сапасын жақсарту, оны тасымалдауды немесе сақтауды оңайлату үшін шаю, ірілігіне қарай бөлу, бөлшектеу, сығымдау және т.б. кіреді

Бұл ішкі класқа:
- қатты жанғыш материалдарды өндіруге арналған кокс пештерін пайдалану, (19.10.0 қараңыз)
- тас көмірден брикеттерді өндіру кірмейді, (19.20.3 қараңыз)

05.2 Лигнитті (қоңыр көмірді) өндіру

05.20 Лигнитті (қоңыр көмірді) өндіру

Бұл класқа:
- тас көмірді өндіру, (05.10 қараңыз)
- шымтезекті өндіру, (08.92.0 қараңыз)
- сыйақыға немесе шарт негізінде жүзеге асырылатын лигнитті өндіруге ықпал ететін қызметтер, (09.90.0 қараңыз)
- көмірді өндіру үшін сынама бұрғылау, (09.90.0 қараңыз)
- көмірді өндіруге арналған учаскені дайындау жұмысы кірмейді, (43.12.1 қараңыз)

05.20.1 Лигнитті (қоңыр көмірді) ашық тәсілмен өндіру

05.20.2 Лигнитті (қоңыр көмірді) жер асты тәсілмен өндіру

05.20.3 Лигнитті (қоңыр көмірді) байыту

Бұл ішкі класқа лигниттің сапасын жақсарту, тасымалдауды немесе сақтауды оңайлату үшін шаю, ірілігіне қарай бөлу, бөлшектеу, сығымдау және т.б. кіреді

Бұл ішкі класқа:
- лигниттен (қоңыр көміоден) брикеттерді өндіру кірмейді, (19.20.4 қараңыз)

06 Шикі мұнай және табиғи газ өндіру

Бұл бөлімге шикі мұнай, соның ішінде битуминоздық тақтатастардан және битуминоздық құмнан шикі мұнай өндіру, табиғи газды және сұйық көмірсутектерді өндіру кіреді. Бұл бөлімге бар мұнай-газ кен орындарын пайдалану және/немесе жаңа учаскелерін игеру жөніндегі қызмет: бұрғылау, бұрғылау мұнараларын және жабдықтарын монтаждау; сеператорлардың жұмысын қамтамасыз ету, эмульсияны қабатсыздандыруға арналған жабдықтар, тазалайтын жабдықтар және және шикі мұнайды жинауға арналған жабдық; сондай-ақ мұнай немесе газды және кен орнынан тиеу орнына жеткізілгенге дейін өңдеу жөніндегі басқа да қызмет түрлері кіреді

Бұл бөлімге:
- мұнай мен газды сыйақыға немесе шарт негізде өндіру жөніндегі қызметтерді ұсыну, (09.10.0 қараңыз)
- мұнай мен газ кен орындарында іздестіру-барлау жұмыстары, (09.10.0 қараңыз)
- барлау мақсатымен бұрғылау, (09.10.0 қараңыз)
- мұнай өнімдерін тазалау (қайта өңдеу), (19.20.1 қараңыз)
- геофизикалық, геологиялық және сейсмикалық зерттеулер кірмейді, (71.12.2 қараңыз)

06.1 Шикі мұнайды өндіру

06.10 Шикі мұнайды өндіру

06.10.0 Шикі мұнайды және ілеспе газды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шикі мұнайды өндіру
- битуминоздық немесе мұнай тақтатасын және битуминоздық құмды өндіру
- битуминоздық немесе мұнай тақтатасынан және битуминоздық құмнан шикі мұнайды өндіру
- шикі мұнайды алу процестері: қалқымалау, сусыздандыру, тұзсыздандыру, тұрақтандыру және т.б. кіреді

Бұл ішкі класқа:
- мұнайды және табиғи газды өндіруге ықпал ететін сыйақыға немесе шарт негізінде көрсетілетін қызметтерді ұсыну, (09.10.0 қараңыз)
- мұнай мен газ кенорындарын барлау, (09.10.0 қараңыз)
- тазартылған мұнай өнімдерін өндіру, (19.20.1 қараңыз)
- мұнайды қайта айдау процесі кезінде сұйылтылған мұнай газын айырып алу, (19.20.1 қараңыз)
- құбыржолдарын пайдалану кірмейді, (49.50.0 қараңыз)

06.2 Табиғи газды өндіру

06.20 Табиғи газды өндіру

06.20.1 Метаннан басқа, табиғи газды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шикі газ тәрізді көмірсутекті (табиғи газды) өндіру
- конденсаттарды өндіру
- сұйық көмірсутектердің фракциясын дренаждау және бөліп шығару
- газды десульфурациялау кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- сұйылту немесе пиролиз жолымен сұйық көмірсутекті өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- сыйақыға немесе шарт негізінде көрсетілетін табиғи газ бен мұнайды өндіруге ықпал ететін қызметтерді ұсыну, (09.10.0 қараңыз)
- мұнай мен газ кенорындарын барлау, (09.10.0 қараңыз)
- мұнайды қайта айдау процесі кезінде сұйылтылған мұнай газын айырып алу, (19.20.1 қараңыз)
- өнеркәсіптік газдарды өндіру, (20.11.0 қараңыз)
- құбыржолдарын пайдалану кірмейді, (49.50.0 қараңыз)

06.20.2 Көмір кенорындарынан метанды өндіру

07 Металл кендерін өндіру

Бұл бөлімге жер асты немесе ашық тәсілмен, сондай-ақ теңіз түбінен металл кендерін өндіру және т.б. кіреді. Сондай-ақ, уату, ұсақтау, кептіру, агломерациялау, кальцийлеу немесе кендерді сілтіден айыру, ірілігіне қарай бөлу немесе флотациялау сияқты кендерді дайындау және байыту жөніндегі қызмет кіреді.

Бұл бөлімге:
- темір колчеданды күйдіру, (20.13.0 қараңыз)
- алюминий оксидін өндіру, (24.42.0 қараңыз)
- домен пештерін пайдалану кірмейді, (24-бөлімді қараңыз)

07.1 Темір кендерін өндіру

07.10 Темір кендерін өндіру

Бұл класқа:
- құрамында темірі басым бағалы кендерді өндіру кіреді

Бұл класқа:
- темір және магнитті колчедандарды өндіру және байыту (күйдіруден басқа) кірмейді, (08.91.0 қараңыз)

07.10.1 Темір кендерін жер асты тәсілмен өндіру

07.10.2 Темір кендерін ашық тәсілмен өндіру

07.10.3 Темір кендерін байыту және агломерациялау

Бұл ішкі класқа:
- темір кенді концентратты және жұмырлылықтарды өндіру кіреді

07.2 Темірден басқа, кендерді өндіру

Бұл топқа темірден басқа, кендерді өндіру кіреді

07.21 Уран және торий кендерін өндіру

07.21.0 Уран және торий кендерін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- уран және торий кендерін өндіру: уранит және т.б.
- осы кендерді алғашқы байыту
- уран концентратын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- уран және торий кендерін байыту, (20.13.0 қараңыз)
- ураниттен немесе өзге де кендерден металл уранын өндіру, (24.46.0 қараңыз)
- уранды балқыту және оны қоспалардан тазарту кірмейді, (24.46.0 қараңыз)

07.29 Өзге де металл кендерін өндіру

Бұл класқа:
- өзге де металл кендерін өндіру, байыту, кесектеу және агломерациялау: алюминий (бокситтерді), мыс, қорғасын, мырыш, қалайы, марганец, хром, никель, кобальт, молибден, тантал, ванадий және т.б.; бағалы металдар: алтын, күміс, платина өндіру кіреді

Бұл класқа:
- уран және торий кенін өндіру және өңдеу, (07.21.0 қараңыз)
- алюминий оксидін өндіру, (24.42.0 қараңыз)
- мыс немесе никель штейндерді өндіру кірмейді, (24.44.0, 24.45.1 қараңыз)

07.29.1 Құрамында шикізат бар алюминийді өндіру және байыту

07.29.2 Мыс кенін өндіру және байыту

07.29.3 Қорғасын-мырыш кенін өндіру және байыту

07.29.4 Никель-кобальт кенін өндіру және байыту

07.29.5 Титан-магний шикізатын (кенін) өндіру және байыту

07.29.6 Қалайы кенін өндіру және байыту

07.29.7 Сүрме-сынап кенін өндіру және байыту

07.29.8 Бағалы металдар мен сирек кездесетін металл кендерін өндіру

07.29.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де металл кендерін өндіру және байыту

08 Өзге де пайдалы қазбаларды өндіру

Бұл бөлімге карьерлерде және кеніштерде пайдалы қазбаларды өндіру, сондай-ақ аллювиал қабаттарын қазып алу, тау жыныстарын уату, тұзды кен орындарын қазу кіреді. Өндірілген тау жыныстары мен минералдары құрылыста кезінде (мысалы, құм, тас және т.б.), басқа (мысалы, саз, гипс, кальций және т.б.) материалдарды, химиялық өнімдерді өндіру қолданылады.

Бұл бөлімге пайдалы қазбаларды өңдеу (уату, ұсақтау, тазалау, кептіру, сұрыптау, араластырудан басқа) кірмейді.

08.1 Тас, саз және құм өндіру

08.11 Сәндік әрлеуге арналған және құрылыс тасын, әктасын, гипсін, борын және тақтасын өндіру

08.11.1 Сәндік әрлеуге арналған және құрылыс тасын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- мрамор, гранит, құмдақ және т.б. сияқты әрлеуге арналған және құрылыс тасын өндіру, жинақ кесу және аралау
- әрлеуге арналған және құрылыс тасын ұсақтау және ұнтақтау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- химия өнеркәсібіне және тыңайтқыштарды өндіруге арналған минералды шикізатты өндіру, (08.91.0 қараңыз)
- карьерден тыс тасты кесу, өңдеу және әрлеу кірмейді, (23.70.0 қараңыз)

08.11.2 Әктасты, гипсті және борды өндіру

Бұл ішкі класқа:

- әктасты өндіру, ұсақтау және ұнтақтау
- гипс тасын және ангидритті өндіру
- борды және кальцийленбеген доломитті өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- химия өнеркәсібіне және тыңайтқыштарды өндіруге арналған химиялық минералды шикізатты өндіру, (08.91.0 қараңыз)
- кальцийленген доломитті өндіру кірмейді, (23.52.2 қараңыз)

08.11.3 Тақтатасты өндіру

08.12 Қиыршық тасты және құмды карьерлерді қазу, саз балшықты және каолинді өндіру

08.12.1 Қиыршық тасты және құмды карьерлерді қазу

Бұл ішкі класқа:

- өнеркәсіпте және құрылыста пайдалану үшін құмды өндіру және қиыршық тасты өндіру
- қиыршық тасты ұсақтау және ұнтақтау кіреді

Бұл ішкі класқа:
- битуминоздық құмды өндіру кірмейді, (06.10.0 қараңыз)

08.12.2 Саз балшық және каолин өндіру

Бұл ішкі класқа:
- сазды, отқа төзімді сазды және каолинді өндіру кіреді

08.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген пайдалы қазбаларды өндіру

08.91 Химия өнеркәсібіне және тыңайтқыштарды өндіруге арналған минералды шикізатты өндіру

08.91.0 Химия өнеркәсібіне және тыңайтқыштарды өндіруге арналған минералды шикізатты өндіру

Бұл ішкі класқа:
- табиғи фосфаттарды және табиғи калий тұздарын өндіру
- табиғи күкіртті өндіру
- темір және магнитті колчеданды өндіру және байыту (күйдірусіз)
- табиғи барий сульфатын және барий корбонатын (бариттер және витериттер), табиғи бораттар, магнийдің табиғи сульфатын (кизеритті) өндіру
- химия өнеркәсібіне және тыңайтқыштарды өндіруге арналған шикізат болып табылатын минералды бояғыштар, плавик шпатын және өзге де минералдарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- гуано өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- тұзды өндіру, (08.93.0 қараңыз)
- темір колчеданды күйдіру, (20.13.0 қараңыз)
- тыңайтқыштарды және азоттық қосылыстарды өндіру кірмейді, (20.15 қараңыз)

08.92 Шымтезек өндіру

08.92.0 Шымтезек өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шымтезектің кен орнын әзірлеу
- шымтезектің сапасын жақсарту, үшін оны байыту, тасымалдауды немесе сақтауды жеңілдету кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шымтезекті өндіруге ықпал ететін қызметтер, (09.90.0 қараңыз)
- шымтезек брикеттерін өндіру, (19.20.2 қараңыз)

- топырақпен, құммен, сазбен, минералды тыңайтқыштармен және т.б. араластырылған шымтезектен өсімдіктерді өсірцге арналған топырақ өндіру, (20.15.1 қараңыз)

- шымтезектен бұйымдар өндіру кірмейді, (23.99.6 қараңыз)

08.93 Тұз өндіру

08.93.0 Тұз өндіру

Бұл ішкі класқа:

- ерітуді және тартып шығаруды қоса алғанда, тұзды жер асты кен орнынан өндіру
- теңіз суын немесе тұзды судың өзге де түрлерін буландыру арқылы тұз өндіру
- өндіруді жүзеге асыратын кәсіпорынның тұзды ұнтақтауы, тазартуы және тазалауы кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тағамға қолдануға жарамды тұз, мысалы, йодталған тұз өндіру, (10.84.0 қараңыз)
- тұзды суды тұщыту жолымен ауыз су өндіру кірмейді, (36.00.0 қараңыз)

08.99 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де пайдалы қазбаларды өндіру

Бұл класқа басқа топтамаларға енгізілмеген әр түрлі минералдарды және материалдарды өндіру және карьерлік қазу кіреді

08.99.1 Асбест кенін өндіру

Бұл ішкі класқа:

- асбест өндіру және карьерлік қазу кіреді

08.99.2 Металл емес кенді өндіру және байыту

Бұл ішкі класқа:

- диатоми, табиғи графит, қабаттас, сабынды тас (тальк), дала шпаты және т.б.; табиғи асфальт, асфальтиттер және асфальтты жыныстар; табиғи қатты битум өндіру және карьерлік қазу кіреді

08.99.3 Табиғи және жасанды кеуекті толтырғыштар үшін шикізат өндіру

Бұл ішкі класқа:

- вермикулит, кеуек тас, туфа, кремний инфузорлық жыныстарын және т.б. өндіру кіреді

08.99.4 Шыны өнеркәсібі үшін бастапқы шикізат өндіру

Бұл ішкі класқа:

- шынытас және т.б. өндіру және карьерлік қазу кіреді

08.99.5 Асыл тастар (алмастан басқа) және жартылай асыл тастар, жарқырауық тастар және кәріптас өндіру

08.99.6 Алмас өндіру

09 Кен өндіру өнеркәсібінде қызметтер көрсету

Бұл бөлімге сыйақыға немесе шарт негізінде ұсынылатын пайдалы қазбаларды өндіруге ықпал ететін мамандандырылған қызметтер:

- кен үлгілерін алу және геологиялық зерттеулер жүргізу сияқты дәстүрлі әдістерді пайдалана отырып іздестіру-барлау жұмыстары, сондай-ақ ұңғымаларды қазуды және бұрғылауды, мұнай ұңғымаларын қара және түсті металдардың кен орындарын барлау мақсатымен, бұрғылау көлбеу-бағытталған немесе қайта бұрғылау кіреді
- мұнай және газ ұңғымаларының негіздемелерін салу
- мұнай және газ ұңғымаларын шегендеу құбырларын цементтеу
- мұнай және газ ұңғымаларынан сору және свабирлеу
- шахтадан суды сорып шығару және кептіру кіреді

09.1 Мұнай мен табиғи газды өндіруге ықпал ететін қызметтерді көрсету

09.10 Мұнай мен табиғи газды өндіруге ықпал ететін қызметтерді көрсету

09.10.0 Мұнай мен табиғи газды өндіруге ықпал ететін қызметтерді көрсету

Бұл ішкі класқа:

- сыйақыға немесе шарт негізінде мұнай мен газ өндіру бойынша қызметтер көрсету
- мұнайды немесе газды өндіруді жүзеге асыру алдында іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу, мысалы, болашақ қазба жұмыстары жүретін орындарда топырақты геологиялық зерттеу сияқты дәстүрлі қазу әдістері
- көлбеу-бағытталған бұрғылау және қайта бұрғылау; ұңғыманы эксплуатациялық бұрғылау; ұңғымаларды жер асты және күрделі жөндеу; алаңдарды дайындау; жергілікті жерде бұрғылау қондырғысын орнату, жөндеу және бөлшектеу; мұнай-газ ұңғымаларының шегендеу құбырларын цементтеу; ұңғымаларды сору; ұңғымаларды жабу және консервациялау және т.б.
- өндіру орнындағы табиғи газды тасымалдау үшін сұйылту және регазификациялау
- дренаж және суды сорғымен сору
- мұнай мен газды болжамды өндіру орнында сынау мақсатымен бұрғылау
- мұнай мен газдың кен орындарындағы өрттерді сөндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- мұнай мен газды өндіруді жүзеге асыратын кәсіпорындардың қызметі, (06.10.0, 06.20 қараңыз)
- тау-кен өнеркәсібіне арнлаған машиналар мен жабдықтарды мамандандырылған жөндеу, (33.12.5 қараңыз)
- өндіру орындарынан тыс жерлерде табиғи газды тасымалдау үшін сұйылту және регазификациялау, (52.21.9 қараңыз)
- геофизикалық, геологиялық және сейсмикалық зерттеулер кірмейді, (71.12.2 қараңыз)

09.9 Басқа пайдалы қазбаларды өндіруге ықпал ететін қызметтер көрсету

09.90 Басқа пайдалы қазбаларды өндіруге ықпал ететін қызметтер көрсету

09.90.0 Басқа пайдалы қазбаларды өндіруге ықпал ететін қызметтер көрсету

Бұл ішкі класқа:

- сыйақыға немесе шарттық негізде пайдалы қазбаларды өндіруге ықпал ететін қызметтер көрсету (05, 07 және 08 қараңыз):
- барлау қызметтері, мысалы, бұрғылаудың үлгілер алу және болжамды учаскелерінен геологиялық зерттеулерді жүргізу сияқты барлаудың дәстүрлі әдістері
- бөдшектеу және суды сорғымен сорып алу
- іздеу-барлау мақсатымен бұрғылау және ұңғымаларды сынау мақсатымен бұрғылау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- сыйақыға немесе шарттық негізде шахталарды және карьерлерді басқару, (05, 07 немесе 08 бөлімін қараңыз)
- тау-кен өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтарды мамандандырылған жөндеу, (33.12.5 қараңыз)
- сыйақыға немесе шарттық негізде геофизикалық зерттеу бойынша қызметтер кірмейді, (71.12.2 қараңыз)

С-СЕКЦИЯСЫ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ

Бұл секцияға материалдардың, заттардың немесе құрамбөліктердің жаңа өнім ретінде физикалық және химиялық өзгеруі кіреді, алайда бұл қызметті өңдеу өнеркәсібіне жатқызудың жалғыз әмбебап өлшемшарты болып табылмайды (Төмендегі қалдықтарды өңдеу бойынша қызметті қараңыз). Ауыл шаруашылығы шикізаты, орман шаруашылығы және балық аулау өнімдері, тау-кен қазбалары және пайдалы қазбаларды өндіру, сондай-ақ өңдеу өндірістерінің өз өнімдері материалдар, заттар немесе құрамбөліктер болып табылады. Өңдеу өнеркәсібіне өнімнің елеулі өзгерісі, жаңартылуы немесе түрленуі жатады.

Өндірілген өнім пайдалануға немесе тұтынуға дайын, аяқталған өнім, немесе кейін өңдеуге арналған жартылай фабрикат болуы мүмкін. Мысалы, алюминий оксиді алюминий сымдарын өндіруге арналған шикізат ретінде пайдаланылады. Алюминий сым, өз кезегінде алюминийден жасалған бұйымдарды өндіру үшін пайдаланылатын болады.

Мамандандырылған құрамбөліктерді, қосалқы бөлшектерді, керек-жарақтарды және машиналар мен жабдықтарға арналған құралдарды өндіру, әдетте, осы мамандандырылған құрамбөліктер, қосалқы бөлшектер, керек-жарақтар мен құралдар арналған машиналар мен жабдықтардың өндірісі сияқты ішкі класқа жатады. Алайда, құю, қалыпқа келтіру немесе қалыптаумен пластмассадан мамандандырылған бөліктер мен керек-жарақтар өндіру 22.2 «Пластмасса бұйымдарын өндіру» тобында жіктеледі.

Машиналар мен жабдықтардың мамандандырылмаған құрамбөліктері мен тетіктерін, мысалы, қозғалтқыштарды, піспектерді, электр моторларын, электр тараптарын, клапандарды, тісті доңғалақтарды, мойынтіректерді өндіру осы құрамбөліктердің қандай машиналар мен жабдықтардың құрамына кіретініне қарамастан осы секцияның тиісті топтамаларында жіктеледі.

Өңдеу өнекәсібіне сондай-ақ өндірілетін өнімнің құраушы құрамбөліктерін құрастыру жатады. Бұл процеске өзі өндірген, сонымен қатар сатып алынған құраушы құрамбөліктерін құрастыру кіреді.

Қалдықтарды қалпына келтіру, яғни қайталама шикізатты өндіру үшін қалдықтарды қайта өңдеу «Материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру)» 38.3-тобында жіктеледі. Қалдықтарда физикалық және химиялық өзгерістердің болатындығына қарамастан, ол өңдеу өнеркәсібінің бөлігі болып саналмайды. Қызметтің осы түрлерінің алғашқы мақсаты «Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды

жою бойынша қызмет» Е-секциясында жіктелген қалдықтарды өңдеу немесе жою болып табылады.

Бірақ жаңа дайын бұйымдарды өндіру (қайталама шикізат алудан айырмашылығы), егер осы процестерде қалдықтар шикізат ретінде пайдаланылса да өңдеу өнеркәсібіне жатады. Мысалы, фототаспаның қалдықтарынан күміс өндіру өңдеу өнеркәсібінің процесі болып саналады.

Техника мен жабдықтың өнеркәсіптік, сауда және осындай түрлерін мамандандырылған жөндеу техникалық және қызмет көрсету негізінен «Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату» 33-бөлімде жіктелген. Бірақ комьютерлерді, жеке пайдаланылатын және тұрмыстық тауарларды жөндеу «Комьютерлерді, жеке пайдаланатын заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу» 95-бөлімде жіктеледі, сол сияқты көлік құралдарын жөндеу «Автомобильдер мен мотоциклдерді көтерме және бөлшек саудада сату» 45-бөлімде жіктеледі.

Көлік және жабдықтарды мамандандырылған жөндеу 33.20.0 ішкі класында жіктеледі.

Ескертпе:

Өңдеу өнеркәсібінің және осы жіктеуіштің басқа секцияларының шектерінде кейбір дәлсіздіктер болуы мүмкін. Әдетте, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының қызметі материалдарды жаңа өнімге қайта өзгертуді білдіреді. Әдетте бұл мүлдем жаңа өнім. Бірақ жаңа өнімнің нені білдіретіні субъективті болуы мүмкін. Жіктеуішке сәйкес өңдеу өнеркәсібіне мынадай қызмет жатады:

- балық аулайтын кеменің бортынан тыс орындалатын жас балықты өңдеу (устрицаларды бақалшағынан тазалау, балықтың жол етін бөліп алу) (10.20.0 қараңыз)
- сүтті пастерлеу және бөтелкелерге құю (10.51.1 қараңыз)
- былғарыны өңдеу (15.11.1 қараңыз)
- ағашты сіңдіру және химиялық өңдеу (16.10.2 қараңыз)
- полиграфиялық қызмет және осы салада қызмет көрсету (18.1 қараңыз)
- дөңгелектерді қалпына келтіру (22.11.2 қараңыз)
- қолдануға дайын бетон қоспаларын өндіру (23.63.0 қараңыз)
- гальвандық жабын, металдандыру, металдарды термиялық өңдеу (25.61.0 қараңыз)
- машиналар мен жабдықтарды қалпына келтіру (күрделі жөңдеу), (29.10 қараңыз).

Кейбір қызмет түрлері материалдардың, заттардың немесе құрамбөліктердің қайта өзгеруімен байланысты болғанымен жіктеуіштің басқа секцияларына жатады, яғни олар өңдеу өнеркәсібі ретінде жіктелмейді. Мысалы:

- ағаш дайындау, (А секциясын қараңыз)
- тауарлық түрді беру үшін ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу, (А секциясын қараңыз)
- тез арада пайдалануға арналған тағамдар мен сусындарды дайындау, (56-бөлімін қараңыз)
- кендерді және өзге де пайдалы қазбаларды байыту, (В секциясын қараңыз)
- құрылыс алаңдарында орындалатын құрылыс және жөңдеу жұмыстары, (F секциясын қараңыз)
- алкогольді сусындар немесе химиялық заттар сияқты өнімдерді буып-түюді, қайта буып-түюді, немесе бөтелкелерге құюды қоса, сатуға арналған өнімдердің ірі топтарын шағын топтамаларға бөлу қызметі; қатты қоқыстарды сұрыптау; клиенттің тапсырысы бойынша бояуларды араластыру; клиенттің тапсырысы бойынша металды кесу; өнімді өзгертпейтін басқа да операциялар (G секциясын қараңыз).

10 Тамақ өнімдерін өндіру

Бұл бөлімге тамақ өнімдерін, жануарларға арналған дайын азықтарды өндіру үшін ауыл, орман және балық шаруашылықтарының өнімін қайта өңдеу кіреді, сондай-ақ жартылай фабрикаттарды өндіру кіреді. Осы қызмет көбінесе белгілі осындай немесе басқаша дәрежеде көлемі үлкен немесе кіші жанама өнімді (мысалы, мал сою процесінде алынатын терілер мен былғарылар, немесе май өндірісінен алынған күнжара) өндірумен байланысты.

Бұл бөлім өндірілген өнім түрі бойынша аса ұсақ топтама: ет, балық, жемістер мен көкөністер, майлар мен тоң майлар, ұн-жарма өнеркәсібі өнімдерін, жануарларға арналған жемдерді, сусындарды, темекі өнімдері мен өзге де тамақ өнімдерін қайта өңдеу және өндіруге бөлінген. Өндіріс жеке қажеттіліктері үшін, сондай-ақ үшінші тараптар үшін, мысалы малды сойған кезде жүзеге асырылуы мүмкін.

Өнімді өндіретін (наубайхана, кондитерлік және т.б.) және оны өндіріс орнында кәсіпорын қызметі сататын, өңдеу өнеркәсібіне кіреді. Алайда, егер бастапқы өнімдердің анық өзгеруіне әкелмесе және өнімнің өңдеу аз болса, онда кәсіпорындар G-секциясына кіреді.

Өндіру орындарында тез арада пайдалану үшін тамақ өнімдерін дайындау «Тамақ өнімдерімен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету» 56-бөлімде жіктеледі.

Малды сою кезіндегі қалдықтардан алынатын жануарларға арналған дайын азықты немесе қосалқы өнімдерді өндіру 10.9-тобында жіктелген. Тамақ өнімдерін және сусындарды өндіруден шығатын қалдықтарды қайталама шикізатқа қайта өңдеу 38.3-топта және тамақ өнімдерінен және сусындардан қалдықтарды жою 38.21.0 ішкі класында жіктелген.

10.1 Етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру

10.11 Етті қайта өңдеу және консервілеу

10.11.0 Етті қайта өңдеу және консервілеу

Бұл ішкі класқа:

- қасапханаларда мал сою, ұшаларды бөлу немесе ірі қара малдың етін, шошқа етін, қой етін, жылқы етін, қоян етін, түйе етін және басқа да мал етін өлшеп-орау
- жас, мұздатылған немесе тоңазытылған етті ұша түрінде өндіру
- шабылған ет кесектеріне бөлінген жас, мұздатылған немесе тоңазытылған етті өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сонымен қатар:

- киттерді сою және құрғақ жерде немесе мамандандырылған кемелерде қайта өңдеу
- үлбір терілерді қоса алғанда, қасапханалардан алынатын теріні және былғарыны өндіру
- жануарлардан алынған тағамдық тоң майларды қорыту
- жануарлардың ішек-қарын субөнімдерін қайта өңдеу
- түйілген жүнді өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ауылшаруашылығы құсының майын қорыту, (10.12.0 қараңыз)

- етті қаптамаға орау кірмейді, (82.92.0 қараңыз)

10.12 Ауылшаруашылығы құсының етін қайта өңдеу және консервілеу

10.12.0 Ауылшаруашылығы құсының етін қайта өңдеу және консервілеу

Бұл ішкі класқа:
- қасапханаларда ауылшаруашылығы құсын сою, етін ұшаларға бөлу және өлшеп орау
- бөліктерге бөлінген жас, мұздатылған немесе тоңазытылған ауылшаруашылығы құсының етін өндіру
- ауылшаруашылығы құсының тоң-майын қорыту кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- кесілген қауырсынды және мамықты өндіру кіреді

Бұл класқа:
- етті қаптамаға орау кірмейді, (82.92.0 қараңыз)

10.13 Еттен және ауылшаруашылығы құсының етінен жасалған өнімдерді өндіру

10.13.0 Еттен және ауылшаруашылығы құсының етінен жасалған өнімдерді өндіру

Бұл ішкі класқа:
- кептірілген, тұздалған немесе ысталған етті өндіру
- ет өнімдерін: сосискалар, салы, шұжық өнімдерін, қызыл шұжық, сүрленген құрғақ шұжық, сервелат, болон ысталған шұжығы, паштеттерді, орамалар, пісірілген сан етін, етті және құрамында ет бар (ет өсімдікті) консервілерді өндіру
- тартылған етті және одан жасалған бұйымдарды қоса алғанда, етті және құрамында ет бар шикізаттарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- өңделген тоңазытылған етті және ауылшаруашылық құсының етін өндіру, (10.85.0 қараңыз)
- еті бар сорпаларды өнімдерді өндіру, (10.89.1 қараңыз)
- етті көтерме саудада сату, (46.32.0 қараңыз)
- етті қаптамаға орау кірмейді, (82.92.0 қараңыз)

10.2 Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу

10.20 Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу

10.20.0 Балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды өңдеу және консервілеу

Бұл ішкі класқа:

- балықты, шаян тәрізділерді және моллюскаларды қайта өңдеу және консервілеу: тоңазыту, мұздату, кептіру, өңдеу, ыстау, тұздау, қақтау, тұздық құю, консервілеу және т.б.
- балықтан, шаян тәрізділерден және моллюскалардан өнім өндіру: балықтың сүбе еті, молок, уылдырық, уылдырықты алмастырушыны және т.б. өндіру
- адамдардың тамаққа пайдалануы үшін немесе жануарлар азығы үшін балық өнімдерін өндіру
- балықтан және адамдардың тамаққа пайдалануына жарамсыз өзге де жануарлар түрлерінен ұн, ұнтақ және түйіршік өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сонымен қатар:
- балықты қайта өңдеумен және консервілеумен айналысатын кемелердің қызмет
- теңіз балдырларын қайта өңдеу кіреді

Бұл ішкі класқа:
- балық аулауға арналған кемелерде балық өңдеу және консервілеу, (03.11.0 қараңыз)
- жер бетінде немесе мамандандырылған кемелерде киттерді өңдеу, (10.11.0 қараңыз)
- балық майын және теңіз сүтқоректілерінің тоң майын өндіру, (10.41 қараңыз)
- балықтан дайын тоңазытылған тамақ өндіру, (10.85.0 қараңыз)
- балық сорпаларын жасау кірмейді, (10.89.1 қараңыз)

10.3 Жемістерді және көкөністерді қайта өңдеу және консервілеу

10.31 Картопты өңдеу және консервілеу

10.31.0 Картопты өңдеу және консервілеу

Бұл ішкі класқа:
- картопты өңдеу және консервілеу: дайын тоңазытылған картопты өндіру, құрғақ картоп пюресін өндіру, картоптардан жеңіл тамақтарды өндіру, картоп чипстерін өндіру, майда тартылған және ірі тартылған картоп ұнын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- картопты өнеркәсіптік тазалау кіреді

10.32 Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру

10.32.0 Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жемістерден және көкөністерден шырындарды өндіру
- жас жемістерден және көкөністерден концентраттар мен шірнелерді өндіру кіреді

10.39 Жемістерді және көкөністерді өңдеу және консервілеудің өзге де түрлері

10.39.0 Жемістерді және көкөністерді өңдеу және консервілеудің өзге де түрлері

Бұл ішкі класқа:

- тоңазытылған немесе консервіленген түрдегі дайын тағамдарды қоспағанда, негізінен жемістерден немесе көкөністерден тамақ өнімдерін өндіру
- жемістерді, жаңғақтарды немесе көкөністерді консервілеу: тоңазыту, кептіру, май ішінде немесе сірке суында сіңіру, герметикалық ыдыста консервілеу және т.б.
- жемістерден немесе көкөністерден тамақ өнімдерін өндіру
- джем, мармелад және тағамдық желе жасау
- жаңғақтарды қуыру
- жаңғақтардан пасталарды және өзге де тамақ өнімдерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- жемістерден және көкөністерден төмендегілер сияқты тез бұзылатын дайын тамақ өнімдерін өндіру: салаттар; ораудағы аралас салаттар; тазартылған немесе кесілген көкөністер; тофу (соя ірімшігі) кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жемістерден немесе көкөністерден шырындар өндіру, (10.32.0 қараңыз)
- құрғақ бұршақ дақылдардан майда тартылған және ірі тартылған ұнды өндіру, (10.61.1 қараңыз)
- қантталған жемістерді және жаңғақтарды консервілеу, (10.82.0 қараңыз)
- көкөністерден дайын тағамдар өндіру, (10.85.0 қараңыз)
- жасанды концентраттар өндіру кірмейді, (10.89.9 қараңыз)

10.4 Өсімдік және мал майы мен тоң майын өндіру

Бұл бөлімге шошқаның іш майын және жануарлардан алынған жеуге жарамды майлардың басқа да түрлерін қорытуды немесе айыруды қоспағанда, тазартылмаған және тазартылған өсімдік және мал майы мен тоң майын өндіру кіреді.

10.41 Май және тоң май өндіру

Бұл класқа:
- жануарлардан алынған жеуге жарамсыз тоң майларды және майды өндіру
- балық және теңіз сүт қоректілерінің майларын өндіру
- мақта қалдықтарын (линтті), күнжара қалдықтарын және май өндірісінің басқа да қалдықтарды өндіру кіреді

Бұл класқа:
- жүгері майын өндіру, (10.62.0 қараңыз)
- эфир майларын өндіру кірмейді, (20.53.0 қараңыз)

10.41.1 Тазартылмаған май және тоң май өндіру

Бұл ішкі класқа:
- тазартылмаған өсімдік майын: зәйтүн, соя, пальма, күнбағыс, мақта, рапс, қыша, зығыр, майсана және т.б. майын өндіру
- майлы дақылдар дәндерінен, жаңғақтардан немесе дәндерден және ортасындағы дәннен майсыздандырылған майда және ірі тартылған ұн өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шикі жүгеріні ұнтақтау кірмейді, (10.62.0 қараңыз)

10.41.2 Тазартылған май және тоң май өндіру

Бұл ішкі класқа:
- тазартылған (тазаланған) өсімдік майын: зәйтүн, соя, майсана және т.б. майларын өндіру
- өсімдік майын өңдеу: шаю, қайнату, дегидрациялау, гидрогенизациялау және т.б. кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шошқа тоң майын және өзге де жеуге жарамды мал тоң-майларын қорыту және тазалау, (10.11.0 қараңыз)
- маргаринді өндіру, (10.42.0 қараңыз)
- майларды және тоң майларды химиялық тәсілмен тазалау кірмейді, (20.59.9 қараңыз)

10.42 Маргарин және оған ұқсас тағамдық майларды өндіру

10.42.0 Маргарин және оған ұқсас тағамдық майларды өндіру
Бұл ішкі класқа:
- маргаринді өндіру
- май қоспаларын және спредтерді өндіру
- тамақ дайындауға арналған аралас майларды өндіру кіреді

10.5 Сүт өнімдерін өндіру

10.51 Сүтті өңдеу және сыр өндіру

10.51.1 Консервіленген сүттен басқа сүтті өңдеу және сыр өндіру

Бұл ішкі класқа:
- сұйық сүтті, пастерленген, зарарсыздандырылған, гомогенделген сүтті, сондай-ақ басқа жоғары температурада өңделген сүтті өндіру
- сүт негізіндегі алкогольсіз сусындарды өндіру
- піспеген сұйық сүттен, пастерленген, зарарсыздандырылған және гомогенизирленген сүттен кілегей өндіру
- құрғақ сүт өндіру
- қатты түрде сүт немесе кілегей өндіру
- сары май өндіру
- йогурт өндіру
- сыр және ірімшік өндіру
- мәйек өндіру
- казеин немесе лактоза өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шикі/қаймағы алынбаған сүтті (ірі қара қалының) өндіру, (01.41.0 қараңыз)
- шикі/қаймағы алынбаған қой, ешкі, бие, мәше, інген және т.б. сүтін өндіру, (См. 01.43.1, 01.43.2, 01.44.0, 01.45.0 қараңыз)
- жануар текті емес сүтті және сырды ауыстырғышты өндіру кірмейді, (10.89.9 қараңыз)

10.51.2 Сүт консервілерін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- қантталған немесе қантталмаған консервіленген қойылтылған сүтті өндіру кіреді

10.52 Балмұздақ өндіру

10.52.0 Балмұздақ өндіру

Бұл ішкі класқа:
- балмұздақ, мұздатылған десерттерді және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- балмұздақ-кафелердің қызметі кірмейді, (56.10 қараңыз)

10.6 Ұн-жарма өнімдерін, крахмал және крахмал өнімдерін өндіру

Бұл топқа дәндерден немесе бұршақты дақылдардан жасалған майда және ірі тартылған ұнды өндіру, күрішті майдалау, тазалау және жылтырату, сондай-ақ аталған өнімдерден ұн қоспаларын немесе қамыр дайындау кіреді. Бұл топқа сондай-ақ шикі жүгері жармасы мен көкөністерді майдалау және крахмал және крахмал өнімдерін өндіру кіреді.

10.61 Ұн-жарма өнімдерін өндіру

10.61.1 Ұн өндіру

Бұл ішкі класқа:
- бидайдан, қара бидайдан, сұлыдан, жүгеріден және басқа дәндерден майда және ірі тартылған ұнды өндіру
- күріш ұнын өндіру
- құрғақ бұршақ дәндерінен, тамырлардан немесе сабақтардан, немесе жеуге жарамды жаңғақтардан майда және ірі тартылған ұн өндіру
- нан, торт, бәліш, пирогтар, бисквиттер және құймақтарды пісіруге арналған дайын ұн қоспалары мен қамырларды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- майда және ірі тартылған картоп ұнын өндіру кірмейді, (10.31.0 қараңыз)

10.61.2 Жарма өндіру

Бұл ішкі класқа:
- бидайдан, қара бидайдан, сұлыдан, жүгеріден немесе басқа дәндерден жарма өндіру
- тазартылған, тартылған, жылтыратылған, тегістелген, глазирленген, бумен өңделген күрішті өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шикі жүгеріні майдалау кірмейді, (10.62.0 қараңыз)

10.61.3 Тағамдық концентраттарды өндіру

Бұл ішкі класқа:

- құрғақ таңғы ас сияқты дәнді дақылдардан жасалған таңғы асқа арналған өнімдерді өндіру

- бидай, қара бидай, сұлы, жүгері немесе басқа да дәндердің қауыздарын өндіру кіреді

10.62 Крахмалды және крахмалдан өнімдер өндіру

10.62.0 Крахмалды және крахмалдан өнімдер өндіру

Бұл ішкі класқа:

- күріштен, картоптан, жүгеріден және т.б. крахмалдар өндіру
- шикі жүгеріні ұнтақтау
- глюкозаны, глюкоза шәрбатын, мальтозаны, инулинді және т.б. өндіру
- дәнбалауызын өндіру
- тапиоканы және крахмалдан жасалған тапиоканың алмастырғыштарды өндіру
- жүгері майын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- лактозаны (сүт қантын) өндіру, (10.51.1 қараңыз)
- қантты қызылшасынан және құрақтан қантты өндіру кірмейді, (10.81.0 қараңыз)

10.7 Нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді өндіру

Бұл топқа нан-тоқаш өнімдерін, макаронды, кеспені және осы сияқты өнімдерді өндіру кіреді.

10.71 Ұзақ сақтауға арналмаған нан және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді өндіру

10.71.0 Ұзақ сақтауға арналмаған нан және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді өндіру

Бұл ішкі класқа:

- нан-тоқаш өнімдерін: нан, тоқаш өнімдерін, құймақтар, ұннан жасалған кондитерлік өнімдер (торттар, тәтті тоқаштар, бәліштер, бисквиттер және т.б.) өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ұзақ сақтауға арналған нан-тоқаш өнімдерін өндіру, (10.72.0 қараңыз)
- макарондар өндіру, (10.73.0 қараңыз)
- адамдардың тез арада тамаққа қолдануы үшін нан-тоқаш өнімдерін пісіру кірмейді, (56-бөлімді қараңыз)

10.72 Кептірілген нан және печенье, ұзақ сақтауға арналған ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру

10.72.0 Кептірілген нан және печенье, ұзақ сақтауға арналған ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндіру

Бұл ішкі класқа:

- кептірілген нан, печенье және өзге де құрғақ нан-тоқаш өнімдерін өндіру
- ұзақ сақтауға арналған ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді, торттарды, тәтті тоқаштарды, бәліштер мен бисквиттерді өндіру
- печенье, крекерлер, кренделдер және т.б. сияқты тұзды және тәтті өнімдерді өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- картоптан жасалған тіске-басарларды өндіру кірмейді, (10.31.0 қараңыз)

10.73 Макарон өнімдерін өндіру

10.73.0 Макарон өнімдерін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- пісірілген және пісірілмеген, салындысы бар және салындысы жоқ макарон және кеспе өндіру
- кускус өндіру
- консервіленген немесе тоңазытылған өнімдерді макарон өнімдерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- кускустан дайын тағамдар өндіру, (10.85.0 қараңыз)
- құрамында макарон өнімдері бар сорпаларды өндіру кірмейді, (10.89.1 қараңыз)

10.8 Өзге де тамақ өнімдерін өндіру

Бұл топқа қант және кәмпит, дайын тағамдар, кофе, шай және дәмдеуіштер, сондай-ақ тез бұзылатын тамақ өнімдерін өндіру кіреді.

10.81 Қант өндіру

10.81.0 Қант өндіру

Бұл ішкі класқа:
- қантты (сахарозаны) және қант құрағын, қант қызылшасын, үйеңкі және пальма шырынынан қант алмастырғыштарын өндіру немесе рафинациялау
- қант шәрбаттарын өндіру
- сірне өндіру
- үйеңкі шәрбатын және қант өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- глюкозаны, глюкоза шәрбатын, мальтозаны өндіру кірмейді, (10.62.0 қараңыз)

10.82 Какао, шоколад және қантты кондитерлік өнімдерді өндіру

10.82.0 Какао, шоколад және қантты кондитерлік өнімдерді өндіру

Бұл ішкі класқа:
- какао-ұнтағын, какао-массасын, какао-тоң майын, какао-майын өндіру
- шоколад және шоколад кәмпиттерді өндіру
- қантты кондитерлік өнімдерді: карамель, нуга, помадка, ақ шоколад өндіру

- сағыз өндіру
- қантталған жемістерді, жаңғақтарды, жемістерден және өсімдіктердің өзге де бөліктерінен цукаттар өндіру
- драже, мұз конфеттер және пастилалар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- сахарозаны өндіру кірмейді, (10.81.0 қараңыз)

10.83 Шай және кофе өндіру

10.83.0 Шай және кофе өндіру

Бұл ішкі класқа:
- кофеинді алу және кофейн дәндерін қуыру
- кофе өнімдерін: ұнтақталған кофе, еритін кофе, кофе сығындыларын және концентраттарын өндіру
- кофе алмастырғыштарды өндіру
- шай мен мате қоспаларын дайындау
- шай немесе мате негізінде сығындыларды және дайын өнімдерді өндіру
- шай пакеттеріне орауды қоса, орау және қаптау кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- шөп (жалбыз, нарқайсар, түймедақ және т.б.) тұнбасын дайындау кіреді

Бұл ішкі класқа:
- инулинді өндіру, (10.62.0 қараңыз)
- спирт, сыра, шарап және алкоголсіз сусындар өндіру, (11-бөлімді қараңыз)
- фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін өсімдік өнімдерді дайындау кірмейді, (21.20.1 қараңыз)

10.84 Татымдықтар мен дәмқосарларды өндіру

10.84.0 Татымдықтар мен дәмқосарларды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- дәмдеуіштерді, тұздықтарды және дәмқосарларды: майонез, қыша ұны мен ұнтағы, дайын қышаны және т.б. өндіру
- сірке суын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- тағамға пайдалануға жарамды тұз өндіру, мысалы, йодталған тұз кіреді

Бұл ішкі класқа:
- татымдықтар өндіруге арналған дақылдарды өсіру кірмейді, (01.28.0 қараңыз)

10.85 Дайын тағам өнімдерін өндіру

10.85.0 Дайын тағам өнімдерін өндіру

Бұл ішкі класқа дайын тағамдарды (яғни қолдануға дайындалған дәмқосар қосылған және пісірілген) өндіру кіреді. Бұл тағамдар тоңазытылған немесе консервіленген түрде, ұзақ сақтау үшін дайындалған, олар әдетте оралған және оларда затбелгілер болады, яғни бұл ішкі класқа мейрамханалардағы сияқты тікелей тағамды қолдану үшін тағамдарды дайындау кірмейді. Бұл тағамдар кем дегенде екі құрамбөліктен тұрады (дәмдеуіштерді және т.б. қоспағанда).

Бұл ішкі класқа:
- ет тағамдарын немесе үй құсынан жасалған тағамдарды өндіру
- балықтың тартылған етін қоса, балық тағамдарын өндіру
- көкөністерден тағамдар дайындау
- тоңазытылған пиццаны немесе сақтау үшін өзге де тәсілдермен дайындалған пиццаны өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- жергілікті және ұлттық асхана тағамдарын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жаңадан жасалған тамақ өнімдерін немесе кемі екі құрамбөліктен тұратын тамақ өнімдерін дайындау, (10-бөлімде тиісті ішкі класты қараңыз)
- тез бұзылатын дайын тамақ өнімдерін өндіру, (10.89.9 қараңыз)
- дайын қоспалар мен тағамдарды көтерме саудада сату, (46.38 қараңыз)
- дайын қоспалар мен тағамдарды дүкендерде бөлшек саудада сату, (47.11, 47.29 қараңыз)
- тамақ өнімдерін шарттық негізде ұсыну қызметі кірмейді, (56.29 қараңыз)

10.86 Балалар тағамын және диеталық тамақ өнімдерін өндіру

10.86.0 Балалар тағамын және диеталық тамақ өнімдерін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- арнайы пайдалануға арналған тамақ өнімдерін: балаларға арналған сүт қоспасын; емшектегі сәбилерге арналған құнарлы сүтті және басқа да өнімдерді; балалар тағамдарын; салмақты бақылауға арналған калориясы аз және калориясы жоғары өнімдерді, арнайы медициналық мақсаттарға арналған емдәмдік тамақ өнімдерін, емдәмдік тұздарды қоса, құрамында натрийі азайтылған, құрамында натрийі аз және натрийі жоқ тұздарды, құрамында глютені жоқ тамақ өнімдерін, физикалық ауыр жұмысты орындайтын адамдарға, әсіресе спортшыларға пайдалануға арналған тамақ өнімдерін, зат алмасуының бұзылуымен (диабетпен) ауыратын адамдарға арналған тамақ өнімдерін өндіру кіреді

10.89 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де тамақ өнімдерін өндіру

10.89.1 Көже, сорпа және жұмыртқа өнімдерін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- көже және сорпа өндіру
- жұмыртқа өнімдерін, жұмыртқаның ақуызын өндіру кіреді

10.89.2 Ашытқы өндіру

10.89.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де тамақ өнімдерін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жасанды бал және карамель өндіру
- сандвичтер, жаңа піскен пицца (жартылай фабрикат) сияқты тез бұзылатын дайын тағам өнімдерін өндіру
- биологиялық белсенді заттар және басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де тамақ өнімдерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- еттен, балықтан, шаян тәрізділерден және моллюскалардан сығындылар өндіру
- жануарлардан жасалмаған сүтті және сырларды ауыстырғыштарын өндіру
- жасанды концентраттарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жемістерден және көкөністерден тез бұзылатын дайын тамақ өнімдерін өндіру, (10.39.0 қараңыз)
- тоңазытылған пиццаны өндіру, (10.85.0 қараңыз)
- спирт, сыра, щарап және алкогольсіз сусындарды өндіру кірмейді, (11-бөлімді қараңыз)

10.9 Жануарларға арналған дайын азықтар өндіру

10.91 Ауылшаруашылығы жануарларына арналған дайын азықтарды өндіру

10.91.0 Ауылшаруашылығы жануарларына арналған дайын азықтарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жануарларға арналған концентратталған азықты және азықтық қоспаларды қоса, ауылшаруашылығы жануарларына арналған дайын азықтар өндіру
- ауылшаруашылығы жануарларына арналған аралас емес (бір компонентті) азықтар дайындау кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- ауылшаруашылығы жануарларына арналған азықтарды өндіру үшін мал сою орындарындағы қалдықтарды қайта өңдеу кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жануарлар азығына арналған балық ұнын өндіру, (10.20.0 қараңыз)
- майлы тұқымдардан күнжара өндіру, (10.41 қараңыз)
- нәтижесі арнайы өңдеусіз жануарларға арналған азыққа пайдалануға жарамды болып табылатын қызмет, мысалы, майлы дақыл тұқымдарынан күнжара алу (10.41 қараңыз), ұнтарту өндірісінің қалдықтары (10.61.1 қараңыз) және т.б. кірмейді

10.92 Үй жануарларына арналған дайын азықтарды өндіру

10.92.0 Үй жануарларына арналған дайын азықтарды өндіру

Бұл ішкі класқа:

- иттерді, мысықтарды, құстарды, балықтарды және т.б. қоса, үй жануарларына арналған дайын азықтарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- үй жануарларына арналған азық өндіру үшін қасапханалардағы қалдықтарды өңдеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жануарлар азығына арналған балық ұнын өндіру, (10.20.0 қараңыз)
- майлы тұқымдардан күнжара өндіру, (10.41 қараңыз)
- нәтижесі қалдықтарды арнайы өңдеусіз жануарларға арналған азыққа пайдалануға жарамды жанама өнім алу болып табылатын қызмет, мысалы, майлы дақылдар тұқымдарынан күнжара алу (10.41 қараңыз), ұнтарту өндірісінің қалдықтары (10.61.1 қараңыз) және т.б. кірмейді

11 Сусындар өндіру

Бұл бөлімге алкогольсіз сусындарды және минералды суларды, ферменттеу арқылы алынған алкогольді сусындарды, сыраны және шарапты өндіру, сондай-ақ дистилденген алкогольді сусындарды өндіру кіреді.

Бұл бөлімге:

- жеміс және көкөніс шырындарын өндіру, (10.32.0 қараңыз)
- сүт негізінде сусындарын өндіру, (10.51.1 қараңыз)
- кофе, шай және мате өндіру кірмейді, (10.83.0 қараңыз)

11.0 Сусындар өндіру

11.01 Спирттік ішімдіктерді дистилляциялау, ректификациялау және араластыру

11.01.0 Спирттік ішімдіктерді дистилляциялау, ректификациялау және араластыру

Бұл ішкі класқа:

- дистилденген алкогольді сусындарды: арақ, коньяк, виски, бренди, джин, ликер және т.б. өндіру
- дистилденген алкогольді сусындармен аралас сусындарды өндіру
- дистилденген спирттік ішімдіктерді араластыру
- бейтарап спирттерді өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- дистилденбеген алкогольді сусындарды өндіру, (11.02-11.06.0 қараңыз)
- ферментті материалдардан этил спиртін өндіру, (20.14.2 қараңыз)
- синтетикалық этил спиртін өндіру, (20.14.9 қараңыз)
- бөтелкелерге құю және затбелгілерді жапсыру, (46.34 қараңыз) (егер көтерме сауданың бір бөлігі болып табылса) және 82.92.0 (егер сыйақыға немесе шарттық негізде жүзеге асырылса) кірмейді

11.02 Жүзімнен шарап өндіру

Бұл класқа:

- шарап өндіру

- шымырлағыш шарап өндіру
- концентрленген жүзім суслосынан шарап өндіру кіреді

Бұл класқа сондай-ақ:
- шарапты араластыру, сүзу және бөтелкелерге құю
- алкоголсіз немесе алкоголі аз шарап өндіру кіреді

Бұл класқа:
- бөтелкелерге құю және затбелгілерді жапсыру, (46.34 қараңыз) (егер көтерме сауданың бір бөлігі болып табылса) және 82.92.0 (егер сыйақыға немесе шарттық негізде жүзеге асырылса) кірмейді

11.02.1 Өзі өндірген жүзімнен шарап өндіру
11.02.2 Өзі өндірмеген жүзімнен шарап өндіру

11.03 Сидрді және өзге де жемісті шараптарды өндіру

11.03.0 Сидрді және өзге де жемісті шараптарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- ферменттелген, бірақ тазартылмаған алкогольді сусындар: саке, сидр, алмұрт сидрін және басқа да жемісті шараптарды өндіру
- құрамында жемісті шараптары бар бал және аралас сусындарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- бөтелкелерге құю және затбелгілерді жапсыру, (46.34 қараңыз) (егер көтерме сауданың бір бөлігі болып табылса) және 82.92.0 (егер сыйақыға немесе шарттық негізде жүзеге асырылса) кірмейді

11.04 Ашыған материалдан өзге де тазартылмаған сусындар өндіру

11.04.0 Ашыған материалдан өзге де тазартылмаған сусындар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- вермутті және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- бөтелкелерге құю және затбелгілерді жапсыру, (46.34 қараңыз) (егер көтерме сауданың бір бөлігі болып табылса) және 82.92.0 (егер сыйақыға немесе шарттық негізде жүзеге асырылса) кірмейді

11.05 Сыра өндіру

11.05.0 Сыра өндіру

Бұл ішкі класқа:
- сыра, эля, портер және т.б. сияқты уытты сусындарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- алкоголі аз және алкоголсіз сыраны өндіру кіреді

11.06 Уыт өндіру

11.06.0 Уыт өндіру

11.07 Алкогольсіз сусындарды, минералды суларды және басқа да бөтелкелерге құйылатын сусындарды өндіру

11.07.0 Алкогольсіз сусындарды, минералды суларды және басқа да бөтелкелерге құйылатын сусындарды өндіру

Бұл ішкі класқа алкогольсіз сусындарды өндіру (алкоголсіз сыра мен шарапты қоспағанда):
- табиғи минералды суды және өзге де бөтелкелердегі суларды өндіру
- алкогольсіз сусындарды, хош иістендірілген және\немесе тәттілендірілген сусындар: лимонад, оранжад, кола, жеміс сусындары, тониктер және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жеміс және көкөніс шырындарын өндіру, (10.32.0 қараңыз)
- сүт негізінде сусындар өндіру, (10.51.1 қараңыз)
- кофе, шай және мате дайындау, (10.83.0 қараңыз)
- алкогольді сусындарды өндіру, (11.01.0, 11.02, 11.03.0, 11.04.0, 11.05.0 қараңыз)
- алкогольсіз шарап өндіру, (11.02 қараңыз)
- алкогольсіз сыра өндіру, (11.05.0 қараңыз)
- мұз өндіру, (35.30.4 қарааңыз)
- бөтелкелерге құю және заттаңбаларды жапсыру кірмейді, (46.34 қараңыз) (егер көтерме сауданың бір бөлігі болып табылса) және 82.92.0 (егер сыйақыға немесе шарттық негізде жүзеге асырылса) кірмейді

12 Темекі өнімдерін өндіру

Бұл бөлімге ауыл шаруашылық өнімдерін (темекіні) тұтынуға дайын, түпкілікті өнімге қайта өңдеу кіреді.

12.0 Темекі өнімдерін өндіру

12.00 Темекі өнімдерін өндіру

12.00.1 Темекіні ферменттеу

Бұл ішкі класқа:
- "гомогенделген" немесе "қалпына келтірілген" темекі өндіру кіреді

12.00.2 Темекіден өнімдерді өндіру

Бұл ішкі класқа:
- темекі өнімдерін және темекіні алмастыратын өнімдерді: сигареттерді, сигараларды, түтік және тартатын темекіні, шайнайтын темекіні және иіскейтін темекіні өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- жапырақтың кесіндісін жою және темекі жапырақтарын қайталама кептіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- темекіні өсіру немесе алғашқы өңдеу кірмейді, (01.15.0, 01.63.0 қараңыз)

13 Тоқыма бұйымдарын өндіру

Бұл бөлімге киімді қоспағанда (мысалы, төсек жабдықтары, көрпе, төсек жапқыш, арқан бұйымдарын және т.б.) тоқыма талшықтарын дайындау және иіру, сондай-ақ тоқу өндірісін, маталар мен киімдерді әрлеу, дайын тоқыма бұйымдарын өндіру кіреді. Табиғи талшықтар алынатын дақылдарды өсіру 01-бөлімде жіктеледі, сол сияқты химиялық өндіріс процесінде алынатын синтетикалық талшықтарды өндіру 20.60-класында жіктелген. Киім өндірісі 14-бөлімде сипатталған.

13.1 Тоқыма талшықтарын дайындау және иіру

13.10 Тоқыма талшықтарын дайындау және иіру

Бұл класқа тоқыма талшықтарын дайындау және иіру операциялары кіреді. Бастапқы шикізат жібек, жүн, жануардан, өсімдіктен алынатын талшықтар, жасанды немесе синтетикалық талшықтар, қағаз немесе шыны талшық және т.б. болып табылады.

Бұл класқа:
- ауыл шаруашылығы өндірісімен жүзеге асырылатын дайындық бойынша операциялар кірмейді, (01-бөлімді қараңыз)

13.10.1 Мақта-мата талшықтары мен мақта талшығын дайындау

Бұл ішкі класқа:
- мақта-мата түріндегі талшықтардың және мақта талшықтарын дайындау операциялары: мақта-мата және мақта тәрізді жіпті өндіру үшін пайдаланылатын талшықтарды кардотүту, тарақпен түту кіреді

Бұл ішкі класқа:
- сыйақыға немесе шарттық негізде мақтаны тұқымынан тазарту кірмейді, (01.63.0 қараңыз)

13.10.2 Мақта-мата талшығы мен мақта талшығын иіру

Бұл ішкі класқа:
- тоқыма және тігін өнеркәсібі үшін, сату немесе одан әрі өңдеу үшін мақта-маталы және мақта мата түріндегі иірім жіптерді иіру және өндіру
- жіптерді текстуралау, ширату, орау, шиыршықтау және сіңірту
- қағаз жіпті өндіру кіреді

13.10.3 Жүн талшықты дайындау

Бұл ішкі класқа:
- жүн талшықтарын дайындау бойынша операциялар:
- жүнді майсыздандыру және карбондау, жүнді бояу

- жүн талшықтарын кардтық тарау және тарақпен тарау кіреді

13.10.4 Жүн талшығын иіру

Бұл ішкі класқа:

- тоқыма және тігін өнеркәсібі үшін сату немесе одан әрі өңдеу үшін иірім жіптерді иіру және өндіру
- иірім жіптерді текстуралау, ширату, орау, шиыршықтау және сіңірту кіреді

13.10.5 Зығыр және басқа да өсімдік талшықтарын дайындау

Бұл ішкі класқа:

- зығыр талшықтарын дайындау
- зығырды түту
- иірім жіпті өндіруге пайдаланылатын талшықтарды кардтық тарау және тарақпен тарау
- кендір, кенеп және т.б. сияқты өзге де талшықтарды дайындау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- өсімдік тоқыма талшықтарынан тұратын өсімдіктерді шылау (кендір, зығыр, кокос талшығы және т.б.) кірмейді, (01.16.2 қараңыз)

13.10.6 Зығыр және өзге де өсімдік талшықтарын иіру

Бұл ішкі класқа:

- тоқыма және тігін өнеркәсібі үшін, сату немесе әрі қарай өңдеу үшін зығыр типті иірілген жіптерді иіру және өндіру
- басқа да өсімдік талшықтарды иіру
- иірім жіптерді текстуралау, ширату, орау, шиыршықтау және сіңірту кіреді

Бұл ішкі класқа:

- синтетикалық немесе жасанды талшық және олардан бұйымдар жасау, синтетикалық немесе жасанды талшықтан жасалған жалғыз қабат иірім жіпті өндіру (беріктігі жоғары иірілген жіп пен кілемдерге арналған иірім жіптерді қоса алғанда), (20.60.0 қараңыз)
- шыны талшықтарды өндіру кірмейді, (23.14.0 қараңыз)

13.10.7 Жібек талшықты дайындау

Бұл ішкі класқа:

- жібек талшықтарын дайындау:
- жібек жіптерін түту, жуу және иіру
- талшықты кардтық тарау және тарақпен тарау кіреді

13.10.8 Иірілген жібек жіпті өндіру

Бұл ішкі класқа:

- тоқыма және тігін өнеркәсібі үшін, сату және одан әрі қарай өңдеу үшін жібектен иірім жіп иіру және өндіру
- иірім жіптерді текстуралау, ширату, орау, шиыршықтау және сіңірту кіреді

13.10.9 Тігін жіптерін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- тоқыма және тігін өнеркәсібі үшін, сату және одан әрі өңдеу үшін әртүрлі тоқыма материалдардан жасалған тігін жіптерін өндіру кіреді

13.2 Тоқу өндірісі

13.20 Тоқу өндірісі

Бұл класқа тоқу өндірісі кіреді. Бастапқы шикізаты: жібек, жүн, мал немесе өсімдіктен алынатын талшықтар, жасанды немесе синтетикалық талшықтар, қағаз немесе шыны талшығы және т.б. болып табылады.

Бұл класқа:
- тоқылған және трикотаж жаймаларды өндіру, (13.91.1 қараңыз)
- тоқымадан еден жабындарын өндіру, (13.93.0 қараңыз)
- тоқылмаған материалдарды өндіру (13.95.0 қараңыз)
- енсіз маталарды өндіру, (13.96.0 қараңыз)
- киіз және фетр өндіру кірмейді, (13.99.2 қараңыз)

13.20.1 Мақта-маталы маталар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- мақта-мата, аралас, жасанды немесе синтетикалық, мақта-мата иірімжіптен жасалған мақта-мата түріндегі енді маталарды өндіру
- ворс және түкті маталар, дәке және т.б. өндіру кіреді

13.20.2 Жүн маталарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жүн, аралас, жасанды немесе синтетикалық, иірімжіптен жасалған жүн түріндегі енді маталарды өндіру кіреді

13.20.3 Жібек мата өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жібек, аралас, жасанды немесе синтетикалық, иірімжіптен жасалған жібек енді маталарды өндіру кіреді

13.20.4 Зығыр маталар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- зығырдан жасалған енді маталар өндіру кіреді

13.20.9 Өзге де маталарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- рами, кенепшөп, кендір, жөке талшықтарынан жасалған иірімжіптен және арнайы иірімжіптен өзге де енді маталар өндіру

- шыны талшығынан маталар өндіру
- химиялық және полипропилендік жіптерден маталар өндіру
- тоқыма материалдарынан жасанды тері өндіру кіреді

13.3 Маталарды және тоқыма бұйымдарын өңдеу

13.30 Маталарды және тоқыма бұйымдарын өңдеу

Бұл класқа маталарды және тоқыма бұйымдарын өңдеу, яғни ағарту, қайнату, бояу, аппреттеу және осындай қызмет түрлері кіреді.

13.30.0 Маталарды және тоқыма бұйымдарын өңдеу

Бұл ішкі класқа:

- киімді қоса алғанда, тоқыма талшықтары, иірімжіп, мата және тоқыма бұйымдарын ағарту, қайнату және бояу, баспасурет басу
- киімді қоса алғанда, маталар мен тоқыма бұйымдарын аппреттеу, кептіру, бумен өңдеу, сығу, декатирлеу, отыруға қарсы өңдеу, жеңілдету кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- джинсилерді түссіздендіру (ағарту)
- тоқыма бұйымдарын бүрмелеу және осыған ұқсас операциялар
- сатып алынған киімге су жұқпайтын ерекшеліктер беру, резеңке қосу немесе дымқылдандыру қызметтері
- тоқыма бұйымдарында және дайын киімге сурет басу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- негізгі компоненті ретінде резеңке қолданылатын, резеңкемен ламинталған немесе жабылған, сіңдірілген маталарды өндіру кірмейді, (22.19.1 қараңыз)

13.9 Өзге де тоқыма бұйымдарын өндіру

Бұл топқа киімнен басқа, дайын тоқыма бұйымдары, кілемдер мен кілем бұйымдарын, жіптер, енсіз маталар, өңделген маталар және т.б. сияқты тоқыма бұйымдарын өндіру кіреді.

13.91 Тоқылған және трикотаж жаймаларды өндіру

13.91.1 Тоқылған және трикотаж жаймаларды өндіру және өңдеу

Бұл ішкі класқа:

- тоқылған немесе тоқыма жаймаларды: ворс, түкті орамалдарды, рашель-машиналарда немесе сол сияқты станоктарда шығарылған тор немесе шілтер маталар, өзге де тоқылған немесе трикотаж маталар өндіру және өңдеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- рашель-машиналарда немесе сол сияқты басқа тоқыма станоктарында шығарылған тор немесе шілтер маталар өндіру, (13.99.1 қараңыз)
- тоқылған және трикотаж киімдерді өндіру кірмейді, (14.39.0 қараңыз)

13.91.2 Жасанды жүн өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жасанды тоқыма жүнін өндіру кіреді

13.92 Киімнен басқа, дайын тоқыма бұйымдарын өндіру

13.92.0 Киімнен басқа, дайын тоқыма бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- тоқылған немесе трикотаж жаймалардан жасалғандарды қоса, кез келген тоқыма материалынан дайын бұйымдарды өндіру: жамылғыны қоса, көрпе, төсек-орын, асхана, туалет немесе ас үй жаймаларын, сырып тігілген көрпе, мамық көрпе, диван жастықтарын, пуфиктер,ұйықтауға арналған қап және т.б.
- шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы дайын тоқыма бұйымдарын өндіру: перделер, төсек-орын жамылғысы, жиһаз немесе жабдықтарға арналған тыстар және т.б.; брезенттер, тенттер, кемпинг керек-жарақтары, парустар, күннің көзінен қорғайтын бастырмалар, автомобилдерге, техникаға немесе жиһазға арналған тыстар және т.б.; жалаулар, тулар, және т.б.; жалаушалар, шаң сүртуге арналған шүберектер, ас үй орамалы, және осы сияқты бұйымдар, құтқару жилеттері, парашюттер және т.б. кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- электркөрпелерге арналған тоқыма бөліктерін өндіру
- қолдан жасалған гобелендер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- техникалық мақсаттағы тоқыма бұйымдарын өндіру кірмейді, (13.96.0 қараңыз)

13.93 Кілемдерді және кілем бұйымдарын өндіру

13.93.0 Кілемдерді және кілем бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- тоқыма еден төсеніштерін өндіру: кілемдер, кілем бұйымдарын және төсеніштер, кілемшелер кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- киіз еден төсеніштерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- тоқуға арналған материалдардан төсеніштерді және ши тоңымаларды өндіру, (16.29.3 қараңыз)
- тозды еден төсеніштерін өндіру (16.29.3 қараңыз)
- винил, линолеум сияқты созылмалы еден төсеніштерін өндіру кірмейді, (22.23.2 қараңыз)

13.94 Жіптерді, арқандарды, жетек арқандарды, шпагат және тор өндіру

13.94.1 Жіптерді, арқандарды, жетек арқандарды, шпагат және тор өндіру

Бұл ішкі класқа:

- ылғалданған және ылғалданбаған, резеңке немесе пластмасса қаптамамен қорғалған немесе қорғалмаған тоқыма талшықтарынан, таспалардан және осыған ұқсас материалдардан шпагат, жетек арқандары, арқандарды, жіптерді және тростарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- металл арқан өндіру кірмейді, (25.93.1 қараңыз)

13.94.2 Торларды және жіптерден бұйымдар өндіру
Бұл ішкі класқа:
- шпагаттан, арқаннан және жіптен тор өндіру
- жіптен немесе тордан бұйымдар өндіру: балық аулау торларын, кемедегі сақтандыру торларын, жүк тиеу түсіру жұмыстары барысында пайдаланылатын қорғаныш құралдарын, металл сақиналары бар строп жіптер немесе тростарды және т.б. кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шашқа арналған торларды өндіру, (14.19.9 қараңыз)
- спорттық балық аулауға арналған торлы дорбаларды өндіру кірмейді, (32.30.0 қараңыз)

13.95 Киімнен басқа, тоқылмаған тоқыма бұйымдарын өндіру

13.95.0 Киімнен басқа, тоқылмаған тоқыма бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа 13 немесе 14-бөлімдердің басқа топтамаларына енгізілмеген, өңдеу процестерінің көп санынан және өндірілетін өнімнің әр түрлілігін қамтитын, маталар мен тоқыма бұйымдарын өндірумен байланысты қызмет кіреді.

13.96 Өзге де техникалық және өндірістік мақсаттағы өзге де тоқыма бұйымдарын өндіру

13.96.0 Өзге де техникалық және өндірістік мақсаттағы өзге де тоқыма бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- арқаулықсыз ілмекөрім негізінен және желімді затпен біріктірілетін маталарды қоса, енсіз маталарды өндіру
- затбелгілерді, эмблемаларды және т.б. өндіру
- декоративтік бұйымдарды: таспалар, баулар, шашақтар, бума шашақтарды және т.б. өндіру
- жабыны бар, пластмассадан жабылған немесе қабатшаланған маталарды өндіру
- металданған иірімжіп, резеңке жіптер және тоқыма материалдан жабыны бар корд, тоқыма иірімжіптер және резеңке немесе пластмассадан жабыны бар, жабылған немесе қабықшалы жолақтар өндіру
- төзімділігі жоғары жасанды материалдан жасалған шиналарға арналған резеңке маталарды өндіру
- өзге де өңделген немесе сіңірілген маталарды: суретшілердің пайдалануы үшін дайын калькалар, селдір маталар, кенептер, өндіріс астарлық маталар және осыған ұқсас тығыздалған тоқыма маталар, желім немесе крахмалмен жабылған маталар өндіру

- әртүрлі типтегі тоқыма бұйымдарын: тоқыма білтелер, газ қорытқыш торларды және оларды дайындауға арналған түтік тәрізді жаймалар; өрт қолғаптарына арналған шлангілер, ленталар, жетек және конвейер белдіктерін (металл немесе өзге де материалдармен күшейтілген және күшейтілмеген), елеу және сүзуге арналған маталар өндіру

- автомобилдің декоративті өңдеуге арналған маталарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- конвейерлік немесе тізгіндіктерге арналған тоқыма маталардан немесе тоқыма иірімжіптерден немесе резеңке негізгі құрамбөлігі болып табылатын, резеңкеден астраы, жабыны, жоғары қабаты немесе қабатшалары бар арқан өндіру, (22.19.1 қараңыз)

- тек күшейту мақсатында пайдаланылатын тоқымамен қосылған кеуекті резеңкеден немесе пластмассадан жасалған тақталар мен табақтар өндіру, (22.19.1, 22.21.0 қараңыз)

- метал сымдардан маталар өндіру кірмейді, (25.93.1 қараңыз)

13.99 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де тоқыма бұйымдарын өндіру

13.99.1 Тоқыма галантереясын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- шілтерді және басқа да тор көзді маталарды, сонымен қатар бөлек оюлар немесе жолақшалар түрінде, кесектер түрінде, шілтер және кестелерді өндіру

- тоқыма материалдан аяқ киімге арналған баулар өндіру

- опаларған арналған мамықтарды өндіру кіреді

13.99.2 Киіз бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- киіз және фетр өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- киіз еден төсеніштерін өндіру кірмейді, (13.93.0 қараңыз)

13.99.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген басқа тоқыма бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- матадан өзбетінше жабысатын таспалар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тоқыма мақтаны және одан жасалатын бұйымдарды: гигиеналық сүлгілер, тампондар және т.б. өндіру кірмейді, (17.22.0 қараңыз)

14 Киім өндіру

Бұл бөлімге кез-келген материалдардан (мысалы, былғары, тоқыма маталар, тоқылған және трикотаж жаймалар және т.б.) киімнің кез келген түрлерін (мысалы, сырт киім, ерлерге, әйелдерге немесе балаларға арналған іш киім; жұмыс, кеңсеге арналған немесе күнделікті киім және т.б.) және киім аксессуарларын жаппай және жеке тігу

жөніндегі қызмет кіреді. Ересектерге арналған және балаларға арналған киімдер арасында және қазіргі заманғы және дәстүрлі киімдер арасында қандай да бір шектеулер болмайды.

14-бөлімге сондай-ақ үлбірді және үлбірден жасалған бұйымдарды өндіру кіреді.

14.1 Үлбірден тігілген киімнен басқа, киім өндіру

Бұл топқа киім өндіру кіреді. Пайдаланылатын материалдар кез келген түрінен болуы мүмкін, соның ішінде ылғалданған немесе резеңкемен жабылған маталар болуы мүмкін.

14.11 Былғарыдан тігілген киім өндіру

14.11.0 Былғарыдан тігілген киім өндіру

Бұл ішкі класқа:

- былғарыдан арнайы киімді, табиғи былғарыдан немесе композициялық, киімдерді, мысалы, дәнекерлеушілерге арналған былғары алжапқыштар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- үлбір киім өндіру, (14.20.0 қараңыз)
- спорттық былғары қолғаптар және былғарыдан бас киімдер өндіру, (32.30.0 қараңыз)
- отқа төзімді және қорғаныш киімдерді өндіру кірмейді, (32.99.9 қараңыз)

14.12 Арнайы киімдерді өндіру

14.12.0 Арнайы киімдерді өндіру

Бұл ішкі класқа:

- аяқ киім өндіру, (15.20.0 қараңыз)
- отқа төзімді және қорғаныш киімдерді өндіру, (32.99.9 қараңыз)
- киімді жөндеу кірмейді, (95.29.1-95.29.3 қараңыз)

14.13 Өзге де сырт киімді өндіру

14.13.0 Өзге де сырт киімді өндіру

Бұл ішкі класқа:

- тоқылған, немесе трикотаж жаймалардан, тоқылмаған материалдардан және т.б., тігілген ерлерге, әйелдерге және балаларға арналған сырт киімнің өзге де түрлерін: пальто, костюмдер, пиджактар, жакеттер, шалбарлар, юбкалар және т.б. жасау кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- тапсырыс бойынша киім тігу
- жоғарыда аталған өнімдердің жекелеген бөліктерін тігу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- үлбірден киім өндіру (бас киімдерден басқа), (14.20.0 қараңыз)
- тігілмеген желімдеу арқылы біріктірілген резеңкеден немесе пластмассадан жасалған киім өндіру, (22.19.1, 22.29.0 қараңыз)
- отқа төзімді және қорғаныш киімдерін өндіру, (32.99.9 қараңыз)

- киім жөндеу кірмейді, (95.29.1-95.29.3 қараңыз)

14.14 Іш киім өндіру

14.14.0 Іш киім өндіру

Бұл ішкі класқа:
- тоқылған немесе трикотаж жаймалардан, шілтерден және т.б. ерлерге, әйелдерге және балаларға арналған іш киімдерді және ұйықтауға арналған киімдерді: жейделер, мәйкілер, кальсондар, штандар, шортылар, пижамалар, түнгі жейделер, халаттар, блузалар, ішкі юбкалар, комбинациялар, төсқаптар, корсеттер және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- киім жөндеу кірмейді, (95.29.1-95.29.3 қараңыз)

14.19 Киімдердің және аксессуарлардың өзге де түрлерін өндіру

Бұл класқа:
- киім жөндеу кірмейді, (95.29.1-95.29.3 қараңыз)

14.19.1 Бас киімдер өндіру

Бұл ішкі класқа:
- қалпақтар мен бас киімдер өндіру
- үлбірден тігілген бас киімдер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- спорттық бас киімдер өндіру, (32.30.0 қараңыз)
- қорғаныш бас киімдерін өндіру (спорттық бас киімдерден басқа) кірмейді, (32.99.9 қараңыз)

14.19.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген киімнің және аксессуарлардың өзге де түрлерін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жаңа туылған нәрестелерге арналған киімдермен іш киімдер, спорттық және шаңғы костюмдерін, купальниктерді және т.б. өндіру
- киімнің өзге де аксессуарларын: қолғаптар, белдіктер, шәлілер, галстуктер, бөкебайлар, шашқа арналған торлар және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- ұлтан салмай тоқыма материалдардан аяқ киім өндіру
- жоғарыда аталған бұйымдардың жекелеген бөліктерін тігу кіреді

Бұл ішкі класқа:
- отқа төзімді және қорғаныш киімдер өндіру кірмейді, (32.99.9 қараңыз)

14.2 Үлбір бұйымдар өндіру

14.20 Үлбір бұйымдар өндіру

14.20.0 Үлбір бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- үлбірден бұйымдар: үлбірден жасалған киімдерде және оның аксессуарларын; үлбір терілерден жасалған жинақтар мен жинақтамалар, мысалы үлбірдің жекелеген кесектерінен, пластиналар, жолақтар және т.б.; үлбірден тігілген әртүрлі бұйымдар: кілемшелер, ұйықтауға арналған қаптар, өнеркәсіптік жылтыратуға арналған шүберектер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ішкі үлбір теріні өндіру, (01.4, 01.70.0 қараңыз)
- шикізаттық терілер мен былғары өндіру, (10.11.0 қараңыз)
- тоқылған ұзын түкті немесе трикотаж негізінде жасанды үлбірлер өндіру, (13.20.9, 13.91.2 қараңыз)
- үлбірлі қалпақтарды өндіру, (14.19.1 қараңыз)
- үлбірмен әсемделген киімдерді өндіру, (14.19.9 қараңыз)
- үлбірді өңдеу және бояу, (15.11.3 қараңыз)
- үлбірден бөлшектері бар бәтеңкелерді немесе туфлилерді өндіру кірмейді, (15.20.0 қараңыз)

14.3 Тоқылған және трикотаж киімдер өндіру

14.31 Тоқылған және трикотаж шұлық-ұйық бұйымдарын өндіру

14.31.0 Тоқылған және трикотаж шұлық-үйық бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- ұйықтар, шұлықтар, носки және колготкилер қоса алғанда, шұлық-ұйық бұйымдарын өндіру кіреді

14.39 Өзге де тоқылған және трикотаж киімдерді өндіру

14.39.0 Өзге де тоқылған және трикотаж киімдерді өндіру

Бұл ішкі класқа:

- пуловерлер, свитерлер, кардигандар, тоқылған кофталар, желеттер және осындай бұйымдар сияқты тоқылған немесе трикотаж киімдерді өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тоқылған және трикотаж жаймаларды өндіру, (13.91.1 қараңыз)
- шұлық-ұйық бұйымдарын өндіру кірмейді, (14.31.0 қараңыз)

15 Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру

Бұл бөлімге аң үлбір теріні өңдеу және бояу, теріні илеумен немесе теріні кептірумен өңдеу және пайдалануға дайын былғары бұйымдарды өндіру кіреді. Бөлімге сонымен бірге өзге де материалдардан жасалған осыған ұқсас бұйымдарды (былғарыны иммитациялау немесе алмастырушы былғарыдан), резеңке аяққиім, тоқыма материалдардан жасалған жол бұйымдары және т.б. сияқты ұқсас бұйымдарды өндіру кіреді. Бұл бөлімге былғары бұйымдарын өндіру сияқты сол тәсілдермен дайындалатындықтан (мысалы, жолжүк сөмкелері) және көбінесе кәсіпорынның өзі өндіретіндіктен, сондай-ақ композициялық былғарыдан жасалған бұйымдар да кіреді.

15.1 Былғарыны илеу және өңдеу; жол керек-жарақтарын, қайыс-ертоқым бұйымдарын өндіру; үлбірді илеу және өңдеу

Бұл топқа былғарыны және үлбірді және олардан жасалатын бұйымдарды өндіру кіреді.

15.11 Былғарыны илеу және өңдеу; үлбірді илеу және бояу

15.11.1 Былғарыны илеу және өңдеу

Бұл ішкі класқа:
- былғарыны илеу, бояу және өңдеу
- күдеріні, пергаментті былғарыны, лакталған немесе металданған былғарыны өндіру
- композицияланған былғарыны өндіру
- былғарыны шелдеу, майлау, ағарту, бояу және сол сияқты өңдеу кіреді

Бұл ішкі класқа:
- малшаруашылығы фермасық қызметінің бөлігі ретінде ішкі тері мен былғарыны өндіру, (01.4 қараңыз)
- мал соятын жерлер қызметінің бөлігі ретінде ішкі тері мен былғарыны өндіру, (10.11.0 қараңыз)
- былғарыдан киімдер өндіру кірмейді, (14.11.0 қараңыз)

15.11.2 Жасанды теріні және үлдір материалдарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- табиғи былғарыны пайдаланбай жасанды былғары өндіру кірмейді, (22.19.1, 22.29.0 қараңыз)

15.11.3 Үлбірді өңдеу және бояу

Бұл ішкі класқа:
- түкті жабыны бар үлбірді илеу, өңдеу
- түкті жабыны бар былғары мен теріні шелдеу, қырқу, тазарту, өңдеу, илеу, ағарту және бояу кіреді

Бұл ішкі класқа:
- малшаруашылығы фермалары қызметінің бір бөлігі ретінде тері мен былғарыны өндіру, (01.4 қараңыз)
- мал соятын жерлер қызметінің бөлігі ретінде тері мен былғарыны өндіру кірмейді, (10.11.0 қараңыз)

15.12 Жол керек-жарақтарын, қайыс-ертоқым бұйымдарын өндіру

15.12.1 Жол керек-жарақтарын және осыған ұқсас бұйымдарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- табиғи былғарыдан, композициялық былғарыдан немесе пластмасса пластиналардан, тоқыма материалдары, жабыстырылған талшық немесе табиғи былғары

үшін қолданылатын технологиялық әдістерді пайдалана отырып, қатырма қағаз сияқты кез келген басқа материалдан шамадандарды, жүк сөмкелерін, әйелдер сөмкесін және т.с.с. өндіру

- қол сағаттарға арналған металл емес бауларды өндіру (мысалы, матадан, былғарыдан, пластмассадан)
- табиғи және композициялық былғарыдан жасалған әр түрлі бұйымдар: жетек белбеулері, төсемдер және т.б. өндіру
- жасалған бәтеңкелерге арналған бауларды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- былғарыдан киім өндіру, (14.11.0 қараңыз)
- былғарыдан биялайлар мен қалпақтар өндіру, (14.19 қараңыз)
- аяқ киім өндіру, (15.20.0 қараңыз)
- қол сағатқа арналған бағалы металдардан білезіктер өндіру, (32.12.0 қараңыз)
- қол сағатқа арналған бағалы емес металдардан білезіктер өндіру, (32.13.0 қараңыз)
- сақтандыру белбеуін және кәсіби пайдалану үшін басқа да белбеулерді өндіру кірмейді, (32.99.9 қараңыз)

15.12.2 Қайыс-ертоқым бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- қайыс бұйымдарды және әбзелдер өндіру
- атқа салт мініп жүруге арналған қамшы және ат саймандарын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- велосипедке арналған отырғыштарды өндіру, (30.92.1 қараңыз)
- сақтандыру белдіктерін және кәсіби пайдалану үшін басқа да белдіктерді өндіру кірмейді, (32.99.9 қараңыз)

15.2 Аяққиім өндіру

15.20 Аяққиім өндіру

15.20.0 Аяққиім өндіру

Бұл ішкі класқа:
- қалыптауды қоса алғанда, әртүрлі технологияларды пайдалана отырып, әртүрлі материалдардан кез келген мақсаттарға арналған, аяққиім өндіру (осы ішкі кластың ерекшеліктерінен басқа)
- аяқ киімдердің былғары бөліктерін: сыртқы және ішкі бөліктері, ұлтан, ұлтарақ, өкше және т.б. өндіру
- гетра, краг және осыған ұқсас бұйымдарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- ұлтан салмай тоқыма материалдардан аяққиім өндіру, (14.19.9 қараңыз)
- аяққиімдердің ағаш бөліктерін (мысалы, өкшелер) өндіру, (16.29.1 қараңыз)
- аяққиімдердің резеңке бөліктерін өндіру, (22.19.1 қараңыз)
- аяққиімдердің пластмасса бөліктерін өндіру, (22.29.0 қараңыз)
- шаңғыға арналған бәтеңкелерді өндіру, (32.30.0 қараңыз)

- ортопедиялық аяққиімдерді өндіру кірмейді, (32.50.3 қараңыз)

16 Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру

Бұл бөлімге ағаш бұйымдарды өндіру, кесілген ағаш материалдары, фанералар, шпон, ағаш ыдыстар, ағаш еден төсеніштері ағаш арқалық және құрастырмалы ағаш құрылыстары сияқты ағаш бұйымдарын өндіру кіреді. Өндірістік процеске аралау, сүргілеу, пішіндеу, қалыптау, ламинаттау кіреді. Осылайша бөренелерден тақтайлар, кесілген ағаш материалдарын жасайды, жонғыш станокта немесе басқа құралмен өңделеді, сүргіленеді немесе тегістеледі және түпкілікті өнімге, мысалы ағаш контейнерлер жиналады.

Ағаш аралаудан басқа, ағаш өңдейтін кәсіпорындар негізінен өнімнің белгілі бір түрін өндіруге мамандандырылады.

Бұл бөлімге жиһаз өндіру (31.0) және ұста, балташы және құрылыстағы тағы осыған ұқсас жұмыстар кірмейді (43.32.0, 43.33.0, 43.39.0 қараңыз).

16.1 Ағаш кесу және сүргілеу өндірісі

16.10 Ағаш кесу және сүргілеу өндірісі

16.10.1 Ағаш кесу және сүргілеу

Бұл ішкі класқа:
- ағашты аралау, сүргілеу және ағашты механикалық өңдеудің басқа түрлері
- бөренелерді кесу, жаңқалау немесе жару
- ағаш теміржол шпалдарын өндіру
- құрастырма емес ағаш еден төсеніштерін өндіру
- ағаш түгін, ағаш ұнын, жоңқа және жаңқа және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- ағаш кептіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- ағаш дайындау және өңделмеген сүрек өндіру, (02.20.0 қараңыз)
- фанера, тақта және панельдер өндірісінде пайдалану үшін бойынша жұқа жаңқаланған шпон өндіру, (16.21.0 қараңыз)
- жабын жайпақағаш және жабынтақша, оймыш сүректер және багет өндіру, (16.23.1 қараңыз)
- отын немесе нығыздалған ағаш өндіру кірмейді, (16.29.1 қараңыз)

16.10.2 Ағаштарды зарарсыздандыру

Бұл ішкі класқа:
- консерванттар немесе өзге де материалдармен ағашты сіңдіру немесе химиялық өңдеу кіреді

16.10.3 Құрама ағаш жабындарын өндіру

16.2 Сүректен, тоздан, сабаннан және өруге арналған ағаш материалдардан бұйымдар өндіру

Бұл топқа негізгі пішіндерді қоса, ағаштан, тоздан, сабаннан немесе өруге арналған материалдардан бұйымдар, сондай-ақ қатар жиналған бұйымдарды өндіру кіреді.

16.21 Ағаштан шпон, фанералар, тақтайлар және панельдер өндіру

16.21.0 Ағаштан шпон, фанералар, тақтайлар және панельдер өндіру

Бұл ішкі класқа:
- фанерамен желімдеу фанераларды дайындау және өзге де мақсаттар үшін барынша сыдыра жыртылған шпон өндіру: жылтыратылған, боялған, жабылған, сіңдірілген, нығайтылған (қағаз немесе мата табан етегімен)
- фанераларды, шпон панельдерін және осыған ұқсас ламинатталған ағаш тақталар мен табақтар өндіру
- жаңқалары бағдарлы орналасқан ағаш-жаңқалы тақталарды және өзге де ағаш-жаңқалы тақталарды өндіру
- орташа тығыздықтағы ағаш-талшықты тақталарды және өзге де ағаш-талшықты тақталарды өндіру
- нығыздалған ағаш өндіру
- желімді ламинатталған ағашты, ламинатталған фанераларды өндіру кіреді

16.22 Жинақ паркет жабындарды өндіру

16.22.0 Жинақ паркет жабындарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- панелге жиналған паркет тақталарды, ағаш блоктарды және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- еденге арналған жинақ емес ағаш еден жабындарын өндіру кірмейді, (16.10.1 қараңыз)

16.23 Өзге де ағаш құрылыс конструкцияларын және ағаш өңдеу бұйымдарын өндіру

16.23.1 Құрылысқа арналған ағаш бұйымдарды өндіру

Бұл ішкі класқа көбінесе құрылыста пайдалануға арналған ағаш бұйымдарды: арқалықтар, шатыр тіреуіштер, жабынның негізгі элементтерін; дайын желімделген және металмен біріктірілген жабын арқалықтары; топса, құлып және т.б сияқты металл фурнитурамен және металл фурнитурасыз есіктер, терезелер, олардың жақтаулары; баспалдақтар, ұстағыштар; ағаштан жасалған жабындақ жайпақағаштар және жабынтақталар, көркем кесектері; ағаш аралық қабырғалар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- орнатылған қабырғалық ас үй, кітап, киім және т.б. шкафтарын өндіру, (31.01.2, 31.02.0, 31.09.0 қараңыз)

- ағаш, еркін тұратын аралық қабырғаларды өндіру кірмейді, (31.01, 31.02.0, 31.09.0 қараңыз)

16.23.2 Көбінесе ағаштан жасалған құрама үйлерді өндіру

Бұл ішкі класқа жылжымалы құрама тұрғын үйлерді және олардың ағаш бөлшектерін өндіру кіреді

16.23.3 Ағаш контейнерлі, тұтас тасымалданатын және жиналмалы-құрастырмалы ғимараттар мен үй-жайларды өндіру

Бұл ішкі класқа:

- жануарларды ұстауға арналған үйшіктер, күркелер, гараждар, хауыздар, жылыжайлар, дүкендер, тұрғын ғимараттар және т.б., сонымен қатар олардың элементтерін өндіру кіреді

16.24 Ағаш ыдыстарды өндіру

16.24.0 Ағаш ыдыстарды өндіру

Бұл ішкі класқа:

- ағаш қаптама жәшіктерді, қораптарды, торлы ыдыстарды, барабандар және сол сияқты ағаш ыдыстарды өндіру
- ағаш тегендерді, борттары бар тегендерді және өзге де жүк құрал-саймандарын өндіру
- ағаш бөшкелерді, кеспектер, күбілерді және т.с.с. өзге де кеспек бұйымдарды өндіру
- ағаш кабельді барабандарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жүк керек-жарақтарын өндіру, (15.12.1 қараңыз)
- өруге арналған материалдардан себеттерді өндіру кірмейді, (16.29.3 қараңыз)

16.29 Өзге де ағаш бұйымдарын өндіру; тоздан, сабаннан және өруге арналған материалдардан бұйымдар өндіру

16.29.1 Әр түрлі ағаш бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- әр түрлі ағаш бұйымдарын: құралдарға, шөткелерге, бояу жаққыштарға арналған ағаш тұтқаларды және саптарды, етіктің ағаш қалыптарын және аяққиімге арналған кергілерді, киім ілгіштерді, ағаштан жасалған үй тұрмысына арналған және ас үйлік керек-жарақтар; тігін жіптеріне арналған ағаш шапғылар, шөлнектер, иіршіктер және ұқсас бұйымдар; өзге де ағаш бұйымдарын өндіру
- соя бұршақтары сияқты нығыздалған ағаштан немесе оны алмастырушылардан дайындалған отындар және отын түйіршіктерін және т.б.өндіру
- аяққиімдердің ағаш бөліктерін өндіру (мысалы, өкше және қалып)
- қол шатырлар, балдақтар және т.б. үшін тұтқалар өндіру
- мүштік өндіру үшін блоктар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жүк керек-жарақтарын өндіру, (15.12.1 қараңыз)
- ағаш аяқ киім өндіру, (15.20.0 қараңыз)
- сіріңкелер өндіру, (20.51.2 қараңыз)
- сағаттарға арналған корпустар өндіру, (26.52.3 қараңыз)
- ағаш шарғыларды және тоқыма жабдықтарға арналған бобиналарды өндіру, (28.94.1 қараңыз)
- жиһаз өндіру, (31.0 қараңыз)
- шөткелерді және сыпыртқыларды өндіру, (32.91.0 қараңыз)
- табыт өндіру кірмейді, (32.99.9 қараңыз)

16.29.2 Ағаштан сәндік бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- ағаш мүсіншелерді, мозаикаларды, ағаштан инкрустациялар өндіру
- қымбат бұйымдарға арналған ағаш сандықшалар және қораптар, асхана құралдары және осыған ұқсас бұйымдарды өндіру
- айналар мен суреттерге арналған ағаш рамалар өндіру
- суретшілердің кенептеріне арналған рамалар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жүк керек-жарақтарын өндіру, (15.12.1 қараңыз)
- ағаш ойыншықтар өндіру кірмейді, (32.40.0 қараңыз)

16.29.3 Тоздан, сабаннан және өруге арналған материалдардан бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- табиғи тозды өңдеу, агломератталған тоз өндіру
- еден жабынын қоса алғанда, табиғи немесе агломератталған тоздан бұйымдар өндіру
- өруге арналған материалдардан бұйымдар және өрмелерді: төсеніштер, жөкелер, кермелер, қораптар және т.б. өндіру
- кәрзеңкелер және басқа да өрілген бұйымдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- тоқыма материалдардан кілемшелер мен жөкелерді өндіру, (13.93.0 қараңыз)
- жиһаз жасау, (31.0 қараңыз)
- тоздан жасалған құтқару кеудешелерін өндіру кірмейді, (32.99.9 қараңыз)

17 Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру

Аталған бөлімге ағаш массасын, қағаз және қағаз бұйымдарын өндіру кіреді. Осы бұйымдарды өндіру өзара тікелей байланысты процестердің реттілігін құрайтындықтан бір бөлімге топтастырылған. Қағидаға сәйкес, бір кәсіпорында бірден астам қызмет түрлері жүзере асырылады.

Осы өндірісте қызметтің үш түрі бөліп көрсетіледі: Қағаз массасын өндіру целлюлоза талшықтарын сүректегі өзге заттардан бөлуді, пайдаланылған қағазды бояудан (сиядан) тазарту, және целлюлозаны талшықтардың арасындағы байланысты күшейту үшін аз мөлшердегі реагенттермен араластыруды білдіреді. Қағаз өндіру массаны үздіксіз қозғалыстағы торға құю арқылы қағаз жайманы қалыптастыруды білдіреді. Қағаз

бұйымдары әртүрлі технологиялық процестерді пайдаланумен қағаз және өзге де материалдар өндіріледі.

Қағаздан жасалған бұйымдар басып шығарылған болуы мүмкін (мысалы, түсқағаз, сыйлыққа арналған орауыш қағаз және т.б.) мұндағы басылған ақпарат бұйымның басты сипаттамасы болмайды.

Ағаш массасын, орамдағы немесе үлкен парактардағы қағаз және қатырма қағаз өндіру 17.1-топқа кіргізілген, сонымен бірге қалған кластар қағаз және қағаз өнімдерін өндірудің одан әрі жүргізілетін процестерін қамтиды.

17.1 Ағаш массасы мен целлюлозаны, қағаз және картон өндіру

17.11 Ағаш массасы мен целлюлозаны өндіру

17.11.0 Ағаш массасы мен целлюлозаны өндіру

Бұл ішкі класқа:

- механикалық, химиялық (еруі немесе толық ерімеуімен), сондай-ақ ішінара химиялық тәсіл арқылы ағарған, жартылай ағарған немесе ағармаған целлюлоза, ағаш массасын өндіру
- мақта целлюлозаны өндіру
- сия мен баспаханалық бояуды алып тастау және макулатурадан ағаш массасы мен целлюлозаны өндіру кіреді

17.12 Қағаз және картон өндіру

17.12.0 Қағаз және картон өндіру

Бұл ішкі класқа:

- одан әрі өнеркәсіптік өңдеуге арналған қағаз және картон өндіру
- жабынмен және сіңдірумен қағаз бен картон өндіру
- крептенген немесе бүрмеленген қағаз өндіру
- егер фольганың қағаз немесе картоннан қабаты бар болса, көп қабатты қағаз және фольга өндіру
- қолмен құйылған қағаз өндіру
- газеттік және өзге де баспаханалық немесе жазу қағаздарын өндіру
- целлюлоза талшықтарынан целлюлоза мақтамен жайма өндіру
- орамдардағы немесе үлкен парақтардағы көшірме қағаз немесе трафарет қағазын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- бүрмеленген қағаз және картон өндіру, (17.21.1 қараңыз)
- өңдеуге ұшыраған қағаз, картон немесе целлюлозадан басқа бұйымдар өндіру, (17.22.0, 17.23.0, 17.24.0, 17.29.0 қараңыз)
- жабын немесе сіңіру негізгі құрамбөлігі болып табылатын жабыны бар немесе сіңірілген қағаз өндіру, (жабын немесе сіңіру жататын класта қараңыз)
- қырнау қағазын өндіру кірмейді, (23.91.0 қараңыз)

17.2 Қағаз бен картоннан жасалған бұйымдар өндіру

17.21 Бедерленген қағаз және картон, қағаз және картон қапқораптар өндіру

17.21.1 Бедерленген қағаз және картон өндіру

Бұл ішкі класқа:
- бедерленген қағаз және картон өндіру кіреді

17.21.2 Қағаздан және картоннан ыдыстар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- бүрмеленген қағаз бен картоннан ыдыстар өндіру
- жиналмалы картон ыдыстар өндіру
- біртекті картоннан ыдыстар өндіру
- қағаз бен картоннан өзге де ыдыстар өндіру
- қағаздан қаптар және пакеттер өндіру
- картоннан папкалар және осыған ұқсас бұйымдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- конверттер жасау, (17.23.0 қараңыз)
- ағаш массасы мен целлюлозадан бедерлі немесе нығыздалған қағаз бұйымдар жасау (мысалы, жұмыртқаға арналған қораптар) кірмейді, (17.29.0 қараңыз)

17.22 Шаруашылық-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық мақсатқа арналған қағаз бұйымдар өндіру

17.22.0 Шаруашылық-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық мақсатқа арналған қағаз бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шаруашылық тұрмыстық-үй мақсаттағы және жеке гигиена мақсатында пайдалану үшін қағаздан және целлюлоза мақтасынан бұйымдар: косметикалық (тазартқыш) сүлгілер, қол орамал, орамалдар, үстелді әзірлеуге арналған салфеткалар, дәретхана қағазы, гигиеналық төсемдер және тампондар, балалар орамалдары мен жөргектері, стақандар, тәрелкелер және жайпақ табақтар өндіру
- тоқыма материалдардан мақта және одан бұйымдар: гигиеналық сүлгілер, тампондар және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- целлюлоза мақтасын өндіру кірмейді, (17.12.0 қараңыз)

17.23 Жазу қағазы бұйымдарын өндіру

17.23.0 Жазу қағазы бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- пайдалануға дайын қағаз: баспаханалық және жазу қағаздарын: принтерге арналған қағаздар, өзі көшірмелейтін, көшірмелік, трафареттік, гум мирленген және жабысқақ қағаз өндіру
- конверттер мен пошталық ашық хаттарды шығару
- басылған ақпаратты бұйымның басты сипаттамасы болмайтын мектеп және кеңсе тауарларын (дәптер, блокноттар, тіркелім журналдарын, бухгалтерлік кітаптар, бланкілер және т.б.) өндіру
- қораптар, сөмкелер, хат-хабарларды сақтауға арналған қаптарды және қағаз кеңсе керек-жарақтарының жинақтары бар пошталық жиынтықты өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- қағаз өнімдеріне арналған мөр басу кірмейді, (18.1 қараңыз)

17.24 Түсқағаздар өндіру
17.24.0 Тұсқағаздар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- винилді және тоқыма жабыны бар түсқағазды қоса, тұсқағаздарды осыған ұқсас материалдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- блоктармен қағаз немесе картон өндіру, (17.12.0 қараңыз)
- пластмассадан жасалған қабырға жабындарын өндіру кірмейді, (22.29.0 қараңыз)

17.29 Қағаз бен картоннан өзге де бұйымдар өндіру

17.29.0 Қағаз және картоннан өзге де бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- затбелгілер өндіру
- сүзгі қағаз және картон өндіру
- қағаз және картон иіршіктер, шарғылар және шөлнек т.б. өндіру
- жұмыртқаға арналған бумаларды және қалыпталған қағаз өзге де массасынан қаптама бұйымдарын өндіру
- қағаздан арзан қағаз бұйымдарды өндіру
- жаккард тоқыма станоктарын пайдалану үшін қағаз немесе картон перфокарталар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- ойын карталарын жасау, (32.40.0 қараңыз)
- қағаз немесе картоннан ойындар мен ойыншықтар жасау кірмейді, (32.40.0 қараңыз)

18 Полиграфиялық қызмет және жазылған ақпарат жеткізгіштерін жаңғырту

Аталған бөлімге газеттер, журналдар, кітаптар, мерзімдік басылымдар, бланкілер, құттықтау ашықхаттары сияқты баспа өнімдері және өзге де материалдар, сондай-ақ полиграфиялық өнімдерді өндіруге ықпал ететін түптеу ісі, баспа формаларын әзірлеу және бейнелерді өңдеу сияқты қызмет түрлерін кіреді. Бұл бөлімге енгізілген полиграфиялық өнімдерді өндіруге ықпал ететін қызмет түрлері, полиграфиялық өндірістің ажырамас бөлігі болып табылады, ал тиісті өнімдер (мысалы, баспа пішіндері, түптелген кітап, баспа ақпараты бар файл немесе диск), полиграфиялық қызметтің ажырамас бөлігі бола отырып, әрқашан дерлік қызметтің осы түрлерінің нәтижесі болып табылады.

Полиграфияда пайдаланылатын процестер бейнені баспа пішінінен, экраннан немесе компьютерлік файлдан қағаз, пластмасса, металл, тоқыма бұйымдары немесе ағаш сияқты негізге көшірудің әртүрлі әдістерін қамтиды. Негізгі операциялар мұның өзінде офсеттік, терең, трафареттік және флексографиялық баспа болып табылады. Көбіне компьютерлік файл байланыссыз тәсілмен (сандық баспа немесе байланыссыз баспа) бейне жасау үшін «басуға», яғни басушы механизмге тікелей жіберіледі.

Әдетте баспа және полиграфиялық қызмет сол бір кәсіпорынмен жүзеге асырылады (мысалы, газет шығару), бірақ аталған қызмет түрлері түрлі кәсіпорындар жүзеге асыруы да мүмкін.

Аталған бөлімге сондай-ақ дыбыс жазбалары, бейне жазбалар, компакт-дискілердегі немесе магниттік ленталардағы, цифрлік дискілерде және т.б. бағдарламалық қамтылым сияқты жазбалардың жеткізгіштерін жаңғырту кіреді.

Аталған бөлімге баспа қызметі кірмейді (J секциясын қараңыз).

18.1 Полиграфиялық қызмет және осы саладағы көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Аталған топқа газеттер, журналдар, кітаптар, мерзімдік басылымдар, бланкілер, құттықтау ашықхаттары және материалдар, сондай-ақ түптеу ісі, баспа өзге де пішіндерін формаларын дайындау және бейнелерді өңдеу сияқты полиграфиялық өнімдерді өндіруге ықпал ететін қызмет түрлері кіреді. Баспа процесінде әр түрлі материалдар мен түрлі технологиялар пайдалануы мүмкін.

18.11 Газет басып шығару

18.11.0 Газет басып шығару

Бұл ішкі класқа:
- аптасына кемінде төрт рет шығатын газеттерді және өзге де мерзімдік басылымдарды басып шығару кіреді

Бұл ішкі класқа:
- полиграфиялық өнімдерді басып шығару, (58.1 қараңыз)
- құжаттардан көшірмелеу/көшірмесін түсіру кірмейді, (82.19.0 қараңыз)

18.12 Баспа өндірісінің өзге де түрлері

18.12.0 Баспа өндірісінің өзге де түрлері

Бұл ішкі класқа:
- журналдар және аптасына кемінде төрт рет шығатын басқа да мерзімдік басылымдарды басып шығару
- офсеттік басып шығару, терең басып шығару, флексографиямен басып шығару, трафареттік басып шығару, сонымен қатар басқа баспа машиналарын көбейткіш машиналарды, принтерлерді өрнек салу машиналарын қолдана отырып кітаптар және кітапшалар, музыкалық ноталар және партитуралар, карталар, атластар, плакаттар, жарнамалық каталогтар, жанрамабеттерді және өзге де жарнамалық басылымдарды, пошта, ел таңба маркілерін, жекеменшік құқықтағы құжаттарға, түбіртектер мен басқа да бағалы қағаздар, смарт-карталар, альбомдар, күнделіктер мен өзге коммерциялық баспа өнімдерін, жеке бланктерді және шығыңқы басылыспен, баспа материалдарын шығару
- тоқыма бұйымдарын да, пластмассаларға, шыныға, металға, ағаш пен қышқа басып шығару кіреді

Басу материалдары, әдетте авторлық құқықпен қорғалған.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- затбелгілер немесе жапсырма қағаздар басу (офсеттік, терең, флексографиялық және т.б. басып шығару) кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тоқыма бұйымдары мен дайын киімдерге суреттерді түсіру, (13.30.0 қараңыз)
- мектеп және кеңсе тауарларын өндіру (дәптерлер, блокноттар, тіркеу журналдары, бухгалтерлік кітаптар, бланкілер және т.б.) оларда басылған ақпарат бұйымның басты сипаттамасы болып табылмайды, (17.23.0 қараңыз)
- полиграфиялық өнімдерді басып шығару кірмейді, (58.1 қараңыз)

18.13 Материалдарды басып шығаруға және таратуға дайындау қызметі

18.13.0 Материалдарды басып шығаруға және таратуға дайындау қызметі

Бұл ішкі класқа:

- типографиялық терім, фото терім, символдарды сканерлеу мен оптикалық тануды, электронды беттеуді қоса алғанда деректерді басылымға дейін дайындау
- әмбебап пайдалануға арналған декректері бар файлды дайындау (қағазға басып шығару, CD-ROM-ға жазу, Интернет желісінде орналастыру)
- мөр бедерінің параметрлерін реттеуді қоса алғанда офсеттік және шығыңқы басылыс үшін баспа нысандарын жасау
- цилиндрлер дайындау: терең баспаға арналған цилиндрлерді нақыштау және беткі өңдеу
- «компьютер-фотополимерлік нысан», «компьютер-фотополимерлік пішін»технологияларының көмегімен нысандарды шығару
- бедерлі өрнек салуға немесе басып шығаруға баспа нысандары мен мөртабандарды арналған дайындау
- литографиялық тастар мен дайын ағаш нысандарын; презентацияға арналған құралдарды мысалы, мөлдір файлдар және т.б.; эскиздер, модельдер, макеттер және т.б.; түзетуші бедерлер сияқты техникалық жоспардың көркемдік жұмыстарын дайындау кіреді

Бұл ішкі класқа:

- мамандандырылған дизайндық қызмет кірмейді, (74.10.0 қараңыз)

18.14 Брошюралық-түптеу, өңдеу қызметі және ілеспе қызмет көрсету

18.14.0 Брошюралық-түптеу, өңдеу қызметі және ілеспе қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:

- кітаптарды, кітапшаларды, журналдарды, каталогтарды және т.б. жасалуын аяқтау үшін брошюралық түптеу және өңдеу қызметі: бүктеу, парақтарды кесу, дәптерлерді жинау, жіппен тігу, тігілмей-желімдеп жапсыру, кесу, желімдеу, іріктеу және жинақтау, жабыстыра көктеу, алтынмен өрнектеу, металл және пластикалық шиыршықпен бекіту
- шиеленісті және басып шығарылған қағаз және картонды түптеу және өңдеу: бүктеу, өрнектеу, тесу, тесіктерді шығару, перфорациялау, бекіту, желімдеу, ламинаттау
- CD-ROM үшін өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер
- полиграфиялық өнімді тарату, мұқабасын дайындау

- қалыптау, сығымдау, өрнектеу, соқырларға арналған Брайл тіліндегі басылымдарды дайындау сияқты қызметтің өзге де соңғы түрлері кіреді

18.2 Жазылған ақпарат жеткізгіштерді жаңғырту

18.20 Жазылған ақпарат жеткізгіштерді жаңғырту

Бұл класқа:
- баспа өнімдерді көбейту кірмейді, (18.11.0, 18.12.0 қараңыз)

18.20.1 Дыбыс жазбаларын жаңғырту

Бұл ішкі класқа:
- грампластинкаларға, компакт-дискілерге, магниттік таспаларға және өзге де ақпаратты жеткізгіштерге музыкалық және басқа да дыбыс жазбаларын түпнұсқалық матрицадан көшіру (матрица-көшірмелер) кіреді

Бұл ішкі класқа:
- түпнұсқалық матрицалар (мастер-көшірмелер) жазбалар немесе дыбыс материалдармен өндіру кірмейді, (59.20.0 қараңыз)

18.20.2 Бейне жазбаларды жаңғырту

Бұл ішкі класқа:
- түпнұсқалық матрицадан (матрица-көшірмелер) магниттік таспаларға, компакт-дискілерге (CD), цифрлік дискілерге (DVD) және өзге де ақпаратты жеткізгіштерге фильмдер мен бейнежазбаларды көшіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- цифрлық (DVD) немесе осындай жеткізгіштегі кинофильмдерді, бейнежазбалар мен фильмдерді жасау және тарату, (59.11.0, 59.12.0, 59.13.0 қараңыз)
- кинопрокатқа арналған кинофильмдерді көбейту, (59.12.0 қараңыз)
- түпнұсқалық матрицалар (мастер-көшірмелер) жазбалар немесе дыбыс материалдармен өндіру кірмейді, (59.20.0 қараңыз)

18.20.3 Бағдарламалық қамтамасыз ету мен деректер базаларын жаңғырту

Бұл ішкі класқа:
- түпнұсқалық матрицадан (матрица-көшірмелер) магниттік таспаларға, компакт-дискілерге (CD), цифрлік дискілерге (DVD) және өзге де ақпаратты жеткізгіштерге бағдарламалар мен деректерді көшіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- қамтамасыз етуді шығару кірмейді, (58.2 қараңыз)

19 Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру

Бұл бөлімге шикізаттық мұнай мен көмірді пайдалануға дайын өнім етіп қайта өңдеу кіреді. Басты процесс крекинг және дистилляциялау жолымен ішкі мұнайды құрам бөліктерге тұратын мұнай тазалау болып табылады.

Бұл бөлімге мұнайөңдеу зауыттарының өнімі болып табылатын этан, пропан және бутан сияқты газдарды өндіру кіреді.

Бұл бөлімге мұнай және көмірді қайта өңдеу өнімдерін өзіндік қаражаты есебінен өндіру (мысалы, кокс, бутан, пропан, бензин, керосин, мазут және т.б.), сонымен қатар, қайта өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтер (мысалы, тапсырыс арқылы қайта өңдеу) кіреді.

Бұл бөлімге мұнай газдарды басқа кәсіпорындармен өндіру (20.14), өнеркәсіптік газдарды өндіру (20.11.0 ішкі клас), табиғи газ (метан, этан, бутан немесе пропан) өндіру (06.20) және мұнай газынан басқа, газ тәрізді отын өндіру (мысалы, көмір газы, көгілдір/су газы, генератор газы, тұрмыстық газ) (35.21 клас) кірмейді. Тазартылған мұнайдан мұнайхимиялық өнімдерді өндіру 20-бөлімде жіктеледі.

19.1 Кокс пештерінің өнімдерін өндіру

19.10 Кокс пештерінің өнімдерін өндіру

19.10.0 Кокс пештерінің өнімдерін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- кокс пештерін пайдалану
- кокс және жартылай кокс өндіру
- шайыр, күл және күл коксын өндіру
- кокс газын өндіру
- тас көмірлі мен лигнитті шайырды өндіру
- коксты байыту кіреді

Бұл ішкі класқа:
- көмірден брикеттер өндіру кірмейді, (19.20.3, 19.20.4 қараңыз)

19.2 Мұнайдың өңделген өнімдерін, шымтезек пен көмірден брикеттер өндіру

19.20 Мұнайдың өңделген өнімдерін, шымтезек пен көмірден брикеттер өндіру

Бұл класқа сұйық немесе газ тәрізді отын немесе шикі мұнайдан алынатын өзге де өнімдерді, битуминозды минералдар немесе олардың фракцияларын өндіру кіреді. Мұнайды қайта өңдеу: фракциялық айдау, шикі мұнайды тікелей айдауды және крекингті процестерін қамтиды.

19.20.1 Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- мотор отынын: бензин, керосин және т.б өндіру
- отын: жеңіл, орташа және ауыр отын, этан, пропан, бутан және т.с. сияқты тазартылған газ өндіру
- мұнайдан және пайдаланылған майдан жағатын майлар немесе жағармайлар (оның қайта айдау қалдықтарын қоса алғанда) өндіру
- мұнай-химия өнеркәсібі мен жол төсемдеріне арналған үшін өнімдер өндіру
- мұнай өңдеудің әр түрлі түрлерін: ағартқыштар, вазелин, парафин, мұнай коксы және т.б. өндіру
- мұнай өнімдерінен брикеттер өндіру

- алкогольді мұнайға қосу арқылы бензоспирт өндіру кіреді

19.20.2 Шымтезекті агломерациялау және шымтезек брикеттерін өндіру

19.20.3 Таскөмірден брикеттерді агломерациялау және өндіру

19.20.4 Лигниттен брикеттерді агломерациялау және өндіру

20 Химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру

Бұл бөлімге химиялық өнімдерді алу үшін химиялық процестердің көмегімен органикалық және бейорганикалық емес шикізатты қайта өңдеу кіреді. Бұл бөлім аралық өндірісті және қалған кластарға жататын негізгі химиялық заттарды одан әрі қайта өңдеу арқылы алынған дайын өнімді қамтитын бірінші өнеркәсіптік топқа жататын негізгі химиялық заттарды өндіруге бөлінген.

20.1 Негізгі химиялық заттарды, тыңайтқыштарды және азот қоспаларын, алғашқы нысандардағы пластмассалар мен синтетикалық каучукты өндіру

Бұл топқа негізгі химиялық заттарды, тыңайтқыштарды және азот қоспаларын, сондай-ақ пластмасалар мен алғашқы нысандардағы синтетикалық каучукты өндіру кіреді.

20.11 Өнеркәсіптік газ өндіру

20.11.0 Өнеркәсіптік газ өндіру

Бұл ішкі класқа:
- өнеркәсіптік және медициналық мақсаттарға арналған сұйытылған немесе сығылған органикалық емес газды: элементті газдарды, сұйық немесе сығылған ауаны, хладагент буларын, өнеркәсіптік газдардың қоспалары, көмірқышқыл газы сияқты инертті газдарды, қорғаныш газын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- метан, этан, бутан немесе пропан сияқты газдарды өндіру, (06.20 қараңыз)
- мұнайды өңдеу кезінде этан, бутан немесе пропан сияқты жанатын газдарды өндіру, (19.20.1 қараңыз)
- көмірден, қалдықтардан және т.б. газ тәрізді отын зат өндіру кірмейді, (35.21.0 қараңыз)

20.12 Бояғыштар мен пигменттер өндіру

20.12.0 Бояғыштар мен пигменттер өндіру

Бұл ішкі класқа:
- негізгі пішіндегі немесе концентрат түріндегі әртүрлі шикізаттан бояғыштар мен пигменттер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- флуоресцентті заттар мен люминофорлар ретінде пайдаланылатын өнімдер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- дайын бояғыштар мен пигменттер өндіру кірмейді, (20.30.1 қараңыз)

20.13 Өзге де негізгі бейорганикалық химиялық заттар өндіру

Бұл класқа жай процестер арқылы химиялық заттар өндіру кіреді. Осы процестердің нәтижесі әдетте жеке химиялық элементтерді немесе белгілі бір химиялық қоспаларды алу болып табылады.

20.13.0 Өзге де негізгі бейорганикалық химиялық заттар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- химиялық элементтерді өндіру (өнеркәсіптік газдар мен металдардан басқа)
- азот қышқылынан басқа, бейорганикалық қышқылдарды өндіру
- аммиактан басқа, сілтіні, сақарды және өзге бейорганикалық заттарды өндіру
- басқа да бейорганикалық қосылыстарды өндіру
- темір колчеданын күйдіру
- тазартылған су өндіру
- жылу бөлуші құрастырмалар мен олардың компоненттерін шығару
- уран және шымтезек кендерін байыту: уран аффинажы (уран концентратынан ядролық тазалық өнімін алу); уран коверсиясы (фторлауы) кіреді

Бұл ішкі класқа:
- өнеркәсіптік газ өндіру, (20.11.0 қараңыз)
- құрамында азоты бар тыңайтқыштар мен қосылыстар өндіру, (20.15 қараңыз)
- аммиак өндіру, (20.15.2 қараңыз)
- аммоний хлоридін өндіру, (20.15.2 қараңыз)
- нитриттер мен калий нитраттарын өндіру, (20.15.2 қараңыз)
- аммоний карбонатын өндіру, (20.15.2 қараңыз)
- хош иістендірілген тазартылған су өндіру, (20.53.0 қараңыз)
- металдарды өндіру кірмейді, (24-бөлімді қараңыз)

20.14 Өзге де негізгі органикалық химиялық заттар өндіру

Бұл класқа крекинг, пиролиз, айдау, алкилирлеу және т.б. сияқты негізгі процестердің көмегімен химиялық заттарды өндіруді қамтиды. Осы процестердің нәтижесі әдетте жекелеген химиялық элементтерді немесе белгілі бір химиялық қоспаларды алу болып табылады.

20.14.1 Илейтін заттар өндіру

20.14.2 Биоэтанол өндіру

Бұл ішкі класқа:
- спиртті және күрделі эфирді өндіру үшін қант қамысын, жүгеріні немесе т.б. ферменттеу кіреді

20.14.3 Көмірсутек шикізатынан ациклдік және циклдік көмірсутек өндіру

Бұл ішкі класқа:
- ациклді, қаныққан және қанықпаған көмірсутектерді өндіру
- циклді, қаныққан және қанықпаған көмірсутектерді өндіру кіреді

20.14.4 Көмірсутек шикізатынан қарапайым эфирді өндіру

Бұл ішкі класқа:
- бутилдық эфирлер өндіру
- амилдік эфирлер өндіру кіреді

20.14.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де негізгі органикалық химиялық заттар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- негізгі органикалық химиялық заттар: циклді және циклді спирттерді; сірке қышқылын қоса алғанда, моно- және поликарбонды қышқылдар; альдегид, кетон, хинондар және екі немесе одан да көп құрамында оттегі бар топтарды қоса алғанда, өзге де оттек қоспалары бар функционалды топтармен басқа да қосылыстар; аминдерді қоса алғанда, азот-функционалды органикалық қосылыстар, синтетикалық глицерин; ағашты айдау жолымен алынған өнімдерді қоса алғанда, басқа да органикалық қосылыстар (мысалы, ағаш көмір) және т.б. өндіру
- синтетикалық хош иісті өнімдер өндіру
- таскөмір шайырын айдау кіреді

Бұл ішкі класқа:
- көмірсутекті шикізаттан қарапайым эфирді өндіру, (20.14.4 қараңыз)
- бастапқы пішіндегі пластмассаларды өндіру, (20.16 қараңыз)
- бастапқы пішіндегі синтетикалық каучук өндіру, (20.17.0 қараңыз)
- тазартылмаған глицерин өндіру, (20.41.0 қараңыз)
- табиғи эфир майларын өндіру, (20.53.0 қараңыз)
- салицильді және О-ацетилсалицильді қышқылдар өндіру кірмейді, (21.10.0 қараңыз)

20.15 Тыңайтқыштар және құрамында азоты бар қосылыстарды өндіру

20.15.1 Тыңайтқыштар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- тыңайтқыштар: таза немесе аралас азотты, фосфор немесе калий тыңайтқыштарын; несепнәр, тазартылмаған табиғи фосфаттар және тазартылмаған табиғи калий тұздарын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- негізгі компоненті шымтезек болып табылатын өсімдіктерді өсіруге арналған топырақ өндіру
- негізгі компоненті табиғи топырақтан тұратын, құм, саздан және минералды тыңайтқыштардан тұратын топырақ өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- гуано өндіру, (08.91.0 қараңыз)

- пестицид сияқты агрохимиялық өнімдер өндіру кірмейді, (20.20.0 қараңыз)

20.15.2 Құрамында азоты бар қосылыстарды өндіру

Бұл ішкі класқа:

- құрамында азоты бар қосылыстарды: азот қышқылдары мен азот сульфаты, аммоний, аммоний хлориді, аммоний карбонаты, нитриттер мен калий нитриттерін өндіру кіреді

20.16 Бастапқы пішіндердегі пластмассалар өндіру

Бұл класқа синтетикалық шайыр, пластмассалар және вулкандалмаған термопластикалық эластомерлер, арнайы немесе стандартты негіздегі шайырлар қоспаларын өндіру кіреді.

20.16.1 Көмірсутегі шикізатынан алынған полимерлерден басқа бастапқы пішіндердегі пластмассалар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- бастапқы пішіндердегі пластмассалар: фенолды және эпоксидті шайырлар; алкидтік және полиэфирлі шайырлар және полиэфирлер; силикондар; полимерлер (полимерлік иониттер) негіздегі ионалмастырғыш шайырлард өндіру
- целлюлозаны және оның химиялық туындыларын қайта өңдеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жасанды және синтетикалық талшықтар, жіптер мен иірімжіптер өндіру, (20.60.0 қараңыз)
- пластмассадан жасалған бұйымдарды ұсақтау кірмейді, (38.32.3 қараңыз)

20.16.2 Көмірсутегі шикізатынан алғашқы пішіндердегі полимерлер өндіру

Бұл ішкі класқа:

- бастапқы пішіндердегі полимерлерді: полиэтилен, полипропилен, полистирол, поливинилхлорид, полиуретан, поливинилацетат, полиакрилат, полиамид және т.б. өндіру кіреді

20.17 Бастапқы пішіндерде синтетикалық каучук өндіру

20.17.0 Бастапқы пішіндерде синтетикалық каучук өндіру

Бұл ішкі класқа:

- бастапқы пішіндерде синтетикалық каучук, сондай-ақ фактис (резеңке қоспаларға арналған пластификатор) өндіру
- синтетикалық және табиғи каучуктарды және каучук тәрізді шайыр қоспаларын өндіру (мысалы, балата) кіреді

20.2 Пестицидтер мен өзге де агрохимиялық өнімдер өндіру

20.20 Пестицидтер мен өзге де агрохимиялық өнімдер өндіру

20.20.0 Пестицидтер мен өзге де агрохимиялық өнімдер өндіру

Бұл ішкі класқа:

- инсектицидтер, родентицидтер, фунгицидтер, гербицидтер, акарицидтер, молюстицидтер, биоцидтер өндіру
- көктеп кетуге қарсы құралдар, өсімдіктердің өсуін реттеуіштер өндіру
- залалсыздандыру құралдарын өндіру (ауыл шаруашылығы мақсаттарына және өзге де мақсаттарға пайдалану үшін)
- басқа санаттарға енгізілмеген өзге агрохимиялық өнімдерді өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тыңайтқыштар мен құрамында азот бар қосылыстарды өндіру кірмейді, (20.15 қараңыз)

20.3 Бояулар, лактар және осыған ұқсас бояғыш жабындылар, баспаханалық бояулар мен мастикалар өндіру

20.30 Бояулар, лактар және осыған ұқсас бояғыш жабындылар, баспаханалық бояулар мен мастикалар өндіру

20.30.1 Бояулар, лактар, эмальдар және оларға арналған минералды пигменттер өндіру

Бұл ішкі класқа:

- бояулар, лактар және эмальдар өндіру
- дайын бояғыштар мен пигменттер, бәсеңдеткіштер және бояулар өндіру
- шыны тәрізді эмальдар және ангобтар және осыған ұқсас өнімдер өндіру
- мастикалар өндіру
- астарлар жабу және осыған ұқсас отқа төзімді емес бітегіштер және үстіңгі беттерді өңдеуге арналған құралдар өндіру
- баспаханалық бояулар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- бояғыш заттар мен пигменттер өндіру, (20.12.0 қараңыз)
- сия және тушь өндіру кірмейді, (20.59.9 қараңыз)

20.30.2 Дайын еріткіштер және бояу мен лак сұйылтқыштарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- күрделі органикалық еріткіштер және сұйылтқыштар, бояу мен лактардың дайын еріткіштерін өндіру кіреді

20.4 Сабын, жуушы, тазалағыш, жылтыратқыш, парфюмерлік және косметикалық құралдар өндіру

20.41 Сабын және жуушы, тазалағыш және жылтыратқыш құралдар өндіру

20.41.0 Сабын және жуушы, тазалағыш және жылтыратқыш құралдар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- органикалық беттік-белсенді заттар өндіру

- жуу құралдарымен қапталған немесе қанықтырылған қағаздар, майлықтар және т.б. өндіру
- глицерин өндіру
- косметикалық сабыннан басқа, сабын өндіру
- беттік-белсенді құралдар: қатты немесе сұйық пішіндегі кір жуатын ұнтақтар және басқа да жуғыш құралдар, ыдыс жууға арналған құралдар, матадан жасалған бұйымдарды жұмсартқыш заттар өндіру
- тазалағыш және жылтыратқыш құралдар: ауа тазартқыштар, жасанды балауыз және балауыз бұйымдарын, былғары, ағаш бұйымдарына арналған жылтыратқыш құралдар және кремдер, шанақтар, шыны және металға арналған жылтыратқыш құралдар, осыларға ұқсас құралдармен жабылған немесе қанықтырылған сулықтарды, қағаз қоса тазалағыш пасталар мен ұнтақтар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- белгілі бір химиялық құрамы бар өнімдерді өндіру, (20.13.0, 20.14 қараңыз)
- мұнай өнімдерінен алынған глицерин өндіру, (20.14.9 қараңыз)
- косметикалық сабын өндіру кірмейді, (20.42.0 қараңыз)

20.42 Парфюмерлік және косметикалық құралдар өндіру

20.42.0 Парфюмерлік және косметикалық құралдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- парфюмерлік және косметикалық құралдар: әтір және иіссу, косметикалық және бет әрлеуге арналған құралдар, күннен және күнге күюге арналған құралдар, маникюр және педикюрге арналған құралдар, шашқа арналған сусабындар, лактар, шашты бұйралауға және түзелеуге арналған құралдар, тіс пасталары және ұнтақтар протездерін күтуге арналған фиксаторларды қоса, ауыз қуысын күтуге арналған тіс құралдар, қырынуға арналған және қырынғаннан кейін жағатын кремді қоса алғанда, қырынуға арналған құралдар, дезодоранттар және ваннаға түсуге арналған тұздар, депиляцияға арналған құралдар өндіру
- косметикалық сабын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- табиғи эфир майын өндіру және тазалау кірмейді, (20.53.0 қараңыз)

20.5 Өзге де химиялық өнімдер өндіру

Бұл бөлімге басқа топтамаларға енгізілмеген жарылғыш және пиротехникалық заттар, желімдер, эфир майлары мен химиялық өнім, мысалы, фотографияларға арналған химиялық өнімдер (пленканы және жарыққа сезімтал қағазды қоса), түрлі реактивтер және т.б. өндіру кіреді.

20.51 Жарылғыш заттар өндіру

20.51.1 Жарылғыш заттар және өзге де пиротехникалық бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- лақтыратын жарылғыш заттар өндіру

- жарғыштар, тұтатқыштар, дабыл беру жарқылдарын және т.б. қоса алғанда, жарылғыш және пиротехникалық заттар өндіру кіреді

20.51.2 Сіріңке өндіру

Бұл ішкі класқа:
- сіріңке өндіру кіреді

20.52 Желім өндіру

20.52.0 Желім өндіру

Бұл ішкі класқа:
- резеңке негізіндегі желімдеу заттарын қоса алғанда, желім мен дайын желімдеу заттарын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- желатин және оның негізінде жасалған өнімдер өндіру кірмейді, (20.59.2 қараңыз)

20.53 Эфир майларын өндіру

20.53.0 Эфир майларын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- табиғи хош иісті өнімдерден сығындылар өндіру
- шайырлы заттар өндіру
- әтірлер немесе тамақ өнімдерін өндіру үшін ароматталған қоспалар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- синтетикалық хош иісті өнімдер өндіру, (20.14.9 қараңыз)
- косметикалық және парфюмерлік құралдар өндіру кірмейді, (20.42.0 қараңыз)

20.59 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де химиялық өнімдер өндіру

20.59.1 Фотоматериалдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- фотографиялық пластиналар, фотоүлдірлер, фотографияларды басып шығаруға арналған қағаздар және фотографияны айқындауға арналған өзге де материалдар өндіру
- фотографияда пайдалануға арналған химиялық препараттар өндіру кіреді

20.59.2 Желатин өндіру

Бұл ішкі класқа:
- желатин және оның негізінде жасалған өнімдер өндіру кіреді

20.59.3 Тоқыма бұйымдарын мен былғарыны өңдеу үшін пайдаланылатын заттар мен препараттар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- тоқыма бұйымдары мен былғарыны түпкілікті өңдеу үшін пайдаланылатын заттар мен препараттар өндіру кіреді

20.59.4 Техникалық көміртекті (күйе), көміртекті нанотүтікшелер, наноталшықтар және басқа көміртекті наноматериалдар өндіру

20.59.9 Басқа химиялық өнімдер өндіру

Бұл ішкі класқа:

- түрлі химиялық өнімдер: пептондар және олардың туындыларын, басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де ақуыз қосылыстарын және олардың туындыларын; химиялық түрлендірілген майлар мен тоңмайлар; жұмсақ жабыстырғышпен ысытып жабыстыру, қатты жабыстырғышпен ысытып жабыстыру кезінде немесе дәнекерлегенде қолданылатын ұнтақтар мен пасталар; металл өңдеуде қолданылатын заттар; цемент дайындауға арналған дайын қоспалар; белсендірілген көмір, майлайтын майларға арналған кірікпелер, каучукты вулкандаудың дайын үдеткіштері, резеңке катализаторлар және өнеркәсіптік мақсаттағы өзге де химиялық өнімдер; антифриздер; гидравликалық берілістің дүмпібасқылар жұмыс сұйықтықтар; диагностикалық құрамдар немесе зертханалық реагенттер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- сия және туш өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- белгілі химиялық құрамы бар өнімдерді өндіру, (20.13.0, 20.14 қараңыз)
- тазартылған су өндіру, (20.13.0 қараңыз)
- өзге негізгі органикалық химиялық заттар өндіру, (20.14 қараңыз)
- баспаханалық бояу өндіру, (20.30.1 қараңыз)
- асфальт негіздегі байланыстырғыш заттар өндіру кірмейді, (23.99.5 қараңыз)

20.6 Жасанды және синтетикалық талшықтар өндіру

20.60 Жасанды және синтетикалық талшықтар өндіру

20.60.0 Жасанды және синтетикалық талшықтар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- синтетикалық немесе жасанды талшықтардан бума өндіру
- кардтық тарау, тарақпен тарау процестерінен немесе иіруге дайындаудың басқа процестерінен өтпеген синтетикалық немесе жасанды штапель талшықтарды өндіру
- аса берік иірімжіпті қоса алғанда, синтетикалық немесе жасанды иірімжіптер өндіру
- синтетикалық немесе жасанды моножіптер немесе жолақтар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- синтетикалық немесе жасанды талшықтарды иіру, (13.10.8 қараңыз)
- жасанды штапельді иірілген жіп өндіру кірмейді, (13.10.8 қараңыз)

21 Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндіру

Бұл бөлімге негізгі фармацевтік өнімдер мен фармацевтік препараттарды өндіру, медициналық химиялық және өсімдік препараттарын өндіру кіреді.

21.1 Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндіру

21.10 Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндіру

21.10.0 Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндіру

Бұл ішкі класқа:

- дәрілік заттарды өндіру үшін пайдаланылатын фармацевтикалық субстанциялар: антибиотиктер, негізгі витаминдер, салицилла және О-ацетилсалицилла қышқылдары және т.б. өндіру
- қанды өңдеу кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- химиялық таза қант өндіру
- темірді өңдеу және темірден сығындылар өндіру кіреді

21.2 Фармацевтикалық препараттар мен медициналық материалдар өндіру

21.20 Фармацевтикалық препараттар мен медициналық материалдар өндіру

21.20.1 Фармацевтикалық препараттар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- дәрілік заттарды: иммундық сарысу және қанның басқа құраушыларын; вакциналар; гомеопатикалық препаратты қоса әр түрлі дәрілер өндіру
- сыртқа қолдануға арналған химиялық жүктілікке қарсы құралдар мен гормон жүктілікке қарсы құралдар өндіру
- жүктілікті тексеру тестін қоса, медициналық диагностикалық препараттар өндіру
- радиоактивті диагностикалық заттар өндіру
- биотехнология базасына фармацевтикалық препараттар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- мақта, дәкеден жасалған таңғыш, дәке, дәкелік таңғыш, бандаж және т.б. сияқты медициналық таңу материалдарын өндіру
- фармацевтикалық препараттарды әзірлеуге арналған өсімдік өнімдерін дайындау (ұсақтау, сұрыптау, үгу) кіреді

Бұл ішкі класқа:

- шөп тұнбаларын өндіру (жалбыздан, наркайсардан, түймедақтан және т.б.), (10.83.0 қараңыз)
- тығындау материалдары мен стоматологиялық цемент өндіру, (32.50.1 қараңыз)
- суйек тінін қалпына келтіруге арналған цементтерді өндіру, (32.50.1 қараңыз)
- хирургиялық салфеткаларды өндіру, (32.50.3 қараңыз)
- фармацевтикалық тауарларды көтерме саудада сату, (46.46 қараңыз)
- фармацевтикалық тауарларды бөлшек саудада сату, (47.73 қараңыз)
- фармацевтикалық және өсімдік препараттарын зерттеу және әзірлеу, (72.1 қараңыз)
- фармацевтикалық препараттарды буып-түю қаптау бойынша көрсетілетін қызметтер кірмейді, (82.92.0 қараңыз)

21.20.2 Ветеринарияға арналған дәрілік препараттарды өндіру

22 Резеңке және пластмасса бұйымдар өндіру

Бұл бөлімге резеңке және пластмасса бұйымдарды өндіру кіреді.

Бұл бөлім өндірістік процессте өңделмеген шикізаттық материалдарды пайдаланылуымен сипатталады. Алайда бұл резеңке және пластмассадан бұйымдардың барлық түрлерін өндіру бұл бөлімде жіктелетінін білдірмейді.

22.1 Резеңке бұйымдар өндіру

Бұл топқа резеңкеден бұйымдар өндіру кіреді.

22.11 Резеңке шиналар, дөңгелекқаптар мен камералар өндіру; резеңке шиналар мен дөңгелекқаптардың қалпына келтіру

22.11.1 Резеңке шиналар, покрышкалар және камералар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- көлік құралдарына, жабдықтарға, жылжымалы техникаларға, әуе кемелеріне, ойыншықтарға, жиһаздарға және т.б. арналған резеңкеден шиналар мен дөңгелекқаптар: пневматикалық шиналар, тұтас шиналар немесе резеңкемен жабылған қималары бар шиналар өндіру
- шиналарға арналған камералар өндіру
- бірін-бірі алмастыратын протекторлар, шиналарға арналған тоғын таспаларын, шиналарды қалпына келтіруге арналған дайындамалар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- шиналарға арналған камераларды жөңдеу материалдарды өндіру кірмейді, (22.19.1 қараңыз)

22.11.2 Резеңке шиналар мен дөңгелекқаптарды қалпына келтіру

Бұл ішкі класқа:

- протекторды қалпына келтіру, шиналарды және дөңгелекқаптарды күрделі жөндеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- дөңгелекқаптар, камералар немесе шиналар жөндеу, құрастыру немесе ауыстыру кірмейді, (45.20 қараңыз)

22.19 Өзге де резеңке бұйымдарды өндіру

22.19.1 Резеңке техникалық бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- табиғи немесе синтетикалық резеңкеден өзге өнімдер, вулкандалмаған, вулкандалған резеңке немесе аса берік резеңке: сұлбамен жонып тегістелген резеңке баспа пішіндер, табақтар, төсемдер, төсемдер, мүсіндер; түтіктер, шлангілер және тармақтар; резеңкеден жасалған конвейерлік таспалар немесе жетек белдіктер; резеңкеден жасалған

киім бөліктерін (тұтас немесе желімденген тігіссіз), аяққиімнің резеңке ұлтандары мен өзге де резеңке бөліктер; резеңке жіптер мен баулар; резеңке иірімжіптер мен маталар; резеңке шығыршықтар; резеңке фитингілер және төсемдер, резеңке роликті жабындар, үрленетін резеңке матрастар, үрленетін шарлар өндіру

- резеңкеден шөткелер мен бояу жаққыштар өндіру
- қатты резеңкеден түтікшелер фитингтерін өндіру
- қатты резеңкеден тарақтар мен шаш тырмаларын, шаш қыстырғыштар, бигудей және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- жөндеуге арналған резеңке материалдар өндіру
- резеңке негізгі құрамбөлігі болып табылатын резеңкемен сіңдірілген, жабылған немесе ламинатталған маталар өндіру
- жүзу керуеттеріне арналған резеңкеден матрастар өндіру
- резеңкен жүзуге арналған қалпақтар мен алжапқыштар өндіру
- резеңкеден гидрокостюмдер және су астында жүзуге арналған костюмдер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- шиналарға арналған резеңке матаны өндіру, (13.96.0 қараңыз)
- эластикалық матадан киім өндіру, (14.14.0, 14.19.9 қараңыз)
- резеңке аяққиім өндіру, (15.20.0 қараңыз)
- резеңке негізіндегі желім және желімдегіш заттарды өндіру, (20.52.0 қараңыз)
- протекторларды қалпына келтіруге арналған дайындамаларды өндіру, (22.11.1 қараңыз)
- үрлемелі салдар мен қайықтар өндіру, (30.11.0, 30.12.0 қараңыз)
- кеуекті резеңкеден керілмейтін матрастар өндіру, (31.03.0 қараңыз)
- киімнен басқа, резеңкеден спорттық құрал-жабдықтар өндіру, (32.30.0 қараңыз)
- резеңке ойындар мен ойыншықтар өндіру (балалар бассейнін, балаларға арналған үрленетін резеңке қайықтарды, жануарлар түріндегі үрленетін жүзу шеңберлерін, доптарды және т.б. қоса), (32.40.0 қараңыз)
- резеңкені қайта пайдалану кірмейді, (38.32.3 қараңыз)

22.19.2 Санитарлық-гигиеналық және медициналық резеңке бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- гигиеналық резеңке бұйымдарды: жүктілікке қарсы құралдар, балалар емізігі, шілтер және т.б. өндіру
- резеңкеден интимдік бұйымдар өндіру кіреді

22.2 Пластмасса бұйымдарын өндіру

Бұл топқа қысыммен қалыптау, экструзиямен қалыптау, үрлеу және құю сияқты процестерді пайдаланумен аралық немесе дайын өнімге жаңа немесе екіншілік көрсетілген процестердің көпшілінің көмегімен полимерлік материалдарды өңдеу кіреді. Бүкіл өндірістік үдерісті өту нәтижесінде, пластмассадан жасалған бұйымдардың кең ассортименті өндіріледі.

22.21 Пластмасса тақталар, табақтар, құбырлар мен профильдер өндіру

22.21.0 Пластмасса тақталар, табақтар, құбырлар мен профильдер өндіру

Бұл ішкі класқа:

- пластмасса жартылай дайын бұйымдар: пластмасса тақталар, табақтар, парақтар, блоктар, үлдірлер, фольга, жолақтар (өзі жапсырылатын және жапсырылмайтын) өндіру
- пластмассадан дайын бұйымдарды: пластамасса құбырлар, шлангілер және жеңдер, шлангілерге және жеңдерге арналған фитингтер өндіру
- целлофан қабыршықтар және табақтар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- бастапқы пішіндерде пластмасса өндіру, (20.16 қараңыз)
- синтетикалық немесе табиғи резеңкеден бұйымдар өндіру кірмейді, (22.1 қараңыз)

22.22 Тауарларға арналған пластмасса қаптамалар өндіру

22.22.0 Тауарларға арналған пластмасса қаптамалар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- тауарларды қаптауға арналған пластмасса бұйымдар: пластмасса пакеттер, қаптар, контейнерлер, қораптар, жәшіктер, сауыттар, бөтелкелер және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- пластмассадан жасалған шамадандар мен сөмкелер өндіру кірмейді, (15.12.1 қараңыз)

22.23 Пластмасса құрылыс материалдарын өндіру

22.23.1 Құрылыста пайдаланылатын пластмасса бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- құрылыста пайдаланылатын пластмасса құрылыс бұйымдарын: пластмасса есік тақталары және қораптар, терезелер және терезе қораптарын, рамалары, қалыптар, желбезек перделер, кенереліктер, бактар мен резервуарлар, орамдар, тақталар, пластиналар немесе өзге де пішіндер түріндегі пластмасса жабындар, ванна, душ кабиналары, раковиналар, унитаздар, су ағызу бактары және т.с. сияқты пластмасса санитарлық – гигиеналық бұйымдарын өндіру
- жасанды тасты өндіру кіреді

22.23.2 Еденге арналған линолеум және өзге де эластикалық жабындылар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- винил, линолеум және т.б. сияқты эластикалық жабындылар өндіру кіреді

22.29 Өзге де пластмасса бұйымдарын өндіру

22.29.0 Өзге де пластмасса бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- пластамассадан асхана, ас үй және дәретхана керек-жарақтарын өндіру
- пластмассадан түрлі бұйымдар: пластмасса бас киімдер, оқшаулағыш арматураларды, жарықтандыру арматураларының бөлшектерін, кеңсе немесе мектеп

керек-жарақтарын, киім бөлшектерін (тігіссіз, бірақ тігілмеген), жиһазға арналған фурнитураларды, мүсіншелерді, жетекті белдіктер және конвейер таспаларын, жабысқақ таспаларды, аяқ киімге арналған пластмасса бөліктерді, портсигаралар, тарақтар мен бигудилер, басқа топтамаларға енгізілмеген пластмассадан өзге де ұсақ заттар және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- пластмасса жол керек-жарақтарын өндіру, (15.12.1 қараңыз)
- пластмассадан аяққиім өндіру, (15.20.0 қараңыз)
- пластмасса жиһаз өндіру, (31.01, 31.02.0, 31.09.0 қараңыз)
- пластмассадан керілмейтін матрастар өндіру, (31.03.0 қараңыз)
- спорттық пластмасса құрал-жабдықтар өндіру, (32.30.0 қараңыз)
- пластмасса ойыншықтар мен ойындар өндіру, (32.40.0 қараңыз)
- пластмасса медициналық және стоматологиялық керек-жарақтарды өндіру, (32.50.2, 32.50.3 қараңыз)
- пластмасса офтальмологиялық өнімдерді өндіру, (32.50.3 қараңыз)
- пластмасса каскалар мен өзге де қорғаныш керек-жарақтарын өндіру кірмейді, (32.99.9 қараңыз)

23 Өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру

Аталған бөлімге минералдық заттармен байланысты жататын қызметтің өндірістік түрлері кіреді. Аталған бөлімге шыны және шыныдан жасалған бұйымдар (мысалы, жалпақ шыны, шұңғыл шыны, шыныталшығы, техникалық шыны және т.б.), қыш бұйымдар, жабын қыш және отқа төзімді саздан бұйымдар, терракота бұйымдарын, цемент және шикізаттан дайын бұйымдарға дейін сылақтар өндіру кіреді. Әрлеу тастары мен өзге де минералдық өнімдер өндіруде осы бөлімге енгізілген.

23.1 Шыны және шыныдан жасалған бұйымдар өндіру

Осы топқа кез келген тәсілмен әзірленген шынының барлық түрлерін және шыны бұйымдар өндіру кіреді.

23.11 Табақ шыны өндіру

23.11.0 Табақ шыны өндіру

Бұл ішкі класқа:
- армирленген, түрлі-түсті немесе реңберілген шынының қоса алғанда табақ (жазық) шыны өндіру кіреді

23.12 Табақ шыны жасау және өңдеу

23.12.0 Табақ шыны жасау және өңдеу

Бұл ішкі класқа:
- күшейтілген (шыңдалған) немесе қөпқабатты жазық шыны өндіру
- шыны айналар өндіру
- шыныдан көпқабатты оқшаулауғыш бұйымдарды өндіру кіреді

23.13 Шұңғыл шыны бұйымдар өндіру

23.13.1 Шыны ыдыстар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шыны немесе хрустальдан жасалған бөтелкелер мен өзге де ыдыстар өндіру кіреді

23.13.2 Шыныдан және шыны ыдыстан жасалатын шаруашылық-тұрмыстық бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шыны немесе хрустальдан жасалған стақан, фужер, рюмка, бокал, шыныаяқ және өзге де тұрмыстық бұйымдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шыны ойыншықтар өндіру кірмейді, (32.40.0 қараңыз)

23.14 Шыны талшықтар өндіру

23.14.0 Шыны талшықтар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шыны талшықтардан шынымақта және одан өзге де маталық емес өнімдерді қоса алғанда, шыны талшықтарын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шыны талшықтардан маталар өндіру, (13.20.9 қараңыз)
- деректерді беру немесе бейнелерді тікелей беруге арналған талшықты-оптикалық кабельдер өндіру кірмейді, (27.31.0 қараңыз)

23.19 Өзге де шыны бұйымдар өндіру және өңдеу

23.19.1 Электр-техникалық және электр-вакуумдық шынылар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шыныдан электр-оқшаулауғыш және оқшаулағыш арматуралар өндіру
- жарықтандыру аспаптарына арналған плафондар өндіру кіреді

23.19.2 Шыныдан химиялық-зертханалық ыдыстар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шыныдан зертханалық, гигиеналық немесе фармацевтикалық бұйымдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шприцтер мен өзге де медициналық зертханалық жабдықтар өндіру кірмейді, (32.50.2 қараңыз)

23.19.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген шыны бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- сағаттардың барлық түрлеріне арналған шыны, оптикалық өңделмеген оптикалық шыны және оптикалық элементтер өндіру
- бижутерия жасауға арналған шыны бөлшектер өндіру
- шыныдан мүсіншелер өндіру
- төсеніш салуға арналған шыныдан блоктарды (білеулер мен кеспекшелер) өндіру
- өзектер немесе түтіктер түрінде өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- оптикалық өңдеуден өткен оптикалық элементтер өндіру кірмейді, (26.70.1 қараңыз)

23.2 Отқа төзімді бұйымдар өндіру

23.20 Отқа төзімді бұйымдар өндіру

Бұл класқа құм, қиыршық тас, малтатас немесе балшық сияқты бейметалл карьерлік қазу кезінде өндірілген немесе алынған минералдар аралық өнімдерді өндіру кіреді.

23.20.0 Отқа төзімді бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- отқа төзімді құрылыс ерітінділері, цементтер және т.б. өндіру
- отқа төзімді қыш бұйымдар: силикат ұнынан жасалған жылу шығармайтын қыш бұйымдар, отқа төзімді кірпіштер, блоктар және тақтайлар, еденге арналған тақтайлар және т.б., реторт, отбақыраш, жалғастырғыштар, бүріккіш, құбырлар, түтіктер және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- құрамында магнезит, долмит немесе хромит бар отқа төзімді бұйымдар өндіру кіреді

23.3 Саздан құрылыс материалдарын өндіру

23.31 Қыш жабындар мен тақталар өндіру

23.31.0 Қыш жабындар мен тақталар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- каминдерді немесе қабырғаларды әрлеуге арналған отқа төзімсіз қыш тақталар, мозаика тақталарын және т.б. өндіру
- отқа төзімсіз қыш тротуар тақталары мен кеспекшелер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жасанды тасты өндіру, (22.23.1 қараңыз)
- отқа төзімді қыш бұйымдар өндіру, (23.20.0 қараңыз)
- қыш кірпіш мен жабын материалдарын өндіру кірмейді, (23.32.0 қараңыз)

23.32 Кірпіш, жабынқыш және күйдірілген саздан өзге құрылыс материалдарын өндіру

23.32.0 Кірпіш, жабынқыш және күйдірілген саздан өзге құрылыс материалдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- саздан отқа төзімсіз құрылыс материалдарын: қыш кірпіштер, қыш жабынқыштар, түтіндіктер мен тарту құбырларының бөліктерін, материалдарды оқшаулайтын құбырлар және т.б. өндіру
- еденге арналған қыш тақташалар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- отқа төзімді қыш бұйымдар өндіру, (23.20.0 қараңыз)
- құрылысқа арналмаған отқа төзісіз қыш бұйымдар өндіру кірмейді, (23.4 қараңыз)

23.4 Өзге де фарфор және қыш бұйымдар өндіру

Осы топқа құм, қиыршық тас, малтатас немесе саз сияқты бейметалл минералдар карьерлік қазу кезінде өндірілген немесе алынған металы жоқ, қазындылардан дайын өнімдер өндіру кіреді.

23.41 Шаруашылық және сәндік қыш бұйымдар өндіру

Бұл класқа:
- қыш асхана ыдыстары мен өзге де шаруашылық немесе дәретхана бұйымдарын өндіру
- мүсіншелер және өзге де декоративтік қыш бұйымдар өндіру кіреді

Бұл класқа:
- бижутерия өндіру, (32.13.0 қараңыз)
- қыш ойыншықтар өндіру кірмейді, (32.40.0 қараңыз)

23.41.1 Фарфор мен фаянстан тұрмыстық-шаруашылық бұйымдарын өндіру

23.41.2 Тұрмыстық-шаруашылық қыш бұйымдарды өндіру

23.42 Санитарлық-техникалық қыш бұйымдарды өндіру

23.42.0 Санитарлық-техникалық қыш бұйымдарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- санитарлық-техникалық қыш бұйымдарды мысалы, раковина, ванна, биде, унитаз және т.с. өндіру
- өзге де санитарлық-техникалық, қыш бұйымдарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- отқа төзімді қыш бұйымдарды өндіру, (23.20.0 қараңыз)
- құрылыстық қыш материалдарды өндіру кірмейді, (23.3 қараңыз)

23.43 Қыш электр оқшаулауғыштарды және оқшаулағыш арматуралар өндіру

23.43.0 Қыш электр оқшаулағыштарды және оқшаулағыш арматуралар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- қыш электр оқшаулағыштарды және оқшаулағыш арматуралар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- отқа төзімді қыш бұйымдар өндіру кірмейді, (23.20.0 қараңыз)

23.44 Өзге де техникалық қыш бұйымдарды өндіру

23.44.0 Өзге де техникалық қыш бұйымдарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- қыш және темір магниттер өндіру
- зертханалық, химиялық және техникалық мақсаттағы қыш бұйымдарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жасанды тасты өндіру, (22.23.1 қараңыз)
- отқа төзімді қыш бұйымдар өндіру, (23.20.0 қараңыз)
- құрылыстық қыш материалдарды өндіру кірмейді, (23.3 қараңыз)

23.49 Өзге де қыш бұйымдарды өндіру

23.49.0 Өзге де қыш бұйымдарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- қыш құмыралар, банкілер, құмандар және тауарларды тасымалдау немесе буып-түю үшін қолданылатын осыған ұқсас бұйымдар өндіру
- басқа топтамаларға енгізілмеген қыш бұйымдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- санитарлық-техникалық қыш бұйымдар өндіру, (23.42.0 қараңыз)
- тіс протездерін өндіру кірмейді, (32.50.3 қараңыз)

23.5 Цемент, әктас және құрылыс гипсін өндіру

23.51 Цемент өндіру

23.51.0 Цемент өндіру

Бұл ішкі класқа:
- портландцемент, глиноземді, қож және суперфосфатты цементті қоса алғанда, цементтік клинкерлік және гидравликалық цемент өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- отқа төзімді құрылыс ерітінділерін, цементтерді және т.б. өндіру, (23.20.0 қараңыз)
- құрғақ құрылыс ерітінділері мен тауарлы бетон өндіру, (23.63.0, 23.64.0 қараңыз)
- цементтен бұйымдар өндіру, (23.69.0 қараңыз)
- стоматологияда қолданылатын цемент өндіру кірмейді, (32.50.1 қараңыз)

23.52 Әктас және құрылыс гипсін өндіру

23.52.1 Әктас өндіру

Бұл ішкі класқа:
- сөндірілмеген, сөндірілген және гидравликалық әктас өндіру кіреді

23.52.2 Әктас және доломит ұндарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- кальцийленген доломит өндіру кіреді

23.52.3 Құрылыс гипсін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- күйдірілген гипстен немесе кальцийленген сульфаттан құрылыс гипсін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- құрылыс гипсінен бұйымдар өндіру кірмейді, (23.62.0, 23.69.0 қараңыз)

23.6 Бетоннан, құрылыс гипсінен және цементтен құрылыс бұйымдарын өндіру

23.61 Бетоннан құрылыс бұйымдарын өндіру

23.61.1 Құрастырмалы темірбетон және бетон конструкциялар мен бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- құрылыстық мақсатта үшін пайдалану үшін зауыттық бетоннан, цементтен немесе жасанды тастардан дайын бұйымдар: еден төсемдерін, тас төсеуге арналған кірпіштер тақталар, плиталар, құбырлар, бағаналар және т.б. өндіру
- құрылысқа және азаматтық құрылысқа арналған жиналатын темірбетон және бетон конструкцияларын өндіру кіреді

23.61.2 Қабырға блоктарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- бетоннан блоктар, панельдер өндіру кіреді

23.61.3 Силикат кірпіш өндіру

23.62 Құрылыс мақсаттарына арналған гипстен бұйымдар өндіру

23.62.0 Құрылыс мақсаттарына арналған гипстен бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- құрылыстық мақсаттағы үшін құрылыс гипсімен: плиталар, табақтар, панельдер және т.б. өндіру кіреді

23.63 Тауарлы бетон өндіру

23.63.0 Тауарлы бетон өндіру

Бұл ішкі класқа:

- салуға дайын бетон қоспаларды және цемент ерітінділерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- отқа төзімді цементтер өндіру кірмейді, (23.20.0 қараңыз)

23.64 Құрылыс ерітінділерін өндіру

23.64.0 Құрылыс ерітінділерін өндіру

Бұл ішкі класқа:

- құрғақ құрылыс қоспаларын және ерітінділерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- отқа төзімді цементтер өндіру, (23.20.0 қараңыз)
- бетон қоспаларын және цемент ерітінділерін өндіру кірмейді, (23.63.0 қараңыз)

23.65 Асбетостоцементтен және талшықты цементтен бұйымдар өндіру

23.65.0 Асбестоцементтен және талшықты цементтен бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- цемент, гипс немесе басқа минералды байланыстырғыш материалдармен араластырылған өсімдік шикізатынан (ағаш жаңқасы, сабан, құрақ, қамыс) құрылыс материалдарын өндіру
- целлюлоза талшықтары бар асбестоцементтен және талшықты цементтен немесе осыған ұқсас материалдардан бұйымдар: қатпарланған табақтар (шиферлер), өзге де табақтар, панельдер, жабынқыштар, құбырлар, қысқа түтіктер, резервуарлар, науалар, жуғыштар, раковиналар, сауыттар, жиһаздар, терезе рамалары және т.б. өндіру кіреді

23.69 Бетоннан, құрылыс гипсі мен цементтен өзге де бұйымдар өндіру

23.69.0 Бетоннан, құрылыс гипсі мен цементтен өзге де бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- бетоннан, құрылыс гипсінен, цементтен немесе жасанды тастардан өзге де бұйымдар: мүсіндер, жиһаздар, барельефтер және горельефтер, вазалар, гүл өсіретін құмыралар және т.б. өндіру кіреді

23.7 Тасты кесу, өңдеу және әрлеу

23.70 Тасты кесу, өңдеу және әрлеу

23.70.0 Тасты кесу, өңдеу және әрлеу

Бұл ішкі класқа:

- құрылыста, ескерткіштерді дайындау, жол жабыны жаппа материалы ретінде және т.б. пайдалану үшін тас кесу, өңдеу жіне әрлеу
- тастан жиһаз заттарын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- карьерлерде жүзеге асырылатын қызметті, мысалы, тасты ірілеп өңдеу, (08.11.1 қараңыз)
- диірмен тасын, түрпітасты және осыған ұқсас бұйымдар өндіру кірмейді, (23.9 қараңыз)

23.9 Түрпілі бұйымдар және өзге бейметалл минералды өнімдер өндіру

Осы топқа өзге де бейметалл минералды өнімдер өндіру кіреді.

23.91 Түрпілі бұйымдар өндіру

23.91.0 Түрпілі бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жұмсақ негізіндегі түрпілі бұйымдарды қоса, диірмен тастарын, қайрайтын немесе жылтырататын тастар және табиғи немесе жасанды үрпілі бұйымдарды өндіру (мысалы, егеуқұм қағазы) кіреді

23.99 Басқа топқа енгізілмеген өзге де бейметалл минералды өнімдер өндіру

23.99.1 Асбест техникалық бұйымдарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- минералды заттардың немесе целлюлозаның және олардан өңделмеген бұйымдар негізінде фрикциялық материалдар өндіру кіреді

23.99.2 Минералды оқшаулағыш материалдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- минералды оқшаулау материалдар: қожмақта, минералды силикатты мақталар және минералды мақтаның осыған ұқсас түрлерін; қатпарланған вермикулит, кепкен балшық және осыған ұқсас жылу, дыбыс өткізбейтін және дыбыс сіңіретін материалдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шынымақта және одан тоқылмаған бұйымдар өндіру кірмейді, (23.14.0 қараңыз)

23.99.3 Жұмсақ жабындық және гидрооқшаулауғыш материалдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жұмсақ жабынды материалдарды: рубероидты, пергаминды, толды және т.б. өндіру
- гидрооқшаулауғышты материалдарды: пороизолды, изолды және т.б. өндіру кіреді

23.99.4 Табиғи кеуекті толтырғыштарды өңдеу және жасандыларын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- табиғи кеуекті толтырғыштарды өңдеу және жасандыларын өндіру: керамзит, аглопорит, ісінген перлит, шувинит, кеуек және т.б. кіреді

23.99.5 Битумнан және ұқсас материалдардан өнімдерді өндіру

Бұл ішкі класқа:

- табиғи асфальттан, битумнан және осыған ұқсас материалдардан бұйымдар, мысалы, көмір асфальт құмы, асфальт және битум негізінде байланыстырғыш заттар, мұнай битумы және т.б.:
- жол жабындыларға пайдаланылатын битумдық қоспалар
- қалыптау материалдары ретінде және нақыштауға пайдаланылатын асфальт және битуминоздық мастиктер
- битумнан және ұқсас материалдардан жасалған және өзге де өнімдерді өндіру кіреді

23.99.6 Бейметалл кендерден бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- түрлі минералдық заттардан жасалған бұйымдар: өңделген слюда және слюдадан, шымтезектен, графиттен (электртехникада пайдаланатынан басқа) және т.б өндіру
- көміртекті және графитті талшықтарын және олардан өнімдерді өндіру (электродтар мен электр өнімдерінен басқа)
- жасанды корунд өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- графиттен электродтар өндіру, (27.90.1 қараңыз)
- көмір немесе графит төсемдерді өндіру кірмейді, (28.29.9 қараңыз)

24 Металлургия өндірісі

Осы бөлімге электрметаллургиялық және өзге де металлургиялық технологияларды пайдалана отырып, кендерден, құймалар мен сынықтардан шойын өндіру және қара және түсті металды қайта өңдеу.

Осы бөлімге сондай-ақ аса берікті металл құймаларды қоса, таза металға өзге де химиялық элементтерді қосумен құймаларды өндіру кіреді. Құймалар және өзге де бастапқы пішіндер және жартылай дайын фабрикаттар мынадай операциялардан: жайма болат, жолақ, шыбықтар, сымдар және қуыс профильдер, сондай-ақ дайын өнімдерді құю үшін сұйық болат алу үшін жабу, таптау, аударыстыру, экструзиялау, мөртабандауға операцияларынан өтеді.

24.1 Шойын, болат және ферроқорытпалар өндіру

Осы топқа темір кенін тікелей қалпына келтіру, темір құймалар мен осы өзге де қатты пішіндерді құю, шойынды болатқа айналдыру, ферроқорытпалар мен болат өнімдерін өндіру сияқты қызмет түрлері кіреді.

24.10 Шойын, болат және ферроқорытпалар өндіру

24.10.0 Шойын, болат және ферроқорытпалар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- домна пештерін, болат конвертерлер, өңдеу және жұқарту цехтарын пайдалану
- құйымдарда, кеспелтектерде, блоктарда немесе басқа да бастапқы пішіндерде құю және айналы шойын өндіру
- ферроқорытпалар өндіру
- темір кеннен тікелей қалпына келтірумен қара металдардан және құймалар, шекеттас және өзге де осыған ұқсас пішіндер түрінде кеуекті темірден өзге де өнімдер өндіру
- электролиз немесе өзге де химиялық процестер арқылы айрықша тазалықпен темір өндіру
- сынықтар мен қалдықтарды шойын және болат құймаларға қайта балқыту
- түйіршіктер және ұнтақ түрінде темір өндіру
- кеспелтек түрінде (құймалар) немесе өзге де бастапқы пішіндерде болат өндіру
- болаттан жартылай дайын өнімдер өндіру
- болаттан ыстықтай, салқындай илемделген жазық илем өндіру
- болаттан ыстықтай илемделген шыбықтар және өзектер өндіру
- болаттан ыстықтай илемделген ашық профильдер өндіру
- болаттан дәнекерлеу профильдерін және шпунтты құрылымдар өндіру
- болаттан теміржол және трамвай жолдарына арналған рельстер және өзге де бұйымдарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- суықтай сымдау созу кірмейді, (24.31.0 қараңыз)

24.2 Болаттан құбырлар, түтіктер, қуыс профильдер, фитингтер өндіру

24.20 Болаттан құбырлар, түтіктер, қуыс профильдер, фитингтер өндіру

24.20.0 Болаттан құбырлар, түтіктер, қуыс профильдер, фитингтер өндіру

Бұл ішкі класқа:

- ыстықтай илемдеумен немесе үздіксіз құюмен алынған ыстықтай илемделген шыбық немесе кеспелтек сияқты аралық өнімді ыстықтай илемдеу, ыстықтай тығыздаумен одан әрі өңдеу немесе өзге де ыстықтай өңдеу арқылы жіксіз құбырлар және дөңгелек немесе дөңгелек емес қималы түтіктер және дөңгелек қималы дайындамалар өндіру
- ыстықтай илемдеумен немесе ыстықтай тығыздаумен дайындамалардан жіксіз (жоғары кесімді немесе жоқ) құбырлар мен түтіктер, суықтай сымдаумен немесе суықтай илемдеумен одан әрі өңдеу арқылы дөңгелек қималы құбырлар мен түтіктер және тек суықтай сымдаумен дөңгелек емес қималы құбырлар мен түтіктер және қуыс профильдер өндіру
- жазық ыстықтай илемделген табақтардан суықтай созылған және ұзындығы немесе ирегі бойынша дәнекерленген, сыртқы диаметрі 406,4 мм артық дәнекерленген құбырлар мен түтіктер өндіру
- жазық ыстықтай илемделген немесе суықтай илемделген және ұзындығы немесе ирегі бойынша дәнекерленген табақтардан суықтай немесе ыстықтай қалыптаумен алынған сыртқы диаметрі 406,4 мм немесе одан аз дәнекерленген құбырлар мен түтіктер және ұзындығы немесе ирегі бойынша дәнекерленген, ыстықтай илемделген немесе суықтай илемделген жолақтардан ыстықтай немесе суықтай қалыптаумен алынған ашық дөңгелек емес қималы профильдер өндіру

- ыстықтай немесе суықтай қалыптаумен ыстықтай илемделген немесе суықтай илемделген жолақтардан алынған және дөңгелек емес қималы құбырлар және түтіктер түрінде суықтай сымдаумен немесе суықтай қалыптаумен одан әрі өңдеу үшін ұзындығы немесе ирегі бойынша дәнекерленген, сыртқы диаметрі 406,4 мм немесе одан аз дәнекерленген құбырлар мен түтіктер өндіру

- болаттан жазық ыстықтай илемделген жазық тартпалар мен муфталық қосылыстар өндіру

- болаттан ыстықтай илемделген жіксіз құбырларды түйіспеге дәнекерлеу үшін муфта сияқты түйіспелі дәнекерлеуге арналған фитингтер өндіру

- оймасы бар болат құбырлар немесе құбырларға арналған фитингтер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- центрдентепкіш құю арқылы болаттан жіксіз құбырлар және түтіктер өндіру кірмейді, (24.52.0 қараңыз)

24.3 Бастапқы өңдеу арқылы өзге де болат бұйымдар өндіру

Осы топқа өңдеудің салқын тәсілімен өзге де болат бұйымдарды өндіру кіреді.

24.31 Салқындай сымдау

24.31.0 Салқындай сымдау

Бұл ішкі класқа:

- салқындай сымдаумен, қалыптаумен және тазалаумен болат шыбықтар (өзектер) және профильдер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- сым өндіру кірмейді, (24.34.0 қараңыз)

24.32 Таспаларды және енсіз жолақтарды суықтай илемдеу

24.32.0 Таспаларды және енсіз жолақтарды суықтай илемдеу

Бұл ішкі класқа:

- жазық ыстықтай илемделген бұйымдардан немесе болат шыбықтан суықтай екінші рет илемдеу арқылы ені кем дегенде 600 мм орамдар немесе таспалар түрінде жабыны бар немесе жабынсыз жазық илемделген болат бұйымдар өндіру кіреді

24.33 Суықтай қалыптау немесе ию

24.33.0 Суықтай қалыптау немесе ию

Бұл ішкі класқа:

- илемдеу орнағында суықтай қалыптау немесе жазық болат илемнен профиль илемдеу орнағында ию арқылы ашық профильдер өндіру

- суықтай қалыптау немесе июмен болаттан қырлы табақтар және сэндвич-панельдер өндіру кіреді

24.34 Суықтай сымдау арқылы сымдар өндіру

24.34.0 Суықтай сымдау арқылы сымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жұқа болат шыбықтардан суықтай сымдау әдісімен болат сымдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- тұтас қимамен болат шыбықтар мен профильдерді созу, (24.31.0 қараңыз)
- сымнан бұйымдар өндіру кірмейді, (25.93.1 қараңыз)

24.4 Негізгі асыл және түсті металдар өндіру

24.41 Асыл (бағалы) металдар өндіру

24.41.0 Асыл (бағалы) металдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- өңделген немесе өңделмеген асыл (бағалы) металдарды: кен мен сафтан алынған алтын, күміс, платина және т.б. өндіру және тазалау
- асыл (бағалы) металл қорытпаларын өндіру
- асыл (бағалы) металдардан жартылай дайын фабрикаттар өндіру
- асыл емес (бағалы емес) металдарды күміспен қаптау
- асыл емес (бағалы емес) металдарды немесе күмісті алтынмен қаптау
- алтын, күміс немесе асыл емес (бағалы емес) металдарды платина немесе платина тобына жататын металдармен қаптау кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- сымдаумен асыл (бағалы) металдардан сым өндіру
- асыл (бағалы) металдардан жұқалтыр өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- түсті металдар құю, (24.53.0, 24.54.0 қараңыз)
- асыл (бағалы) металдардан зергерлік бұйымдар өндіру кірмейді, (32.12.0 қараңыз)

24.42 Алюминий өндіру

24.42.0 Алюминий өндіру

Бұл ішкі класқа:
- глиноземнен алюминий (алюминий оксидін) өндіру
- алюминий мен сынықтар қалдықтарынан электролиттік тазарту арқылы алюминий өндіру
- алюминий қорытпаларын өндіру
- алюминийден жартылай дайын фабрикаттар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- алюминийден сымдаумен сымдар өндіру
- алюминий оксидін өндіру
- алюминий қаптама жұқалтырын өндіру
- бастапқы компонент болып табылатын, алюминийден фольганы өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- түсті металдар құю кірмейді, (24.53.0, 24.54.0 қараңыз)

24.43 Қорғасын, мырыш және қалайы өндіру

24.43.0 Қорғасын, мырыш және қалайы өндіру

Бұл ішкі класқа:
- кеннен қорғасын, мырыш және қалайы өндіру
- қорғасын, мырыш, қалайы қалдықтары мен сынықтарын электролиттік тазарту арқылы қорғасын, мырыш және қалайы өндіру
- қорғасын, мырыш, қалайы қорытпаларын өндіру
- қорғасыннан, мырыштан, қалайыдан жартылай дайын фабрикаттар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- сымдаумен арқылы қорғасыннан, мырыштан, қалайыдан сымдар өндіру
- қалайыдан жұқалтыр өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- түсті металдар құю кірмейді, (24.53.0, 24.54.0 қараңыз)

24.44 Мыс өндіру

24.44.0 Мыс өндіру

Бұл ішкі класқа:
- кеннен мыс өндіру
- мыстың қалдықтарынан және сынығынан электролиттік тазарту арқылы мыс өндіру
- мыс қорытпаларын өндіру
- ерігіш сақтандырғышқа арналған мыс сымдар, тілімдер және өзектер өндіру
- мыстан жартылай дайын фабрикаттар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- сымдаумен мыстан сымдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- түсті металдар құю кірмейді, (24.53.0, 24.54.0 қараңыз)

24.45 Өзге де түсті металдар өндіру

Бұл класқа:
- кендерден немесе оксидтерден хром, марганец, никель және т.б. өндіру
- хром, марганец, никель және т.б. қалдықтары және сынықтарын электролиттік немесе алюминотермикалық тазарту арқылы өндіру
- хром, марганец, никель және т.б. қорытпаларын өндіру
- хром, марганец, никель және т.б. жартылай дайын фабрикаттар өнімдер өндіру

Бұл класқа сондай-ақ:
- сымдау арқылы хром, марганец, никельден және т.б. сымдар жасау кіреді

Бұл класқа:
- түсті металдар құю кірмейді, (24.53.0, 24.54.0 қараңыз)

24.45.1 Никель және кобальт өндіру

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- никельден штейн өндіру кіреді

24.45.2 Титан, титан ұнтағын және магний, вольфрам мен молибден өндіру

24.45.3 Сүрме және сынап өндіру

24.45.4 Түсті металдар мен қорытпаларды өңдеу

24.45.5 Сирек металдар, сирек кездесетін жер металдарын және жартылай өткізгіш материалдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- сирек, сирек кездесетін жер металдарын және жартылай өткізгіш материалдарды, соның ішінде көмірді термиялық өңдеуден кейін көмірден күл және қож өндіру кіреді

24.46 Ядролық отынды қайта өңдеу

24.46.0 Ядролық отынды қайта өңдеу

Бұл ішкі класқа:
- шайыр қоспалар немесе басқа кендерден уран өндіру
- уранды балқыту және тазарту кіреді

24.5 Металдарды құю

Осы топқа құю процесінде дайындалатын жартылай дайын фабрикаттар мен түрлі бұйымдар өндіру кіреді.

Осы топқа:
- қазандықтар және радиаторлар сияқты құйылған дайын бұйымдар өндіру, (25.21.0 қараңыз)
- құйылған тұрмыстық мақсаттағы бұйымдар өндіру кірмейді, (25.99 қараңыз)

24.51 Шойын құю

Бұл класқа шойын құю өндірісі қызметінің түрлері кіреді.

24.51.1 Құбырлар өндіруден басқа, шойын құю

Бұл ішкі класқа:
- шойыннан жартылай фабрикаттар құю
- сұр шойыннан құймалар құю
- шар тәрізді графитпен шойынды құймаларын өндіру
- соғылған шойыннан бұйымдар құю кіреді

24.51.2 Шойыннан құбырлар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шойыннан құйылған құбырлар, түтіктер, іші қуыс және құбырлар мен түтіктерге арналған фитингтер өндіру кіреді

24.52 Болат құю

24.52.0 Болат құю

Бұл ішкі класқа болат құю өндірісі қызметінің түрлері кіреді.

Бұл ішкі класқа:
- болаттан жартылай фабрикаттар құю
- болаттан құймалар құю
- центрден тепкіш құю тәсілімен болаттан жіксіз құбырлар мен түтіктер өндіру
- болаттан құйылған құбырлар мен түтіктерге арналған фитингтер өндіру кіреді

24.53 Жеңіл металдар құю

24.53.0 Жеңіл металдар құю

Бұл ішкі класқа:
- алюминий, магний, титан, мырыштан және т.б. жартылай фабрикаттар құю
- жеңіл металдардан құймалар құю кіреді

24.54 Өзге де түсті металдар құю

24.54.0 Өзге де түсті металдар құю

Бұл ішкі класқа:
- ауыр металдардан құймалар құю
- асыл (бағалы) металдардан құймалар құю
- өзге де түсті металдардан құймаларды қысыммен қалыптау кіреді

25 Машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру

Осы бөлімге көбінесе металдан тұратын бұйымдар (қосалқы бөлшектер, сыйымдылықтар, конструкциялар, қондырғылар сияқты), әдетте, тұрақты, қозғалыссыз күйдегі, 26-30 – бөлімдерден өзгеше аса күрделі кешендерге жиналған (оларды электрондық, оптикалық немесе электрлік жабдықтарға жатқызбау шартымен ғана) және қозғалатын бөлшектердің көмегімен жұмыс істейтін құрамдастырылған металл бұйымдарын (кейде басқа материалдармен байланысты) өндіру кіреді.

Қару-жарақ және оқ-дәрі өндіру де аталған бөлімге кіргізілген.

Бұл бөлімге:
- мамандандырылған жөндеу және техникалық қызмет көрсету, (33.1 қараңыз)
- аталған бөлімге жіктелетін орталықтан жылыту қазандықтары сияқты ғимараттарда бұйымдарды монтаждау кірмейді, (43.22.0 қараңыз)

25.1 Құрылыс металл конструкциялары мен бұйымдарын өндіру

Осы топқа құрылыс металл конструкциялары немесе конструкцияның бөлшектері сияқты құрылыстық металл бұйымдарын өндіру кіреді.

25.11 Құрылыс металл конструкциялары мен олардың бөлшектерін өндіру

Бұл класқа:
- металл тасымалдаушы конструкциялар немесе ғимараттардың қаңқалары мен имараттар және олардың бөлшектерін (мұнаралар, тіреулер, арқалық тақтайлар, көпірлер және т.б.) өндіру
- өнеркәсіптік имараттар мен жабдықтарға арналған металл тасымалдаушы конструкциялар (қаңқалар) өндіру (домна пештеріне арналған тасымалдаушы контрукциялар, көтеру-көлік жабдықтары және т.б.)

Бұл класқа:
- кеме немесе күш беретін қазандықтарға арналған тетіктер өндіру, (25.30.0 қараңыз)
- теміржол жолдарына арналған металл құрастырмалы бекітпелер өндіру, (25.99.9 қараңыз)
- кеме секцияларынды өндіру кірмейді, (30.11.0 қараңыз)

25.11.1 Құрылыстық болат конструкциялар өндіру

25.11.2 Жеңіл металл конструкциялар өндіру

25.11.3 Алюминий мен алюминий қоспаларынан құрылыс конструкциялары мен бұйымдарын өндіру

25.11.4 Контейнерлік және құрастырмалы – жиналмалы ғимараттар мен үй-жайларды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- негізінен металлдан жасалған ғимараттар мен үй-жайлардың құрастырмалы металл конструкцияларын: құрылыс алаңдарында қосалқы үй-жайлар, көрме павильондарының модульдік элементтерін және т.б. өндіру кіреді

25.12 Металл есіктер мен терезелер өндіру

25.12.0 Металл есіктер мен терезелер өндіру

Бұл ішкі класқа:
- металл есіктер, терезелер және олардың жақтауларын, терезе қақпақтары мен қақпалар өндіру
- еден үсті төсемдерін жинауға арналған металл құрамалар өндіру кіреді

25.2 Металл цистерналар, резервуарлар және контейнерлер өндіру

Осы топқа цистерналар, радиаторлар және орталық жылыту қазандықтарын өндіру кіреді.

25.21 Орталық жылыту радиаторлары мен бу қазандықтарын өндіру

25.21.0 Орталық жылыту радиаторлары мен бу қазандықтарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- электр пештері мен су жылытқыштарын өндіру кірмейді, (27.51.1 қараңыз)

25.29 Өзге металл цистерналар, резервуарлар мен контейнерлер өндіру

25.29.0 Өзге металл цистерналар, резервуарлар мен контейнерлер өндіру

Бұл ішкі класқа:
- өндірістік мақсатта сақтау немесе пайдалану үшін металл резервуарлар, цистерналар және сол сияқты сыйымдылықтар өндіру
- сығылған немесе сұйытылған газға арналған металл сыйымдылықтар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- әдетте сыйымдылығы 300 литрден аспайтын өнімдерді тасымалдау және буып-түю үшін пайдаланылатын металл бөшкелер, бактар, банкалар, шелектер, қораптар және т.б. өндіру, (25.91.0, 25.92.0 қараңыз)
- көлікпен тасымалдау үшін жүк контейнерлер өндіру, (29.20.2 қараңыз)
- танктер өндіру (брондалған әскери көлік құралдары) кірмейді (30.40.0 қараңыз)

25.3 Орталық жылыту қазандықтарынан басқа бу қазандықтарын өндіру

Осы топқа бу қазандарын өндіру кіреді.

25.30 Орталық жылыту қазандықтарынан басқа бу қазандықтарын өндіру

25.30.0 Орталық жылыту қазандықтарынан басқа бу қазандықтарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- бу немесе өзге бу шығаратын қазандықтар өндіру
- бу қазандықтарының бөлшектері және қосалқы жабдықтарын: конденсаторлар, жылытқыштар, буысытқыштар, бу жинағыштар және бу аккумуляторлары өндіру
- изотоптарды бөлуге арналған қондырғыларды қоспағанда, ядролық реакторлар өндіру
- кемелік немесе күш қазандықтары үшін бөлшектер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- әдетте қысыммен жұмыс істейтін құбырларды немесе құбыр желілерін сонымен қатар тиісті жобалық және құрылыс жұмыстары құру мақсатымен құбырларды одан әрі өңдеуді қоса алғанда, құбыр желілерінің жүйесін жинау кіреді

Бұл ішкі класқа:
- орталық жылытудың радиаторлары мен қазандықтар өндіру, (25.21.0 қараңыз)
- қазандық-турбиналық қондырғылар өндіру, (28.11.2 қараңыз)
- изотоптарды бөлу үшін қондырғыларды өндіру кірмейді, (28.99.3 қараңыз)

25.4 Қару-жарақ және оқ-дәрілер өндіру

25.40 Қару-жарақ және оқ-дәрілер өндіру

25.40.0 Қару-жарақ және оқ-дәрілер өндіру

Бұл ішкі класқа:

- ауыр қару-жарақ (артиллериялық снарядтар, жылжымалы зеңбіректер, баллистикалық ракеталар, торпедалық қондырғылар, ауыр пулеметтер) өндіру
- жеңіл қару-жарақтар (револьверлер, винтовкалар, дробовиктер, жеңіл пулеметтер) өндіру
- пневматикалық немесе газ қаруларын және пистолеттер өндіру
- әскери оқ-дәрілер және жабдықтар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- оқ-дәрілік аңшылық, спорттық, қару немесе өзін қорғау үшін оқ-дәрілік қарулар және оларға оқ-дәрілер өндіру
- бомба, мина және торпеда сияқты жарылғыш құралдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жарғыштар, детонаторлар немесе сигнал ракеталарын өндіру, (20.51.1 қараңыз)
- қылыштар, семсерлер, шпагалар, сүңгілер және т.б. өндіру, (25.71.0 қараңыз)
- ақша немесе құнды заттарды тасымалдауға арналған брондалған автомобильдер өндіру, (29.10.1 қараңыз)
- ғарыш кемелерін өндіру, (30.30.2 қараңыз)
- танкілер және өзге жауынгерлік көлік құралдарын өндіру кірмейді, (30.40.0 қараңыз)

25.5 Металды соққылап өңдеу, сығымдау, қалыптау, бейіндеу; ұнтақтық металлургия

Осы топқа, әдетте, сыйақыға немесе шарт негізінде жүзеге ұсынылатын соққылып өңдеу немесе сығымдау сияқты металдарды өңдеу бойынша қызметтің түрлері кіреді.

25.50 Металды соққылап өңдеу, сығымдау, қалыптау, бейіндеу; ұнтақтық металлургия

25.50.1 Соққылап өңдеу, сығымдау, қалыптау және бейіндеу арқылы дайын металл бұйымдарын немесе жартылай фабрикаттар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- металды соққылап өңдеу, сығымдау, қалыптау және бейіндеу кіреді

25.50.2 Ұнтақтық металлургия әдісімен металл бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- ұнтақтық металлургия: қысым астында немесе термиялық өңдеу (қақтау) арқылы металдық ұнтақтан тікелей металл бұйымдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- металдық ұнтақ өндіру кірмейді, (24.1, 24.4 қараңыз)

25.6 Металдарды өңдеу және металдарға қаптамалар жалату; машина жасаудың негізгі технологиялық процестері

Осы топқа, әдетте, сыйақыға немесе шарт негізінде орындалатын, металдарға қаптамалар жалату, нақыштау, бұрғылау, жылтырату, дәнекерлеу және т.б сияқты металдарды өңдеу бойынша қызмет кіреді.

25.61 Металдарды өңдеу және металдарға қаптамалар жалату

25.61.0 Металдарды өңдеу және металдарға қаптамалар жалату

Бұл ішкі класқа:
- металдарға қаптамалар жалату, металдарды анодтау және т.с.с.
- металдарды термиялық өңдеу
- қылауларды, құм сорғалатып өңдеуді, айналмалы барабанда бөлшектерді өңдеуді металдардың бетін тазалауды алып тастау
- металды бояу, нақыштау
- металл емес қаптамаларды жалату: пластмассалық қаптамалар, эмальдау, лактау және т.с.с.
- металдарды шыңдау, жантыратып өңдеу кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жануарларды тағалау қызметі, (01.62.0 қараңыз)
- металдарға баспа бейнелерді салу, (18.12.0 қараңыз)
- пластмассалық үстіңгі беттерге металдың қаптамаларды салу, (22.29.0 қараңыз)
- бағалы металдарды негізгі металдар немесе өзге металдарға қаптамаларды салу, (24.41.0, 24.42.0, 24.43.0, 24.44.0 қараңыз)
- тапсырушының қатысуымен көрсетілетін қызметтерді ұсыну кірмейді, (95.29 қараңыз)

25.62 Машина жасаудың негізгі технологиялық процестері

25.62.0 Машина жасаудың негізгі технологиялық процестері

Бұл ішкі класқа:
- металл беттерін бұрғылау, токарлық өңдеу, жонғылау, жоңғылау, электроэрозиялық өңдеу, сүргілеу, ысқылау, тартажону, тегістеу, жалтырату, ұштау, жылтырату, түйістіру және т.б.
- лазерлік сәулемен металдың үстіңгі беттерге бейнені кесу және жалату кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жануарларды тағалау қызметі кірмейді, (01.62.0 қараңыз)

25.7 Пышақ бұйымдары, аспаптары және темірден жасалған бұйымдар өндіру

Осы топқа пышақ бұйымдары; металлдық қол аспаптары және темірден жасалған бұйымдар өндіру кіреді.

25.71 Пышақ бұйымдар өндіру

25.71.0 Пышақ бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- пышақ, шанышқы, қасық және т.б. сияқты тұрмыстық асханалық құралдар өндіру
- басқа да кесетін бұйымдарды: турау, етті шабуға арналған тесактар мен балғалар, олар үшін ұстаралар және жүзден алуға қайшы және шаш алуға арналған ұайшылар, машинкалар өндіру
- қылыш, семсер, шпага және найза т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- асханалық, ас және басқа да ыдыстар (шәйнектер, қазандар, табақшалар, шыныаяқтар, тәрелкелер, кішкене табақшалар және т.б.) өндіру, (25.99.2 қараңыз)
- асыл металдардан асханалық құралдар өндіру кірмейді, (32.12.0 қараңыз)

25.72 Құлыптар, ілгектер және топсалар өндіру

25.72.0 Құлыптар, ілгектер және топсалар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- аспалы құлыптар, ойып орнатылатын құлыптар, кілттер, ілгектер, топсалар мен ғимараттарда, жиһаздардың, автокөлік құралдарында, құлыпты-темірден жасалған бұйымдар өндіру кіреді

25.73 Аспаптар өндіру

Бұл класқа:

- қол механикаландырылған құралдар өндіру кірмейді, (28.24.0 қараңыз)

25.73.1 Металл және ағаш өңдеу құралдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- машиналар немесе механикалық қондырғылар үшін пышақтар мен кескіш элементтер (жүздер) өндіру
- тістеуік, бұрауыш және т.б. сияқты қол аспаптарын және т.б. өндіру
- циркулярлық мен шынжырлы араларға арналған төсемдерді қоса алғанда, аралар мен араларға арналған төсемдер өндіру
- механикалық жетекпен жарақтандырылған немесе жарақтандырылмаған немесе механикалық құралдар: бұрғылар, тескіштер және т.б. үшін қол құралдарына ауыспалы құрамды бөлшектер өндіру
- престеу және соған ұқсас құралдар өндіру
- ұсталық құралдар: ошақтар, төстіктер және т.б. өндіру
- қораш жәшіктер және құю формаларын өндіру (сауытқорамадан басқа)
- іскенжелер мен қысатын қондырғылар және икемқұралдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- сауытқормалар өндіру кірмейді, (28.91.0 қараңыз)

25.73.2 Ауылшаруашылық және бау-бақша құралдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- қол электрлік емес ауылшаруашылық және бақша құрал-саймандарын өндіру кіреді

25.9 Басқа дайын металл бұйымдар өндіру

Осы топқа банкілер және шелектер; шегелер, бұрамалар, сомындар, жалғастырғыштар сияқты түрлі металл бұйымдар; тұрмыстық мақсаттағы металл бұйымдар; металл тіреуіштер және қосындылар; жүзу кемелеріне шұралар мен якорьлер; темір жолдарға арналған тіреуіштер және қосындылар және тұрмыстық және өнеркәсіптік мақсаттағы өзге де металл бұйымдар өндіру кіреді.

25.91 Металл бөшкелер және ұқсас сыйымдылықтар өндіру

25.91.0 Металл бөшкелер және ұқсас сыйымдылықтар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шелектер, банкілер, бөшкелер, жәшіктер, қораптар және т.с.с. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- цистерна мен резервуарлар өндіру кірмейді, (25.2 қараңыз)

25.92 Жеңіл металдардан жасалған бумаларды өндіру

25.92.0 Жеңіл металдардан жасалған бумаларды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- тамақ өнімдері үшін консерві банкілерін, шақшалар, қораптар, жәшіктер өндіру
- тығыз жабу үшін металл қақпақтар мен өзге де бұйымдар өндіру кіреді

25.93 Сымнан, шынжырдан және серіппелерден жасалған бұйымдар өндіру

25.93.1 Сымнан жасалған бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- металл кабель, тростар, арқандар және ұқсас бұйымдар өндіру
- электрмонтаж жұмыстарына арналмаған оқшауланбаған немесе оқшауланған металл кабельдер өндіру
- жабыншын немесе өзегімен сымнан жасалған бұйымдар өндіру
- сымнан жасалатын бұйымдар өндіру: тікенді сымдар, сымды қоршаулар, торлар, торкөздер, маталар және т.б. өндіру
- электрмен дәнекерлеу үшін оқшауланған электродтар өндіру
- шегелер мен түйреуіштер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- электрэнергиясын беру үшін арналған сым және кабель шынжырларды өндіру кірмейді, (27.32.0 қараңыз)

25.93.2 Шынжыр және серіппелер өндіру

Бұл ішкі класқа:
- серіппелер өндіру (қол сағаттарына арналған серіппелерден басқа): пластинка тәрізді, бұрандалы, торсиондар, серіппелер үшін табақтар өндіру
- жетек тізбектерді қоспағанда, тізбектер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- сағаттар арналған серіппелер өндіру, (26.52.3 қараңыз)
- қозғалтқыш шынжырлар өндіру кірмейді, (28.15.2 қараңыз)

25.94 Бекіту және бұрама бұйымдар өндіру

25.94.0 Бекіту және бұрама бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- тойтарма, тығырықтар және бұранмасыз ұқсас бұйымдар өндіру
- бұранда кесетін станокта әзірленетін бұйымдар өндіру
- бұрамасы бар бұрандамалар, бұрамалар, сомындар және ұқсас бұйымдар өндіру кіреді

25.99 Басқа топтамаларға енгізілмеген металдан жасалған басқа дайын бұйымдар өндіру

25.99.1 Санитарлық-техникалық металл жабдықтарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- мырыштан құрылыс элементетерін: шатыр жабындары, су ағызатын құбырлар, ванналар, раковиналар, қолжуғыштар, және ұқсас бұйымдар өндіру кіреді

25.99.2 Металдан шаруашылық ыдыс пен ас үй бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- тұрмыстық-шаруашылық бағыттағы металл бұйымдарын: ұсақ жалпақ ыдыстар: тәрелкелер, табақшалар және т.б.; шұңғыл ыдыстар: шәйнектер, қазандар және т.б.; асханалық ыдыстар: шыныаяқтар, заттың астына қоятын тұғырықтар және т.б.; тұздық сауыттар, кастрюльдер, табалар және басқа да электрлік емес асханалық және ас үйлік керек заттар; ұсақ асханалық құралдар және керек заттар; ыдысты жууға арналған металл торкөздер өндіру
- термостар және бөтелкелер (флягалар) өндіру кіреді

25.99.9 Өзге дайын металл бұйымдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жиһазды қоспағанда, офистерге арналған металдан жасалған бұйымдар өндіру
- сейфтер, жанбайтын шкафтар, брондалған есіктер және т.б. өндіру
- металдан түрлі бұйымдар: жүзу кеме бұрандалары мен олардың қалақтары, зәкірлер, қоңыраулар, теміржолдарға арналған тіреуіштер және қосындылар, қарсы ілгектер, жіптер, ілгектер, металл сатылар, жол белгілерді қосқанда, сілтеуші белгілер өндіру
- алюминий фольгадан жасалған қаптар (сөмке-пакеттер) өндіру
- тұрақты металл магниттер өндіру
- металл эмблемалар, төсбелгілер, кокардалар және өзге әскери ерекшелік белгілерінің өндіру
- металл бигудилер, металл тұтқалар және тарақтар, қолшатырға арналған біздер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- семсерлер, түйрегіштер өндіру, (25.71.0 қараңыз)
- сатып алған заттарды салуға арналған арбалар өндіру, (30.99.0 қараңыз)
- металл жиһаз өндіру, (31.01, 31.02.0, 31.09.0 қараңыз)
- спорттық тауарлар өндіру, (32.30.0 қараңыз)
- ойыншықтар мен ойындар өндіру кірмейді, (32.40.0 қараңыз)

26 Компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіру

Осы бөлімге компьютерлер, перифириялық, оптикалық және электрондық жабдықтарды, сондай-ақ аталған жабдықтар үшін компоненттер өндіру кіреді. Аталған бөлімнің өндірістік процестері интегральдық схемаларды пайдаланудан және жоғары мамандандырылған технологияларды қолданудан тұрады.

Осы бөлімге сондай-ақ электрондық тұрмыстық техника, өлшеуге арналған аспаптар және құралдар, тестілеу және навигация, рентген, электромедициналық және электротерапевтік жабдықтарды, оптикалық аспаптар мен жабдықтарды және магниттік және оптикалық ақпаратты жеткізгіштер өндіру кіреді.

26.1 Электрондық элементтер және платалар өндіру

26.11 Электрондық элементтер өндіру

Бұл класқа жартылай өткізгіштер мен электрондық құралдар үшін басқа да элементтер өндіру кіреді.

26.11.0 Электрондық элементтер өндіру

Бұл ішкі класқа:
- электрондық конденсаторлар өндіру
- электрондық резисторлар өндіру
- микропроцессорлар өндіру
- электрондық түтікшелер өндіру
- қосылыстар үшін электрондық бұйымдар өндіру
- орнатылмаған компоненттер (бос) баспа платалар өндіру
- интегралды микросхемалар (аналогты, цифрлық немесе гибридтік) өндіру
- диодтар, транзисторлар және аналогтық қондырғылар өндіру
- электрондық типті индукторлар (оның ішінде магнит өзектер, индуктивтілік катушкалар, түрлендіргіштер) өндіру
- электрондық кристалдарды құрастырылған қоса алғанда, оның электронды кристалдар өндіру
- соленоидтар, ажыратқыштар және электрондық құралдар үшін түрлендіргіштер өндіру
- жартылай өткізгіштік пластиналар, таза немесе жартылай таза жартылай өткізгіштер өндіру
- экрандар үшін компоненттер (плазмалы, полимерлі, сұйыққристалды) өндіру
- сәулешығаратын диодтар (LED) өндіру
- күн панельдері және басқа да электрондық компоненттер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- принтерлер, мониторлар, USB кабельдер, ажыратқыштар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- смарт-карталардың үстіңгі бетінде бейнелерді басу, (18.12.0 қараңыз)
- мониторлар және телевизиялық дисплейлер өндіру, (26.20.0, 26.40.0 қараңыз)
- модемдер тасымалданатын жабдықтар өндіру, (26.30.2 қараңыз)
- рентгендік түтікшелер мен аналогтық сәулелендіруші жабдықтар өндіру, (26.60.0 қараңыз)
- оптикалық жабдықтар және құралдар өндіру, (26.70.1 қараңыз)
- электр жабдықтары үшін ұқсас жинақтауыштар өндіру, (27 қараңыз)
- балластық кедергілер өндіру, (27.11.0 қараңыз)
- электлікр реле (ажыратып-қосқыштар) өндіру, (27.12.0 қараңыз)
- электромонтаждық құрылғылар өндіру, (27.33.0 қараңыз)
- электрондық элементтерді пайдаланумен дайын жабдықтар өндіру кірмейді, (топтамаларда жабдықтардың тиісті түріне сәйкес жіктеледі)

26.12 Электрондық платалар өндіру

26.12.0 Электрондық платалар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- орнатылған компоненттері бар баспа платалар өндіру
- баспа платаларға арналған компоненттерді құрастыру (орнату)
- интерфейстік карталар/платалар (мысалы, оның ішінде дыбыс, бейне, басқарушы, желілік, сыртқы және ішкі компьютерлік модемдер) өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- смарт-карталардың үстіңгі бетін бейнелерді басу, (18.12.0 қараңыз)
- бос баспа платаларды өндіру кірмейді, (26.11.0 қараңыз)

26.2 Компьютерлер мен перифериялық жабдықтар өндіру

26.20 Компьютерлер мен перифериялық жабдықтар өндіру

Бұл класқа дербес компьютерлер, ноутбуктер, серверлер сияқты компьютерлер; сондай-ақ сақтау үшін құрылғы мен енгізу-шығару құрылғылары сияқты (принтерлер, мониторлар, клавиатуралар) компьютерлік перифериялық жабдықтар өндіру және/немесе жинау кіреді. Компьютерлер аналогтық, цифрлық немесе гибридттік болуы мүмкін. Цифрлық компьютерлер, ең кең таралған тип, мынадай: (1) өңдеу бағдарламаларын жазады немесе бағдармалар жұмыс үшін деректер немесе бағдарларамалар жазады, (2) пайдаланушы талаптарына сай еркін бағдарламалана алады, (3) пайдаланушы таңдаған ерекше міндеттерді ескеріп арифметикалық есептеуді адамның араласуынсыз, (4) қажет болған жағдайда тікелей өңдеу бағдарламасын жүзеге асыру процесінде қойылған міндеттің шешіміне сәйкес командаларды (алгоритм) орындау тәртібіне өзгерту операцияларын орындауға қабілетті құралдары болып табылады. Аналогтық компьютерлер бақылау элементтері мен бағдарламалаулары бар математикалық модельдерді құрастыруға қабілетті.

26.20.0 Компьютерлер мен перифериялық жабдықтар өндіру

Бұл класқа:
- дербес компьютерлер өндіру

- ноутбуктер өндіру
- компьютерлердің деректерін өңдеу үшін орталық блоктар өндіру
- қалталы тасымалданатын компьютерлер өндіру
- магниттік дискілер, флэш-құрылғылар және басқа да ақпаратты сақтау үшін құрылғылар өндіру
- лазерлік (оптикалық) дискілерді оқу үшін құрылғылар өндіру (CD-RW, CD-ROM, DVD-ROM, DVD-RW сияқты)
- принтерлер өндіру
- мониторлар өндіру
- клавиатуралар өндіру
- тінтуірлердің барлық типтері, басқарудың джойстиктері (рычагтарын) және трекболдар өндіру
- мамандандырылған ақпараттық терминалдар өндіру
- компьютерлік серверлер өндіру
- штрих кодтарды оқып алу құрылғыларды қоса, сканерлер өндіру
- смарт-карталар оқып алатын құрылғылар өндіру
- виртуалды ойындарға арналған шлемдер мен каскалар өндіру
- компьютерлік проекторлар (видеопроекторларды) өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- банкоматтар (ATM), сауда автоматтары (POS) сияқты компьютерлік терминалдар және механикалық емес тәсілмен басқарылатын басқа да терминалдар өндіру
- екі немесе одан көп функцияны атқаратын көпфункциялы офистік жабдықтар: басу, сканерлеу, көшірме жасау, факс арқылы жіберу өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ақпарат жазылған тасушыларды жаңғырту (компьютерлік бейне, дыбыс және өзге де жазбалар), (18.20 қараңыз)
- компьютерлер мен перифериялық компьютерлік жабдықтар үшін пайдаланылатын электрондық элементтер және платалар өндіру, (26.1 қараңыз)
- сыртқы және ішкі компьютерлік модемдер өндіру, (26.12.0 қараңыз)
- интерфейстік карталар, модульдер мен қосалқы бөлшектер өндіру, (26.12.0 қараңыз)
- электрондық платалар өндіру, (26.12.0 қараңыз)
- цифрлық жабдықтардың ажыратқыштары, деректер беруге арналған жабдықтар өндіру (көпірлер, маршрутизаторлар, торапаралық шлюздер), (26.30.1 қараңыз)
- модемдер, тасымалданатын жабдықтар өндіру, (26.30.2 қараңыз)
- CD плеерлер мен DVD плеерлер сияқты электрондық тұрмыстық құралдар өндіру, (26.40.0 қараңыз)
- телевизиялық мониторлар мен дисплейлер өндіру, (26.40.0 қараңыз)
- бейне ойындарға арналған басқару пульттері өндіру, (26.40.0 қараңыз)
- компьютерлерге жазылмаған магнитті және оптикалық ақпаратты жеткізгіштер немесе басқа да электрондық құралдар өндіру кірмейді, (26.80.0 қараңыз)

26.3 Коммуникациялық жабдықтар өндіру

26.30 Коммуникациялық жабдықтар өндіру

Бұл класқа радио, телетрансляция және сымсыз коммуникациялық жабдықтар тарату сияқты сымды байланыс немесе сымсыз байланыс арқылы сигналдарды беру үшін пайдаланылатын деректерді беруге арналған телефондар мен жабдықтар өндіру кіреді.

Бұл класқа:

- ішкі және сыртқы компьютерлік модемдерді қоса, коммуникациялық жабдық үшін пайдаланылатын электрондық компоненттер мен элементтер өндіру, (26.1 қараңыз)
- электрондық платалар өндіру кірмейді, (26.12.0 қараңыз)

26.30.1 Өндірістік мақсатындағы теле- және радиоаппаратураны өндіру

Бұл ішкі класқа:

- сымсыз телефондар өндіру
- көпірлер, маршрутизаторлар, желіаралық шлюздер сияқты деректер беру жабдықтарын өндіру
- беруші және қабылдаушы антенналар өндіру
- кабельдік телевиденияға арналған жабдықтар өндіру
- пейджерлер өндіру
- ұялы телефондар өндіру
- ұтқыр байланысқа арналған жабдықтар өндіру
- радиохабар тарату және телевизия үшін телекамераларды қоса алғанда, студияда жазу үшін жабдықтар өндіру
- бақылау станциясына сигналдар жіберетін күзет және өртке қарсы жүйелер өндіру
- радио және телеқтаратқыштар өндіру
- инфрақызыл сигналдарын жіберу үшін жабдықтар өндіру (мысалы, қашықтан басқару пульттер) кіреді

Бұл ішкі класқа:

- компьютерлер және периферийлік жабдықтар өндіру, (26.20.0 қараңыз)
- тұрмыстық аудио және бейне техника өндіру, (26.40.0 қараңыз)
- орналасу орнын анықтаудың және жиһандық навигация жүйесінің құралдарын өндіру, (26.51.7 қараңыз)
- бағдаршамдар өндіру, (27.90.3 қараңыз)
- электрондық табло өндіру кірмейді, (27.90.9 қараңыз)

26.30.2 Кабельдік телефондық және телеграфтық байланысына арналған аппаратура өндіру

Бұл ішкі класқа:

- автоматтық телефон станцияларға арналған байланыс жабдықтар өндіру
- жалпы желіге шығумен алатын жергілікті телефондық станциясы жабдықтар өндіру
- автожауапбергішті қоса алғанда, телефондар мен факсимильді аппараттар өндіру
- модемдер, тасымалданатын жабдықтар өндіру кіреді

26.4 Электронды тұрмыстық техниканы өндіру

26.40 Электронды тұрмыстық техниканы өндіру

Аталған класқа үйде пайдалануға арналған электрондық аудио және бейне жабдықтар, автомобильдер, халықты хабарландыру және музыкалық аспаптардың даусын күшейту үшін құрылғылар өндіру кіреді.

26.40.0 Электронды тұрмыстық техниканы өндіру

Бұл ішкі класқа:
- бейне жазушы мен бейнежаңғыртушы құрылғылар өндіру
- теледидарлар өндіру
- телевизиялық мониторлар мен дисплейлер өндіру
- жаңғыртудың жазба және аудио жүйелер өндіру
- стерео жабдықтар өндіру
- радиоқабылдағыштар өндіру
- дауысты күшейткіштер (дауыс зорайтқыштар) өндіру
- портативті бейнекамералар өндіру
- музыкалық автоматтар өндіру
- халықты хабарландыру жүйелері мен музыкалық аспаптарға арналған күшейткіштер өндіру
- микрофондар өндіру
- CD және DVD дискілерінің ойнатқыштар өндіру
- караоке өндіру
- құлаққаптар өндіру (оның ішінде радио, стерео, компьютерлік)
- бейнеойындарға арналған басқару пульттер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жазылған ақпарат жеткізгіштер жаңғырту (компьютерлік, бейне-, дыбыс- және басқа жазбалар), (18.20 қараңыз)
- компьютерлік перифериялық жабдықтар мен мониторлар өндіру, (26.20.0 қараңыз)
- пейджинглік жабдықтар өндіру, (26.30.1 қараңыз)
- қашықтықтан басқару пульттар өндіру (радио- және инфрақызыл), (26.30.1 қараңыз)
- жаңғырту, тарату және қабылдау антенналары үшін жабдықтар және қабылдаушы антенналар, өндірістік мақсаттағы бейнекамералар сияқты студиялар үшін трансляциялық жабдықтар өндіру, (26.30.1 қараңыз)
- антенналар өндіру, (26.30.1 қараңыз)
- автожауапбергіштер өндіру, (26.30.2 қараңыз)
- цифрлық фотокамералар өндіру, (26.70.2 қараңыз)
- белгілі кірмейді (ауыспайтын) бағдарламалық қамсыздандырумен электрондық ойындар өндіру кірмейді, (32.40.0 қараңыз)

26.5 Өлшеуге, тестілеуге және навигацияға арналған құралдар мен аспаптар өндіру; сағаттар өндіру

Осы топқа қол сағаттар, сағаттардың басқа да түрлері және сол сияқты құрылғыларды қоса, түрлі өнеркәсіптік және өнеркәсіптік емес мақсаттар үшін өлшейтін, тестілейтін және навигациялық жабдықтар өндіру кіреді.

26.51 Өлшеуге, тестілеуге және навигацияға арналған аспаптар мен құралдар өндіру

Бұл класқа зерттеуге, табуға, навигацияға, басқаруға, аэронавигацияға және теңіз навигациясы үшін жүйелелер; қыздырғыштар, ауа кондиционерлері, салқындатқыш қондырғылар мен құралдар сияқты автоматты бақылау мен реттеу үшін құралдар;

температураны, ылғалдылықты, қысымды, тазалау, күю, ағымның күші, деңгейді, жабысқақтықты, тығыздықты, қышқылдықты, қоюлану мен айналуды, өлшеу, бейнелеу, көрсету, жазу, беру және бақылау үшін құралдарын мен аспаптары; сұйықтар суөлшеуіштер шығыстарын тіркеу, есептеу құралдары; электр және электрлік сигналдарды өлшеу мен тестілеуге арналған құралдар; қатты, сұйық, газтәрізді немесе композитті материалдар үлгілерінің химиялық немесе физикалық; олардың қосалқы бөлшектерін өлшеуге және тестеуге арналған басқа да құралдар өндіру кіреді.

Өлшеу, тестілеу және навигация үшін электрлік емес жабдықтар өндірісі сондай-ақ аталған класқа енгізілген (қарапайым механикалық аспаптарды қоспағанда).

Бұл класқа:
- автожауапбергіштер өндіру, (26.30.2 қараңыз)
- диктофондар өндіру кірмейді, (28.23.0 қараңыз)

26.51.1 Механикалық шамаларды өлшеуге арналған құралдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- пневматикалық өлшеу құралдар өндіру
- тұрмыстық өлшеуіштер өндіру (мысалы, су, газ, электр энергиясы шығыстарын есептеу құралдары)
- су өлшеуіштер: есептеу және тіркейтін құрылғылар өндіру
- қозғалыс детекторларын өндіру
- есептеу құралдары өндіру (мысалы, айналымдар санның есептеуіші) кіреді

Бұл ішкі класқа:
- өнеркәсіптік процестерді басқару бойынша жабдықтарды орнату, (33.20.0 қараңыз)
- қарапайым механикалық өлшеуіш құралдар (мысалы, өлшеуіш жолақтар, таразылар) өндіру кірмейді, (олар дайындалған материалдардға сәйкес класты қараңыз)

26.51.2 Электр өлшеуіш құралдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- электр шамаларын бақылау және өлшеуге арналған құралдар: осциллографтар, спектр анализаторлар, кедергілерін өлшеуіші, электр тогын, кернеуді, кедергілерді өлшеуге арналған аспаптар және т.с.с. өндіру кіреді

26.51.3 Радио өлшеуіш құралдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- радиолокациялық жабдықтар өндіру
- мина іздегіштер, сигнал бергіштер; металдетекторлар өндіру кіреді

26.51.4 Оптикалық және оптикалық-механикалық құралдар мен жабдықтарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- оптикалық бақылау-өлшеуіш құралдар және жабдықтар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- мақсат координаттарын анықтау үшін оптикалық жабдықтар өндіру кірмейді, (26.70.1 қараңыз)

26.51.5 Физикалық зерттеулер үшін құралдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- радиациялық сәулелену анықтау және мониторинг үшін жабдықтар өндіру
- микроскоптарды өндіру
- автомобильдің шығарылған қалдық газдарының шығарындыларын бақылау құралдар өндіру
- метеорологиялық жабдықтар өндіру
- сұйықтықтың шеткі деңгейлерін бақылау құралдар өндіру
- радиогидроакустикалық қалқымаларды қоса алғанда, зерттеу, анықтау, навигация, аэронавигация және теңіз навигациясы үшін жабдықтар өндіру
- қоршаған орта жай-күйін бақылау құралдары және автоматты бақылау құралдары өндіру
- өлшеу және жазу жабдықтарын (мысалы, борт тіркеушілері) өндіру
- радарлар өндіру
- ылғалдық өлшеу үшін құралдар өндіру
- жалғандық детекторлар өндіру
- физикалық қасиеттерді тексеру, тестілеу үшін құралдар өндіру
- температураны өлшеу үшін шыны сұйық және биметаллдық термометрлер өндіру (медициналықты қоспағанда)
- авиациялық қозғалтқыштар жұмысын бақылау үшін жабдықтар өндіру
- жалынды бақылау үшін құралдар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- рентген жабдықтар өндіру, (26.60.0 қараңыз)
- өлшем салмағын өлшейтін жабдықтарын (лабораториялық жабдықтарынан басқа), нивелирлер, сантиметрлік таспалар және т.б. өндіру, (28.29.1, 28.29.6 қараңыз)
- өнеркәсіптік процестерді басқару бойынша жабдықтар орнату, (33.20.0 қараңыз)
- медициналық термометрлер өндіру кірмейді, (32.50.2 қараңыз)

26.51.6 Медициналық-хирургиялық аспаптар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- лабораториялық талдамалық құралдар (мысалы, қан талдауын жүзеге асыруға арналған жабдықтар) өндіру
- лабораториялық өлшеу құралдары, инкубаторлар және өлшеу, тестілеу және т.б. үшін түрлі алуан түрлі лабораториялық құралдар өндіру кіреді

26.51.7 Жауапты имараттарды жайғастыру және мониторинг жүйелері үшін жабдықтар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- навигация және орнын анықтаудың ғаламдық жүйелері үшін аспаптар мен құралдар өндіру
- тұтынушылардың навигациялық аппаратурасы, интеграцияланған навигациялық кешендері, навигациялық-байланыс кешендері, навигациялық терминалдары, дифференциялық станциялар өндіру

- жауапты имараттардың (гидротехникалық, көпірлік, биіктік және т.б.) жағдайын хабарлау және автоматтандырылған мониторинг жүйелері үшін аспаптар және құралдар өндіру кіреді

26.52 Сағаттар өндіру

Бұл класқа қол сағаттарын, басқа сағаттар, сағат механизмдерін және оларға қосалқы бөлшектер өндіру кіреді.

26.52.1 Сағаттардың барлық түрлерін өндіру

Бұл ішкі класқа:
- құрал панелдері үшін сағаттарды қоса алғанда, қол сағаттары мен басқа сағаттардың барлық түрлерін өндіру
- уақыт механизмдері немесе синхрондаушылары бар мысалы, сағаттық механизмдері бар құлыптар, құрылғылар өндіру кіреді

26.52.2 Уақытты тіркеу үшін құралдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- уақытты санау үшін құралдар және өлшеу үшін құрылдарды, уақыттың кез келген интервалын аралығын тіркеу және белгілеуге арналған, тұрақ уақытын есептеуіштер, секундомерлер, уақыт және күнді көрсеткіштер, хронометрлер, технологиялық процестердің таймерлері сияқты құралдар өндіру кіреді

26.52.3 Сағатқа арналған бөлшектер мен керек-жарақтарды өндіру
Бұл ішкі класқа:
- сағаттардың құрам бөлшектері: сағаттардың барлық түрлері арналған қозғаушы бөлік, серіппелер, асыл тастар, циферблаттар, саптар, пластиналар, көпірлер және басқа бөлшектер өндіру
- соның ішінде бағалы металлдардан сағат корпустарын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- қол сағаттары үшін металл емес білезіктер (тоқыма, былғары, пластик) өндіру, (15.12.1 қараңыз)
- қол сағаттарына бағалы металдардан білезіктер өндіру, (32.12.0 қараңыз)
- қол сағаттарына бағалы емес металдардан білезіктер өндіру кірмейді, (32.13.0 қараңыз)

26.6 Сәулесоққыш, электромедициналық және электротерапевтік жабдықтар өндіру

26.60 Сәулесоққыш, электромедициналық және электротерапевтік жабдықтар өндіру

26.60.0 Сәулесоққыш, электромедициналық және электротерапевтік жабдықтар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- өнеркәсіптік, медициналық, диагностикалық, зерттеу, ғылыми және сол сияқты мақсаттармен пайдаланылатын альфа-, бета-, гамма-сәулелену, рентгендік және өзге радиациялық сәулесоққыш жабдықтарын өндіру
- томографтар өндіру
- магнитті-резонансты бейнелерді алуға арналған жабдықтар өндіру
- медициналық ультрадыбыстық жабдықтар өндіру
- электрокардиографтар өндіру
- электромедициналық эндоскопиялық жабдықтар өндіру
- медициналық лазерлік жабдықтар өндіру
- кардиостимуляторлар өндіру
- есту аппаратын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- тамақ өнімдерін және сүт өнімдерін сәулемен өңдеу үшін жабдықтар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- солярийлер өндіру кірмейді, (28.99.9 қараңыз)

26.7 Оптикалық құралдар, фото- және киножабдықтар өндіру

26.70 Оптикалық құралдар, фото- және киножабдықтар өндіру

Аталған класқа дүрбілер, микроскоптар (электрондық және протондық түрлерінен басқа), телескоптар, призмалар мен линзалар (офтальмологиялық топ басқа) сияқты оптикалық құралдар және линзалар өндіру; жабындыларды жабу немесе линзаларды жылтырату (офтальмологиялықты қоспағанда); линзалар орнату (офтальмологиялықтан басқа) және фотоаппараттар мен жарқылдар сияқты фотографиялық жабдықтар өндіру кіреді.

26.70.1 Оптикалық құралдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- оптикалық айналар өндіру
- оптикалық нысанаға арналған жабдықтар өндіру
- мақсаттардың координаталарын анықтау үшін оптикалық жабдықтарын өндіру
- оптикалық үлкейту құралдарын өндіру
- дәлдік механикалық жұмыстарға арналған оптикалық құралдар өндіру
- оптикалық оқып алатын құралдарын өндіру
- өлшеу және бақылау үшін оптикалық құралдар өндіру (мысалы, өртке қарсы жабдықтар, фотометрлер, қашықтық өлшеуіштер)
- линзалар, оптикалық микроскоптар, дүрбілер мен телескоптар өндіру
- лазерлер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- лазерлік компоненттерді пайдаланумен күрделі жабдықтар өндіру, (жабдықтардың осындай типінің өндіру бойынша класты қараңыз (мысалы, медициналық лазерлік жабдықтар), (26.60.0 қараңыз)
- көшірме машиналар өндіру, (28.23.0 қараңыз)
- офтальмологиялық өнімдерді өндіру кірмейді, (32.50.3 қараңыз)

26.70.2 Фото- және кино жабдықтарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- үлдірлі және цифрлық фото- және кинокамераларды өндіру
- слайдтарға арналған кинопроекторлар және проекторлар өндіру
- өте дәл проекторлар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- компьютерлік проекторлар өндіру, (26.20.0 қараңыз)
- өндірістік мақсаттағы теле және бейнекамералар өндіру, (26.30.1 қараңыз)
- үйде пайдалану үшін бейне камералар өндіру кірмейді, (26.40.0 қараңыз)

26.8 Магнитті және оптикалық ақпарат жеткізгіштер өндіру

26.80 Магнитті және оптикалық ақпарат жеткізгіштер өндіру

26.80.0 Магнитті және оптикалық ақпарат жеткізгіштер өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жазылмаған магниттік аудио- және бейне- таспалар, таспаларын өндіру
- жазылмаған магниттік аудио- және бейне- кассеталар өндіру
- жазылмаған дискеттер өндіру
- жазылмаған оптикалық дискілер өндіру
- қатты магниттік дискілерді өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жазылған ақпаратты тасушыларды жаңғырту кірмейді (компьютерлік, дыбыс-, бейне- және басқа да жазулар), (18.20 қараңыз)

27 Электр жабдықтарын өндіру

Осы бөлімге электр энергиясын генерациялайтын, тарататын және пайдаланатын өнімдер өндіру кіреді. Сондай-ақ бөлімге электрлік жарықтандыру, дабыл беру жабдықтары және тұрмыстық электраспаптар өндіру кіреді.

Осы бөлімге электрондық жабдықтар өндіру кірмейді (26-тарауды қараңыз).

27.1 Электр қозғалтқыштар, генераторлар, трансформаторлар және электр тарату және реттеуші аппаратура өндіру

Осы топқа күш беретін, тарату және арнайы трансформаторлар; электр қозғалтқыштар, генераторлар және электрогенераторлық қондырғыларды өндіру кіреді.

27.11 Электр қозғалтқыштар, генераторлар және трансформаторлар өндіру

Бұл класқа барлық электр қозғалтқыштар мен трансформаторлардың түрлерінің: AC, DC және AC/DC өндіру кіреді.

27.11.0 Электр қозғалтқыштар, генераторлар және трансформаторлар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- электр қозғалтқыштарын өндіру (іштен жанатын қозғалтқыштардың стартерлерінен басқа)
- таратушы электр трансформаторларын өндіру
- ауыспалы тоқ генераторларын өндіру
- газ разрядтық шамдар мен түтікшелер үшін балластық кедергілер өндіру
-электр энергиясын таратуға арналған трансформаторлық ішкі станциялар өндіру
- электр кернеуін беруші және таратушы реттегіштер өндіру
- күш беретін генераторлар өндіру (іштен жанатын қозғалтқыштардың аккумуляторлық батареяларын қуаттау үшін генераторлардан басқа)
- генераторлық қондырғылар өндіру (турбогенераторлық қондырғылардан басқа)
- зауыттың негізінде зәкірлерді орау кіреді

Бұл ішкі класқа:
- трансформаторлар мен өшіргіштер үшін электрондық элементтер өндіру, (26.11.0 қараңыз)
- электрлік пісіру және дәнекерлеуші жабдықтарын өндіру, (27.90.9 қараңыз)
- түрлендіргіштер, түзеткіштер мен жылубөлетін элементтер өндіру, (27.90.9 қараңыз)
- турбиналық генераторлық қондырғылар өндіру, (28.11.2 қараңыз)
- іштен жанатын қозғалтқыштарға арналған тартерлер мен генераторлар өндіру кірмейді, (29.31.0 қараңыз)

27.12 Электр таратушы және реттеуші аппаратураны өндіру

27.12.0 Электр таратушы және реттеуші аппаратураны өндіру

Бұл ішкі класқа:
- электрлік қоректендірудің автоматикалық ажыратқыштарын өндіру
- электр желілері үшін кернеу шектеуіштер өндіру (кернеу деңгейін тарату үшін)
- электр тогын таратуға арналған басқару панельдерін өндіру
- электрлік реле өндіру
- электрлік тарату қалқандары және оның элементтерін өндіру
- балқымалы сақтандырғыштар өндіру
- қуатты ауыстырып қосуға арналған жабдықтар өндіру
- электр энергетикалық жүйеде ауыстырып-қосуға арналған жабдықтар өндіру (батырмалық, бұрмалы, ораушы, тумблерлерді ауыстырмалы-қосқыштарды қоспағанда)
- бастапқы энергия көздерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- қоршаған орта мен өнеркәсіптік процестердің күйін бақылау үшін құралдар өндіру, (26.51 қараңыз)
- батырмалы, бұрмалы сияқты электр тізбегіне арналған өшіргіштер өндіру кірмейді, (27.33.0 қараңыз)

27.2 Батареялар және аккумуляторлар өндіру

27.20 Батареялар және аккумуляторлар өндіру

27.20.0 Батареялар және аккумуляторлар өндіру

Бұл ішкі класқа қайта зарядталмайтын және қайта зарядталатын батареялар өндіру кіреді.

Бұл ішкі класқа:
- қоректену бастапқы элементтер және бастапқы элементтер: құрамында мырыш, сынап диоксиді, күміс оксиді және т.б. бар батареялар өндіру
- оларға электроаккумуляторлар, төсемдер, корпустар, қақпақтар сияқты қосалқы бөлшектер өндіру
- қорғасын-қышқылды батареялар өндіру
- никель-кадмий батареяларын өндіру
- никель-металлогидридті батареяларын өндіру
- литий батареяларын өндіру
- бастапқа құрғақ элементтерде батареялар өндіру
- сұйық электролиті бар батареялар өндіру кіреді

27.3 Электр өткізгіштер мен электрмонтаждық құралдар өндіру

Осы топқа түрлі материалдардан әзірленген электр тогын тарататын және ток таратпайтын сымдар, кабельдер, өткізетін қондырғыларын өндіру кіреді. Аталған топқа сондай-ақ оқшауланған сым мен оптоталшықты кабельдер өндіру кіреді.

27.31 Талшықты-оптикалық кабельдерді өндіру

27.31.0 Талшықты-оптикалық кабельдерді өндіру

Бұл ішкі класқа:
- деректерді беруге немесе бейнелерді тікелей беруге арналған талшықты-оптикалық кабельдер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шыныталшықтар өндіру, (23.14.0 қараңыз)
- талшықты-оптикалық кабелі немесе талшықты-оптикалық кабелден жинақтар және ажыратқыштар немесе басқа жалғастырушы элементтерді пайдаланумен жабдықтар өндіру кірмейді, (жабдықтар түріне қарай ішкі класты қараңыз, мысалы, 26.11.0)

27.32 Басқа электр сымдарды және кабельдерді өндіру

27.32.0 Басқа электр сымдарды және кабельдерді өндіру

Бұл ішкі класқа:
- болаттан, мыстан және алюминийден оқшауланған сымдарды және кабельдер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- сымды өндіру, (24.34.0, 24.41.0, 24.42.0, 24.43.0, 24.44.0, 24.45 қараңыз)
- компьютерлер, принтерлерге арналған кабельдер, USB кабельдерге және т.с.с. кабельдік құрылғылар және жинақтамаларын өндіру, (26.11.0 қараңыз)
- оқшауланған сымдар және ажыратқыштары бар жинақтамаларды өндіру, (27.90.9 қараңыз)

- автомобиль құралдарына арналған сымдар жинақтамаларын өндіру кірмейді, (29.31.0 қараңыз)

27.33 Электрмонтаждық құрылғыларды өндіру

27.33.0 Электрмонтаждық құрылғыларды өндіру

Бұл ішкі класқа әр түрлі материалдардан әзірленген тоқ тарататын және тоқ таратпайтын сымдарды, кабельдерді, өткізгіш қондырғыларын өндіру кіреді.

Бұл ішкі класқа:
- ток өткізетін шиналар өндіру (тарату құрылғылары типінен басқа)
- жерлендіру тізбегінің ажыратқыштарды өндіру
- шамдық патрондар өндіру
- ұшқынды кернеуден индукция мен катушкаларынан қорғаныс үшін разрядтауыштар өндіру
- электр тізбегтерге арналған өшіргіштерді өндіру (мысалы, батырмалы, басатын, бұрмалы, тумблерлі ажыратқыштар)
- электр розеткалар мен айырлар өндіру
- электр сымдарға арналған таратушы, қосушы қораптар өндіру
- электр сымдарды қосу (біріктіру) үшін түрлі элементтер және құрылғылар өндіру
- тірек және электр беру желілері үшін арматураларды өндіру
- пластмассалық бөлу қораптарын, панельдерін және ұқсас пластмассалық электроарматураларды қоскқанда, пластамассалық төмен вольттік электрмонтаждық құрылғылар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- керамикалық оқшаулатқыштар өндіру, (23.43.0 қараңыз)
- қосылыс үшін арналған электрондық бұйымдарды, өшіргіштер,үзгіштерді өндіру кірмейді, (26.11.0 қараңыз)

27.4 Электр жарықтандыру жабдықтарын өндіру

27.40 Электр жарықтандыру жабдықтарын өндіру

Бұл класқа электр шамдары, түтікшелер және оның бөліктері және компоненттері (электр шамдарына арналған шыны корпустан басқа), электржарықтандыру құралдары мен жарықтандыру жабдықтары (тоқ өткізетін электрмонтаждық құрылғылардан басқа) өндіру кіреді.

27.40.1 Электр шамдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- газразрядтық, флуоресцентті, ультракүлгін, инфрақызыл және т.б. қыздыру шамдарын өндіру
- жәндіктермен күресу үшін электр шамдар өндіру кіреді

27.40.2 Жарықтандыру құралдарын өндіру

Бұл ішкі класқа:

- төбеге ілінетін жарықтандыру құралдарын өндіру
- люстралар, шырағдандар өндіру
- үстел үсті шамдарын (соның ішінде жарықтандыру құралдарын) өндіру
- жаңа жылдық шыршаларға арналған электрлік гирляндалар өндіру
- электрлік каминдер өндіру
- электрлік қолшамдар өндіру
- қолшамдар (мысалы, карбидтік, электрлік, газдық, газолиндік, керосиндік) өндіру
- прожекторлар өндіру
- көшелік жарықтандыру құралдарын (бағдаршамдардан басқа) өндіру
- көлік құралдарына арналған жарықтандыру жабдығы (мысалы, автокөлік, ұшақтар кемелер, қайықтар үшін) өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- электрлік емес жарықтандыру жабдығын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жарықтандыру құралдарына арналған шыны бөлшектер мен бөліктерді өндіру, (23.19.1 қараңыз)
- жарықтандыру құралдарына арналған ток өткізетін электрмонтаждық құрылғыларын өндіру, (27.33.0 қараңыз)
- шырағдандары орнатылған ванна бөлмесіндегі желдеткіштер немесе төбе желдеткіштерін өндіру, (27.51.1 қараңыз)
- бағдаршамдар және жаяу жүргіншілерге арналған сілтеуіштер сияқты электрлік дабыл беру жабдықтарын өндіру, (27.90.3 қараңыз)
- электрлік сілтеуіштер өндіру кірмейді, (27.90.9 қараңыз)

27.5 Тұрмыстық техниканы өндіру

Осы топқа шағын электрлік тұрмыстық аспаптар, тұрмыстық желдеткіштер, шаңсорғыштар, еденсүрткіштер, тамақ дайындау, кір жууға арналған техника, тоңазытқыштар, мұздатқыш камералар және басқа да ыдыс-аяқ жуатын машиналар, сужылытқыштар және қалдықтарды ұсатқыштар сияқты электрлік және электрлік емес тұрмыстық құралдар өндіру кіреді. Аталған топқа электр, газ және басқа да энергия түрлерінде жұмыс істейтін тұрмыстық құралдар өндіру кіреді.

27.51 Электрлік-тұрмыстық құралдар өндіру

27.51.1 Тоңазытқыштар мен мұздатқыштардан басқа, электрлік тұрмыстық құралдар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- электрлік тұрмыстық құралдар: ыдыс-аяқ жуатын машиналар, кір жуатын және кептіретін машиналар, шаңсорғыштар, еден ысқыштар, қалдықтарды ұсатқыштар, кофетартқыштар, блендерлер, шырынсыққылар, банкілерді ашуға арналған электрлік айлабұйымдар (консерві пышақтары), электрлік сақалқырғыштар, электрлік тіс щеткалары және басқа да жеке күтімге арналған электрлік құралдар, пышақ қайрағыштар, сүзінді шкафтар (сүзінділер) өндіру
- тұрмыстық электрлік қыздырғыш құралдар: электрлік сужылытқыштар, электрлік көрпелер, фендер, тарақтар, щеткалар, шаш бұйралағыштар, үтіктер, тасымалданатын электрлік жылытқыштар, тұрмыстық желдеткіштер, электрлік пештер, қысқа толқынды

пештер, электрлік плиталар және қуыру шкафтары, тостерлер, кофеқайнатқыштар мен электрлік шәйнектер, табалар, щоқ табалар, грильдер, тезпісіргіштер, электрлік жылытқыш резисторлар және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- өнеркәсіптік кондиционерлер, төбелік желдеткіштер, тұрақты электрлік жылытқыштар, өнеркәсіптік сүзінді желдеткіштер, өнеркәсіптік ас үй жабдықтарын; кір жуатын орын үшін, химиялық тазалау үшін өнеркәсіптік жабдықтар, өнеркәсіптік шаңсорғыштар және т.б. өндіру, (28-бөлімді қараңыз)
- тұрмыстық тігін машиналарын өндіру, (28.94.3 қараңыз)
- орталық ауа тазалау жүйелерін өндіру кірмейді, (43.29.8 қараңыз)

27.51.2 Тұрмыстық тоңазытқыштар мен мұздатқыштар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- өнеркәсіптік тоңазытқыштар, мұздатқыш камераларды өндіру кірмейді, (28-бөлімді қараңыз)

27.52 Электрлік емес тұрмыстық құралдар өндіру

27.52.0 Электрлік емес тұрмыстық құралдар өндіру

Бұл класқа:

- электрлік емес тұрмыстық ас үй мен жылытқыш жабдықтар өндіру: электрлік емес қыздырғыштар, ас үйлік плиталар, шоқ табалар, пештер, су жылытқыштар, тамақ дайындауға арналған құрылғылар, тарелкелер үшін жылытқыштар өндіру кіреді

27.9 Басқа электрлік жабдықтар өндіру

27.90 Басқа электрлік жабдықтар өндіру

Бұл класқа қозғалтқыштар, генераторлар және трансформаторлар, батареялар мен аккумуляторлар, электртартылым және электрмонтаждық құрылғылардан басқа, алуан түрлі электр жабдықтарын жарықтандыру құралдары немесе тұрмыстық аспаптар өндіру кіреді.

27.90.1 Электрод өнімдерін өндіру

Бұл ішкі класқа:

- көмірлі және графитті электродтар, түйіспелер, өзге де электрлік көмірлі және графиттік өнімдер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- көміртекті және графитті талшықтарын және олардан өнімдерді өндіру (электродтар мен электр өнімдерінен басқа) кірмейді, (23.99.6 қараңыз)

27.90.2 Электрлік оқшаулағыш бұйымдар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- электрлік оқшаулағыштар өндіру (шынылық мен керамикалықтан басқа) кіреді

Бұл ішкі класқа:
- қыштық электрлік қшаулағыштар өндіру кірмейді, (23.43.0 қараңыз)

27.90.3 Электрлік сигналдық жабдықтар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- электрлік есік қоңырауларын өндіру
- сиреналар өндіру
- бағдаршамдар және жаяу жүргіншілік сілтеуіштер сияқты электрлік сигналдық жабдықтар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жарықтандыру жабдықтарын өндіру кірмейді, (27.40 қараңыз)

27.90.9 Өзге де топтамаларға енгізілмеген басқа электрлік жабдықтар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- электрлік магниттер өндіру
- аккумуляторлық батареяларға арналған зарядтау құрылғыларын өндіру
- электрондық таблолар өндіру
- электрлік сілтеуіштер өндіру
- есіктерді ашу және жабуға арналған электрлік құрылғылар өндіру
- ультрадыбыспен тазалау үшін құралдар өндіру (лабораториялық және стоматологиялықтан басқа)
- түрлендіргіштер, түзеткіштер және бақыланатын және бақыланбайтын қоректену көздері жылуды бөлетін элементтер өндіру
- үздіксіз қоректендіру көздерін өндіру (UPS)
- желілік сүзгілер өндіру (таратушылардан басқа)
- оқшауланған сымдар мен ажыратқыштары бар жиынтықтарын өндіру
- оқшауланған электрлік сымдар, ұзартқыштар, кабельдер өндіру
- элементарлы бөлшектерді жеделдеткіштер өндіру
- электрлік конденсаторлар, резисторлар және сол сияқты бұйымдар өндіру
- қол дәнекерлегішін қоса алғанда, электрлік пісіру дәнекерлеу және дәнекерлеу жабдықтарын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- электрондық элементтер, интегралды микросхемалар, күш беретін түрлендіргіштер, электронды конденсаторлар, резисторлар мен соған ұқсас құрылғылар өндіру, (26.11.0 қараңыз)
- трансформаторлар, электрқозғалтқыштар, генераторлар, электртарататын және реттейтін аппаратуралар өндіру, (27.1 қараңыз)
- батареялар өндіру, (27.20.0 қараңыз)
- электрсымдары, ток өткізетін және ток өткізбейтін электрмонтаждық құрылғылар өндіру, (27.3 қараңыз)
- электрлік тұрмыстық құралдар өндіру, (27.51 қараңыз)
- электрлік емес пісіру және дәнекерлегіш жабдықтар өндіру, (28.29.9 қараңыз)
- тұрақты және өзгермелі ток генераторы, тұтандыру білтелері, электртартылым, терезелер мен есіктерді автоматты ашу, жабу жүйесі, кернеу реттеуші сияқты автомобильге арналған электрлік жабдықтар өндіру кірмейді, (29.31.0 қараңыз)

28 Басқа топтамаларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру

Аталған бөлімге осы түрлі материалдар өңдеудің механикалық немесе термиялық әсер ететін немесе материалдармен түрлі операциялар (тиеу-түсіру жұмыстары, өлшеу немесе орау сияқты), орындайтын, олардың энергияны түрлендіру үшін механикалық бөліктер, сондай-ақ арнайы дайындалған бөлшектерді қоса, машиналар мен жабдықтар өндіру кіреді.

Аталған бөлімге өнеркәсіпте, құрылыста, ауыл шаруашылығында немесе тұрмыста пайдалану үшін құрастырылғанына қарамастан жылжымайтын бекітілген, жылжымалы машиналар және жабдықтар, қол құралдар өндіру кіреді. Жолаушылар немесе жүк көліктеріне арналған арнайы жабдықтар өндіру де осы бөлімге кіреді.

Аталған бөлім арнайы мақсаттағы техника өндірісіп, яғни өнеркәсіпте шектеулі пайдалануға арналған техникаға немесе өнеркәсібі бағыттарының кішігірім тобына және жалпы мақсаттағы арналған техникаға, яғни өнеркәсіп бағыттарының кең шеңберінде пайдаланылуы мүмкін техника өндірісіне бөлінеді.

Аталған бөлімге сондай-ақ басқа бөлімдерге кіргізілмеген, немесе өнеркәсіптік процесте пайдаланылмайтын, демалыс және мәдениет парктеріне арналған жабдықтар, боулингке арналған автоматты жабдықтар және т.б. сияқты арнайы техниканың өзге де түрлерін өндіру кіреді.

Аталған бөлімге жалпы қолданылатын металл бұйымдарының (25-бөлім), есептеу қондырғыларын, өлшеу және бақылау құралдарын, электр тарату және реттеу аппаратурасын (26- және 27-бөлімдер) және жалпы қолданыстағы көлік құралдарын (29- және 30-бөлімдер) өндіру кірмейді.

28.1 Жалпы мақсаттағы жабдықтар өндіру

28.11 Авиациялық, автомобиль және мотоциклді қозғалтқыштардан басқа, қозғалтқыштарды және турбиналарды өндіру

28.11.1 Қозғалтқыштар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- автомобильдік, авиациялық және мотоциклеттік қозғалтқыштардан: кеме қозғалтқыштарынан, теміржолдық жылжымалы қозғалтқыштардан басқа, іштен жанатын піспекті қозғалтқыштар өндіру
- барлық іштен жанатын қозғалтқыштар, дизельдік қозғалтқыштарға және т.б. үшін піспектер, піспекті сақиналар, карбюраторлар және т.б. өндіру
- іштен жанатын қозғалтқыштарға арналған жіберу және шығару клапандап өндіру
- өнеркәсіптік пайдалану үшін қозғалтқыштар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- автомобильдік, авиациялық және мотоциклеттік қозғалтқыштар өндіру, (29.10.2, 30.30.1, 30.91.0 қараңыз)
- электрлік жабдықтар және іштей жану қозғалтқыштарға арналған бөлшектерін элементтерін өндіру кірмейді, (29.31.0 қараңыз)

28.11.2 Турбиналар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- турбиналар және олардың бөлшектері: бумен жұмыс істейтін бу турбиналары және басқа да турбиналар, гидравликалық турбиналар, олардың жұмыс дөңгелектері мен

басқару механизмдері, жел турбиналары, әуе кемелеріне арналған турбореактивтік немесе турбинабұрандалық қозғалтқыштарлан басқа, газ турбиналар өндіру
- қазандық турбиналық қондырғылар өндіру
- турбогенераторлық қондырғылар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- электргенераторларын өндіру (турбогенераторлық қондырғылардан басқа), (27.11.0 қараңыз)
- электр қозғалтқыштарға арналған генераторлық қондырғылар өндіру (турбогенераторлық қондырғылардан басқа), (27.11.0 қараңыз)
- турбореактивті немесе турбобұрандалық қозғалтқыштар өндіру кірмейді, (30.30.1 қараңыз)

28.12 Гидравликалық және пневматикалық жабдықтар өндіру

28.12.0 Гидравликалық және пневматикалық жабдықтар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- гидравликалық және пневматикалық түйіндер және агрегаттар (гидравликалық сорғыларды, гидравликалық қозғалтқыштарды, гидравликалық және пневматикалық цилиндрлерді, клапандарды, шлангыларды мен қосатын бөлшектерді қоса алғанда) өндіру
- пневматикалық жүйелерде пайдалану үшін қысылған ауаны тазалауға арналған жабдық өндіру
- гидравликалық жүйелер өндіру
- гидравликалық жетекті жабдықты өндіру
- гидростатикалық трансмиссияларды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- гидравликалық емес аппаратураға арналған сорғылар өндіру, (28.13.1 қараңыз)
- компрессорлар өндіру, (28.13.2 қараңыз)
- гидравликалық емес аппаратураға арналған клапандарды өндіру, (28.14.0 қараңыз)
- механикалық жетекті жабдықты өндіру кірмейді, (28.15.2 қараңыз)

28.13 Басқа сорғылар және компрессорлар өндіру

Бұл класқа:
- гидравликалық және пневматикалық жабдық өндіру кірмейді, (28.12.0 қараңыз)

28.13.1 Вакуум және әуе сорғылар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- әуе немесе вакуумды сорғылар өндіру
- өлшеу құрылғылары бар немесе жоқ сұйықтықтар үшін сорғылар өндіру
- іштей жану қозғалтқыштары үшін сорғылар: автомобильдер үшін май, су және жанар-жағар т.б. сорғылар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- қол сорғылар өндіру кіреді

28.13.2 Компрессорларды жасау

Бұл ішкі класқа:
- әуе немесе басқа да газ компрессорлар өндіру кіреді

28.14 Өзге де крандар, клапандар мен вентильдер өндіру

28.14.0 Өзге де крандар, клапандар мен вентильдер өндіру

Бұл ішкі класқа:
- реттеуші клапандарды және бастоған крандарды қоса алғанда, өнеркәсіптік крандар, клапандар және вентильдерді өндіру
- суқұбырлық крандар және клапандарын өндіру
- жылыту жүйелерінің крандарын, клапандарын мен вентильдерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- күшейтілмеген вулкандалған резеңкелерден, шыныдан немесе қыш материалдардан клапандар өндіру, (22.19.1, 23.19.9, 23.44.0 қараңыз)
- іштен жанатын қозғалтқыштар үшін жіберу және шығару клапандарын өндіру, (28.11.1 қараңыз)
- гидравликалық және пневматикалық клапандар және пневматикалық жүйелерде пайдалану үшін сығымдалған ауаны тазарту жабдықтар өндіру кірмейді, (28.12.0 қараңыз)

28.15 Мойынтіректер, тісті берілістер және тісті берілістердің элементтерін және жетектерді өндіру

28.15.1 Мойынтіректерді өндіру

Бұл ішкі класқа:
- шарикті және аунақшалы мойынтіректер және олардың бөліктерін өндіру
- мойынтіректердің тұрқысын және ішпектерін өндіру кіреді

28.15.2 Тісті беріліс, тісті беріліс элементтері мен жетектер өндіру

Бұл ішкі класқа:
- механикалық жетекті жабдықтар: берілісті біліктер және айналшақтар: жұдырықшалық, иінді біліктер, айналшақтарды және т.б. өндіру
- тісті дөңгелектер және берілістер және олардың элементтері, жылдамдықты ауыстырып қосуға арналған механизмдерді өндіру
- муфталар және топсалы қосылыстарын өндіру
- сермерлер және тегерлер өндіру
- топсалы тізбектерін өндіру
- жетекті тізбектерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- өзге де тізбектер өндіру, (25.93.2 қараңыз)
- гидравликалық жетекті жабдықты өндіру, (28.12.0 қараңыз)
- гидростатикалық трансмиссияларды өндіру, (28.12.0 қараңыз)
- электромагнитті муфталарын өндіру, (29.31.0 қараңыз)

- автокөлік құралдары немесе әуе кемелері үшін жетекті жабдықтар бөлшектерін өндіру кірмейді, (29 және 30-бөлімдерін қараңыз)

28.2 Жалпы мақсаттағы өзге де машиналар және жабдықтар өндіру

28.21 Плиталар, пештер және пештік жанарғылар өндіру

Бұл класқа:
- ауыл шаруашылық кептіру аппараттарын өндіру кірмейді, (28.93.0 қараңыз)

28.21.1 Электрлік емес пештер, пештік жанарғылар және пештерге арналған құрылғылар өндіру

Бұл ішкі класқа:
- қоқыс жағушы пештерді қоса, электрлік емес пештерді өндіру
- күнмен жылыту, бумен жылыту, майлы жылытқыштар және сол сияқты жылыту жабдықтары сияқты тұрмыстық электрлік емес тұрақты жылыту жабдықтарын өндіру
- электрлі емес тәсілмен ауаны айдаумен пештер өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа, сондай-ақ, механикалық от жағулар, торлар, күлді жою және т.б. құралдар өндіру кіреді.

28.21.2 Электрлік пештер өндіру

Бұл ішкі класқа:
- қоқыс жағушы пештерді қоса алғанда, электрлік өнеркәсіптік және лабораториялық пештерді өндіру
- пештерін жанарғылар өндіру
- электржылытқыштар, стационарлық жүзу бассейндері үшін тұрақты электржылытқыштарын өндіру
- тұрмыстық электрлік жылыту құралдарын өндіру (электрлік тәсілмен ауаны айдаумен, жылыту сорғылары және т.б.) кіреді

Бұл ішкі класқа:
- тұрмыстық электр плиталарды өндіру, (27.51.1 қараңыз)
- нан пісіруге пештерді өндіру, (28.93.0 қараңыз)
- ағаш, целлюлоза, қағаз немесе қатырма қағаз үшін кептіргіштер өндіру, (28.99.9 қараңыз)
- медициналық, хирургиялық немесе лабораториялық зарарсыздандырғыштар өндіру, (32.50.2 қараңыз)
- стоматологиялық лабораториялық пештерді өндіру кірмейді, (32.50.2 қараңыз)

28.22 Көтеріп-тасымалдау жабдықтарын өндіру

28.22.1 Крандар (құрылыстықтан басқа) өндіру

Бұл ішкі класқа:
- деррик-крандар, көпірлік, порталдық, мосылық, қайта тиеу крандары, кабель крандар және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- қалқымалы, рельстік крандарды өндіру кірмейді, (30.11.0, 30.20.0 қараңыз)

28.22.2 Құрылыс үшін крандарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- автомобильдік, пневмодоңғалақтық, шынжыр табанды жүрістегі крандар, мұнаралық крандар, конвейерлер, тізбектік шығырлар, құрылыстық тиегіштерін және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- бір шөмішті және шөмішті тиегіштерді қоса экскаваторларды өндіру кірмейді, (28.92.2 қараңыз)

28.22.3 Үздіксіз көлік жабдығын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- конвейерлер, аспалы арқанды жолдар жабдықтарын және т.б. өндіру
- эскалаторлар және жылжымалы жолдарды өндіру
- үздіксіз көлік жабдығының бөліктерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- үздіксіз әрекет ету үшін механизмдерді және жер асты пайдалану үшін конвейерлерін өндіру, (28.92.1 қараңыз)
- экскалаторлар монтажы кірмейді, (43.29.8 қараңыз)

28.22.4 Лифт өндіру

Бұл ішкі класқа:
- жолаушыларға, жүк тасымалдауға арналған, ауруханалық арнайы лифттерді өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- лифт монтажы кірмейді, (43.29.8 қараңыз)

28.22.5 Авто- және электр тиегіштерді өндіру

Бұл ішкі класқа:
- электрлік көтергіш, тиегіш немесе түсіргіш техникаларды өндіру кіреді

28.22.9 Өзге көтергіш-тасымалдау жабдықтарын өндіру

Бұл ішкі класқа:
- механикалық немесе қол жетегімен көтергіш-тасымалдау, тиеу-түсіру жабдықтары: көтергіштер мен тальдер, шығырлар, кабестандар және домкраттар; жылжымалы көтергіш фермалар, тіреуіштік тасымалдауыштар және т.б.; өндірістік типтігі, өзі жүретін немесе жүрмейтін, көтергіш-тасымалдау құрылғыларымен жабдықталған немесе жабдықталмаған (қол арбалар мен арбаларды қоса алғанда) тиеуіштер; механикалық манипуляторлар және жүк көтеру, тасымалдау, тиеу-түсіру

жұмыстары үшін арнайы әзірленген механикалық манипуляторлар және өнеркәсіптік роботтар өндіру

- көтергіш-тасымалдау жабдықтарының бөлшектерін өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- үздіксіз әрекет ету үшін механизмдерді және жер асты пайдалану үшін конвейерлерін өндіру, (28.92.1 қараңыз)
- көп мақсатқа пайдалануға арналған өнеркәсіптік роботтарды өндіру кірмейді, (28.99.9 қараңыз)

28.23 Офистік техниканы және жабдықты өндіру (компьютерлерден және перифериялық жабдықтан басқа)

28.23.0 Офистік техниканы және жабдықты өндіру (компьютерлерден және перифериялық жабдықтан басқа)

Бұл ішкі класқа:

- санау машиналар өндіру
- есептеу машиналарын, кассалық аппараттарды өндіру
- калькуляторларды, электронды немесе электронды емес түрлерін өндіру
- почталық франкировалды машиналар, почтаны өңдеуге арнлаған машиналар (хаттарды конверттерге салу, желімдеу және мекенжайларды басу; ашу, сұрыптау, сканерлеу үшін машиналар) өндіру
- жазу машинкаларын өндіру
- стенографиялық машинкаларды өндіру
- түрлі құжаттарды байлауға (орауға) арналған офистік жабдығын (мысалы, пластикалық және оқшауланғыш лентамен, баумен) өндіру
- банктік чектердің үзінді – көшірмелері үшін машиналар өндіру
- ақша санауға және буып-түюге арналған машиналарды өндіру
- қарындаштар ұштауға арналған машиналарды өндіру
- қапсырмалармен тігу және қапсырмаларды алуға (жоюға) арналған машиналар және механизмдер өндіру
- дауыс беруге арналған машиналар өндіру
- жабысқақ таспаларға арналған ұстағыштарды өндіру
- билеттерді компостерлеу және қағазтескілерге арналған машинкаларды өндіру
- механикалық кассалық аппараттар өндіру
- көшіру машиналарын өндіру
- картридждерді өндіру
- мектеп тақталарын; пластикалық тақталар және маркерлерге арналған тақталарды өндіру
- диктофондарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- компьютерлерді және перифериялық жабдықтарды өндіру кірмейді, (26.20.0 қараңыз)

28.24 Механикаландырылған қол аспаптар өндіру

28.24.0 Механикаландырылған қол аспаптар өндіру

Бұл ішкі класқа:

- циркулярлы немесе тізбекті аралар, қол бұрғылар және перфораторлар, тегістейтін қол машиналары, пневматикалық шеге қағатын машиналар, бітемелер, жолды төсеуіштер, тегістеуші станоктар, құжат тігілетін папкалар, пневматикалық тойтаратын машиналар, жону станоктары, металға кесу қайшыны қоса алғанда, қайшылар, гайкаларды бұрушылар, екпінді әрекетті пневматикалық гайкалы кілттер, сияқты құрамдас электрлік немесе электрлік емес қозғалтқышпен немесе пневматикалық жетегі және оның бөлшектері бар қол аспаптарын өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- қол аспаптарына арналған запас жұмыс бөлшектерді өндіру, (25.73.1 қараңыз)
- қолмен электрлік пісіру және дәнекерлеу жабдығын өндіру кірмейді, (27.90.9 қараңыз)

28.25 Өнеркәсіптік тоңазыту және желдету жабдығын өндіру

28.25.1 Тоңазытқыш немесе мұздатқыш жабдығын жасау

Бұл ішкі класқа:

- құрама бөлшектерін жинауды қоса алғанда, тоңазытқыш немесе мұздатқыш өнеркәсіптік жабдықтарды өндіру
- ауаны немесе газды сұйылтуға арналған машиналарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тұрмыстық тоңазытқыш немесе мұздатқыш жабдықтарды өндіру кірмейді, (27.51.2 қараңыз)

28.25.2 Ауа кондиционерлер, желдеткіштер өндіру

Бұл ішкі класқа:

- автокөліктерге арналған кондиционерлерді қоса алғанда, кондиционерлерді өндіру
- тұрмыстық емес желдеткіштерді өндіру
- жылу алмастырғыштарды өндіру
- төбе желдеткіштерін (фронталды желдеткіштер, төбелердегі желдеткіштер және т.б.) өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тұрмыстық желдеткіштерді өндіру кірмейді, (27.51.1 қараңыз)

28.29 Басқа топтамаларға енгізілмеген жалпы мақсаттағы өзге машиналар мен жабдықтарды өндіру

28.29.1 Салмақ өлшеуіш жабдықтарын өндіру (дәлдігі жоғары лабораториялық жабдықтардан басқа)

Бұл ішкі класқа:

- салмақты өлшеу жабдықтарын (дәлдігі жоғары зертханалық емес жабдық): тұрмыстық және дүкен таразылар, платформалық-таразылар, үздіксіз өлшеуге арналған таразылар, көпірлі таразылар, түрлі таразылар және т.б. өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- дәлдігі жоғары лабораториялық жабдықтарды өндіру кірмейді, (26.51.6 қараңыз)

28.29.2 Сүзуге және тазалауға арналған жабдықтарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- сұйықтарды сүзуге және тазалауға арналған жабдықтарды өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- тамақ өнімдерін сүзгіден өткізуге немесе тазалауға арналған жабдықты өндіру кірмейді, (28.93.0 қараңыз)

28.29.3 Сұйықтықтарды немесе ұнтақтарды шашырату немесе бүркуге арналған жабдықтарды өндіру

Бұл ішкі класқа:
- теңізде және жағалау суларымен тұрақты және тұрақты емес қатынастағы жолаушылар тасымалдау: экскурсиялық, серуенге арналған және туристік кемелердің қызметі; паромдардың, су таксилерінің және т.б. қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- теңізде турситік және жағалау көлік құралдарын экипажбен жалдау (мысалы, балық аулау круиздары үшін) кіреді

Бұл ішкі класқа:

- егер жеке бірліктер болып табылмаса, теңіз кемелері бортындағы барлар және мейрамханалар қызметі, (56.10, 56.30.0 қараңыз)
- экипажсыз серуендету кемелер мен яхталарын жалға беру, (77.21.0 қараңыз)
- экипажсыз сауда кемелері мен кемелерді жалға беру, (77.34.1 қараңыз)
- «жүзетін казиноның» қызметі кірмейді, (92.00.0 қараңыз)

50.2 Теңіз және су жағасындағы жүк көлігінің қызметі

Аталған топқа өзіне теңізде және су жағалауларында пайдалану үшін арналған кемелерде жолаушылар тасымалдау кіреді. Аталған топқа сондай-ақ осындай типтегі кемелерді пайдалана отырып ірі көлдерде және т.б. жүк тасымалдау жатады.

50.20 Теңіз және су жағасындағы жүк көлігінің қызметі

50.20.0 Теңіз және су жағасындағы жүк көлігінің қызметі

Бұл ішкі класқа:
- теңіз және жағалау суларымен тұрақты және тұрақсыз қатынаста жүк тасымалдау
- буксирлермен немесе баржалармен, бұрғы қондырғыларының жүзу платформаларымен және т.б. тасымалдау кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- теңіз немесе жағалау суларымен жүк тасымалдау үшін теңіз экипажбен кемелерді жалдау кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жүктерді сақтау, (52.10 қараңыз)
- теңіз порттары мен айлақтарының қызметі, сондай-ақ кемені докқа тұрғызу, лоцманстік кеме өткізу, лихтер арқылы кемелерді тиеу, кемелерді құтқару қызметі сияқты өзге де қосалқы қызметтер, (52.22.0 қараңыз)
- жүктерді көліктік өңдеу, (52.24.0 қараңыз)
- экипажсыз сауда кемелерін немесе кемелерді жалдау кірмейді, (77.34.1 қараңыз)

50.3 Өзендегі жолаушылар көлігінің қызметі

Аталған топқа теңіз тасымалы үшін арналмаған кемелерде ішкі сулардағы жолаушылар тасымалдау кіреді.

50.30 Өзендегі жолаушылар көлігінің қызметі

50.30.0 Өзендегі жолаушылар көлігінің қызметі

Бұл ішкі класқа:
- өзендер, каналдар, көлдер және өзге де ішкі су жолдары арқылы жолаушылар тасымалдау, сонымен бірге теңіз порттары мен айлақтарының шегінде кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- ішкі суларда тасымалдау үшін экипажбен серуендеуге арналған кемелерді жалдау кіреді

Бұл ішкі класқа:
- кеме экипажсыз серуендету кемелері мен яхталарын жалдау кірмейді, (77.21.0 қараңыз)

50.4 Өзендегі жүк көлігінің қызметі

Аталған топқа теңіз тасымалына арналмаған кемелерде ішкі сулардағы жүк тасымалдау кіреді.

50.40 Өзендегі жүк көлігінің қызметі

50.40.1 Ағаш ағызудан басқа, өзендегі жүк көлігінің қызметі

Бұл ішкі класқа:
- өзендер, каналдар, көлдер және өзге де ішкі су жолдары арқылы жүк тасымалдау, сонымен бірге теңіз порттары мен айлақтарының шегінде кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- ішкі сулармен жүк тасымалдау үшін кеме экипажбен бірге кемелерді жалдау кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жүктерді көліктік өңдеу, (52.24.0 қараңыз)
- сауда кемелері немесе экипажсыз кемелерді жалдау кірмейді, (77.34.1 қараңыз)

50.40.2 Ағаш ағызу

Бұл ішкі класқа:
- ағаш ағызу және сумен ағаш тасымалдау базалары бойынша кәсіпорындардың қызметі кіреді

51 Әуе көлігінің қызметі

Аталған бөлімге әуе немесе ғарыш кеңістігі бойынша жолаушылар немесе жүк тасымалдау кіреді.

Бұл бөлімге:
- ауылшаруышылығы дәнді дақылдарын тозаңдандыру, (01.61.1 қараңыз)
- әуе аппараттарын немесе олардың қозғалтқыштарын жөндеу, (33.16.0 қараңыз)
- әуежайлар қызметі, (52.23.2 қараңыз)
- әуе жарнамасы, (73.11.0 қараңыз)
- аэросурет түсіру кірмейді, (74.20.0 қараңыз)

51.1 Жолаушылар әуе көлігінің қызметі

51.10 Жолаушылар әуе көлігінің қызметі

Бұл класқа:
- жолаушыларды тасымалдауға арналған экипажбен әуе кемелерін жалдау кіреді

Бұл класқа:
- экипажсыз әуе кемелерін жалдау кірмейді, (77.35.1 қараңыз)

51.10.1 Кестеге бағынатын жолаушылар әуе көлігінің қызметі

Бұл ішкі класқа:
- белгіленген маршрут бойынша және тұрақты рейстерге бағынатын кестеге сәйкес әуе көлігімен жолаушыларды тасымалдау кіреді

51.10.2 Кестеге бағынбайтын жолаушылар әуе көлігінің қызметі

Бұл ішкі класқа:
- жолаушыларды чартермен тасымалдау

- ғылыми немесе туристік мақсатпен жүзеге асырылатын жолаушылар тасымалдау кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- мынадай жалпы сипаттағы авиациялық қызметтер білім беру немесе көңіл көтеру мақсатымен аэроклубтар ұйымдастыратын жолаушылар тасымалдау кіреді

51.2 Жүк әуе көлігі және ғарыш көлігінің қызметі

51.21 Жүк әуе көлігінің қызметі

Бұл класқа:
- жүк тасымалдау үшін экипажбен әуе кемелерін жалдау кіреді

51.21.1 Кестеге бағынатын жүк әуе көлігінің қызметі

Бұл ішкі класқа:
- белгіленген маршрут бойынша және тұрақты рейстерге бағынатын кестеге сәйкес әуе көлігімен жүк тасымалдау кіреді

51.21.2 Кестеге бағынбайтын жүк әуе көлігінің қызметі

Бұл ішкі класқа:
- тұрақты рейстер кестесіне бағынбайтын әуе көлігімен жүк тасымалдау кіреді

51.22 Ғарыш көлігінің қызметі

51.22.0 Ғарыш көлігінің қызметі

Бұл ішкі класқа:
- спутниктер мен ғарыш кемелерін ұшыру
- ғарыш көлігімен жолаушылар және жүк тасымалдау кіреді

52 Жүктерді қоймаға қою және қосалқы көлік қызметі

Аталған бөлімге жүктерді қоймаға қою мен қосалқы көлік қызметі, сонымен бірге көлік инфрақұрылымын пайдалану (мысалы, әуежайлар, порттар, туннельдер, көпірлер және т.б.), сондай-ақ көлік агенттіктерінің қызметі және жүкті көліктік өңдеу кіреді.

52.1 Жүктерді қоймаға қою және сақтау

52.10 Жүктерді қоймаға қою және сақтау

Бұл класқа:
- жүктердің барлық түрлерін қоймаға қою және сақтау бойынша қызмет: астық сақтайтын орындарды, жемістер сақтайтын орындарды, жидектер сақтайтын орындарды, жалпы мақсаттағы тауарлар қоймаларын, тоңазытқыш-қоймаларды, қоймалық сұйыққоймаларды және т.б. корсетілетін қызметтер кіреді

Бұл класқа сондай-ақ:
- сыртқы сауда аймақтарында тауарларды сақтау
- сақтауға арналған жүктерді қатыру кіреді

Бұл класқа:
- автомобильдерге арналған тұрақтар қызметі, (52.21.4 қараңыз)
- өзінің меншігіндегі қоймаларын басқару, (68.20.1 қараңыз)
- бос үй-жайларды жалдау кірмейді, (68.20 қараңыз)

52.10.1 Астықты қоймаға қою және сақтау

52.10.2 Астық және мұнайдан басқа, азық-түлік емес тауарларды қоймаға қою және сақтау

52.10.3 Жеміс пен жидектен басқа азық-түлік тауарларын қоймаға қою және сақтау

52.10.4 Мұнайды сақтау

Бұл ішкі класқа:
- мұнай мен мұнай өнімдерін қабылдау, босату, сақтау және жіберу, сонымен қатар мұнай мен мұнай өнімдерін бір көліктен басқа көлікке жүктеу
- мұнайды қайта өңдеуге сақтау, қайта өңдеуге дайындау кіреді

52.10.5 Жемістерді және жидектерді қоймаға қою және сақтау

52.2 Қосалқы көлік қызметі

Осы топқа жолаушылар немесе жүктерді тасымалдау саласында қосалқы көлік қызметі, көліктік инфрақұрылымды немесе жүктерді көліктік өңдеу оның бұрын немесе кейін немесе оның жеке сатылар арасындағы сияқты қызметтер кіреді. Көлікке арналған жабдықтарды және түрлі ұқсас имараттарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету кіреді.

52.21 Құрлықтағы жол көлігінің қосалқы қызметі

Бұл класқа тасымалдауға қатысты жолаушылар, мал немесе жүктерді құрлықта жүретін көлікпен тасымалдау қызметі кіреді.

Бұл класқа:
- жүктерді көліктік өңдеу кірмейді, (52.24.0 қараңыз)

52.21.1 Теміржолдарды пайдалану

Бұл ішкі класқа:
- теміржол инфрақұрылымын күту бойынша қызметі кіреді

52.21.2 Автомобиль жолдарын пайдалану

Бұл ішкі класқа:
- автомобиль жолдарын, көпірлерді, туннельдерді күту бойынша қызметі
- ақылы автомобиль жолдары (учаскелері) бойынша жолақыны жинау кіреді

52.21.3 Терминалдардың қызметі

Бұл ішкі класқа:

- теміржол станциялары, автобус станциялары, тауарларды тиеу-түсіруге арналған станциялардың, билет сату кассаларының және басқаларды сияқты терминалдардың қызметтері
- дистпечер қызметі кіреді

52.21.4 Автомобиль тұрақтарының қызметі

Бұл ішкі класқа:

- автомобиль қоятын жерлердің немесе гараждардың, аялдама кешендердің, велосипед тұрақтардың жұмыс істеуі және тұрғын автофургондарды және тіркемелерді қысқы мезгілде сақтау кіреді

52.21.5 Су тартқыштарды қосқанда, магистралды және басқа да құбырларды пайдалану

Бұл ішкі класқа:

- су тартқыштарды қосқанда, магистралды және басқа да құбырларға техникалық қызмет көрсету, техникалық диагностикалау, жөңдеу және оперативті-диспетчерлік басқару
- желілік бөліктің және бірыңғай технологиялық процеске біріктірілген құрылғылардың жабдықтарын, құрылыстармен және басқа да имараттарды жөңдеу және техникалық қызмет көрсету
- мұнай айдау станцияларына құю кезінде мұнайды жылыту
- мұнайды қайта айдау станцияларында депрессорлық присадкаларды енгізу үшін мұнайды қосымша жылыту
- магистралды құбырларды жолшыбай тазалау бойынша қызметтер
- магистралды құбырлардың жүйесінде мұнайды ауыстыру кіреді

52.21.6 Қолданыстағы магистралды және басқа да құбырларға құбырды қосу бойынша қызмет көрсету қызметі

Бұл ішкі класқа:

- қолданыстағы магистралды және басқа да құбырларға құбырды жалғау (қосу), техникалық шарттарды беру, жобаларды келісу
- құбырды қолданыстағы магистралды және басқа да құбырлардан бөліп алу (қию), өнімді іске қосу кіреді

52.21.9 Құрлық көлігінің өзге де қосалқы қызметі

Бұл ішкі класқа:

- маневрлеу жұмыстары
- буксирлеу және жолдарда техникалық көмек көрсету
- тасымалдау үшін табиғи газды сұйылту
- басқа топтамаларға енгізілмеген, құрлық көлігінің өзге де қосалқы қызметі кіреді

52.22 Су көлігінің қосалқы қызметі

52.22.0 Су көлігінің қосалқы қызметі

Бұл ішкі класқа:

- жолаушыларды, жануарлар мен жүктерді су көлігімен тасымалдауға байланысты қызмет: айлақтар, порттар және пирстер сияқты терминалдардың қызметі; шлюздерді пайдалану және т.б.; навигация бойынша қызмет, кемелерді лоцмандық арқандап байлау, айлақта болат арқанмен арқандаумен байланысты қызмет; кемелерді бункерлеу; лихтермен кемелерді тиеу, кемелерді құтқарумен байланысты қызмет; маяктардың қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жүктерді көліктік өңдеу, (52.24.0 қараңыз)
- серуен кемелеріне арналған айлақтардың қызметі кірмейді, (93.29.9 қараңыз)

52.23 Әуе көлігінің қосалқы қызметі

52.23.1 Әуе кеңістігін пайдалануды реттеу

Бұл ішкі класқа:

- әуе кеңістігін пайдалнуын, үнемдеуді қамтамасыз ету, әуе қозғалысының тұрақтылығын және қауіпсіздігін, онымен үздіксіз басқаруды, әуе кеңістігін тиімді бөлуді реттеу
- әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бақылауды жүзеге асыру кіреді

52.23.2 Әуежайлар қызметі

Бұл ішкі класқа:

- әуе көлігімен жолаушылар, жануарлар мен жүк тасымалдауға жататын қызмет:
- әуежай сияқты терминалдардың қызметі
- әуе кемелеріне жерүсті қызмет ету
- әуежайларда багажды уақытша қоймалау
- әуежайлар көрсетілетін қызметтер
- әуежайларда өрт сөндіру және өртке қарсы шаралар бойынша көрсетілетін қызметтер
- әуе кемелерін сүйреу
- ангарлар көрсетілетін қызметтер кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жүктерді көліктік өңдеу, (52.24.0 қараңыз)
- әуе кемелерін дезинфекциялау және дезинсекциялау, (81.29.0 қараңыз)
- ұшу қону алаңдарын тазалау және қарды жинау, (81.29.0 қараңыз)
- әуе кемелерін тазалау кірмейді, (81.29.0 қараңыз)

52.23.9 Әуе көлігімен жолаушылар мен жүк тасымалына жататын өзге де қызмет

Бұл ішкі класқа:

- авиабилеттер сату кассаларының көрсетілетін қызметтер және басқа да топтамаларға кірмеген жолаушылар мен жүк тасымалдау жататын өзге де қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жазғы мектептердің қызметі кірмейді, (85.32, 85.53.0 қараңыз)

52.24 Жүктерді көліктік өңдеу

52.24.0 Жүктерді көліктік өңдеу

Бұл ішкі класқа:
- тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік түріне қарамастан жолаушылар жүктерін немесе жүктерді тиеу және түсіру
- жүкті тиеу, порттарда кеме-контейнер тасымалдағыштарды түсіру (стивидорлық жұмыстар)
- теміржол жүк вагондарына тиеу және түсіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- терминалдардың қызметі кірмейді, (52.21.3, 52.22.0 және 52.23.2 қараңыз)

52.29 Өзге де көліктік қосалқы қызмет

Бұл класқа:
- жүктерді жөнелту
- темір жол, автомобиль, теңіз немесе әуе көлігімен, магистралды немесе басқа құбырлар арқылы тасымалдауды ұйымдастыру
- жинақталған және жеке жүктердің партияларын жіберуді ұйымдастыру (жүктерді шығару мен жеткізуді, жүктердің жинақталған партияларын дайындау)
- көліктік құжаттаманы және жолдама парақтарын дайындау
- кеден агенттерінің (өкілдерінің) қызметі
- магистралдық және басқа құбырмен жүкті теңіз тасымалдау және әуе жолымен жүк тасымалдаумен жұмыс істейтін агенттердің алып өтуі бойынша және экспедиторлардың қызметі (жүкті көліктің бір түрінен басқа түріне ауыстырып тиеуді ұйымдастыру бойынша қызметті қосканда)
- кеме немесе ұшақтағы жүк орнының фрахтасы бойынша делдалдық операциялар
- жүктерді көліктік өңдеу жөніндегі операциялар, мысалы, тауарларды тасу, шығару, сынап тексеру және өлшеу кезінде жүктер қорғанысын қамтамасыз ету мақсатымен жәшіктерге уақытша буып-түю кіреді

Бұл класқа:
- курьерлік қызмет, (53.20.0 қараңыз)
- автомобиль, теңіз және әуе көлігін сақтандыру, (65.12 қараңыз)
- туристік агенттіктері қызметі, (79.11.0 қараңыз)
- туристік операторлар қызметі, (79.12.0 қараңыз)
- туризм саласына жәрдемдесумен байланысты қызмет кірмейді, (79.90.0 қараңыз)

52.29.1 Көліктік-экспедициялық қызметтер

52.29.2 Көліктегі техникалық қадағалау

52.29.9 Өзге де көліктік-экспедициялық қызметтер

53 Пошталық және курьерлік қызмет

Аталған бөлімге хаттар мен сәлемдемелерді түрлі әдістермен қабылдау, өңдеу және жеткізу сияқты пошталық және курьерлік қызметтер кіреді. Сондай-ақ жергілікті және курьерлер жеткізу көрсетілетін қызметтері кіреді.

53.1 Жалпыға қызмет көрсету шегіндегі пошталық қызмет

53.10 Жалпыға қызмет көрсету шегіндегі пошталық қызмет

Аталған класқа жалпыға бірдей қамту аймағында бір немесе бірнеше әдейі тағайындалған, пошталық әмбебап қызмет көрсететін провайдерлердің (ұлттық операторлар) кіреді. Аталған қызметке жалпыға пайдалануға арналған инфрақұрылымын, сондай-ақ тұру орны бойынша пошта бөлімдері, сұрыптау және технологиялық объектілер, пошта жинау және жеткізу маршруттарының схемаларын қоса пайдалану кіреді. Жеткізуге жазба хат-хабарды, мысалы хаттар, ашықхаттар, баспа басылымдары (газеттер және өзге баспа бұқаралық ақпарат құралдарын, жарнамалық материалдар және т.б.), ұсақ посылкалар, тауарлар немесе құжаттар кіреді. Бұдан басқа бұл класқа жалпыға қызмет көрсету шегіндегі пошталық қызмет орындау үшін қажет өзге де көрсетілетін қызметтер кіреді.

53.10.0 Жалпыға қызмет көрсету шегіндегі пошталық қызмет

Бұл ішкі класқа:
- жалпыға бірдей пайдалану үшін қызметтер ұсыну шегінде пошталық жеткізу қызметі арқылы жазба хат-хабар посылкалар мен бандеролдар түрінде пошта жөнелтімдерін алу, сұрыптау, тасымалдау және ішкі және халықаралық почталық жөнелтімдерін жеткізу. Мұның өзінде тасымалдаудың бір немесе бірнеше көлік түрін пайдалану мүмкін және осы қызмет жекеменшік көлік арқылы да, қоғамдық көлік арқылы да жүзеге асырыла алады
- қоғамдық пошта жәшіктерінен немесе пошта бөлімшелерінен хаттар мен бандеролдарды жинау (алу) кіреді

Бұл ішкі класқа:
- пошталық қолма-қол ақшасыз есеп айрысу (жироесеп), пошталық-жинақ шоттарындағы ақша және пошталық ақша аударымдарымен байланысты қызмет кірмейді, (64.19 қараңыз)

53.2 Өзге де пошталық және курьерлік қызмет

53.20 Өзге де пошталық және курьерлік қызмет

53.20.0 Өзге де пошталық және курьерлік қызмет

Бұл ішкі класқа кіреді:
- жалпыға бірдей қамту аймағында қызмет көрсету шегінен тыс пошталық жеткізу қызметі арқылы посылкалар мен бандеролдар түрінде пошта жөнелтімдерін алу, сұрыптау, тасымалдау және жазба хат-хабар түрінде ішкі және халықаралық почталық жөнелтімдерін жеткізу. Мұның өзінде тасымалдаудың бір немесе бірнеше көлік түрін пайдалану мүмкін және осы қызмет жекеменшік көлік арқылы да, қоғамдық көлік арқылы да жүзеге асырыла алады.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- пошталық жөнелтімдерді үйге жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтер кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жүк тасымалдау кірмейді, (көлік түріне байланысты 49.20.0, 49.41.0, 50.20.0, 50.40.1, 51.21, 51.22.0 қараңыз)

I СЕКЦИЯСЫ ТҰРУ ЖӘНЕ ТАМАҚТАНУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Аталған секцияға келушілер мен басқа сырттан келгендерге қысқа мерзімді тұратын орындар беруді, сондай-ақ дереу тұтынуға жарамды тамақ өнімдері мен сусындардың толық түржиынын ұсыну кіреді. Аталған секцияға ұсынылатын қосымша көрсетілетін қызметтер ауқымы мен типі едәуір құбылып отыруы мүмкін.

Аталған секцияның өзіне ұзақ мерзімді тұру көрсетілетін қызметтерді ұсыну кірмейді, жылжымайтын мүлікпен операциялар сипатталатын секцияда жіктеледі (L секциясы). Сондай-ақ бұған дереу тұтынуға жарамайтын не тәуелсіз тарату арналары арқылы сатылатын, яғни көтерме және бөлшек сауда көмегімен, тамақтар мен сусындар әзірлеу жатпайды. Аталған тамақ өнімдерді немесе сусындарды әзірлеу «Өңдеу өнеркәсібі» С секцияда жіктеледі.

55 Уақытша тұру жөнінде қызмет көрсету

Аталған бөлімге туристер мен басқа сырттан келгендерге қысқа мерзімді тұру орнын ұсыну кіреді, сондай-ақ бұған студенттер, жұмысшылар және елдің осындай басқа да топтарына ұзақ мерзімді тұру орнын ұсыну кіреді. Кейбір нысандар тұру орнын ғана ұсынады, сонымен бірге басқа нысандар тұрумен бірге тамақтану және/немесе демалуға арналған және көңіл көтеру қызметтерін ұсынады.

Аталған бөлімге әдетте бір айға немесе бір жылға жалға берілетін пәтер сияқты үй-жайларда ұзақ мерзімді тұруды ұсынумен байланысты қызмет кірмейді және аталған қызмет түрінің жіктелімі жылжымайтын мүлік операцияларына арналған «Жылжымайтын мүлікпен операциялар» L секциясында жіктеледі.

55.1 Қонақ үйлердің және тұруға арналған ұқсас орындардың қызмет көрсетуі

55.10 Қонақ үйлердің және тұруға арналған ұқсас орындардың қызмет көрсетуі

Аталған класқа негізінен келушілердің қысқа мерзімді кезеңдерде, әдетте тәуліктік немесе апталық негізде тұруын ұсыну кіреді. Бұл класқа қонақ бөлмелерінен жиһазбен жабдықталған бөлмелерді немесе бөлек бөлмелерді беру кіреді. Қызмет көрсету түрлеріне күн сайын жинау және төсек-орынды ауыстыру кіреді. Сондай-ақ тамақ және сусындар әкелу, көлік қою, кір жуу қызметі, бассейндер, тренажерлік залдар, демалу және ойын-сауық орындары, сондай-ақ конференциялар мен семинарларды өткізетін жабдықтар сияқты қосымша қызмет көрсету түрлерінің ауқымды тізбесі ұсынылуы мүмкін.

Бұл класқа:

- қонақ үйлер
- курорттық отельдермен
- люкс класты отельдер
- мотельдер тарапынан берілетін тұрғын жай кіреді

Бұл класқа:

- тұрақты пайдалану үшін, әдетте айлап немесе жарты жылдап жалдау негізінде, үйлер және абаттандырылған немесе жайластырылмаған пәтерлерді беру кірмейді, (68-бөлімді қараңыз)

55.10.1 Жол бойындағы белдеулерде орналасқан қонақ үйлерден басқа, мейрамханалардың қызмет көрсетуі

Бұл ішкі класқа:
- ресми іс-шараларға арналған мейрамханалары бар қонақ үйлер қызмет көрсетуі, (55.10.3 қараңыз)
- жол бойындағы белдеулерде орналасқан қонақ үйлердің қызмет көрсету кірмейді, (55.10.4 қараңыз)

55.10.2 Жол бойындағы белдеулерде орналасқан қонақ үйлерден басқа, мейрамханалары жоқ қонақ үйлердің қызмет көрсетуі

Бұл ішкі класқа:
- жол бойындағы белдеулерде орналасқан қонақ үйлердің қызмет көрсету кірмейді, (55.10.4 қараңыз)

55.10.3 Ресми іс-шараларға арналған мейрамханалары бар қонақ үй қызмет көрсетуі

Бұл ішкі класқа мемлекеттік қызметші санатына кіретін клиенттерге қызмет көрсету және ресми іс-шараларға арналған қонақ үй қызметтерін және мейрамханаларды ұсынуды кіреді. Бұл санаттағы тұлғаларға тұруға және бөлмелерді жалға алуға арнайы тариф көзделген.

Сонымен қатар, бұл қызметтер ҚР ресим тұлғаларына, шетел мемелекеттердің дипломатиялық өкілдіктеріне, ұлттық басқару холдингтерінің, ұлттық холдингтер және ұлттық компаниялар өкілдеріне көрсетілетін болады.

Бұл ішкі класқа:
- жол бойындағы белдеулерде орналасқан қонақ үйлердің қызмет көрсетуі кірмейді, (55.10.4 қараңыз)

55.10.4 Жол бойындағы белдеулерде орналасқан қонақ үйлермен қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдардың жол бойындағы белдеулерде орналасқан жол сервисі объектілерінің аумағында орналасқан қонақ үйлер мен мотельдердің көбінесе қысқа уақыт тұруға орын ұсынуын кіреді.

55.2 Демалыс күндерінде және қысқа мерзімді тұрудың өзге де кезеңдерінде тұрғын үй беру

55.20 Демалыс күндерінде және қысқа мерзімді тұрудың өзге де кезеңдерінде тұрғын үй беру

55.20.0 Демалыс күндерінде және қысқа мерзімді тұрудың өзге де кезеңдерінде тұрғын үй беру

Бұл ішкі класқа әдетте тәуліктік немесе апталық негізде, тұруға/тамақтануға/ұйықтауға арналған, аспаздық керек-жарақтарды немесе толығымен жарақтандырылған ас үйді қоса алғанда, толығымен жиһазбен жабдықталған бөлмелерден тұратын жеке оқшауланған үй-жайларда келушілердің қысқа мерзімді кезеңге келуі үшін тұрғын үй беру кіреді. Бұл бөлек тұрған көпқабатты ғимараттар немесе блоктарда орналасқан апартаменттер немесе пәтерлер болуы мүмкін немесе бір қабатты бунгало, шале, коттеджде және шағын үйлер болуы мүмкін. Сондай-ақ егер бұл қарастырылса, аз мөлшерде қосымша көрсетілетін қызметтер тізбесі ұсынылады.

Бұл ішкі класқа:
- балаларға арналған немесе өзге де демалыс үйлері
- сырттан келгендерге арналған пәтерлер және бунгало
- жинау немесе тамақ дайындау бойынша қызметтерді ұсынусыз коттеджде мен шағын үйлер
- жастарға арналған туристік лагерлер, тау турбазаларымен және т.б. ұсынылатын тұрғын үйлер кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жинау, төсек-орын ауыстыру, тамақ және сусын берумен жайластырылған қысқа мерзімді тұруға арналған орындарды ұсыну, (55.10 қараңыз)
- тұрақты тұру үшін, әдетте айлап немесе жылдап жалдау негізінде, үйлер және аббаттандырылған немесе аббаттандырылмаған пәтерлер немесе апартаменттер беру кірмейді, (68-бөлімді қараңыз)

55.3 Кемпингтер, автофургондарға арналған тұрақтар және тұруға арналған автотіркемелермен қызмет көрсету

55.30 Кемпингтер, автофургондарға арналған тұрақтар және тұруға арналған автотіркемелермен қызмет көрсету

55.30.1 Жол бойындағы белдеулерде орналасқандардан басқа, кемпингтер, автофургондарға арналған тұрақтар және тұруға арналған автотіркемелермен қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:
- қысқа мерзімді орналастыру үшін кемпингтерде тұру үшін орындарды, автофургондарға арналған тұрақтар және тұруға арналған автотіркемелер, сондай-ақ аң аулайтын немесе балық аулайтын жерлерде тұруға арналған орындарды ұсыну
- кемпингтер аумағында автомобильмен демалыс үшін орындарды ұсыну кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- палаткаларды және/немесе жатын қаптарды орналастыруға арналған қорғаныш баспаналары немесе жай бивактар түріндегі ұсынылатын тұрғын үй кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жастарға арналған туристік лагерлер, тау турбазалар және т.б қысқа мерзімді тұруға арналған орындарды ұсыну, (55.20.0 қараңыз)
- жол бойындағы белдеулерде орналасқан кемпингтердің, автофургондарға және автотіркемелерге арналған тұрақтардың қызметтерді ұсынуы кірмейді, (55.30.2 қараңыз)

55.30.2 Жол бойындағы белдеулерде орналасқан кемпингтер, автофургондарға арналған тұрақтар және тұруға арналған автотіркемелермен қызмет көрсету

Бұл ішкі класқа:
- республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдардың жол бойындағы белдеулерінде орналасқан жол сервисі объектілерінің аумағында орналасқан кемпингтерде тұруға орын, автофургондарға және тұруға арналған автотіркемелерге тұрақтарды ұсыну
- республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдардың жол бойындағы белдеулерінде орналасқан жол сервисі объектілерінің аумағында орналасқан кемпингтердің аумағында автомобильдермен демалуға арналған күзетілетін тұрақтарда орын ұсыну кіреді

55.9 Тұруға арналған өзге де орындар көрсетілетін қызметтер

55.90 Тұруға арналған өзге де орындар көрсетілетін қызметтер

Бұл класқа оқушыларға және студенттерге, көшіп-қонып жүретін (маусымдық) жұмысшылар мен басқа адамдарға бір кісілік немесе жалпы бөлмелерден немесе жатақханалардан уақытша немесе ұзақ уақытша мерзімді тұру орындарын ұсыну кіреді.

55.90.1 Мектеп-интернаттарда жатақханалармен қызмет ұсыну

55.90.2 Студенттік жатақханалармен қызмет ұсыну

55.90.9 Басқа санаттарға кірмеген тұруға арналған басқа да орындармен қызмет ұсыну

Бұл ішкі класқа:
- жұмысшыларға және мигранттарға жатақханалар
- пансиондар
- теміржолдың ұйықтайтын вагондары кіреді

56 Тамақ өнімдерімен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету

Аталған бөлімге өзіне-өзі қызмет көрсету немесе жылдам қызмет көрсететін, тұрақты, уақытша жұмыс істейтін отыратын орынмен немесе орынсыз тез қызмет көрсететін мейрамханаларда, кафелерде, барларда, асханаларда тез арада пайдалануға жарамды тамақ өнімдері мен сусындардың толық түржиынын кіргізе отырып, тамақ және сусын ұсыну бойынша қызмет көрсету кіреді. Шешуші болып олардың ұсынатын объектінің түрі емес, тез арада пайдалану үшін жарамды тамақ өнімдерін ұсынатын фактісі болып табылады.

Аталған бөлімге тез арада пайдалануға жарамайтын немесе дереу тұтынуға арналмаған немесе дайын тамақ болып есептелмейтін дайын тамақ ретінде болмайтын тамақтарды өндіру кірмейді ("Тамақ өнімдерін өндіру" 10 және "Сусындар өндіру" 11 бөлімдерді қараңыз). Сондай-ақ осы бөлімге тез арада тұтынуға жарамды тамаққа жатпайтын немесе дайын тамақ өнімдері болып саналмайтын тамақ өнімдерін сату жатпайды ("Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу" G секциясын қараңыз).

56.1 Мейрамханалардың қызметі және тамақ өнімдерін жеткізу бойынша корсетілетін қызметтер

56.10 Мейрамханалардың қызметі және тамақ өнімдерін жеткізу бойынша корсетілетін қызметтер

Аталған класқа тұтынушыларға орында дайындалған тамақпен (дайын тамақ) қамтамасыз ету, олардың қоғамдық тамақтанатын арнайы орындарда немесе өзіне-өзі қызмет көрсету мейрамханаларында берілетініне, оларды үй-жайларда ішетініне, оларды өзімен бірге әкететініне немесе үйге жеткізуге тапсырыс беретініне қарамастан, ұсыну кіреді. Аталған класқа дереу тұтынатын тамақтарды беру моторлы көлік құралдары немесе қозғалғыш сәкілер дайындау және беру жатады.

Бұл класқа:

- сауда автоматтары арқылы тамақ өнімдерін бөлшек саудада сату, (47.99 қараңыз)
- зауыт, офис, ауруханаларда, мектептерде, әскери бөлімдерде және т.б. кәсіби сипаттағы қарым қатынастармен байланысты белгілі бір шектеулі адамдар тобына қызмет ететін асханалар, кафетерийлер және тағы да басқа орындардың қызметі кірмейді, (56.29.9 қараңыз)

56.10.1 Жол бойындағы белдеулерде орналасқан объектілердің қызметінен басқа, мейрамханалардың кызметі және тамақ өнімдерін жеткізу бойынша корсетілетін қызметтер

Бұл ішкі класқа:

- мейрамханалар, кафетерийлер, жылдам қызмет көрсететін қоғамдық тамақтандыру объектілері, тамақты сыртқа шығарып беретін орындар, балмұздақ сатуға арналған жылжымалы шағын вагондар, тамақ сатуға арналған жылжымалы шағын вагондар қызметі
- сауда палаткаларында және базарлардағы дүңгіршектерде тамақ дайындау бойынша қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- егер бөлек кәсіпорын ұсынылатын болса, көліктің түрлі түрлерінде вагон-мейрамханаларда және барларда тамақтандыруды қамтамасыз ету бойынша қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- мейрамханалардың қызметі және жол бойындағы белдеулерде орналасқан объектілердің тамақ өнімдерін жеткізу бойынша корсетілетін қызметтер кірмейді, (56.10.2 қараңыз)

56.10.2 Мейрамханалардың қызметі және жол бойындағы белдеулерде орналасқан объектілердің тамақ өнімдерін жеткізу бойынша корсетілетін қызметтер

Бұл ішкі класқа:

- республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдардың жол бойындағы белдеулерде орналасқан жол сервисі объектілерінің аумағында орналасқан мейрамханалардың, кафетерийлердің, жылдам қызмет көрсететін қоғамдық объектілердің, тамақты сыртқа шығарып беретін орындардың, балмұздақ сатуға арналған жылжымалы шағын вагондардың, тағам сатуға жылжымалы шағын вагондар қызметі кіреді

56.2 Тапсырысқа дайын тамақ жеткізу және тамақтандырумен қамтамасыз ету бойынша басқа қызметтер

Аталған топқа нақты бір іс-шараларға арналған немесе белгілі бір уақыт кезеңіне дайын тамақ өнімдерін жеткізуге байланысты қызметті, сондай-ақ спорттық немесе ұқсас мекемелерге азық-түлік өнімдерін жеткізу қызметі кіреді.

56.21 Тапсырыспен дайын тамақ жеткізу

56.21.0 Тапсырыспен дайын тамақ жеткізу

Бұл ішкі класқа нақты бір іс-шараларға арналған тұтынушы белгілеген жерлерге тұтынушымен жасалған келісім-шарт негізінде дайын тамақ өнімдерін жеткізу бойынша қызмет кіреді.

Бұл ішкі класқа:
- қайта сату үшін тез бүлінетін дайын тамақ өнімдерді өндіру, (10.89.9 қараңыз)
- тез бүлінетін тауарларды бөлшек саудада сату кірмейді, (47-бөлімді қараңыз)

56.29 Тамақтануды қамтамасыз ету бойынша өзге де қызмет

Аталған класқа белгілі бір уақыт кезеңі аралығында тұтынушымен жасалған келісім-шарттарға негізделген, өнеркәсіптік ауқымдағы дайын азық-түлік өнімдерін жеткізуді, яғни азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету кіреді. Аталған класқа сондай-ақ құрылыс және ұқсас мекемелерге дайын тамақты жеткізетін қоғамдық тамақтандыру объектілердің қызметі жатады. Тамақ әдетте бас бөлімшеде дайындалады.

Бұл класқа:
- қайта сату үшін тез бүлінетін дайын тамақ өнімдерін өндіру, (10.89.9 қараңыз)
- тез бүлінетін өнімдерді бөлшек саудада сату кірмейді, (47-бөлімді қараңыз)

56.29.1 Елді мекендерден тыс жерде тамақтануды ұйымдастырудың өзге де түрлері

Бұл ішкі класқа:
- елді мекендерден тыс жерде орналасқан асханалардың қызметі кіреді

56.29.2 Жолаушылар пойыздарындағы тамақтандыруды ұйымдастырудың өзге түрлері

Бұл ішкі класқа:
- иесі өзі әзірлеген жолаушылар пойыздарында дайын тағамды жеткізу жөніндегі қызметті кіреді

56.29.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген, тамақтануды қамтамасыз ету бойынша өзге де қызмет

Бұл ішкі класқа:
- дайын тамақты жеткізетін кәсіпорындардың қызметі (мысалы, көлік кәсіпорындары үшін)

- құрылыс және ұқсас компанияларға дайын тамақты жеткізетін қоғамдық тамақтандыру объектілердің қызметі
- зауыт, офис, ауруханаларда, мектептер жанында орналасқан кәсіби сипаттағы қарым қатынастарға байланысты белгілі бір шектеулі адамдар тобына ғана қызмет ететін асханалар мен кафетерийлер қызметі кіреді

56.3 Сусындарды ұсыну

56.30 Сусындарды ұсыну

56.30.0 Сусындарды ұсыну

Бұл ішкі класқа орында дереу пайдалану үшін сусындарды дайындау және сату кіреді.

Бұл ішкі класқа:
- барлардың
- дәмханалардың
- коктейль-барлардың
- барлардағы дискотекалар (барлардың қызмет көрсету басымдығымен)
- сыраханалардың
- кофеханалардың
- фитобарлар, жеміс шырындарын сататын палаткалардың
- сусындар сататын жылжымалы дүңгіршектердің қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа:
- оралған, дайындалған сусындарды қайта сату, (47-бөлімді қараңыз)
- сауда автоматтары арқылы сусындарды бөлшек саудада сату, (47.99 қараңыз)
- сусындар берілмейтін дискотекалар мен би алаңдарының қызметі кірмейді, (93.29.1 қараңыз)

J СЕКЦИЯСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС

Аталған секцияға ақпараттық және мәдени өнімдерді әзірлеу мен тарату, бұл атаған өнімдерді жіберу немесе тарату құралдарын беру, сондай-ақ телекоммуникациялар саласындағы қызмет, ақпараттық технологиялар, деректерді өңдеуді және ақпараттық қызметтер көрсету саласындағы басқа қызметтер кіреді.

Аталған секцияның негізгі құраушылары баспа қызметі (58 бөлімі), бағдарламалық қамтамасыз етуді кино-, бейнефильдерді және музыкалық жазбаларды шығару қызметі (59-бөлімі), радио және телерадиохабарлау бойынша бағдарламаларды шығару қызметі (60-бөлімі), телекоммуникация саласындағы қызметі (61-бөлімі), ақпараттық технологиялармен байланысты қызмет (62-бөлімі) және ақпараттық қызмет көрсетудің басқа да қызметтері (63-бөлімі) болып табылады.

Баспа қызметіне ұсталатын өнімге (ақпараттық өнімдер) авторлық құқық алуды және аталған өнімді ұдайы өндіруге (немесе ұйымдастыру) және аталған өнімді түрлі түрлерінде тарату арқылы кең көпшілікке жариялау кіреді. Аталған секцияға сондай-ақ баспа қызметтің барлық мүмкін түрлері кіргізілген (баспа, электронды немесе дыбыс түрде, Интернет желісі бойынша, компакт-дискідегі анықтамалар және т.б. жұмыс жөніндегі ақпараттар сияқты мультимедиялық өнімдер түрінде).

Теледидар бағдарламаларын өндіру және таратумен байланысты қызмет аталған үдерістің түрлі кезеңдерін көрсететін 59, 60 және 61 бөлімдерді қамтиды. Кинофильмдер, телесериалдар сияқты және т.б. жеке құрамбөліктер 59-бөлімде сипатталған қызмет шегінде шығарылады, сонымен бірге 59-бөлімде бітірген элементтерден теледидар бағдарламаларын шығару немесе басқа элементтер (тікелей эфирде жаңалықтар тарату) 60-бөлімге жіктеледі. 60-бөлімге сондай-ақ аталған бағдарламаларды олардың өндірушілермен тарату кіреді. Үшінші жақтардың дайын телевизондық бағдарламаны толық сериясын таратуы (яғни мазмұнын өзгертпей), 61-бөлімге кіргізілген. 61-бөлімде сипатталған мұндай тарату тікелей тарату, радио- және телехабарлау жүйелері, спутниктік немесе кабельдік жүйелер арқылы жүзеге асырылады.

58 Баспа қызметі

Аталған бөлімге кітаптар, брошюралар, буклеттер, сөздіктер, энциклопедиялар, атластар, карталар және сызбалар басып шығару; газет, журнал және мерзімдік басылымдар; анықтамалар, мекенжайлық тізімдер және баспа өнімдерінің басқа түрлерін, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етуді басып шығару кіреді.

Баспа қызметіне ұстауға (ақпараттық өнімдер) авторлық құқық алуды және оларды ұдайы өндіруге (немесе ұйымдастыру) және аталған өнімді түрлі түрлерінде тарату арқылы кең көпшілікке жариялау кіреді. Осы бөлімге сондай-ақ қызметке кинофильмдерді шығарудан басқа, баспагерлік қызметтің барлық мүмкін түрлері (баспа, электронды немесе дыбыс түрде, Интернет желісі бойынша, компакт-дискілердегі анықтамалықтарды және т.б. жұмыс жөніндегі анықтамалықтар сияқты мультимедиялық өнімдер түрінде) кіргізілген.

Аталған бөлімге кинофильмдер, бейнетаспаларда және DVD-дискілерде немесе ұқсас таратушыларда (59-бөлімі) фильмдер шығару және төлтума дыбыс мастер-жазбаларын өндіру (59-бөлімі) кірмейді. Сондай-ақ аталған бөлімге баспа қызметі (18.11.0, 18.12.0 қараңыз) және жаппай жазылған ақпарат тасымалдағыштарды жаңғырту (18.20 қараңыз) жатпайды.

58.1 Кітаптар, мерзімдік басылымдар жариялау және баспа қызметінің басқа түрлері

Аталған топқа кітаптар, газет, журналдар және басқа да мерзімдік басылымдар, анықтамалықтар, мекенжайдық тізімі мен басқа өнімдер, сондай-ақ фотографиялар, гравюрлер, почталық ашықхаттар, күнтізбелер, бланкілер, плакаттар және көркем өнімдерін репродукцияларын басып шығару кіреді. Бұл жұмыстар, әдетте, авторлық құқықтармен қорғалған, оларды шығару үшін интеллектуалды және шығармашылық потенциал қажет болған үшін оның сипаттамалық ерекшелігі болып табылады.

58.11 Кітап шығару

58.11.0 Кітап шығару

Бұл ішкі класқа баспа және электронды түрде (компакт-дискілер, электронды тасушылар және т.б.) немесе аудиоформатта немесе Интернет желіде кітаптарды шығарумен байланысты қызмет кіреді.

Аталған ішкі класқа сондай-ақ:

- сөздіктер мен энциклопедиялар шығаруды қоса алғанда, кітаптар, брошюралар, буклеттер және осыларға ұқсас баспа өнімдерін шығару
- атластар, карталар және сызбаларды шығару
- аудио-кітаптар шығару
- энциклопедиялар және ұқсас баспаларды копмакт-дискілерде (CD-ROM) шығару кіреді

Бұл ішкі класқа:
- глобустар өндіру, (32.99.9 қараңыз)
- жарнама материалдарын шығару, (58.19.0 қараңыз)
- музыкалық партитуралар және ноталарды шығару, (59.20.0 қараңыз)
- тәуелсіз авторлар қызметі кірмейді, (90.03.0 қараңыз)

58.12 Анықтамалықтар және мекенжайлық тізімдерді шығару

58.12.0 Анықтамалықтар және мекенжайлық тізімдерді шығару

Бұл ішкі класқа мазмұны бойынша емес, олардың формасы бойынша қорғалған құқықтармен (деректер базасы) таратылатын және ақапарттық тізімдерін шығару кіреді. Мұндай тізімдер басылған түрде, сондай-ақ электронды түрде шығарылуы мүмкін.

Бұл ішкі класқа:
- мекенжай тізімдерін шығару
- телефон анықтамалықтарын шығару
- құқықтық, медициналық және т.б. сияқты өзге де анықтамалықтарды шығару кіреді

58.13 Газет шығару

58.13.0 Газет шығару

Бұл ішкі класқа кем дегенде аптасына төрт рет шығарылатын жарнама басылымдарын қоса алғанда, газет шығару кіреді. Жарияланым басылған түрінде де, Интернет желісінде шығарылуын қоса алғанда, сондай-ақ электронды түрде орындалуы мүмкін.

Бұл ішкі класқа:
- ақпараттық агенттіктерінің қызметі кірмейді, (63.91.0 қараңыз)

58.14 Журналдар мен мерзімдік басылымдарды шығару

58.14.0 Журналдар мен мерзімдік басылымдарды шығару

Бұл ішкі класқа аптасына төрт реттен сирек шығатын мерзімдік басылымдар мен журналдарды шығару кіреді. Басылым Интернет желісіндегі басылымды қоса алғанда, басылған түрде, сондай-ақ электронды түрде орындалуы мүмкін. Радио және телехабарлар бағдарламаларын шығару да осы ішкі класқа жатады.

58.19 Баспа қызметінің өзге түрлері

58.19.0 Баспа қызметінің өзге түрлері

Бұл ішкі класқа:

- каталогтар, фотолар, гравюралар, пошта ашықхаттары, құттықтау ашықхаты, бланкілер, плакаттар, көркем репродукциялары, жарнамалық материалдар, өзге де баспа өнімдерін шығару (оның ішінде онлайн режимінде)
- статистикалық және басқа ақпараттарды онлайн режимінде шығару кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жарнамалық газеттерді шығару, (58.13.0 қараңыз)
- онлайн режимде бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсыну (қосымшаларды сервистік қолдау құралдарын ұсыну және қосымшаларды орналастыру) кірмейді, (63.11 қараңыз)

58.2 Бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару

58.21 Компьютерлік ойындарды шығару

58.21.0 Компьютерлік ойындарды шығару

Бұл ішкі класқа:

- кез келген платформаларға арналған компьютерлік ойындарды шығару кіреді

58.29 Өзге де бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару

58.29.0 Өзге де бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару

Бұл ішкі класқа:

- операциялық жүйелер; бизнес және өзге де қосымшаларды жалпы пайдалануға арналған өз есебінен белгілі бір нарық үшін жүйелік емес бағдарламалық қамтамасыз етуді аудару немесе бейімдеуді қоса алғанда дайын (жеке пайдаланушыларға бейімделмеген) бағдарламалық қамтамасыз етуді шығару кіреді

Бұл ішкі класқа:

- бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғырту, (18.20.3 қараңыз)
- жалпы пайдалануға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді бөлшек саудада сату, (47.41 қараңыз)
- сыйақы немесе келісім-шарт негізінде белгілі бір нарықты жүйелік емес жалпы пайдалануға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді аудару немесе бейімдеуді қоса алғанда, шығарумен байланысты емес бағдарламалық қамтамасыз етуді өндіру, (62.01.1 қараңыз)
- онлайн режимінде бағдарламалық қамтамасыз етуді ұсыну (қосымшаларды сервистік қолдау құралдарын ұсыну және қосымшаларды орналастыру) кірмейді, (63.11 қараңыз)

59 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар, дыбыс жазбалар және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет

Аталған бөлімге кинофильмдерді бейнепленкада, бейнетаспаларда немесе дискілерде кинотеатрларда көрсету үшін немесе теледидардан тарату үшін шығару; кинофильмдерді монтаждау, редакциялау, дубляждау және т.б. сияқты шығаруға ықпал ететін қызмет; кинофильмдер және басқа киноөнімдерді кинотеатрларда немесе

теледидарда көрсетуге арналған тарату; сонымен қатар басқа киноөнімдерді және кинофильмдерді көрсету кіреді. Бөлімге сондай-ақ кинофильмдерді және басқа киноөнімдерді тарату авторлық құқықтарды сату және сатып алу кіреді.

Аталған бөлімге сондай-ақ дыбыс жазу саласындағы қызметі, яғни төлтума жазбаларды әзірлеу, оларды шығару, жарнамасын және тарату, студияларда және басқа жерлерде музыкалық және басқа аудиожазбаларды шығару кіреді.

59.1 Кино-, бейнефильмдер және теледидар бағдарламаларын өндіру жөніндегі қызмет

Аталған топқа кинофильмдерді кинотеатрларда немесе теледидардан көрсетуге арналған сандық таратуды қоса, киноленкада, бейнетаспаларда, DVD дискілерде және басқа жеткізгіштерде өндіру; кинофильмдерді монтаждау, редакциялау, дубляждау және т.б. сияқты шығаруға ықпал ететін қызмет; кинофильмдер және басқа киноөнімдерді (бейнетаспалар, DVD дискілер және т.б.) кинотеатрларда немесе теледидарда көрсетуге арналған тарату; сондай-ақ кинофильмдер мен басқа киноөнімдерді көрсету кіреді.

Аталған топқа сондай-ақ кинофильмдерді және басқа киноөнімдерді тарату авторлық құқықтарды сату және сатып алу кіреді.

59.11 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламаларды шығару бойынша қызмет

59.11.0 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламаларды шығару бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа:

- кино, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар (телесериалдар, деректі фильмдер және т.б.) немесе тележарнамалар өндіру кіреді

Бұл ішкі класқа:

- фильмдердің көшірмесін жасау (кинотеатрда көрсету үшін кинофильмдерді қайта шығарудан басқа), сондай-ақ төлтума матрицадан (көшірме-мастері) аудио- және бейнежазбаларды, CD немесе DVD компакт-дискілерді тираждау, (18.20 қараңыз)
- жазылған бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді көтерме саудада сату, (46.43.2 қараңыз)
- таза бейнетаспалар мен жазбасыз CD дискілерді көтерме саудада сату, (46.52.0 қараңыз)
- бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді бөлшек саудада сату, (47.63 қараңыз)
- кино-, бейнефильмдерді және телевизиялық басғдарламаларды аяқтау қызмет, (59.12.0 қараңыз)
- дыбыстық жазбалар және пленкаға кітап жазу, (59.20.0 қараңыз)
- телехабарлар тарату, (60.20.0 қараңыз)
- теледидар арналарының толық бағдарламалық торын жасау, (60.20.0 қараңыз)
- кино өндірісінде қолданылатыннан басқа пленкаларды өңдеу, (74.20.0 қараңыз)
- жеке театр немесе әртістік агенттер немесе агенттіктер қызметі, (74.90.9 қараңыз)
- бейнетаспаларды, тұтынушылардың кең көлемі үшін DVD дискілерді жалға беру, (77.22.0 қараңыз)
- тікелей тарату кезінде теледидар көріністерін, кездесулер, отырыстар, конференциялар және т.б. трансляциялаумен нақты уақыт режимінде (яғни бір мезгілде) кадрлар арасына субтитрлерді енгізу, (82.99.0 қараңыз)

- актерлер, суретші-мультипликаторлар, режиссерлер, сахнаны қоюшы және техникалық мамандар қызметі кірмейді, (90.0 қараңыз)

59.12 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламаларын аяқтау қызметі

59.12.0 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламаларын аяқтау қызметі

Бұл ішкі класқа кино-, бейнефильмдерді және теледидар бағдарламаларын аяқтау қызметі кіреді, яғни монтаждау, фильмді/пленканы аудару (ауыстыру), титрлерді басу, субтитрлер, қатысушылар тізімін жасау, жасырын субтитрлерді жасау, компьютерлік графика, анимация және арнайы эффектілер енгізу, кинофильм жасау және өңдеу, сондай-ақ кинозертханалар мен мультипликациялық фильмдерге арналған арнайы зертханалар қызметі кіреді.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- жазылған пленкаларды сақтайтын фильмотекалардың қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- фильмдерді көшіру (кинотеатрда көрсету үшін кинофильмдерді қайта шығарудан басқа), сондай-ақ төлтума матрицадан (көшірме-мастері) аудио- және бейнежазбаларды, CD немесе DVD компакт-дискілерді тираждау, (18.20 қараңыз)
- жазылған бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді көтерме саудада сату, (46.43.2 қараңыз)
- таза бейнетаспалар мен CD дискілерді көтерме саудада сату, (46.52.0 қараңыз)
- жазылған бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді бөлшек саудада сату, (47.63 қараңыз)
- кино өндірісінде қолданылатыннан басқа пленкаларды өңдеу, (74.20.0 қараңыз)
- бейнетаспаларды, тұтынушылардың кең көлемі үшін DVD дискілерді жалға беру, (77.22.0 қараңыз)
- актерлер, суретші-мультипликаторлар, режиссерлер, сахнаны қоюшы және техникалық мамандар қызметі кірмейді, (90.0 қараңыз)

59.13 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар тарату бойынша қызмет

59.13.0 Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар тарату бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа:
- фильмдер, бейнетаспалар, DVD дискілерді және осыған ұқсас өнімді кинотеатрларда, теледидар желілерінде, сондай-ақ көрмелерде көрсету үшін тарату кіреді

Бұл класқа сондай-ақ фильмдерді, бейнетаспаларды және DVD дискілерді таратуға берілген құқықтарын сатып алу және сату кіреді.

Бұл ішкі класқа:
- фильмдерді көшіру, сондай-ақ төлтума матрицадан (көшірме-мастері) аудио- және бейнежазбаларды, CD немесе DVD компакт-дискілерді тираждау, (18.20 қараңыз)

- жазылған бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді көтерме саудада сату, (46.43.2 қараңыз)

- жазылған бейнетаспаларды, CD, DVD дискілерді бөлшек саудада сату кірмейді, (47.63 қараңыз)

59.14 Кинофильмдерді көрсету бойынша қызмет

59.14.0 Кинофильмдерді көрсету бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа:

- кино- немесе бейнефильмдерді кинотеатрларда, ашық алаңдарда немесе кинофильмдер және бейнежазбаларды көрсетуге арналған басқа жерлерде көрсету

- киноклубтар қызметі кіреді

59.2 Дыбыс жазбалары және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет

59.20 Дыбыс жазбалары және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет

59.20.0 Дыбыс жазбалары және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа жазбалардың төлтума немесе дыбыс материалдары кассета, CD дискілер, сияқты тасымалдаушылармен өндіру; оларды шығару, жарнамалау, көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындар немесе тікелей тұтынушыларға тарату кіреді. Аталған қызмет сол кәсіпорынмен мастер-жазбаларды әзірлеу қызметімен біріктіріле алады. Егер біріктіріле алмаса, онда кәсіпорын мұндай қызметті жүзеге асыратын бөлімше соған сәйкес мастер-жазбаларды көшіріп алу және тарату құқығын сатып алуға тиіс.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ жазылған (яғни тікелей эфирде таратылмайтын) радиобағдарламаларын өндіру қоса, студияларда және басқа жерлерде дыбыс жазу қызметі де кіреді.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ музыкалық шығармаларды шығарумен байланысты қызмет кіреді, яғни музыкалық шығармаларға авторлық құқық сатып алу және тіркеу, олардың жарнамасын, рұқсаттамаларды беру және жазбадағы музыкалық композициялар деректерін авторландыру және радиоға, теледидарға, кинофильмдерге, концерттерде, спектакльдерде, баспа түрінде және басқа жеткізгіштерде пайдалану кіреді. Аталған қызметтегі кәсіпорындар авторлық құқықты иелене алады немесе авторлық құқық иелері атынан музыкалық құқықтар әкімгері рөлінде әрекет ете алады. Музыкалық партитуралар және ноталарды шығару да бұл ішкі класқа жатқызылады.

60 Бағдарлама және теле-радио хабарлама жасау жөніндегі қызмет

Аталған бөлімге радио-, телебағдарламалар, сонымен қатар ақапараттық және ойын-сауық бағдарламалары, сондай-ақ жаңалықтар, ток-шоулар және т.б. сияқты бағдарламаларды тарату, ұстау және одан әрі көрсету құқығы немесе сатып алу қызметі кіреді. Аталған бөлімге сондай-ақ әдетте телерадиохабарлармен таратуға біріктірілген деректерді беру кіреді. Телерадиохабарларын түрлі технологиялар көмегімен тарату: эфирде тарату арқылы, спутниктік тарату, кабельдік желілер немесе Интернет желісі арқылы жүзеге асырыла алады.

Аталған бөлімге сондай-ақ белгілі бір аудиторияға арналған тарату мақсатымен, жазылу немесе төлемдер негізінде, әдетте, үшінші тұлғалар арқылы тапсырыстық телехабарлар (ақпараттық, спорт, білім және жастар бағдарламалары сияқты шектелген форматтағы) үшін жасалатын бағдарламалар өндіру кіреді.

Аталған бөлімге жазылу бойынша көрсетілетін кабельдік және басқа бағдарламаларды тарату кірмейді, (61-бөлімді қараңыз).

60.1 Радиохабарлар

60.10 Радиохабарлар

60.10.0 Радиохабарлар

Бұл ішкі класқа:
- радиохабарларды тарату студиялары арқылы және халыққа, радиотүйіндерге немесе абоненттерге дыбыстық бағдарламаларды трансляциялық жабдықтардың көмегімен аудиодабылдарды трансляциялауға байланысты қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- радиожелілер қызметі, яғни эфир, спутниктік және кабельдік арналар арқылы дыбыстық бағдарламаларды жинау және радиотүйіндерге немесе абоненттерге беру
- Интернет арқылы берілетін радиохабарлар қызметі (Интернет-радиостанциялар)
- радиохабарлар арқылы деректер беру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жазылған радиобағдарламаларды өндіру кірмейді, (59.20.0 қараңыз)

60.2 Телевизиялық бағдарламаларын жасау және тарату қызметі

60.20 Телевизиялық бағдарламаларын жасау және тарату қызметі

60.20.0 Телевизиялық бағдарламаларын жасау және тарату қызметі

Бұл ішкі класқа сатып алынған бағдарлама элементтерінен теледидар арнасының толық бағдарламалық торды (мысалы, көркем немесе деректі фильмдер және т.б.), өздері шығарған бағдарламалық элементтер (мысалы, жергілікті жаңалықтар, тікелей эфирдегі репортаждар) немесе оларды құрамдастыру кіреді.

Осы теледидар арнасының толық бағдарламалық торы өндіруші арқылы таратылады, не кабельдік немесе спутниктік телехабарлар қызметтерін ұсынатын компаниялар сияқты компанияларға одан әрі таратуы үшін үшінші тараптарға беру мақсатымен шығарылады.

Бағдарламалар кең немесе шағын аудиторияға таратылуы мүмкін (мысалы, ақпараттық, спорт, білім және жастарға арналған хабарлары сияқты шектелген форматтағы бағдармалар). Осы ішкі класқа пайдаланушылар тегін қол жеткізе алатын бағдарламаларды, сондай-ақ тек жазылу негізінде ғана қол жеткізуге болатын бағдарламаларды жасау кіреді. Сұрату бойынша видео қызметтерін көрсететін арналар қызметі аталған ішкі класқа жатады.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ телехабарлар арқылы деректер беру кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- хабарлаумен байланысты емес, телебағдарламалар элементтерін өндіру (көркем және деректі фильмдер, ток-шоу, жарнама және т.б.), (59.11.0 қараңыз)
- арналардың толық кешенін біріктіру және мұндай кешенді бағдарламалар жасамай-ақ тарату кірмейді, (61 қараңыз)

61 Телекоммуникациялар

Аталған бөлімге телекоммуникациялық және дауыс ақапаратын, мәтіндік, дыбыстық сигналдарды немесе бейнелерді қабылдау және жіберу сияқты басқа да ілеспе қызметтер ұсыну қызметі кіреді. Осындай қызмет жүзеге асырылатын жабдықтар бір технология негізінде де, бірнеше технологияны құрамдастыру негізінде де жұмыс істей алады. Аталған бөлімде берілген қызмет түрлерінің жалпылығы оларды құру процесінсіз мазмұнды бөлігін беруден тұрады. Аталған бөлімде топтарға бөлу іске тартылған инфрақұрылым типіне негізделген.

Теледидар сигналдары берілген жағдайда, бұған таратуға арналған бағдарламалық пакеттегі арналардың толық жинағын біріктіру кіре алады (60-бөлімде өндірілген).

61.1 Сымды телекоммуникациялық байланыс

61.10 Сымды телекоммуникациялық байланыс

Бұл класқа сымды телекоммуникациялық инфрақұрылымын пайдалану арқылы дауыстық, мәтіндік, дыбыстық немесе бейнедеректерді беретін құрылғаларға рұқсат беру немесе техникалық қызмет көрсету, пайдалану кіреді:

1) жерүсті байланыс желілері, радиотолқындар немесе жерүсті және спутниктік қосылыстарды үйлестіру арқылы байланысты ретпен қамтамасыз ету мақсатымен коммутациялық-тарату жабдықтарын пайдалану және техникалық қызмет көрсету
2) кабельдік теледидар жүйелерін пайдалану (мысалы, деректер мен теледидар сигналдарын беру үшін)
3) өз құрал-жабдықтарын қолданғанда телеграфтық және басқа дауыстық емес байланыс жүйелерін қамтамсыз ету.

Осындай қызметті жүзеге асыратын жабдықтар көмегімен бір технология негізінде және бірнеше технологияның біріктірілуі негізінде де жұмыс ісей алады.

Аталған класқа сондай-ақ:

- зияткерлік меншік өнімдерінің (кітаптар немесе бағдарламалық қамтамасыз ету сияқты авторлық құқықпен қорғалған жұмыстардан басқа) лизингі
- патенттелген өнімдерді, тауарлық белгілер мен қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, пайдалы қазбаларды барлау және кен орындарын бағалау туралы ақпаратты, фрэнчайзинг шарттары (келісімдер) пайдаланғаны үшін роялти немесе лицензиялық төлемдерді алу кіреді

Бұл ішкі класқа:
- авторлық құықы және шығару объектілеріне құқықтарды сатып алу, (58 және 59-бөлімдерді қараңыз)
- құру, авторлық құқықпен қорғалған шығармаларды қайта шығару және тарату (кітаптар, бағдарламалық қамтамасыз ету, кинофильмдер), (58, 59-бөлімдерді қараңыз)
- жылжымайтын мүлікті жалдау, (68.20 қараңыз)
- материалдық құралдар (активтер) лизингі кірмейді, (77.1, 77.2, 77.3 топтарын қараңыз)

78 Жұмысқа орналастыру саласындағы қызмет

Аталған бөлімге бос орындар тізімін жүргізу, бос орындар туралы анықтамалық ақпараттарды ұсыну бойынша қызметті немесе жұмысқа жіберілетін адамдар жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметкерлері болып табылмаған жағдайларда талапкерлерді жіберу, клиенттің жұмыс күшін қолдау мақсатында кәсіпорын клиенттері үшін шеутеулі мерзімге қызметкерлерді ұсыну және жұмыс күшімен қамтамасыз ету бойынша өзге де қызмет кіреді.

Аталған бөлімге:
- бос орындарды іздеу және лауазымға айқындау бойынша қызмет
- театр және кино актерлерін іздеу бойынша агенттіктер қызметін кіреді

Аталған бөлімге:
- жекелеген актерлердің атынан жүзеге асырылатын агенттіктердің қызметі кірмейді, (74.90.9 қараңыз)

78.1 Жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметі

78.10 Жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметі

78.10.0 Жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметі

Осы ішкі класқа бос орындар тізімін жүргізу, бос орындар туралы анықтамалық ақпаратты ұсыну немесе жұмысқа жіберілетін адам жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктің қызметкері болып табылмаған жағдайда талапкерлерді жұмысқа жіберу кіреді.

Бұл ішкі класқа:
- басқару аппараты қызметкерлері лауазымын іздеу мен айқындауды қоса алғанда, персоналды іздеу, кандидаттарды іріктеу және оларды жұмысқа жіберу
- актерлерді, мысалы театр актерлерін іріктеу бойынша агенттіктер мен бюролардың қызметі
- персоналды іріктеу бойынша Интернет агенттіктерінің қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- жеке театр немесе әртістік агенттердің немесе агенттіктердің қызметі кірмейді, (74.90.9 қараңыз)

78.2 Уақытша жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметі

78.20 Уақытша жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметі

78.20.0 Уақытша жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктердің қызметі

Бұл ішкі класқа кадр қызметкерін алмастыру немесе ұсынылған адам уақытша жұмысқа орналастыру жөніндегі ұйымдардың жалдамалы қызметкері болып табылған жағдайда клиенттің жұмыс күшін қолдау мақсатында кәсіпорын клиенттері үшін шектеулі мерзімге қызметкерлерді ұсыну бойынша қызмет кіреді. Алайда осы ішкі класқа жатқызылған ұйымдар клиенттің жұмысты орындау орнында олардың ұсынған қызметкерлеріне тікелей бақылауды жүзеге асырмайды.

78.3 Еңбек ресурстарымен (персоналмен) қамтамасыз ету бойынша өзге де қызмет

78.30 Еңбек ресурстарымен (персоналмен) қамтамасыз ету бойынша өзге де қызмет

78.30.1 Ұлттық компаниялар құрған ұйымдар қызметінен басқа, еңбек ресурстарымен (персоналмен) қамтамасыз ету бойынша өзге де қызмет

Бұл ішкі класқа еңбек ресурстарымен (персоналмен) қамтамасыз ету бойынша қызмет кіреді. Бұл ішкі класқа жатқызылған ұйымдар жұмыс берушіге жалақыны есептеу мақсатында кадрлық есептілікті жүргізу, салықтық ұстаулар төлемдері мен басқа да қаржылық және кадрлық мәселелер бойынша ақпаратты ұсынады, алайда жіберілген қызметкерлерге басшылық жасауға және олардың жұмысын басқылауға жауапты болмайды.

Жұмыс ресурстарын ұсыну әдетте ұзақ мерзімді немесе тұрақты негізде жүргізіледі және осы ішкі класта жіктелген ұйымдар еңбек ресурстарын іздеу мен басқару бойынша көрсетілетін қызметтердің кең спектрін жүзеге асырады.

Бұл ішкі класқа:

- кәсіпорынның басқаруы немесе бақылауымен үйлесімде еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету (осы кәсіпорынның экономикалық қызмет түріне сәйкес келетін ішкі класты қараңыз)
- кадрлық қызметкерлерді уақытша ауыстыру немесе клиенттің жұмыс күшін қолдау үшін еңбек ресурстарын ұсыну кірмейді, (78.20.0 қараңыз)

78.30.2 Стратегиялық объектілерге қызмет көрсету үшін техникалық және қосалқы персоналды ұсыну бойынша ұлттық компаниялар құрған ұйымдардың қызметі

Бұл ішкі класқа:

- стратегиялық объектілерге қызмет көрсету үшін техникалық және қосалқы персонал ұсыну кіреді

78.30.3 Ұлттық басқарушы холдинг үшін кадрлық іс жүргізу бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа ұлттық басқарушы холдинг, сондай-ақ акциялары (қатысу үлестері) тікелей және (немесе) жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар үшін:

- еңбек қатынастарын ресімдеу
- кадрлық құжаттаманы жүргізу
- жұмыс уақытын есепке алу
- персонал бойынша есептілікті қалыптастыру және уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсыну
- бос лауазымдарға орналастыру үшін кандидаттарды және қызметкерлерді бағалау
- кандидаттарды іздеу және іріктеу, бастапқы іріктеу
- оқытуды ұйымдастыру және әкімшілендіру жүзеге асырылатын қызмет кіреді

79 Туристік агенттіктер мен операторлардың қызметі, брондау және ілеспе қызмет

Аталған бөлімге негізінен, тасымалдау мен уақытша тұруға орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда халыққа және коммерциялық клиенттерге саяхаттарды, турларды сатумен айналысатын агенттіктердің қызметін және туристік агенттіктер немесе туристік операторлар сияқты тікелей агенттер арқылы өткізілетін турларды қалыптастыру мен ілгерілету бойынша қызметті және брондау бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда туристік қызметке байланысты өзге де көрсетілетін қызметтерді кіреді. Сондай-ақ осы бөлімге туристік гидтер қызметі мен туризмді ілгерілетуге бағытталған қызмет те енгізілген.

79.1 Туристік агенттіктер мен операторлардың қызметі

Аталған топқа, негізінен, тасымалдау мен уақытша тұруға орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда халыққа және коммерциялық клиенттерге саяхаттарды, турларды сатумен, айналысатын агенттіктердің қызметі және туристік агенттіктер немесе туристік операторлар сияқты тікелей агенттер арқылы өткізілетін турларды қалыптастыру мен ілгерілету бойынша қызмет кіреді.

79.11 Туристік агенттіктердің қызметі

79.11.0 Туристік агенттіктердің қызметі

Бұл ішкі класқа:

- негізінен, тасымалдау мен уақытша тұруға орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда халыққа және коммерциялық клиенттерге саяхаттарды, турларды көтерме және бөлшек саудада сатумен айналысатын агенттіктердің қызметі кіреді

79.12 Туристік операторлардың қызметі

79.12.0 Туристік операторлардың қызметі

Бұл ішкі класқа:

- туристік агенттіктер немесе тікелей туристік операторлар арқылы сатылатын турларды қалыптастыру мен ілгерілету бойынша қызмет кіреді. Турларды ұйымдастыру тасымалдау, уақытша тұруға орналастыру, тамақтандыру, музейлерге, тарихи орындарға немесе тарихи-мәдени мұра объектілеріне, театр, музыкалық қойылымдар немесе спорттық іс-шараларға бару сияқты көрсетілетін қызметтерді қамтуы мүмкін

79.9 Брондау бойынша өзге де көрсетілетін қызметтер және ілеспе қызмет

79.90 Брондау бойынша өзге де көрсетілетін қызметтер және ілеспе қызмет

79.90.0 Брондау бойынша өзге де көрсетілетін қызметтер және ілеспе қызмет

Бұл ішкі класқа:

- саяхаттарға қатысты брондау бойынша басқа да қызметтер: көлік құралдарында, қонақүйлерде, мейрамханаларда орындарды брондау, автомобильдер прокаты, ойын-сауық және спорттық іс-шараларға және т.б. билеттерді брондау
- тайм-шер шарттарында жылжымайтын мүлікті айырбастау бойынша қызмет көрсету (белгіленген жыл мезгіліне)
- театр, спорттық және басқа да ойын-сауық іс-шараларына билеттер сату бойынша қызмет
- туристерге қолдау (көмек) көрсету бойынша қызметтер: турлар туралы ақпараттар ұсыну, туристік гидтер қызметі
- туризмді ілгерілетуге бағытталған қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа:

- туристік агенттіктер мен операторлардың қызметі, (79.11.0, 79.12.0 қараңыз)
- кездесулер, жиналыстар мен конференциялар сияқты іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу кірмейді, (82.30.0 қараңыз)

80 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеу жүргізу бойынша қызмет

Аталған бөлімге қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты көрсетілетін қызметтерді кіреді: тергеулер жүргізу мен детективтер көрсететін қызметтер; оққағарлар қызметі мен патрульдер; ақшаны, түскен ақшаны немесе тасымалдау кезінде мүлікті қорғауды қамтамасыз ететін персоналдың және жабдықтардың көмегімен басқа да құнды

заттарждыжинау мен тасымалдау; қызмет осы жүйелерді негізінен қашықтан байқауға тартатын жағдайда өрт және күзет сигнализациясы сияқты жүйелерді электронды қауіпсіздік жүйелерімен басқару, бірақ оларды саты, орнату және жөндеу де кіре алады. Егер жоғарыда аталған көрсетілетін қызметтер жеке-жеке ұсынылса, олар аталған бөлімнен шығарылады және бөлшек саудада сату, құрылыс және т.б. бөлімдерде жіктеледі.

80.1 Жеке адамдардың және мүліктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қызмет

80.10 Жеке адамдардың және мүліктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қызмет

Бұл класқа:

- қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктікпен қамтамасыз ету бойынша қызмет кірмейді, (84.24.0 қараңыз)

80.10.1 Жеке күзет қызметінің қызметі

Бұл ішкі класқа:

- келесі көрсетілетін қызметтердің біреуін немесе бірнешеуін ұсыну: оққағарлар қызметі және патрульдеу; ақша қаражаттарын, түсімді жинау және тасымалдау кезінде мүліктерді қорғауды қамтамасыз ететін персонал мен жабдықтардың көмегімен басқа да құнды заттарды тасымалдау
- құнды заттарды тасымалдау үшін брондалған автомобильдерді ұсыну
- оққағарлар көрсетілетін қызметтер
- жалғандық детекторында тексеру бойынша көрсетілетін қызметтер
- саусақ іздерін алу бойынша көрсетілетін қызметтер
- күзет қызметтері көрсетілетін қызметтер
- қауіпсіздік мақсатында кез келген жеткізушілердегі ақпаратты жою кіреді

80.10.2 Ұлттық компаниялар құрған күзет ұйымдарының қызметі

Бұл ішкі класқа:

- құрылтайшылар компанияларының және олармен үлестес заңды тұлғалар мүліктерінің сақталуын қамтамасыз ету
- тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін күзетуді қамтамасыз ету
- лаңкестікке қатысты осал объектілерді күзетуді қамтамасыз ету
- Қазақстан Республикасы аумағында теміржол, автомобиль, ауа, су, құбыр көлігімен тасымалданатын, шарт бойынша сеніп тапсырылған мүлікті күзетуді қамтамасыз ету
- құрылтайшылар компанияларының және олармен үлестес заңды тұлғалардың объектілерінде қауіпсіздікті тексеру функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету
- Қазақстан Республикасының аумағы, соның ішінде транзит бойынша тасымалданатын мүліктердің (қауіпті жүктер класына жатқызылған) сақталуын қамтамасыз ету кіреді

80.2 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелері саласындағы қызмет

80.20 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелері саласындағы қызмет

80.20.0 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелері саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа:

- орнату мен техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда, күзет және өрт сигнализациясы жүйелері сияқты электрондық қауіпсіздік жүйелерін бақылау немесе қашықтан басқару, бейнебақылауға арналған құралдар

- бақылауды немесе қашықтан басқаруды жүзеге асыруға байланысты механикалық немесе электрондық бекіту құрылғыларын, сейфтер мен құнды заттар қоймаларын орнату, қызмет көрсету, жөндеу және реттеу кіреді.

Осыған ұқсас қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарда қауіпсіздіктің осындай жүйелерін, механикалық немесе электронды бекіту құрылғыларын, сейфтер мен құнды заттар қоймаларын сатумен айналыса алады.

Бұл ішкі класқа:

- күзет және сигнализациясы сияқты қауіпсіздік жүйелерін оларды кейіннен бақылаусыз орнату, (43.21.9 қараңыз)

- электрлі қауіпсіздік жүйелерін, механикалық немесе электронды бекіту құрылғыларын, сейфтер мен мамандандырылған дүкендерде бағалы заттар қоймаларын бақылаусыз орнатусыз немесе техникалық қызмет көрсетусіз бөлшек саудада сату, (47.59 қараңыз)

- қауіпсіздікті қаматамасыз ету мәселелері бойынша консультация беру, (74.90.9 қараңыз)

- қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктікпен қамтамасыз ету бойынша қызмет, (84.24.0 қараңыз)

- кілттердің дубликаттарын дайындау бойынша көрсетілетін қызметтер кірмейді, (95.29.9 қараңыз)

80.3 Тергеу жүргізу бойынша қызмет

80.30 Тергеу жүргізу бойынша қызмет

80.30.0 Тергеу жүргізу бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа тергеу жүргізу бойынша қызмет және детективтердің көрсететін қызметтері кіреді. Сондай-ақ аталған ішкі класқа клиент типіне немесе тергеу мақсаттарына қарамастан, жеке детективтер қызметінің барлық түрлері енгізілген.

81 Ғимараттарға қызмет көрсету және аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет

Аталған бөлімге клиенттің объектілерінде қосалқы көрсетілетін қызметтер кешенін ұсыну, барлық типтегі ғимараттарды ішкі және сыртқы тазалау және жинастыру, өнеркәсіптік машиналар мен жабдықтарды тазалау, поездарды, автобустарды, ұшақтарды және т.б. жинау, автоцистерналар мен танкерлердің ішкі бөлігін тазалау, дезинфекциялау бойынша қызмет, ғимараттарды, поездарды, кемелерді дезинсекциялау және дератизациялау қызметі, бөтелкелерді жуу, көше сыпыру, қар мен мұзды жинау, ландшафты аумақтарды абаттандыру және қызмет көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну және осы қызметтерді ландшафты және/немесе жаяу жүретін жолдарды, тіреуіш қабырғалары, террасаларды, дуалдарды, тоғандарды және ұқсас имараттарды салу (орнату) бойынша жоспарларды әзірлеумен үйлестіре отырып ұсыну сияқты қосалқы көрсетілетін қызметтердің кең спектрін ұсыну кіреді.

81.1 Объектілерге кешенді қызмет көрсету

81.10 Объектілерге кешенді қызмет көрсету

81.10.0 Объектілерге кешенді қызмет көрсету

Осы ішкі класқа клиенттің объектілерінде қосалқы көрсетілетін қызметтердің кешенін ұсыну кіреді. Осы көрсетілетін қызметтерге жалпы жинастыру және ішкі үй-жайларға қызмет көрсету, қоқыс шығару, күзетті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, поштаны тарату, қабылдау қызметтің, кір жуу орындары көрсететін қызметтер қызметтері және қосалқы сипаттағы байланысты көрсетілетін қызметтер кіреді. Аталған қызмет түрлерін клиенттің коммерциялық немесе өзге де қызметінің негізгі бағыттары үшін жауапқа тартылмаған немесе жауап бермейтін қызмет көрсетуші персонал жүзеге асырады.

Бұл ішкі класқа:
- қосалқы көрсетілетін қызметтерден тек біреуін ғана ұсыну (мысалы, ішкі үй-жайларды жалпы жинастыру) немесе бір ғана функцияны орындау (мысалы, жылыту), (ұсынылатын қызметке сәйкес ішкі класын қараңыз)
- клиент кәсіпорынының, мысалы, қонақүйдің, мейрамхананың, шахтаның немесе ауруханаңың тіршілігін толық қамтамасыз ету үшін басқару және қызмет көрсету персоналын ұсыну, (кәсіпорынның қызметіне сәйкес келетін ішкі класын қараңыз)
- клиенттердің ақпараттық-коммуникациялық жабдықтарды және/немесе деректерді өңдеу құралдарын жедел басқару және пайдалану бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну, (62.03.2 қараңыз)
- сыйақы немесе шарт негізінде түзету мекемелерін басқару кірмейді, (84.23.0 қараңыз)

81.2 Жинастыру бойынша қызмет

Аталған топқа барлық типтегі ғимараттарды жалпы ішкі жинастыру, ғимараттарды сыртқы және мамандарылған тазалау, өнеркәсіптік машиналарды және жабдықтарды, автоцистерналар мен танкерлердің ішкі бөлігін тазалау, ғимараттар мен өнеркәсіптік машиналар мен жабдықтарды дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау, жуу, көше сыпыру, қар мен мұзды жинастыру қызметі кіреді.

Осы топқа:
- ауыл шаруашылығында өсімдіктерді зиянкестерден қорғау, (01.61.1 қараңыз)
- құрылыс біткен соң жаңа ғимараттарды жинастыру, (43.39.0 қараңыз)
- бумен тазалау, құмды ағыммен өңдеу және ғимараттардың сыртқы қабырғалары үшін өзге де ұқсас жұмыстар, (43.99.9 қараңыз)
- кілемдер мен кілем төсемдерді, шымылдықтар мен перделерді тазалау кірмейді, (96.01 қараңыз)

81.21 Ғимараттарды жалпы жинастыру

81.21.0 Ғимараттарды жалпы жинастыру

Бұл ішкі класқа офистер, үйлер немесе пәтерлер, зауыттар, дүкендер, мекемелер және коммерциялық, әкімшілік және өнекәсіптік мақсаттағы өзге де ғимарттарды, сондай-

көп-пәтерлі тұрғын үйлер сияқты ғимараттардың барлық типтерін жалпы (мамандандырылмаған) жинастыру кіреді.

Бұл қызмет негізінен үй-жайларының ішкі бөліктерін, сонымен бірге терезе немесе коридорлар сияқты олармен байланысты сыртқы объектілерді тазалауды немесе жууды кіргізуге болады.

Бұл ішкі класқа:

- мамандандырылған тазалау және терезелерді, каминдерді, түтіндіктерді, кіші пештерді, пештерді, қоқыс жағатын пештерді, қазандарды, желдеткіш құбырларды, сорғыш құрылғыларды тазарту сияқты үй-жайлардың ішін жинастыру бойынша қызмет кірмейді, (81.22.0 қараңыз)

81.22 Ғимараттарды жинастыру, өнеркәсіптік машиналар мен жабдықтарды тазалау бойынша өзге де (мамандандырылған) қызмет

81.22.0 Ғимараттарды жинастыру, өнеркәсіптік машиналар мен жабдықтарды тазалау бойынша өзге де (мамандандырылған) қызмет

Бұл ішкі класқа:

- офистерді, зауыттарды, дүкендерді, мекемелерді және өзге де коммерциялық, әкімшілік және өнеркәсіптік мақсаттағы ғимараттарды, сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үйлерді қоса алғанда, барлық типтегі ғимараттарды сыртқы тазалау
- терезелерді, каминдерді, түтіндіктерді, кіші пештерді, пештерді, қоқыс жағатын пештерді, қазандарды, желдеткіш құбырларды, сорғыш құрылғылар сияқты ғимараттарды мамандырылған тазалау және жинастыру бойынша қызмет
- өнеркәсіптік машиналар және жабдықтарды тазарту
- басқа топтамаларға енгізілмеген ғимараттар жинастыру және өнеркәсіптік машиналар мен жабдықтарды тазалау бойынша өзге де қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ғимараттардың сыртқы қабырғаларды бумен тазалау, құмды ағыммен өңдеу және ғимараттардың сыртқы қабырғалары үшін өзге де ұқсас жұмыстар кірмейді, (43.99.9 қараңыз)

81.29 Жинастыру бойынша өзге де қызмет

81.29.0 Жинастыру бойынша өзге де қызмет

Бұл ішкі класқа:

- жүзу бассейндерін тазалау және қызмет көрсету
- поездарды, автобустарды, ұшақтарды және т.б. жинастыру
- автоцистерналар мен танкерлердің ішкі бөліктерін тазалау
- дезинфекция, дезинсекция және дератизация бойынша қызмет
- бөтелкелерді жуу
- көше сыпыру, қар мен мұзды жинастыру
- басқа топтамаларға енгізілмеген жинастыру бойынша өзге де қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ауыл шаруашылығында өсімдіктерді зиянкестерден қорғау, (01.61.1 қараңыз)
- автомобильдерді тазалау және жуу кірмейді, (45.20 қараңыз)

81.3 Аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет

81.30 Аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет

81.30.0 Аумақтарды абаттандыру бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа:

- жекеменшік және мемлекеттік тұрғын ғимараттар, қоғамдық ғимараттар (мектептер, ауруханалар, әкімшілік ғимараттар, шіркеу және т.б.), қалалық аумақтар (парктерді, жасыл аймақтар, зираттар және т.б.), көлік магистральдары (автомобиль жолдары, теміржол және трамвай жолдары, су жолдары, порттар), өнеркәсіптік және сауда ғимараттары парктері мен бақтарын егу, күтім жасау және қызмет көрсету
- ғимараттар (үйлердің төбелеріндегі бақтар, фасадтардағы өсімдіктер, жабылған бақтар), спорт алаңдары (футбол алаңдары, гольфқа арналған алаңдар және т.б.), ойын алаңдары, күн ванналарын қабылдауға арналған көгалдар мен басқа да демалу орындары, ақпа және ақпайтын су көздерінің (су айдындары, батпақтар, тоғандар, жүзу бассейндері, жыралар, су алаңдары, суару каналдары) жасыл аймақтарын егу, күтім жасау және қызмет көрсету
- шуылдан, желден, эрозиядан, өткір жарықтан және визуалды шолудан қорғауға арналған өсімдіктерді егу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- сату мақсатында өсімдіктер өнімдерін, ағаштарды коммерциялық өндіру және өсіру, (01, 02-бөлімдерді қараңыз)
- ағаштар питомниктері мен орман питомниктерінің қызметі, (01.30.0, 02.10.0 қараңыз)
- ауыл шаруашылығында пайдалануға арналған ауылшаруашылық жерлерді ұстау, (01.61.1 қараңыз)
- аумақтарды аббатандыру мақсатындағы құрылыс бойынша қызмет, (F секциясын қараңыз)
- ландшафты дизайн және сәулет саласындағы қызмет кірмейді, (71.11 қараңыз)

82 Коммерциялық қызметті қолдауға бағытталған офистік әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет

Аталған бөлімге күнделікті офистік әкімшілік көрсетілетін қызметтердің кең спектрін, сондай – ақ сыйақыға немесе шарт негізінде басқа кәсіпорындар үшін ағымдағы қосалқы функцияларды ұсыну кіреді.

Аталған бөлімге сондай – ақ басқа топтамаларға енгізілмеген әдетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар ұсынатын қосалқы көрсетілетін қызметтерді кіреді.

Аталған бөлімде жіктелген кәсіпорындар кәсіпорын қызметінің толық спектрін жүзеге асыру үшін қызмет көрсетуші персоналды ұсынбайды.

82.1 Офистік әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет

Аталған топқа қаржылық жоспарлау, төлемге шоттарды қою мен есептілікті жүргізу, персоналды басқару мен материалдық құралдарды бөлу, шарт негізінде немесе сыйақыға басқа кәсіпорындар үшін хабарламалар мен материалдарды жіберу сияқты күнделікті офистік әкімшілік көрсетілетін қызметтердің кең спектрін ұсыну кіреді.

Аталған топқа сондай-ақ шарт негізінде немесе сыйақыға ағымдағы қосалқы функциялар болып табылатын, әдетте кәсіпорындар мен ұйымдар өздігінен орындайтын басқа кәсіпорындар үшін қосалқы қызмет кіреді.

Аталған топта жіктелген кәсіпорындар қызметінің толық спектрін жүзеге асыру үшін қызмет көрсетуші персоналды ұсынбайды. Нақты қызмет түрін жүзеге асыратын кәсіпорындар осы қызмет түріне сәйкес жіктеледі.

82.11 Кешенді офистік әкімшілік көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша қызмет

82.11.0 Кешенді офистік әкімшілік көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа шарт негізінде немесе сыйақыға басқа кәсіпорындар үшін "ресепшен" (яғни кездесулерді ұйымдастыру, келушілерді, клиенттерді қабылдау) қаржылық жоспарлау, төлемге шоттарды қою, персоналды басқару және пошта қызметтерін және т.б. сияқты күнделікті кешенді офистік әкімшілік көрсетілетін қызметтерді ұсыну кіреді.

Бұл ішкі класқа:
- аталған ішкі класта көрсетілген қызметтің нақты бір түрі ғана бойынша көрсетілетін қызметті ұсыну, (аталған қызмет түріне сәйкес класты қараңыз)
- оларға басшылық жасамай, қызмет көрсетуші персоналды іріктеу кірмейді, (78 қараңыз)

82.19 Құжаттарды көшіру, дайындау бойынша және өзге де мамандандырылған офистік қосалқы қызмет

82.19.0 Құжаттарды көшіру, дайындау бойынша және өзге де мамандандырылған офистік қосалқы қызмет

Осы ішкі класқа құжаттарды көшіру, дайындау бойынша және мамандандырылған офистік қосалқы қызметтерді кіреді. Осы ішкі класқа енгізілген құжаттарды көшіру мен басып шығару бойынша қызмет тек қана қысқа мерзімді баспа жұмыстарын қамтиды.

Бұл ішкі класқа:
- құжаттарды дайындау
- құжаттарды редакциялау және түзету
- мәтінді теру және электронды өңдеу
- хатшылық қосалқы көрсетілетін қызметтер
- құжаттарды көшіріп жазу мен басқа да хатшылық көрсетілетін қызметтер
- хаттар мен түйіндемелер құрастыру
- пошта жәшіктерін жалдау немесе сорттау, конвертке мекенжайды басу сияқты басқа да пошталық көрсетілетін қызметтерді ұсыну
- фотокөшірме
- төл-нұсқаларды дайындау
- жарықпен көшірме жасау
- басқа да құжаттық-көшірме қызметтері (офсеттік, жылдам, цифрлық басу, басуға дайындау сияқты баспа қызметтерін ұсынусыз) кіреді

Бұл ішкі класқа:

- құжаттарды (офсеттік басылым, жылдам басу және т.б.) басып шығару, (18.12.0 қараңыз)
- материалдарды басып шығаруға дайындау, (18.13.0 қараңыз)
- пошталық жарнама компанияларын әзірлеу және ұйымдастыру, (73.11.0 қараңыз)
- сот отырыстарын стенографиялау сияқты мамандандырылған стенографиялық қызметтер, (82.99.0 қараңыз)
- қоғамдық стенографиялық көрсетілетін қызметтер кірмейді, (82.99.0 қараңыз)

82.2 Телефонды анықтамалық - ақпараттық қызметтердің қызметі

82.20 Телефонды анықтамалық - ақпараттық қызметтердің қызметі

82.20.0 Телефонды анықтамалық - ақпараттық қызметтердің қызметі

Бұл ішкі класқа:

- операторларды қоңырауларды адресациялаудың автоматты жүйелерін, компьютерлік телефонияны, жауап берудің интерактивті жүйесін пайдалана отырып клиенттерден кіру қоңырауларын өңдеу немесе тапсырыстар алу, өнім туралы анықтамалық ақпаратты ұсыну, көмек көрсету туралы клиенттердің өтініштерін өңдеу немесе клиенттердің шағымдарын өңдеу бойынша телефонды анықтамалық-ақпараттық қызметтердің қызметі
- әлеуетті клиенттерге тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді сатуға, нарық коньюнктурасына зерттеу жүргізу, клиенттерге қатысты және қоғамдық пікірге сауал алу және сол тәрізді қызметке зерттеулер жүргізуге арналған ұқсас әдістерді пайдаланатын, шығыс қоңыраулары телефон орталықтарының қызметі кіреді

82.3 Конференциялар мен сауда көрмелерін ұйымдастыру

82.30 Конференциялар мен сауда көрмелерін ұйымдастыру

82.30.0 Конференциялар мен сауда көрмелерін ұйымдастыру

Бұл ішкі класқа кәсіби және сауда көрмелері, конгресстер, конференциялар мен іскерлі кездесулер сияқты іс – шаралар өтетін үй – жайлар мен ғимараттарды басқару үшін персоналды ұсынумен немесе ұсынусыз осындай іс-шараларды ұйымдастыру, жылжыту және/немесе басқару кіреді.

82.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген коммерциялық қосалқы көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша қызмет

Аталған топқа төлемдерді жинау жөніндегі агенттіктер, кредиттік бюролар қызметін және басқа топтамаларға енгізілмеген коммерциялық қызметті қолдауға бағытталған басқа да қызметті кіреді.

82.91 Төлемдерді жинау бойынша агенттіктер мен кредиттік бюролардың қызметі

82.91.1 Мемлекеттік кредиттік бюроның қызметі

Бұл кіші класқа:

- мемлекеттік кредиттік бюроның кредиттік тарих эталондық дерекқорын құру жөніндегі қызметі: кредиттік тарихты қалыптастыруды және кредиттік есептер беру
- кредиттік тарих субъектілерінің кредиттік скорингін есептеу бойынша қызмет көрсету кіреді

82.91.2 Мемлекеттік агенттіктерді қоспағанда, төлемдерді жинау бойынша агенттіктер мен кредиттік бюролардың қызметі

Бұл ішкі класқа:

- шоттар бойынша төлем немесе қарыздарды өндіріп алу бойынша көрсетілетін қызметтер сияқты шоттар бойынша төлемдерді жинау және жиналған төлемдерді клиенттерге аудару
- жекелеген жеке тұлғалардың кредит тарихы мен еңбек қызметі және кәсіпорындардың кредит тарихы туралы мәліметтер сияқты ақпараттарды жинау және осы жеке және заңды тұлғалардың кредиттік қабілеттілігін бағалауды талап ететін қаржылық мекемелерге, бөлшек сауда сатушыларына және басқа да субъектілерге ұсыну бойынша қызмет кіреді

82.92 Буып-түю

82.92.0 Буып-түю

Бұл ішкі класқа:

- процесстерінің автоматтандырылғанына немесе автоматтандырылмауына қатыссыз сыйақыға немесе шарт негізінде буып-түю бойынша қызмет: сусындар мен тамақ өнімдерін қоса алғанда, бөтелкелер мен құтыларды сұйық өнімдермен толтыру; қатты тауарларды блистер орамаға, жұқалтырға және т.б. буып-түю; қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, фармацевтикалық препараттарды буып-түю, этикетканы бекіту, орамаға таңба және жазба басу; пакеттерге буып-түю және сыйлықтарды буып-түю кіреді

Бұл ішкі класқа:

- алкогольсіз сусындар мен минералды суларды өндіру, (11.07.0 қараңыз)
- тасымалдауға байланысты буып – түю бойынша қызмет кірмейді, (52.29 қараңыз)

82.99 Басқа топтамаларға енгізілмеген коммерциялық қосалқы көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша өзге де қызмет

82.99.0 Басқа топтамаларға енгізілмеген коммерциялық қосалқы көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша өзге де қызмет

Бұл ішкі класқа:

- барлық сот мәжілістерін стенографиялық құжаттандыру мен стенографиялық жазбалар және келесіде сот отырыстарын стенографиялау; қоғамдық стенографиялық көрсетілетін қызметтер сияқты жазылған материалдарды таратып көрсетуді қамтамасыз ету
- тікелей эфирде жүріп жатқан телефизиялық бағдарламалар, кездесулер, отырыстар, конференциялар және т.б. тікелей трансляциясы барысында нақты уақыт режимінде (яғни синхронды) субтитрлер жіберу
- мекенжайларды штрих кодтаудың көрсетілетін қызметтер
- штрих кодтарды басу бойынша көрсетілетін қызметтер

- шарт негізде немесе сыйақыға қаражаттарды жинауды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер
- мүлікте иеленуді қалпына келтіру бойынша көрсетілетін қызметтер
- санауыштарынан тиындарды жинау бойынша көрсетілетін қызметтер
- аукциондарды ұйымдастыру және жүргізу бойынша қызмет
- сатып алушыларды тарту бағдарламаларын басқару
- жылыту, газ, су, электр шығысын есептеу аспаптары көрсетулерін алу
- басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де коммерциялық қосалқы көрсетілетін қызметтер кіреді

Бұл ішкі класқа:
- фильмдерде немесе пленкаларға атауларды немесе субтитрлерді басу, (59.12.0 қараңыз)
- құжаттарды қайта жазу бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну кірмейді, (82.19.0 қараңыз)

О СЕКЦИЯСЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС; МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Бұл секцияға әдетте мемлекеттік басқару органдары жүзеге асыратын мемлекеттік сипаттағы қызметті кіреді. Бұл секцияға нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, заңдарды және тиісті нормативтік құқықтық актілерді соттық түсіндіру, сондай-ақ оларға негізделген бағдарламаларды басқару, заң шығару саласындағы қызмет, салық салу, ұлттық қорғаныс, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көші-қон қызметтері, халықаралық қарым-қатынастар және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру кіреді.

Бұл секцияға қызметті жатқызу кезінде құқықтық немесе институционалдық мәртебе анықтаушы фактор болып табылмайды. Бұл жіктеуіштің басқа секцияларында жіктелген қызмет түрлері, тіпті оларды мемлекеттік басқару органдары жүзеге асыратын болса да осы секцияға енгізілмейтінін білдіреді. Мысалы, мектепте білім беру жүйесін басқару аталған секцияда (яғни, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, тексерулер өткізу, оқу жоспарларын құрастыру) жіктеледі, ал сабақ беру (P секциясында жіктеледі) оған жатқызылмайды, бас бостандығынан айыру орындарындағы ауруханалардың немесе әскери госпитальдің қызметі денсаулық сақтау ретінде жіктеледі (Q секциясын қараңыз). Осылайша, мемлекеттік емес ұйымдар аталған секцияға жатқызылған кейбір қызмет түрлерін орындай алады.

84 Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру

84.1 Жалпы сипаттағы мемлекеттік басқару және қоғамның әлеуметтік-экономикалық саясатын басқару

Аталған топқа жалпы сипаттағы мемлекеттік басқаруды (мысалы, үкіметтің барлық деңгейлерінде атқарушылық, заңнамалық, сот, қаржылық қызмет) әлеуметтік және экономикалық ахуал саласындағы мемлекеттік басқару кіреді.

84.11 Жалпы сипаттағы мемлекеттік басқару

Бұл класқа:
- ақшалай бюджетті орындау және мемлекеттік қорлар мен мемлекеттік қарыздарды басқару: қаражаттарды тарту және алу және олардың жұмсалуын бақылау

- жалпы (азаматтық) зерттеулер, стратегиялық даму және олармен байланысты құралдарды басқару
- мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлерінде жалпымемлекеттік әлеуметтік – экономикалық жоспарлау саласында жұмыс істеуін және басқаруды қамтамасыз ету кіреді

Бұл класқа:
- мемлекеттік немесе мемлекеттік органдар алып отырған ғимараттарға жетекшілік жасау, (68.2, 68.3 қараңыз)
- адамдардың жеке әл-ауқатын арттыруға бағытталған зерттеулер мен стратегиялық даму және олармен байланысты құралдарды басқару, (84.12.0 қараңыз)
- экономикалық өсім және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған зерттеулер мен стратегиялық дамуды басқару, (84.13.0 қараңыз)
- қорғаныс саласындағы зерттеулер мен стратегиялық даму және осы құралдарға байланысты басқару, (84.22.0 қараңыз)
- мемлекеттік архивтер қызметі кірмейді, (91.01.3 қараңыз)

84.11.1 Республикалық басқару органдарының қызметі

Бұл ішкі класқа:
- орталық басқару органдарының атқарушылық және заң шығару қызметі кіреді

84.11.2 Өңірлік басқару органдарының қызметі

Бұл ішкі класқа:
- облыстық аумақтық деңгейдің өкілдік басқару органдарының қызметі
- облыстық аумақтық деңгейдің басқару органдарының атқарушылық және өкілдік қызметі кіреді

84.11.3 Жергілікті басқару органдарының қызметі

Бұл ішкі класқа:
- қалалық, аудандық басқару органдарының атқарушылық және өкілдік қызметі
- қалалық, аудандықтың өкілдік басқару органдарының қызметі кіреді

84.11.4 Ауылдық және кенттік басқару органдарының қызметі

Бұл ішкі класқа:
- ауылдық және кенттік басқару органдарының атқарушылық және өкілдік қызметі
- ауылдық және кенттіктің өкілдік басқару органдарының қызметі кіреді

84.11.5 Салық салуға байланысты қызмет

Бұл ішкі класқа:
- салық салу: салық салу жүйелерін басқару, тауарларға салықтар мен баждарды жинау және салық заңнамасын бұзу оқиғаларын тергеу саласындағы басқару мен бақылау кіреді

84.11.6 Кеден қызметі

Бұл ішкі класқа кеден саясаты саласындағы басқару мен реттеу кіреді.

84.11.7 Статистика және әлеуметтану саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа:
- әртүрлі деңгейлердегі статистикалық қызметтердің қызметі
- социологиялық қызметтердің жұмыс істеуін және жетекшілік қамтамасыз ету кіреді

84.12 Әлеуметтік қамсыздандыруды қоспағанда, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және басқа да әлеуметтік көрсетілетін қызметтер мекемелерінің қызметін реттеу

84.12.0 Әлеуметтік қамсыздандыруды қоспағанда, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және басқа да әлеуметтік көрсетілетін қызметтер мекемелерінің қызметін реттеу

Бұл ішкі класқа:
- денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, демалыс, қоршаған ортаны қорғау, тұрғын үй құрылысы, әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну салаларында адамдардың жеке әл-ауқатын арттыруға бағытталған бағдарламаларды мемлекеттік басқару
- зерттеулер мен әлеуметтік даму стратегиясы және осы құралдарға байланысты басқару кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- мәдениет пен демалыс саласында қызметті қаржылық қолдау
- әртістерге мемлекеттік гранттарды бөлу
- тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз ету бағдарламаларын басқару
- қалдықтарды жинау және арылту бойынша қызметті бағдарламалық басқару
- қоршаған ортаны қорғау бойынша бағдарламалық басқару
- тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша бағдарламалық басқару кіреді

Бұл ішкі класқа:
- сарқынды суларды жинау және өңдеу, қалдықтардан арылту және ластануды жою, (37, 38, 39-бөлімдерді қараңыз)
- міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қызмет, (84.30.0 қараңыз)
- білім беру саласындағы қызмет, (P секциясын қараңыз)
- денсаулық сақтау саласындағы қызмет, (86-бөлімді қараңыз)
- музейлер мене басқа да мәдени мекемелер қызметі, (91-бөлімді қараңыз)
- мемлекеттік кітапханалар мен архивтердің қызметі, (91.01 қараңыз)
- спорттық қызмет және ойын-сауық пен демалысты ұйымдастыру бойынша өзге де қызмет кірмейді, (93-бөлімді қараңыз)

84.13 Экономикалық қызметті тиімді жүргізуді реттеу және жәрдемдесу

84.13.0 Экономикалық қызметті тиімді жүргізуді реттеу және жәрдемдесу

Бұл ішкі класқа:
- экономиканың әр түрлі секторларында: ауыл шаруашылығында, жерді пайдалануда, отын-энергетикалық және минералдық ресурстарды пайдалануда, инфрақұрылымда, көлікте, байланыста, қонақүй бизнесі мен туризмде, көтерме және бөлшек саудада субсидияларды бөлуді қоса алғанда, мемлекеттік басқару және реттеу

- экономикалық өсімді және бәсекелестікті арттыруға бағытталған зерттеулер мен стратегиялық даму және осы салаға байланысты құралдарды басқару
- жұмыс күшінің жұмыспен қамтылуына қатысты жалпы мәселелерді басқару
- өңірлік даму саясатын жүзеге асыру, мысалы, жұмыссыздық деңгейін төмендету кіреді

Бұл ішкі класқа:
- зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелерді жүргізу бойынша қызмет кірмейді, (72-бөлімді қараңыз)

84.2 Мемлекеттің қоғамға тұтастай көрсетілетін қызметтерді ұсынуы

Аталған топқа халықаралық қызмет, қорғаныс қызметі және қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет кіреді.

84.21 Халықаралық саясат

84.21.0 Халықаралық саясат

Бұл ішкі класқа:
- Сыртқы істер министрлігі мен шекарадан тыс немесе халықаралық ұйымдардың бөлімшелері жанында орналасқан дипломатиялық және консулдық мекемелерді басқару және жұмыс істеу
- әрекет ету саласы ұлттық шекаралардан тыс жерлерге таратылатын ақпараттық және мәдени қызметтерді басқару, реттеу және қолдау
- тікелей жіберілетін немесе халықаралық ұйымдар арқылы шет мемлекеттерге көмек көрсету
- шет мемлекеттерге әскери көмек ұсыну
- сыртқы сауданы, халықаралық қаржылық және халықаралық техникалық ынтымақтастықты басқару кіреді

Бұл ішкі класқа:
- апаттар салдарын жою немесе дүлей зілзалалар немесе апаттар нәтижесінде босқындарға көмек көрсету бойынша халықаралық көрсетілетін қызметтер кірмейді, (88.99.0 қараңыз)

84.22 Қорғаныс қызметі

84.22.0 Қорғаныс қызметі

Бұл ішкі класқа:
- ұлттық қорғаныспен, сондай-ақ құрлықтағы күштердің, теңіз флотының және әскери-әуе күштерінің әскери бөлімдері сияқты құрлықтағы және теңіздегі, әуе және космостық қарулы күштермен байланысты мәселелерді басшылыққа алу, бақылау, қадағалау және реттеу; инженерлік, көліктік әскерлер, байланыс, барлау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, штабтардың жеке құрамы және басқа да әскери емес бөлімдер; ұлттық қорғаныстың резервтік және көмекші күштері; әскери логистика (метериалдық бөлімді, инженерлік – техникалық бөлімді қамтамасыз ету, жабдықтау және т.б.); қарушы күштердің жеке құрамына далалық жағдайда медициналық қызмет көрсету бойынша қызмет
- азаматтық қорғаныс күштерін қолдау және жұмыс істеу, басқару

- төтенше жағдайларды жою жоспарларын әзірлеуге жәрдем көрсету және азаматтық мекемелер мен тұрғындарды тарта отырып, үйрету жаттығуларын өткізу
- қорғаныс және соған тиісті құралдар саласындағы зерттеулер және стратегиялық дамуды басқару кіреді

Бұл ішкі класқа:
- зерттеулер және эксперименттік әзірлемелер жүргізу бойынша қызмет, (72-бөлімді қараңыз)
- шет мемлекеттерге әскери көмек ұсыну, (84.21.0 қараңыз)
- әскери трибуналдар қызметі, (84.23.0 қараңыз)
- бейбіт уақытта болатын төтенше жағдайлар кезінде халықты бірінші кезектегі қажетті заттармен қамтамасыз ету, (84.24.0 қараңыз)
- әскери мектептер, колледждер мен академиялар жүзеге асыратын білім беру саласындағы қызмет, (85.4 қараңыз)
- әскери госпитальдар қызметі кірмейді, (86.10 қараңыз)

84.23 Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет

84.23.0 Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа:
- азаматтық және қылмыстық істер бойынша соттардың, әскери трибуналдар мен сот жүйесінің жұмысын басқару және жұмыс істеуі, соның ішінде қызмет көрсетулерді үкімет көрсеткен жағдайда, үкімет атынан немесе басқа тұлғалар атынан ұсынылатын соттарда өкілдік ету және консультация беру
- үкімдерді шығару және заңды түсіндіру
- азаматтық істер бойынша дауларды төрелікте талқылау
- түрмелерді басқару және оңалту қызметтерін қоса алғанда, сыйақы немесе шарт негізінде мемлекеттік немесе жеке мекемелер мен ұйымдар көрсететін түзету іс-шаралары саласында қызметтер көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:
- азаматтық, қылмыстық және басқа да істерде консультация беру және өкілдік ету, (69.10 қараңыз)
- түзету мекмелерінің аумағында орналасқан білім беру мекемелерінің қызметі, (85-бөлімді қараңыз)
- бас бостандығынан айыру орындарындағы ауруханалар қызметі кірмейді, (86.10.1 қараңыз)

84.24 Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет

84.24.0 Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа:
- мемлекеттік билік органдары қаржыландыратын тұрақты және қосалқы полиция күштерін, сондай-ақ порттық, шекаралық күштерді, жағалау күзеті күштерін және жол қозғалысын реттеуді, шетел азаматтарын тіркеуді, қамауға алуды қоса алғанда, басқа да арнайы полиция күштерінің жұмысын басқару және жұмыс істеуі
- бейбіт уақытта болатын төтенше жағдайлар кезінде халықты бірінші кезектегі қажетті заттармен қамтамасыз ету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- сот зертханаларын қызметі, (71.20 қараңыз)
- қарулы күштерге байланысты мәселелерді басқару және реттеу кірмейді, (84.22.0 қараңыз)

84.25 Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет

84.25.0 Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа:

- өрт сөндіру және өрттің алдын алу: өрттің алдын алу, өрт сөндіру, адамдар мен жануарларды құтқару, дүлей зілзалаларда, су тасқыны, жол-көлік оқиғалары кезінде көмек көрсету және т.б. айналысатын тұрақты және қосалқы өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметтерін басқару және жұмыс істеуі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- өртпен күресу және өртке қарсы орманды қорғау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну, (02.40.0 қараңыз)
- мұнай және газ кен орындарда өртті сөндіру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну, (09.10.0 қараңыз)
- мамандандырылмаған кәсіпорындар көрсететін әуежайларда өрт сөндіру және өртке қарсы шаралар бойынша көрсетілетін қызметтер кірмейді, (52.23.2 қараңыз)

84.3 Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қызмет

84.30 Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қызмет

84.30.0 Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы қызмет

Бұл ішкі класқа:

- мемлекет әлеуметтік сақтандыру бағдарламалары ұсынатын қамтамасыз ету және басқару: аурулар, өндірістегі жазатайым оқиғалардан және жұмыссыздықтан сақтандыру; зейнетақы төлеу, жүктілік және босану, уақытша еңбекке жарамсыздық, жесірлік немесе асыраушысынан айырылу салдарынан табысын жоғалтқан жағдайда жәрдемақы төлеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- міндетті емес әлеуметтік сақтандыру, (65.30 қараңыз)
- тұруды қамтамасыз етпей, әлеуметтік көмек және әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну кірмейді, (88.10.0, 88.99.0 қараңыз)

Р СЕКЦИЯСЫ БІЛІМ БЕРУ

Аталған секцияға кез келген деңгейдегі және кез келген мамандықты, күндізгі немесе сырттай, ізденуші ретінде, сондай-ақ радио немесе телевидение, Интернет желісі және пошталық корреспонденция арқылы білім беру кіреді.

Аталған секцияға әртүрлі деңгейлердегі тұрақты мектеп жүйесі шеңберінде әртүрлі мекемелер ұсынатын білім беру, сондай-ақ ересектерге арналған білім мен ересек халықтың сауаттылық деңгейін көтеру бойынша бағдарламалар кіргізіледі. Сондай-ақ әскери мектептер мен академиялар, түзету аумақтарында орналасқан білім берудің тиісті

деңгейіндегі мектептер енгізілген. Секцияда мемелкеттік, сонымен қатар жеке білім беру де қамтылған.

Білім берудің әрбір деңгейі дене және ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды арнайы оқытуды қамтиды.

Осы секцияға білім беру деңгейлері мен сатыларына қатысты келтірілетін түсіндірмелер Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіне (ХСБЖ) сүйенеді. ХСБЖ «0» деңгейін оқытуды ұсынатын білім мекемелерінің қызметі 85.10 класында, ХСБЖ «1» деңгейінде 85.20 класында, ХСБЖ «2-3» деңгейлерінде 85.3 тобында, ХСБЖ «4» деңгейінде 85.41 класында және ХСБЖ «5-6» деңгейінде 85.42 класында жіктелген.

Аталған секцияға сондай-ақ спорт және демалыс саласында, мысалы теннис немесе гольф ойнауды үйрету және қосалқы білім беру қызметі кіреді.

85 Білім беру

85.1 Мектепке дейінгі білім беру

85.10 Мектепке дейінгі білім беру

85.10.0 Мектепке дейінгі білім беру

Бұл ішкі класқа:

- мектепке дейінгі білім беру немесе "кіші жастағы балаларға білім беру" (ХСБЖ 0 деңгейі) кіреді. Мектепке дейінгі білім беру танымдық, физикалық, әлеуметтік эмоционалды дамытуды қолдау үшін және отбасылық жағдайдан бөлек ұйымдастыра оқытумен кіші жастағы балаларды таныстыру үшін кешенді тәсіл негізінде әзірленеді.

Бұл ішкі класқа:

- күндізгі уақытта балаларды күтіп қарау қызметі кірмейді, (88.91.0 қараңыз)

85.2 Бастауыш білім беру (1-ші деңгей)

85.20 Бастауыш білім беру (1-ші деңгей)

85.20.0 Бастауыш білім беру (1-ші деңгей)

Бұл ішкі класқа тарих, география, жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар, өнер және музыка сияқты басқа да пәндерді жалпы түсінумен қатар, оқуды, жазуды және математиканы оқытуды көздейтін бастауыш білім беру кіреді.

Бастауыш білім беру деңгейіне сондай-ақ, мазмұнының күрделілігі бойынша бастауыш білім беру бағдарламаларына ұқсас және бірінші деңгей оқушыларының әдеттегі жасынан үлкен ересектер мен жасөспірімдерге арналған формальды және формальды емес білім беру шеңберінде сауатсыздықты жою бойынша бағдарламалар (мысалы, ересектерге арналған сауаттылық бағдарламалары) жатады.

Бұл ішкі класқа:

- 85.5 тобында айқындалғандай, ересектерге арналған білім беру
- күндізгі уақытта балаларды күтіп қарау бойынша қызметі кірмейді, (88.91.0 қараңыз)

85.3 Орта білім беру (2-ші және 3-ші деңгейлер)

Осы топқа жалпы орта білім, техникалық және орта кәсіптік білім беруді ұсыну кіреді.

Аталған топқа:

- 85.5 тобында айқындалғандай, ересектерге арналған білім беру кірмейді

85.31 Негізгі және жалпы орта білім беру

85.31.0 Негізгі және жалпы орта білім беру

Бұл ішкі класқа адамның бүкіл өмір бойы оқуы мен дамуы үшін іргетас болатын және одан әрі білімін жалғастыруына мүмкіндік беретін білім беруді ұсыну кіреді. Осындай білім беретін оқу орындары үлкен пәндік бағдарлау бағдарламаларын ұсынады, онда мамандандырылған бірнеше ұстаз өздерінің арнайы пәндері бойынша сабақтар өткізеді.

Осы деңгейдегі пәндік мамандану, тіпті жалпы бағдарлама негізінде оқитындарға да біршама жиі әсер ете бастайды. Мұндай бағдарламалар оқушылардың техникалық және кәсіби білім алу немесе белгілі бір мамандануды таңдау қажеттілігінсіз жоғары оқу орнына түсуіне дайындауға арналған.

Бұл ішкі класқа:

- мектептегі міндетті оқу кезеңіне сәйкес келетін осы немесе басқа да шамадағы бастауыш жалпы орта білім беру
- негізінен жоғары оқу орнына түсуге даярлайтын жалпы орта білім беру кіреді

85.32 Техникалық және кәсіптік орта білім беру

Бұл класқа әдетте пәндік мамандануға және теориялық негіздер мен практикалық дағдыны оқытуға шоғырландырылған, әдетте кәсіби қызметтің қазіргі немесе болашақ түріне жалғасатын білім беру кіреді. Бағдарламаның мақсаты әртүрлі: оқушыны кәсіби қызметтің кең спектріне дайындаудан бастап, немесе нақты таңдалған кәсіпке дейін болуы мүмкін.

Бұл класқа:

- 85.4 тобына сәйкес келетін, жоғары білімге қарағанда едәуір төмен сатылы техникалық және кәсіптік білім беру кіреді

Бұл класқа сондай-ақ:

- гидтер-аудармашыларды, экскурсия жетекшілерін оқыту
- аспаздарды, қонақүйлер мен мейрамханалар қызметкерлерін оқыту
- визажистермен шаштаразларды дайындау
- компьютерлерді жөндеуге оқыту
- кәсіби жүргізушілер мектептерінде оқыту (мысалы, жүк автомобильдері, автобустар), кәсіби ұшқыштар құрамы мектептерінде оқыту кіреді

Бұл класқа:

- техникалық және кәсіптік жоғары білім беру, (85.4 қараңыз)

- хобби ретінде, демалыспен өзін-өзі дамыту мақсаттарында мәдениет саласында оқыту, (85.52.0 қараңыз)
- жүргізушілерді кәсіптік оқытуға арналмаған, жүргізушілерді даярлау үшін автомектептер қызметі, (85.53.0 қараңыз)
- жұмыс орнын ұсынбай әлеуметтік жұмыстың бөлігі ретінде кәсіптік бағдарлау курстарында оқыту кірмейді, (88.10.0, 88.99.0 қараңыз)

85.32.1 Кәсіптік-техникалық білім беру

Бұл ішкі класқа адамдарды білім беру ұйымдарында кәсіби қызметке дайындау және еңбек нарығына тікелей шығуға есептелген кәсіптік-техникалық білімді қамтамасыз ету кіреді

85.32.2 Орта арнаулы білім беру

Бұл ішкі класқа орта арнаулы білім алуды қамтамасыз ететін мекемелерде адамдарды кәсіптік қызметке дайындау кіреді.

Оқушылардың орта білім базасында оқу тәжірибесін иеленуіне, еңбек нарығына шығуға дайындыққа, сондай-ақ білімді жалғастыру мен жоғары білім алуға бағытталған.

85.4 Жоғары білім беру (5-ші, 6-ші, 7-ші, 8-ші деңгейлер)

Бұл топқа бакалавр дәрежесін алуға әкелетін орта білімнен кейінгі білімді, ғылыми дәреже алумен жоғары білімнен кейінгі білімді ұсыну кіреді. Орта білім туралы аттестаттың болуы түсуге қойылатын талап болып табылады.

Бұл топқа:
- 85.5 топта айқындалғандай, ересектерге арналған білім кірмейді

85.41 Орта білімнен кейінгі білім беру

85.41.0 Орта білімнен кейінгі білім беру

Бұл ішкі класқа жоғарғы білім беру болып саналмайтын орта немесе техникалық және кәсіби білім беру алғаннан кейінгі білім беруді ұсыну кіреді. Орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары техникалық, қызмет көрсету және басқару еңбегі мамандарын даярлауға бағытталған. Әдетте олар практикаға, кәсіби бағдарлануға және оқушыларды еңбек нарығына шығаруға дайындаумен байланысты. Алайда, бұл бағдарламалар да жоғары білім беру жүйесінде оқуды жалғастыру үшін жол аша алады.

85.42 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

85.42.1 Жоғары білім беру

Бұл ішкі класқа:
- мамандарға біліктілік және (немесе) «бакалавр» академиялық дәрежесін бере отырып дайындау, олардың кәсіби даярлықтарының деңгейін жүйелі түрде көтеру
- жоғары білім беруді ұсынатын мекемелердің қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- жоғары білім беруді ұсынатын көркемөнер академиясында, өнер мектептерінде оқыту кіреді

85.42.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

Бұл ішкі класқа:

- «магистр», «резидентура тыңдаушысы» академиялық дәрежесін және «докторант» ғылыми дәрежесін бере отырып мамандарды даярлау және олардың кәсіби даярлық деңгейін жүйелі түрде көтеру
- жоғары оқу орнынан кейінгі білімді ұсынатын мекемелердің қызметі кіреді

85.5 Білім берудің өзге де түрлері

Аталған топқа жалпы және кәсіптік білім берудің жалғасы болып табылатын, білім беру қызметін, сондай-ақ демалысты немесе өзін-өзі дамытудың кәсіби мақсаттарында тренингтер кіреді.

Аталған топқа 85.1-85.4 топтарда көрсетілген оқытуды қоспағанда, топтық немесе жеке оқытуды ұсынатын спорттық секциялар мен мектептердің денешынықтыру салансында, шет тілдерге оқыту, бейнелеу және драма өнеріне, музыкаға немесе басқадай оқытуды немесе арнаулы оқыту қызметі кіреді.

Аталған топқа 85.1-85.4 топтарында сипатталған білім беру қызметі, яғни мектепке дейінгі, бастауыш, орта немесе жоғары білім беру кірмейді.

85.51 Спорт және демалыс саласындағы білім беру

85.51.0 Спорт және демалыс саласындағы білім беру

Бұл ішкі класқа спорт секциялары мен мектептерде денешынықтыру саласында топтық немесе жеке оқытуды ұсыну кіреді. Спорттық тәулік бойы жұмыс істейтін жаттығу лагерлері де осы ішкі класқа енгізілген. Академиялық мектептер, колледждер мен университеттердің қызметтері енгізілмеген. Оқыту клиенттің немесе кәсіпорынның оқыту үй-жайлары, оқу орындары немесе басқа да жағдайлар сияқты әр түрлі үй-жағдайларда өткізілуі мүмкін. Осы ішкі класта ұсынылатын оқыту ресми түрде ұйымдастырылады.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- спорт ойындарына үйрету (бейсболға, баскетболға, волейболға, футболға және т.б.)
- спорт секцияларында үйрету
- гимнастикаға үйрету
- академияларда немесе мектептерде атқа салт мініп жүруге үйрету
- жүзуге үйрету
- әртүрлі спорт түрлерінде спорт нұсқаушыларының, мұғалімдерінің, жаттықтырушыларының қызметі
- әскери жекпе жекке үйрету
- карта ойындарын үйрету (мысалы, бридж)
- йогаға үйрету кіреді

Бұл ішкі класқа:

- мәдениет саласындағы білім беру кірмейді, (85.52.0 қараңыз)

85.52 Мәдениет саласындағы білім беру

85.52.0 Мәдениет саласындағы білім беру

Бұл ішкі класқа бейнелеу, драма өнерге және музыкаға үйретуді ұсыну кіреді. Оқытудың осындай типін ұсынатын мекемелер «мектептер», «студиялар», «сыныптар» және т.б. деп атауы мүмкін. Олар демалысты өткізу немесе өзін-өзі дамыту мақсаттары үшін негізінен хобби ретінде оқытуды ресми түрде ұсынады, бірақ мұндай оқу кәсіптік диплом, бакалавр немесе магистр дәрежелерін алуға әкелмейді.

Бұл ішкі класқа:
- музыка оқытушыларының қызметі және басқа да музыкалық оқу
- бейнелеу өнеріне үйрету
- би үйрету және би студияларының қызметі
- драма өнері мектептерінің қызметі (академиялықтан басқа)
- бейнелеу өнері мектептерінің қызметі (академиялықтан басқа)
- театр өнері мектептерінің қызметі (академиялықтан басқа)
- фотография мектептерінің қызметі (коммерциялықтан басқа) кіреді

Бұл ішкі класқа:
- шет тілдерін оқыту курстары кірмейді, (85.59.9 қараңыз)

85.53 Көлік құралдары жүргізушілерін дайындау мектептерінің қызметі

85.53.0 Көлік құралдары жүргізушілерін дайындау мектептерінің қызметі

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- коммерциялық сертификаттар мен лицензияларды бермей автомобильді көлік құралдарын, ұшу және жүзу кемелерін жүргізуге оқыту бойынша мектептердің қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- кәсіби жүргізушілерді оқытуға арналған мектептердің қызметі кірмейді, (85.32 қараңыз)

85.59 Басқа топтамаларға енгізілмеген білім берудің өзге де түрлері

85.59.1 Кешкі жалпы білім беретін мектептердің қызметі

85.59.2 Ұлттық компаниялар мен олардың еншілес ұйымдары ұсынатын білім беру түрлері

Бұл ішкі класқа:
- экономиканың әртүрлі салаларындағы бейіндік мамандардың біліктілігін арттыру
- экономиканың әртүрлі салаларының бейіндік мамандарын кәсіби қайта даярлау кіреді

85.59.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет

Бұл ішкі класқа:

- білім беру деңгейлері бойынша жіктелу мүмкін емес білім беру
- университеттерде кураторлық ету
- репетитор бойынша орталықтарында оқыту
- кәсіптік емтихандарға дайындау бойынша курстарда оқыту
- шет тілдері және қарым-қатынас дағдылары бойынша курстарда оқыту
- компьютерлік курстарда оқыту
- діни курстарда оқыту кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- су құтқарушылары курстарында оқыту
- аман қалу курстарында оқыту
- шешендік өнерге оқыту
- жылдам оқуға үйрету кіреді

Бұл ішкі класқа:
- ересектерге арналған сауаттылық бағдарламалары, (85.20.0 қараңыз)
- жалпы орта білім беру, (85.31.0 қараңыз)
- техникалық және орта кәсіби білім беру, (85.32 қараңыз)
- жоғары білім беру кірмейді, (85.4 қараңыз)

85.6 Білім беру саласындағы қосалқы қызмет

85.60 Білім беру саласындағы қосалқы қызмет

85.60.1 Ұлттық компаниялар мен олардың еншілес ұйымдары ұсынатын білім беру саласындағы қосалқы қызмет

Бұл ішкі класқа экономиканың әртүрлі салаларының бейіндік мамандарының біліктілігін растау кіреді

85.60.9 Білім беру саласындағы өзге де қосалқы қызмет

Бұл ішкі класқа білім беру процестері немесе жүйелері үшін қосалқы болып табылатын оқытумен байланысты емес көрсетілетін қызметтер:
- білім беру мәселелері бойынша консультация беру
- оқыту мамандығын таңдау кезінде кәсіби бағдарлау
- тестілерді бағалау бойынша қызмет
- тестілеуді жүргізу бойынша қызмет
- студенттермен алмасу бағдарламаларын ұйымдастыруды ұсыну кіреді

Бұл ішкі класқа:
- қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер және эксперименттік әзірлемелер кірмейді, (72.20 қараңыз)

Q СЕКЦИЯСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚҚА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Аталған секцияға денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы қызмет кіреді. Секцияға қызметке ауруханалық мекемелерде және басқа да мекемелерде білікті медициналық қызметкерлер көрсететін медициналық көрсетілетін

қызметтердің кең спектрін, қандай да бір білікті медициналық қызметкерлердің қатысуынсыз халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуге дейін медициналық қызмет көрсетудің ең төменгі деңгейімен тұру қамтамасыз ете отырып халыққа әлеуметтік көрсетілетін қызмет қызметтерді ұсыну кіреді.

86 Денсаулық сақтау саласындағы қызмет

Бұл бөлімге пациенттердің қысқа және ұзақ мерзімді болуымен кең профильді ауруханалар мен мамандандырылған ауруханалар, санаторийлер, емдеу-сауықтыру орындары, медициналық қызмет көрсетуі бар қарттар үйлері, психиатриялық, наркологиялық ауруханалар, ақыл-ой кемістігі бар адамдарға арналған мамандандырылған мекемелер, оңалту орталықтары, лепрозорилер және медициналық көрсеткіштерің кең спектрі бар, пациенттерді диагностикалауды, емдеуді, алдын алумен медициналық оңалтуды, емдеу, жүзеге асыратын пациенттердің тұруын жағдайы бар басқа да денсаулық сақтау мекемелері қызметі кіреді.

Осы бөлімге сондай-ақ жалпы профильді дәрігерлері (терапевттер), дәрігер-мамандар мен хирургтер ұсынатын медицинаның жалпы және мамандандырылған саласындағы медициналық консультациялар және емдеу кіреді. Осы бөлімге сондай-ақ жалпы және арнайы сипаттағы стомотологиялық қызмет, сондай-ақ ортодонтия саласындағы қызмет жатады. Бұл бөлімге қосымша немесе жұмыс істеп жүрген дәрігерлер медициналық көмек көрсететін ұйымдар емес, осындай қызметті заңды негізде жүзеге асыратын орта медицина персоналы орындайтын сауықтыру іс-шараларын өткізу бойынша қызмет кіреді.

86.1 Аурухана ұйымдарының қызметі

86.10 Аурухана ұйымдарының қызметі

Бұл класқа:

- пациенттер қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болатын ауруханалардың, яғни кең профильді аурханалардың медициналық, диагностикалық және емдеу қызметі (мысалы, республикалық, облыстық және аудандық ауруханалар, коммерциялық емес ұйымдардың ауруханалары, оқу орындарының ауруханалары, әскери госпитальдар мен түрме ауруханалары) және арнайы мақсаттағы ауруханалардың (наркологиялық және психиатриялық ауруханалар, жұқпалы аурулар аурханалары, перзентханалар, мамандандырылған санаторийлер) қызметі кіреді.

Қызмет негізінен стационарлық ауруханаларды емдеуге бағытталған, дәрігерлердің тікелей бақылауымен жүзеге асырылады және:

- медициналық қызметкерлер көрсететін қызметтері
- рентгенологиялық көрсетілетін қызметтерді, радиология мен анестезияны қоса, зертханалар мен техникалық қызметтердің көрсететін қызметтері
- жедел медициналық көмек көрсететін қызметтері
- операциялық, дәрілерді, тамақ дайындау бойынша көрсетілетін қызметтерді және ауруханаңың басқа да көрсететін қызметтері
- стерилизациялау мен жүктілікті тоқтату, тәулік бойы істейтін стационар сияқты емдеуді ұсынатын отбасын жоспарлау орталықтары көрсететін қазметтері кіреді

Бұл класқа:

- зертханалық талдаулар, медициналық препараттардан басқа, материалдар мен өнімдердің барлық типтерін тестілеуден өткізу бойынша қызмет, (71.20 қараңыз)

- ветеринариялық қызмет, (75.00.0 қараңыз)
- дала жағдайында қарулы күштердің жеке құрамына медициналық қызмет көрсету бойынша қызмет, (84.22.0 қараңыз)
- жалпы және арнайы сипаттағы стоматологиялық қызмет, мысалы, тістерді және ауыз қуысын емдеу, тістерді жұлу; ауыз қуысы патологиясын емдеу, ортодонтия саласындағы қызмет, (86.23.0 қараңыз)
- станционар пациенттеріне жеке медициналық консультанттардың көрсететін қызметтерін ұсыну, (86.2 қараңыз)
- медициналық зертханалар қызметі, (86.90.0 қараңыз)
- санитарлық-көлік құралдармен пациенттерді тасымалдау бойынша қызмет кірмейді, (86.90.0 қараңыз)

86.10.1 Кең профильді және мамандандырылған ауруханалар қызметі

86.10.2 Перзентханалардың қызметі

86.10.3 Санаториялық-курорттық ұйымдардың қызметі

86.10.4 Лепрозориялар қызметі

86.10.9 Стационарлары бар басқа да емдеу мекемелерінің қызметі

86.2 Дәрігерлік практика және стоматология саласындағы қызмет

Бұл топқа хирургтерді, тіс дәрігерлерін және т.б. қоса, жалпы профиль дәрігерлері мен дәрігер-мамандар өткізетін медициналық консультациялар мен емдеу кіреді.

Қызметтің осы түрлері жеке практика тәртібімен, дәрігерлер топтарымен, амбулаторлық пациенттер үшін емханаларда, кәсіпорындарда, мектептерде, қарттар үйлерінде, жұмысшылар ұйымдары мен өзге де одақтарда жұмыс істейтін медпункттерде, сондай – ақ үйде көмек көрсету көмек түрінде ұсынылады.

Бұл топқа сондай-ақ:
- станционар пациенттер жеке медициналық консультанттардың көрсететін қызметтерін ұсыну кіреді

86.21 Жалпы дәрігерлік практика

86.21.0 Жалпы дәрігерлік практика

Бұл ішкі класқа:
- жалпы профиль дәрігерлері көрсететін, жалпы медицина саласындағы медициналық консультациялар мен емдеу кіреді

Бұл ішкі класқа:
- ауруханалар қызметі, (86.10.1 қараңыз)
- акушердің, медбикелер мен физиотерапевттер сияқты орта медициналық персоналдың қызметі кірмейді, (86.90.0 қараңыз)

86.22 Арнайы дәрігерлік практика

86.22.0 Арнайы дәрігерлік практика

Бұл ішкі класқа:

- дәрігер-мамандар мен хирургтер ұсынатын медициналық консультациялар мен арнайы медицина саласындағы емдеу кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- стерилизациялау және жүктілікті тоқтату сияқты стационарда емдеуді ұсынатын отбасын жоспарлау орталықтарының қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- ауруханалардың қызметі, (86.10.1 қараңыз)
- акушердің, медбикелер мен физиотерапевттер сияқты орта медициналық персоналдың қызметі кірмейді, (86.90.0 қараңыз)

86.23 Стоматологиялық қызмет

86.23.0 Стоматологиялық қызмет

Бұл ішкі класқа:

- жалпы және арнайы сипаттағы стоматологиялық қызмет, мысалы, тістерді және ауыз қуысын емдеу саласындағы қызмет, тістерді жұлу; ауыз қуысы патологиясын емдеу
- ортодонтия саласындағы қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- операциялық стоматологиялық қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа:

- жасанды тістерді, тіс протездері мен техникалық тіс зертханаларында протез құралдарын өндіру, (32.50.3 қараңыз)
- ауруханалар қызметі, (86.10.1 қараңыз)
- стоматолог-гигиенистер сияқты стоматологиялық орта медициналық қызметкерлердің қызметі кірмейді, (86.90.0 қараңыз)

86.9 Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет
86.90 Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет

86.90.0 Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет

Бұл ішкі класқа:

- ауруханалық ұйымдар және емдеуші дәрігерлер немесе стоматологтар жүзеге асырмайтын денсаулық сақтау саласындағы қызмет: медбикелердің, акушерлермен, физиотерапевттер мен оптометрия, гидротерапия, емдік массаж, еңбек терапиясы, сөйлеу жүйесінің ақауларын, аяқ ем да жасау, гомеопатия, мануальдық терапия, инемен емдеу және т.б. саласындағы басқа да орта медицина персоналының қызметі кіреді.

Бұл қызмет түрлері ауруханалардан басқа, кәсіпорындарда, сондай-ақ мектептерде, қарттар үйлерінде, жұмыс ұйымдарында және өзге де бірлестіктерде, стационарлы емдеу мекемелерінде жұмыс істеп тұрған медпункттерде, жеке консультация беру кабинеттерінде, пациенттердің үйлерінде немесе басқа да жерлерде жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- тіс дәрігерлері-терапевттер, мектеп жанындағы стоматологиялық кабинеттердегі медициналық бикелер мен стоматологиялық профиль дәрігерінің тұрақты бақылауымен өздігінен жұмыс істей алатын және гигиенист-стоматологтар сияқты орта медициналық стоматологиялық персоналдың қызметі
- рентген зертханалары мен басқа да диагностикалық орталықтар, қан талдауларын жүргізетін зертханалар сияқты медициналық зертханалардың қызметі
- трансплатанцияға арналған қан, шәует, органдар және т.б. банкілер қызметі
- ұшақтарды қоса алғанда, пациенттерді кез келген санитариялық-көлік құралдарымен тасымалдау кіреді. Осы көрсетілетін қызметтерді көбінесе қиын жағдайлар кезінде жедел медициналық көмек қызметі жиі ұсынады

Бұл ішкі класқа:
- тіс техникасы зертханаларында жасанды тістерді, тіс протездерін, тіс қалыптары мен өзге протез құрылғыларын жасау, (32.50.3 қараңыз)
- пациенттердің өмірін сақтау үшін жабдықтарсыз және медициналық қызметкерлердің көрсететін қызметінсіз тасымалдау, (49, 50, 51 қараңыз)
- медициналық емес зертханалық талдауларды және зерттеулерді жүргізу бойынша қызмет, (71.20 қараңыз)
- тағам гигиенасы саласында зерттеулер жүргізу бойынша қызмет, (71.20 қараңыз)
- ауруханалық ұйымдардың қызметі, (86.10 қараңыз)
- дәрігерлік практика мен стоматология саласындағы қызмет, (86.2 қараңыз)
- тұруды қамтамасыз ете отырып орта медициналық қызметкерлердің көрсететін қызметтерімен әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну кірмейді, (87.10.0 қараңыз)

87 Тұруды қамтамасыз етумен әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Бұл бөлімге мекемелерде тұратын азаматтарға медициналық бикелердің көрсететін қызметтерін, қадағалау бойынша көрсетілетін қызметтер немесе көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін үйлестіре отырып тұруды қамтамасыз етумен әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну кіреді. Мұндай мекемелер өндірістік процестің аса маңызды бөлігі болып табылады және көрсетілетін әлеуметтік қызметтер медициналық және әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің жиынтығы болып табылады.

87.1 Тұруды қамтамасыз етумен орта медициналық қызметкерлердің көрсететін қызметтерімен бірге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

87.10 Тұруды қамтамасыз етумен орта медициналық қызметкерлердің көрсететін қызметтерімен бірге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

87.10.0 Тұруды қамтамасыз етумен орта медициналық қызметкерлердің көрсететін қызметтерімен бірге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Бұл ішкі класқа:
- медбикелердің көрсететін қызметтерімен қарттарға және мүгедектерге арналған интернат-үйлердің, оңалту орындарының, медбикелердің көрсететін қызметтерімен демалыс үйлерінің, медбикелердің көрсететін қызметтерімен өзге де мекемелердің қызметі, мысалы, медбикелер күтім жасайтын ауруханалар қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- білікті медицина қызметкерлерін үйге келіп көрсететін қызметтері, (86-бөлімді қараңыз)
- пациенттер минималды күтімінсіз немесе осындай күтіммен қарттар үйлерінің қызметі, (87.30.0 қараңыз)
- жетімдер үйлері, балалар үйлері, нәрестелер үйлері, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған уақытша тұратын үйлер сияқты мекемелерде тұруды қамтамасыз етумен әлеуметтік қызмет көрсету кірмейді, (87.90.0 қараңыз)

87.2 Психикасының бұзылуы (сырқаттармен), ақыл-ой және дене кемістіктері, маскүнемдік пен есірткіге тәуелділікке ұшыраған адамдарға тұруды қамтамасыз етумен әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

87.20 Психикасының бұзылуы (сырқаттармен), ақыл-ой және дене кемістіктері, маскүнемдік пен есірткіге тәуелділікке ұшыраған адамдарға тұруды қамтамасыз етумен әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

87.20.0 Психикасының бұзылуы (сырқаттармен), ақыл-ой және дене кемістіктері, маскүнемдік пен есірткіге тәуелділікке ұшыраған адамдарға тұруды қамтамасыз етумен әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Бұл ішкі класқа психикасының бұзылуы (сырқаттармен), ақыл-ой және дене кемістіктері, маскүнемдік пен есірткіге тәуелділікке ұшыраған адамдарға тұруды қамтамасыз етумен (ауруханаларда қызмет көрсетуден басқа) әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну кіреді. Мұндай ұйымдар тұратын орын, тамақтандыру, қадағалау, консультация беру және аз мөлшерде медициналық қызмет көрсетуді ұсынады.

Бұл ішкі класқа:
- маскүнемдік пен есірткіге тәуелділікке ұшыраған адамдарды оңалту мекемелерінің, психиатриялық оңалту мекемелерінің, психикалық және эмоционалдық күйзелістері бар, ақыл-ой дамуының бөгелісі бар адамдарға арналған үйлердің қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- психиатриялық ауруханалардың қызметі, (86.10.1 қараңыз)
- тұрақты мекен-жайы жоқ адамдарға арналған жетімдер үйлерінде уақытша тұру сияқты тұруды қамтамасыз етумен әлеуметтік қызмет көрсету кірмейді, (87.90.0 қараңыз)

87.3 Тұруды қамтамасыз етумен егде азаматтар мен мүгедектерге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

87.30 Тұруды қамтамасыз етумен егде азаматтар мен мүгедектерге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

87.30.0 Тұруды қамтамасыз етумен егде азаматтар мен мүгедектерге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Бұл ішкі класқа өз-өзіне толық қамқорлық ете алмайтын және/немесе өздігінен өмір сүргісі келмейтін егде азаматтар мен мүгедектерге әлеуметтік және жеке көрсетілетін қызметтерді ұсыну кіреді. Күту әдетте, бөлме, тамақ беру, қадағалау, жинау сияқты

күнделікті үй жұмысына көмектесуді қамтиды. Кейбір жағдайларда мұндай мекемелер жеке үй-жайларда білікті орта медицина персоналының көмегін ұсынады.

Бұл ішкі класқа:

- егде және іс-әрекетке қабілетсіздерге көмек көрсететін ұйымдар
- жалғыз басты қарттарға арналған арнайы үйлер
- орта медициналық персонал аз мөлшерде қызмет көрсететін қарттар мен мүгедектер үйлері
- медициналық қызмет көрсетусіз жоқ демалыс үйлерінің қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- медбикелердің көрсетілетін қызметтерімен қарттар үй-интернаттарының қызметі, (87.10.0 қараңыз)
- емдеу мен білім алу негізгі элементтер болып табылмайтын жағдайда тұруды қамтамасыз етумен әлеуметтік қызмет көрсету кірмейді, (87.90.0 қараңыз)

87.9 Тұруды қамтамасыз етумен озге де әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

87.90 Тұруды қамтамасыз етумен озге де әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

87.90.0 Тұруды қамтамасыз етумен озге де әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Осы ішкі класқа өзін-өзі толық күте алмайтын немесе өз бетімен өмір сүргісі келмейтін егде азаматтар мен мүгедектерден басқа әлеуметтік және жеке қызметтерді ұсыну кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- балаларға және мүмкіндіктері шектеулі адамдардың айырықша санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған тәулік бойы жүзеге асырылатын қызмет, бірақ мұнда емдеу және білім алу негізгі элементтер болып табылмайды: жетімдер үйінің, интернаттар мен балалар үйлерінің, тұрақты тұратын жері жоқ адамдарға арналған уақытша баспаналардың, жалғыз басты әйелдер мен олардың балаларына күтім жасайтын мекемелердің қызметі кіреді

Бұл қызметті мемлекеттік немесе жекеменшік ұйымдар жүзеге асыра алады.

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- әлеуметтік немесе жеке проблемалары бар адамдарға арналған үйлердің, бірінші рет сотталған адамдар және құқық бұзушыларға арналған түзеу мекемелері, кәмелеттік жасқа толмаған түзету орталықтарының қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- әлеуметтік сақтандыру міндетті бағдарламаларын қаржыландыру және оларды басқару, (84.30.0 қараңыз)
- орта медициналық қызметкерлердің қызметімен бірге әлеуметтік қызметтерді ұсыну, (87.10.0 қараңыз)

- тұру орнын қамтамасыз ете отырып егде азаматтарға және мүгедектерге әлеуметтік қызметтерді ұсыну, (87.30.0 қараңыз)
- бала асырап алу қызметі, (88.99.0 қараңыз)
- табиғи зілзаладан зардап шеккендерге арналған қысқа мерзімді баспаналарды ұсыну кірмейді, (88.99.0 қараңыз)

88 Тұруды қамтамасыз етусіз әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Бұл бөлімге клиенттерге тікелей тұрақты немесе бір реттік әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну кіреді. Қызметке уақытша негізде қызмет көрсетуден басқа, тұру орнын қамтамасыз ету кірмейді.

88.1 Егде азаматтар мен мүгедектер үшін тұруды қамтамасыз етусіз әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

88.10 Егде азаматтар мен мүгедектер үшін тұруды қамтамасыз етусіз әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

88.10.0 Егде азаматтар мен мүгедектер үшін тұруды қамтамасыз етусіз әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Бұл ішкі класқа:
- әлеуметтік қызмет көрсету, консультация беру, мекенжайы бойынша немесе басқа орындарда егде азаматтарға және мүгедектерге көрсетілетін қайырымдылық және ұқсас көрсетілетін қызметтер кіреді. Осындай қызметтерді мемлекеттік мекемелер немесе жекеменшік ұйымдар, ұлттық немесе жергілікті ұйымдар өзара көмек ретінде, сондай-ақ кеңес беру қызметтерін ұсынатын мамандар жүргізуі мүмкін: егде азаматтар мен мүгедектерге бару; егде азаматтар мен мүгедектерге жасалатын күндізгі күтім; кәсіби сауықтыру және оқыту негізгі (басым) компонент болып табылмау шартымен мүгедектерді белгілі бір қызмет түріне дайындау

Бұл ішкі класқа:
- әлеуметтік сақтандыру міндетті бағдарламаларын қаржыландыру және оларды басқару, (84.30.0 қараңыз)
- осы класта сипатталғанға ұқсас, бірақ тұруды қамтамасыз ететін қызмет түрлері, (87.30.0 қараңыз)
- мүгедек балаларға жасалатын күндізгі күтім кірмейді, (88.91.0 қараңыз)

88.9 Тұруды қамтамасыз етусіз өзге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

88.91 Балаларға жасалатын күндізгі күтім

88.91.0 Балаларға жасалатын күндізгі күтім

Бұл ішкі класқа:
- балаларға жасалатын күндізгі күтім (бөбекхана, бала-бақшалар), соның ішінде мүгедек балаларға жасалатын күндізгі күтім қызметі кіреді

88.99 Басқа топтамаларға енгізілмеген, тұруды қамтамасыз етусіз өзге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

88.99.0 Басқа топтамаларға енгізілмеген, тұруды қамтамасыз етусіз өзге әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Бұл ішкі класқа:

- әлеуметтік сипаттағы көрсетілетін қызметтер, консультациялар, материалдық көмек, босқындарға көмек және бөлек тұлғаларға және мекенжайы бойынша жанұяларға немесе басқа жерлерде ұқсас көрсетілетін қызметтер ұсыну кіреді. Бұл көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік мекемелер немесе жекеменшік ұйымдар, ұлттық немесе жергілікті ұйымдар мүмкін, сондай-ақ кеңес беру өзара көмек ретінде көрсетуі: балалар мен жасөспірімдердің мен тәрбиесін басшылыққа қызметі; бала асырап алу (қыз асырап алу) қызметі, балалар мен басқа тұлғаларға қатысты қатыгездіктің алдын алу жөніндегі қызмет; үй бюджетін жүргізу, неке және отбасы мәселелері бойынша, тұтынушы несие және берешек бойынша консультация; жергілікті деңгейдегі әлеуметтік қызметтерді ұсыну (қауымға немесе белгілі бір жердің тұрғындарына) қызметі; табиғи апат құрбандарына, босқындарға, иммигранттарға және т.б. көмек көрсету жөніндегі қызмет; соның ішінде оларға уақытша тұруға орын немесе ұзақ мерзімге баспана беру; оқыту негізгі (басым) компонент болмау шартымен, жұмыссыздарды қызметтің белгілі бір түріне дайындау және кәсіби оңалту; жалға алынған үйдің төлемін (тұрғын-үй субсидиялар) немесе азық-түлік талондарын төлеуге әлеуметтік көмекті алу құқығын анықтау, үйсіздер және басқа әлеуметтік әлсіз топтарға арналған күндізгі жетімханалардың қызметі; қаржы жинау немесе әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынумен байланысты көмек көрсету жөніндегі басқа қызмет сияқты қайырымдылық қызметі

Бұл ішкі класқа:

- әлеуметтік сақтандыру міндетті бағдарламаларын қаржыландыру және оларды басқару, (84.30.0 қараңыз)
- осы ішкі класта сипатталғанға ұқсас, бірақ тұруды қамтамасыз ететін қызмет түрлері кірмейді, (87.90.0 қараңыз)

R СЕКЦИЯСЫ ӨНЕР, ОЙЫН-САУЫҚ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС

Осы секцияға әртістік қызметін, музейлер қызметін, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, құмарлық ойындарын және лотереяларды ұйымдастыру, спорт саласында, демалыс және ойын-сауық іс-шараларын қоса алғанда, мәдениет, ойын-сауық, демалыс саласындағы қызмет түрлерінің кең спектрі кіреді.

90 Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет

Бұл бөлімге тұтынушылар үшін ойын-сауық және мәдени мүдделері бар көрсетілетін қызметтерді ұсыну және өнер объектілерінің қызметі кіреді. Бұл бөлімге көрмелер және мәдени-көріністік іс-шараларды көрсету және өткізу, ұйымдастыру, дайындау, көпшілікке көруге арналған көрмелерге қатысу; көркем шығармаларды және өз даусымен өнер көрсетуді ұйымдастыру үшін көркем, шығармашылық немесе техникалық персонал беру кіреді.

Бұл бөлімге:

- барлық түрдегі музейлердің қызметі, ботаникалық және зоологиялық бақтардың, тарихи жерлерді қорғау, табиғи қорықтардың қызметі, (91 бөлімді қараңыз)
- құмарлық ойындарды және бәс тігуді ұйымдастыру қызметі, (92 бөлімді қараңыз)
- спорт, демалыс және ойын-сауық саласындағы қызмет кірмейді, (93 бөлімді қараңыз)

Мәдени, ойын-сауық және демалыс саласында объектілер және қызметтер ұсынатын кейбір кәсіпорындар, басқа ішкі кластарда жіктеледі:
- кино-, бейнефильмдер шығару және оларды тарату, (59.11.0, 59.12.0, 59.13.0 қараңыз)
- кинофильмдер көрсету жөніндегі қызмет, (59.14.0 қараңыз)
- радио- және телехабарлар тарату, (60.10.0, 60.20.0 қараңыз)

90.0 Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет

Бұл топқа өнер саласындағы, әртістік қызмет және ілеспе қызмет түрлері кіреді.

90.01 Әртістік қызмет

Бұл класқа:
- жеке театр немесе әртістік агенттерінің немесе агенттіктердің қызметі, (74.90.9 қараңыз)
- актерлерді іріктеу бойынша қызмет кірмейді, (78.10.0 қараңыз)

90.01.1 Театр қызметі

Бұл ішкі класқа:
- театр қойылымдары, опералық қойылымдарды көрсету және қою: театр топтардың қызметі кіреді

90.01.2 Концерт қызметі

Бұл ішкі класқа:
- концерттер, би және өзге де сахналық қойылымдарын көрсету және қою
- музыкалық топтардың, оркестрлер мен ансамбльдердің қызметі
- актерлар, бишілер, музыканттар, жеке жұмыс істейтін сөйлеу жанры орындаушыларының қызметі кіреді

90.01.3 Цирк қызметі

90.02 Мәдени-ойын-сауықтық іс-шараларды өткізуге мүмкіндік беретін қызмет

90.02.0 Мәдени-ойын-сауықтық іс-шараларды өткізуге мүмкіндік беретін қызмет

Бұл ішкі класқа:
- театр қойылымдарын, концерттер, опералық қойылымдарды немесе би және өзге де сахналық қойылымдарды қойған кезде: директорлардың, қоюшы-режиссерлердің, безендіруші-суретшілердің және сахна декораторларының, сахна жұмыскерлерінің, жарықтандыру инженерлерінің және т.б. қосалқы қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ өз жабдығымен және аппаратурамен жабдықсыз мәдени-ойын-сауық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша ұйымдастырушылардың немесе продюсерлердің қызметі кіреді.

Бұл ішкі класқа:
- дербес театр немесе көркемдік агенттерінің немесе агенттіктердің қызметі, (74.90.9 қараңыз)
- актерлерді іріктеу бойынша қызмет кірмейді, (78.10.0 қараңыз)

90.03 Көркем және әдеби шығармашылық

90.03.0 Көркем және әдеби шығармашылық

Бұл ішкі класқа:
- жеке жұмыс істейтін мүсіншілер, суретшілер, суретшілер-мультипликаторлар, безеушілер, офортистер және т.б. қызметі
- фантастика, техникалық әдебиет және т.б. барлық жанрларда жеке жұмыс істейтін жазушылардың қызметі
- тәуелсіз журналистер қызметі
- сүреттер және т.б. сияқты өнер туындыларын қалпына келтіру кіреді

Бұл ішкі класқа:
- өнер туындысы болып табылмайтын табиғи тастан мүсіндер жасау, (23.70.0 қараңыз)
- органдар мен өзге көне музыкалық аспаптарды реставрациялау, (33.19.0 қараңыз)
- көркем фильмдер және бейнеөнімдерді өндіру бойынша қызмет, (59.11.0, 59.12.0 қараңыз)
- жиһаздарды қалпына келтіру (музей реставрациясын қоспағанда) кірмейді, (95.24.0 қараңыз)

90.04 Концерттік және театр залдарының қызметі

90.04.0 Концерттік және театр залдарының қызметі

Бұл ішкі класқа:
- концерт және театр залдары мен басқа өнер объектілерінің қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- кинотеатрлар қызметі, (59.14.0 қараңыз)
- билет сату жөніндегі агенттіктерінің қызметі, (79.90.0 қараңыз)
- барлық түрдегі музейлердің қызметі кірмейді, (91.02.0 қараңыз)

91 Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің және өзге де мәдениет саласындағы қызметтер

Бұл бөлімге кітапханалар мен архивтер қызметі; барлық түрлері музейлердің, ботаникалық бақтар мен зоологиялық парктердің қызметі; тарихи орындар мен табиғи қорықтар қызметі кіреді. Осы бөлімге сондай-ақ тарихи, мәдени немесе білім беру мақсатында ұсынылған табиғат кешендері мен тарихи – мәдени мұраларды, орындарды сақтау, қорғау және дәріптеу (мысалы, әлемдік мұра объектілері және т.б.) кіреді

Бұл бөлімге:
- жағажайлардың және мәдениет пен демалыс парктерінің қызметі сияқты спорттық және ойын-сауық қызметі кірмейді, (93 бөлімді қараңыз)

91.0 Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің және өзге де мәдениет саласындағы қызметтер

91.01 Кітапханалар және архивтердің қызметі

91.01.1 Фильм және фонотека қызметі

Бұл ішкі класқа:
- кітапханалардың суреттер және кино жүргізу
- фильмдерді, жазбалар, магниттік таспалар, өнер туындылары және т.б. сақтау және беру кіреді

91.01.2 Оқырмандар залын, лекторийлер, көрсету залдарының қызметін қоса алғанда кітапхана қызметі

Бұл ішкі класқа:
- барлық кітапхана түрлері ұсынатын құжаттамамен және ақпаратпен байланысты қызмет, студенттер, ғылыми қызметкерлер, белгілі бір ұйымның қызметкерлері сияқты жекелеген пайдаланушылар санаттарына қызмет көрсететін оқу, тыңдау және көруге арналған залдардың қызметі: мамандандырылған немесе мамандандандырылмаған ақпараттарды жинау; каталогтар құру; кітаптар, карталар, мерзімдік басылымдарды шығару және сақтау; ақпараттық сұрауларға сәйкес ақпарат жинау және т.б. кіреді

91.01.3 Архивтер қызметі

Бұл ішкі класқа:
- мемлекеттік архивтер қызметі кіреді

91.01.4 Кітап палаталарының қызметі

91.02 Музейлер қызметі

91.02.0 Музейлер қызметі

Бұл ішкі класқа:
- барлық түрдегі музейлердің: көркем музейлердің, зергерлік бұйымдар, жиһаздар, костюмдер, қыш, күміс бұйымдары, ғылымдары мен технологиялар мұражайларының, жаратылыстану музейлерінің; әскери музейлерді қоса, тарихи, басқа мамандандырылған музейлердің, ашық алаңдағы музейлердің қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- коммерциялық суреттер галереясының қызметі, (47.78 қараңыз)
- көркем туындылар мен музей коллекциялары объектілерін қалпына келтіру, (90.03.0 қараңыз)
- кітапханалар мен архивтер қызметі кірмейді, (91.01 қараңыз)

91.03 Тарихи орындар мен ғимараттар және ұқсас туристік көрікті жерлер

91.03.0 Тарихи орындар мен ғимараттар және ұқсас туристік көрікті жерлер

Бұл ішкі класқа:

- тарихи орындар мен тарихи-мәдени мұра объектілерінің, соның ішінде тарих пен мәдениет ескерткіштерін жұмыс істеу және қорғауі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- тарихи орындар мен ғимараттарды қалпына келтіру және жаңарту кірмейді, (F секцияны қараңыз)

91.04 Ботаникалық бақтардың, хайуанаттар бақтары мен табиғи қорықтардың қызметі

91.04.1 Ботаникалық бақтар мен хайуанаттар бақтарының қызметі

Бұл ішкі класқа:

- балаларға арналған хайуанаттар бақтарын қоса, ботаникалық бақтар мен хайуанаттар бақтарының қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- бақтар мен парктерді көріктендіру бойынша қызмет кірмейді, (81.30.0 қараңыз)

91.04.2 Табиғи қорықтар, жабайы табиғатты қорғау қызметі

Бұл ішкі класқа:

- жабайы табиғатты қорғау және т.б. бойынша қызметті қоса алғанда табиғи қорықтар қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- спорттық балық аулау мен аңшылықтағы қорықтар қызметі кірмейді, (93.19.0 қараңыз)

92 Құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру бойынша қызмет

Аталған бөлімге казино, бинго залдары мен бейне ойындар терминалдары құмар ойындар мекемелерінің қызметін және лотерея мен бәс тігу ұйымдастыру мен өткізу сияқты құмар ойындар бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну кіреді.

92.0 Құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру бойынша қызмет

92.00 Құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру бойынша қызмет

92.00.0 Құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру бойынша қызмет

Бұл ішкі класқа:

- лотерея билеттерін сату
- ойын автоматтарын пайдалану
- виртуалды құмар ойындармен сайттардың қызметі
- букмекерлік кеңселер және бәс тігу бойынша өзге де операциялар қызметі
- тотализаторлар қызметі
- «қалқымалы казиноны» қоса казинолар қызметі сияқты құмар ойындар мен бәс тігуді ұйымдастыру бойынша қызметті кіреді

93 Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет

Аталған бөлімге спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызметті (музейлердің, тарихи орындарды қорғау қызметі, ботаникалық бақтар мен хайуанаттар бағы мен табиғи қорықтардың қызметін; сондай-ақ құмар ойындар мен бәс тігуді ұйымдастыру бойынша қызмет қоспағанда) кіреді.

Аталған бөлімге театр қойылымдарын қою мен көрсету, концерттер, опера спектакльдері, би және өзге де сахналық шығарылымдар сияқты драмалық өнер, өнер мен ойын-сауықтың музыкалық және басқа да түрлері кірмейді.

93.1 Спорт саласындағы қызмет

Аталған топқа спорт имараттарының қызметі; көрермендер алдында негізінен жанды спорттық іс – шараларға қатысатын спорт командаларының немесе клубтарының қызметі; көрермендер алдында негізінен жанды спорттық іс – шараларға қатысатын тәуелсіз спортшылардың қызметі; жарысқа, жүгіруге немесе басқа да спорттық іс – шараларға қатысатын машиналар, иттер, аттар және т.б. иелерінің қызметі; спорттық іс – шаралар мен жарыстар негізінде қатысушыларды қолдау бойынша мамандандырылған көрсетілетін қызметтерді ұсынатын спорт жаттықтырушыларының қызметі; ареналар мен стандиондарға қызметкөрсететін персоналдың қызметі; басқа топтамаларға енгізілмеген спорттық іс – шараларды ұйымдастыру, өткізуге қолдау көрсету немесе басқару бойынша басқа да қызмет кіреді.

93.11 Спорт имараттарын пайдалану

93.11.0 Спорт имараттарын пайдалану

Бұл ішкі класқа:

- ашық алаңда немесе жабық үй-жайларда (ашық және жабық, көрермендерге арналған орындықтармен немесе орындықтарсыз) спорттық іс-шараларды өткізу бойынша спорт ғимараттары: футболға, хоккейге, крикетке, регбиге арналған стадиондар, автомобиль жарыстары, оттерді жүгірту мен ат бәйгесіне арналған тректер, жүзу бассейндері мен стадиондар; жеңіл атлетикаға арналған стандиондар, қысқы сопрт түрлеріне арналған алаңдар мен стандиондар, хоккейге арналған мұз ареналары, бокс залдары, гольф ойнау үшін алаңдар, боулинг залдарын пайдалану
- меншікті объектілерімен спорттық клубтар ұсынатын кәсіпқойлар немесе әуесқойларға арналған ашық алаңды немесе жабық үй-жайларда спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу кіреді

Бұл ішкі класқа аталған объектілерде жұмыс істеу үшін персоналды басқару және қамтамасыз ету кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- фуникулерлерді пайдалану, (49.39.0 қараңыз)
- спорттық және ойын-сауық жабдықтарын жалдау, (77.21.0 қараңыз)
- фитнес-клубтардың қызметі, (93.13.0 қараңыз)
- парктер мен жағажайлар қызметі кірмейді, (93.29.9 қараңыз)

93.12 Спорт клубтарының қызметі

93.12.0 Спорт клубтарының қызметі

Бұл ішкі класқа өз мүшелеріне спорттық шараларға қатысуға мүмкіндік беретін кәсіби, жартылай кәсіби немесе әуесқой болып табылатын спорт клубтарының қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- спорт клубтары: футбол клубтары, боулинг клубтары, жүзу клубтары, гольф клубтары, бокс клубтары, қысқы спорт түрлері әуесқойларының клубтары, шахмат және дойбы клубтары, жеңіл атлетика мен атқыштар клубтарының және т.б. қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- кәсіби нұсқаушылардың, жаттықтырушылардың басшылығымен спорттық жаттығулар, (85.51.0 қараңыз)
- спорт имараттарын пайдалану, (93.11.0 қараңыз)
- меншікті объектілерімен спорт клубтарының ашық алаңда немесе жабық үй – жайларда кәсіпқойлар немесе әуесқойлар үшін спорттық іс-шараларды ұйымдастыруы мен өткізуі кірмейді, (93.11.0 қараңыз)

93.13 Фитнес-клубтардың қызметі

93.13.0 Фитнес-клубтардың қызметі

Бұл ішкі класқа:
- фитнес және бодибилдинг клубтарының қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- кәсіби нұсқаушылардың, жаттықтырушылардың басшылығымен спорттық жаттығулар кірмейді, (85.51.0 қараңыз)

93.19 Спорт саласындағы өзге де қызмет

93.19.0 Спорт саласындағы өзге де қызмет

Бұл ішкі класқа:
- спорт имараттары болуымен немесе оларсыз спорттық іс-шараларға жәрдемдесу мен даярлау бойынша қызмет
- дербес спортшылар мен атлеттер, төрешілер, хронометражистер және т.б. қызметі
- спорт лигалары мен ұйымдарының қызметі
- спорттық іс-шараларды өткізу көмек беру бойынша қызмет
- жүйрік және бәйге аттарға арналған атқоралар, жарысатын иттерге арналған ит қоралар мен спорттық жарыс автомобильдеріне арналған гараждар қызметі
- спорттық балық аулау мен аң аулаудағы қорықтардың қызметі
- таулардағы жол көрсетушінің қызметі
- спорттық немесе әуесқой аң аулау мен балық аулауға байланысты қосалқы қызметті кіреді

Бұл ішкі класқа:
- спорт жабдықтарының жалдау, (77.21.0 қараңыз)
- спорт мектептері мен спорт ойындары мектептерінің қызметі, (85.51.0 қараңыз)
- спорт нұсқаушыларының, ұстаздарының, жаттықтырушыларының қызметі, (85.51.0 қараңыз)

- меншікті объектілерімен спорт клубтарының ашық алаңда немесе жабық үй – жайларда кәсіпқойлар немесе әуесқойлар үшін спорттық іс – шараларды ұйымдастыруы мен өткізуі кірмейді, (93.11.0, 93.12.0 қараңыз)

- парктер мен жағажайлар қызметі кірмейді, (93.29.0 қараңыз)

93.2 Демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру бойынша қызмет

Бұл топқа имараттарды басқаратын немесе демалысты ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынатын кәсіпорындардың кең тобы кіреді.

Бұл топқа механикаландырылған төбешіктер, су төбешіктері, ойындар сияқты түрлі аттракциондарды, қойылымдарға арналған алаңдар, тақырыптық көрмелер мен сейілдеуге арналған орындарды пайдалану кіреді.

Бұл топқа спорт қызметі және драма өнері, өнер мен ойын-сауықтың музыкалық және басқа да түрлері кірмейді.

93.21 Ойын-сауық және тақырыптық парктердің қызметі

93.21.0 Ойын-сауық және тақырыптық парктердің қызметі

Бұл ішкі класқа ойын-сауық пен тақырыптық парктердің қызметі кіреді. Ішкі класқа механикалық төбешіктер, су төбешіктері, ойындар, сияқты әр түрлі аттракциондарды, қойылымдарға арналған алаңдарды, тақырыптық көрмелерді және сейілдеуге арналған орындарды пайдалану кіреді.

93.29 Демалысты және ойын-сауықты ұйымдастыру бойынша өзге де қызмет

93.29.1 Би залдары, дискотекалар қызметі

Бұл ішкі класқа:

- би алаңдары, би залдары мен дискотекалар қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:

- барлар жанындағы дискотекалар қызметі кірмейді, (56.30.0 қараңыз)

93.29.2 Родео, тирлар қызметі

93.29.3 Қуыршақ театрларының қызметі

93.29.9 Демалысты және ойын-сауықты ұйымдастыру бойынша қызметтің өзге де түрлері

Бұл ішкі класқа демалысты (ойын-сауық және тақырыптық парктерді қоспағанда), және ойын-сауықты ұйымдастыруға байланысты осы кластың басқа да ішкі кластарына:

- электронды ойындары бар ойын автоматтарын пайдалану
- демалыс парктерінің (пансионсыз) қызметі
- ойын-сауық мақсаттары үшін көлік құралдарын, мысалы, су велосипедтері, шағын желкенді кемені ұсыну
- тау шаңғысы трассаларының қызметі
- ойын-сауық кешендері ажырамас бөлігі ретінде көңіл көтеру және демалыс үшін жабдықтардың прокаты
- ойын-сауық сипатындағы жәрмеңкелер мен шоулар (қойылымдар) ұйымдастыру

- жағажайдағы шешіну бөлмелері, бекітілетін шкафтар, креслолар және т.б. сияқты жабдықтарды ұсынуды қоса жағажайлар қызметі

- клубтар типтес мәдени мекемелер: мәдениет сарайлары мен үйлері, стационарлық және көшпелі клубтары; сәулетшілер, дәрігерлер, журналистер, кино, әдебиетшілер, композиторлар және басқалар үйлерінің қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа сондай – ақ меншікті жабдықтарымен және аппаратурамен немесе оларсыз өнер мен спорт саласынан басқа, жанды қойылымдарды ұйымдастырушылар мен продюсерлердің қызметі кіреді.

Бұл ішкі класқа:

- фуникулерлерді, әуе-арқан жолдарын және т.б. пайдалану, (49.39.0 қараңыз)

- балық аулау круиздары, (50.10.0, 50.30.0 қараңыз)

- автофургондарға арналған тұрақтарда, тұруға арналған үйлерде, кемпингтерде, ормандарда және т.б. орындарды келушілердің қысқа уақытқа тоқтауы үшін орындар ұсыну, (55.30 қараңыз)

- театр және цирк труппаларының қызметі кірмейді, (90.01.1, 90.01.3 қараңыз)

S СЕКЦИЯСЫ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗГЕ ДЕ ТҮРЛЕРІН ҰСЫНУ

Аталған секцияға (қалдық санат ретінде) қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар қызметі, компьютерлер, жеке пайдаланатын заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу, сондай-ақ басқа топтамаларға енгізілмеген бірқатар жеке көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша қызмет кіреді.

94 Қоғамдық бірлестіктер (ұйымдар) қызметі

Аталған бөлімге белгілі бір қоғамдық топтардың мүдделерін білдіретін немесе қоғамда идеяларды таратумен айналысатын ұйымдардың қызметі кіреді. Аталған ұйымдардың әдетте белгіленген мүшелері болады, алайда олардың қызметі осы ұйымдардың мүшелерінен басқаларды да қамтуы мүмкін. Бұл бөлімнің топтамаларға бөлінуі ұйымның, атап айтқанда, кәсіпорындардың, дара кәсіпкерлер мен ғылыми қауымдастықтың (94.1 тобы) мүдделерін, жаданып жұмыс істейтін адамдардың мүдделерін (94.2 тобы) қорғауды немесе діни, саяси, мәдени, білім беру идеялары мен қызмет түрлерін (94.9 тобы) ілгерілету бойынша алдына қойған міндеттер айқындайды.

94.1 Коммерциялық, кәсіпкерлік және қоғамдық кәсіптік ұйымдар қызметі

Осы топқа коммерциялық ұйымдар мүшелері мен дара кәсіпкерлердің мүдделерін білдіретін ассоциациялар мен одақтар қызметі кіреді. Кәсіптік қоғамдық ұйымдар болған жағдайда, осы топқа сондай-ақ кәсіби қызмет салалары бойынша мамандардың кәсіби мүдделерін білдіру бойынша қызмет кіреді.

94.11 Коммерциялық және қоғамдық кәсіпкерлік ұйымдар қызметі

94.11.0 Коммерциялық және қоғамдық кәсіпкерлік ұйымдар қызметі

Бұл ішкі класқа:

- мүшелерінің мүдделері коммерциялық қызметтің бағытына қатыссыз, ауыл шаруашылығын немесе нақты географиялық ауданның немесе әкімшілік бірліктердің экономикалық дамуын және экономикалық жағдайынқоса алғанда нақты өндірістік сала қызметі немесе сауда кәсіпорындарының дамуы мен өркендеуіне жұмылдырылған қоғамдық ұйымдардың (ассоциациялардың) қызметі
- осындай ассоциациялар федерацияларының қызметі
- сауда палаталары, гильдиялар және ұқсас ұйымдар қызметі
- ақпараттар тарату, мемлекеттік органдардағы өкілдік, бұқарамен байланыс және кәсіподақтармен жасалатын келіссөздер кіреді

Бұл ішкі класқа:
- кәсіподақтар қызметі кірмейді, (94.20.0 қараңыз)

94.12 Қоғамдық кәсіптік ұйымдар қызметі

94.12.0 Қоғамдық кәсіптік ұйымдар қызметі

Бұл ішкі класқа:
- мүшелерінің мүдделері медицина, заң, бухгалтерлік, инженерлік, сәулет қауымдастықтары және т.б сияқты білімнің нақты саласына немесе кәсіби практикаға немесе техникалық салаға жұмылдырылған қоғамдық ұйымдардың (ассоциациялардың) қызметі
- жазушылар, суретшілер, актерлер, журналистер және т.б. одақтары сияқты ғылым, білім беру мен мәдениет саласындағы мамандар бірлестіктерінің қызметі
- ақпараттар тарату, кәсіби қызмет нормаларын белгілеу және олардың сақталуына бақылау жасау, мемлекеттік органдардағы өкілдік, бұқарамен байланыс кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- ғылыми қоғамдардың қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- аталған ұйымдар ұсынатын білім беру кірмейді, (85 бөлімді қараңыз)

94.2 Кәсіптік одақтар қызметі

94.20 Кәсіптік одақтар қызметі

94.20.0 Кәсіптік одақтар қызметі

Бұл ішкі класқа:
- еңбек және кәсіптік одақтар ұйымдастырған қызметкерлер мүдделерін білдіру кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- жалданып жұмыс істеуші, ең бастысы, жалақы мен еңбек жағдайы мәселелері бойынша өз мүдделерін білдіре алатын мүдделі, сондай – ақ үйым арқылы келісілген іс – әрекет ететін адамдар мүшелері болып табылатын ұйымдардың қызметі
- бір кәсіпорын жұмыскерлері кәсіподағының, қызметтің аралас салаларын біріктіретін кәсіподақтардың және кәсіби, өңірлік, құрылымдық немесе басқа да қағидаттар бойынша біріккен жұмыскерлер кәсіподақтарының қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа:
- аталған ұйымдар ұсынатын білім кірмейді, (85 білімді қараңыз)

94.9 Өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметі

Бұл топқа өз мүшелерінің мүдделерін білдіретін ұйымдардың қызметі (коммерциялық, кәсіпкерлік және кәсіби ұйымдардан, кәсіптік одақтардан басқа) кіреді.

94.91 Діни ұйымдар қызметі

94.91.0 Діни ұйымдар қызметі

Бұл ішкі класқа:
- шіркеулерде, мешіттерде, храмдарда, синагогаларда немесе басқа да орындарда діндарларға тікелей қызметтерін ұсынатын діни ұйымдардың немесе жекелеген адамдардың қызметі
- ерлер мен әйелдер монастырларының, діни бауырластар және әпкелер қызметі
- діни тақуалық ұйымдар қызметі кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- діни жерлеу қызметтерін ұсыну бойынша қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа:
- аталған ұйымдар ұсынатын білім, (85-білімді қараңыз)
- аталған ұйымдар жүзеге асыратын денсаулық сақтау саласындағы қызмет, (86-білімді қараңыз)
- осы ұйымдар жүзеге асыратын әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну кірмейді, (87, 88-білімдерді қараңыз)

94.92 Саяси ұйымдар қызметі

94.92.0 Саяси ұйымдар қызметі

Бұл ішкі класқа:
- саяси партиялар жанындағы жастар ұйымдары сияқты саяси ұйымдар және олардың қосалқы ұйымдарының қызметі кіреді. Аталған ұйымдар негізінен партия мүшелерін мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдауына ықпал етумен айналысады. Олардың қызметі ақпарат тарату бұқарамен байланыс, қаражат жинау және т.б. кіреді

94.99 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де қоғамдық ұйымдардың қызметі

94.99.0 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де қоғамдық ұйымдардың қызметі

Бұл ішкі класқа:
- білім беру, саяси ықпал жасау, қаражат жинау және т.б. арқылы қоғамдық міндеттер мен проблемаларды шешуге себепші болатын саяси партиялармен тікелей байланысты емес ұйымдардың: азаматтық бастамалар немесе наразылық қозғалыстары; қоршаған орта мен экологияны қорғау саласындағы қозғалыстар; басқа топтамаларға енгізілмеген қоғам дамуы мен білім беруді қолдауға шығатын ұйымдар; халықтың ерекше топтары, мысалы, этникалық топтар мен азшылықты қорғау және жағдайын жақсарту

бойынша ұйымдар; соғыс ардагерлері бірлестіктерін қоса патриоттық мақсаттары бар ұйымдардың қызметі

-тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері

- автомобилистер бірлестіктері

- іскер адамдар клубы, масон ложалары және т.б. сияқты әлеуметтік байланыс орнату мақсатында құрылатын бірлестіктер

- жастар мен балалар бірлестіктері, студенттік бірлестіктер, клубтар мен бауырластар және т.б.

- мәдени және ойын-сауық іс шараларын өткізу немесе бос уақытты ұйымдастыру мақсатында құрылатын бірлестіктер (спорт клубтары мен спорттық ойындар клубтарынан басқа), мысалы, поэзиялық, әдеби клубтар, кітап, тарих, бау-бақша, әуесқойлары клубтары, кино және фото әуесқойлары клубтары, музыка және көркем сурет әуесқойлары, қолөнер әуесқойлары мен коллекционерлер клубтары, әлеуметтік клубтар, карнавал клубтары және т.б. кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:

- қоғамдық ұйымдар мен өзге де ұйымдардың гранттар ұсынуы бойынша қызмет кіреді

Бұл ішкі класқа:

- көмек көрсету үшін қаражат жинау сияқты қайырымдылық қызметі, (88.99.0 қараңыз)

- кәсіби көркем труппалар немесе ұйымдар қызметі, (90.0 қараңыз)

- спорт клубтарының қызметі, (93.12.0 қараңыз)

- кәсіптік бірлестіктер қызметі кірмейді, (94.12.0 қараңыз)

95 Компьютерлерді, жеке пайдаланатын заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу

Аталған бөлімге дербес компьютерлер, ноутбуктер, магнитті дискілердегі жинақтауыштар, флэш-құрылғылар және принтерлер сияқты шеткері компьютерлер мен жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді. Аталған бөлімге сондай-ақ коммуникациялық жабдықтарды (факсимильді машиналар, радиотаратқыштар), электрондық тұрмыстық техниканы (радиоқабылдағыштар мен телевизорлар), үй және бау-бақша жабдықтарын (көгалшапқыш пен жапырақ жинағыш машиналар), аяқкиім мен былғары бұйымдарды, жиһаз және интерьер заттары, киім мен аксессуарлар, спорт тауарлары, музыкалық аспаптар, бос уақытқа арналған заттар және басқа да жеке пайдаланатын заттар мен тұрмыс тауарларын жөндеу кіреді.

Аталған бөлімге медициналық және диагностикалық жабдықтарды, өлшейтін және геодезикалық аспаптарды, зертханалық құралдарды, радарлар мен локаторларды жөндеу кірмейді, (33.13 қараңыз)

95.1 Компьютерлер мен коммуникациялық жабдықтарды жөндеу

Осы топқа компьютерлер, шеткері және коммуникациялық жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді.

95.11 Компьютерлер мен шеткері жабдықтарды жөндеу

Бұл класқа компьютерлер, компьютерлік және шеткері жабдықтар сияқты электронды жабдықтарды жөндеу кіреді.

95.11.0 Компьютерлер мен шеткері жабдықтарды жөндеу

Бұл ішкі класқа:
- дербес компьютерлер
- ноутбуктер
- магнитті дискілерді оқуға арналған құрылғылар, флэш-жабдықтар және басқа да ақпараттарды сақтауға арналған құрылғылар
- лазерлі (оптикалық) дискілерді оқуға арналған құрылғылар (CD-RW, CD-ROM, DVD-ROM, DVD-RW)
- принтерлер
- мониторлар
- пернетақталар
- тінтуірлер, басқару джойстиктері (иіндер) мен трекболдар
- сыртқы және ішкі компьютерлік модемдер
- бөлінген компьютерлік терминалдар
- компьютерлік серверлер
- штрих кодтарды есептеуге арналған құрылғыларды қоса алғанда сканнерлер
- смарт-карталарға арналған құрылғылар есептеуіш
- виртуалдық ойындарға арналған дулығалар мен каскалар
- компьютерлік проекторларды жөндеу мен техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа сондай-ақ:
- механикалық емес тәсілмен басқарылатын банкоматтар, сауда автоматтары сияқты компьютерлік терминалдар
- тасымалданатын қалта компьютерлерін (PDA) жөндеу мен техникалық қызмет көрсету кіреді

Бұл ішкі класқа:
- модемдік жабдықтарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсету кірмейді, (95.12.0 қараңыз)

95.12 Коммуникациялық жабдықтарды жөндеу

95.12.0 Коммуникациялық жабдықтарды жөндеу

Бұл ішкі класқа:
- сымсыз телефондар
- ұялы телефондар
- модем жабдықтары
- факсимильді аппараттар
- коммуникациялық тарату жабдықтары (мысалы, маршрутизаторлар, белдіктер және жүйеаралық шлюздер)
- радиотаратқыштар
- кәсіптік теле- және бейнекамералар
- домофондар сияқты коммуникациялық құрал-жабдықтарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсету кіреді

95.2 Жеке пайдаланатын заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу

Бұл топқа жеке пайдаланатын заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кіреді.

95.21 Электронды тұрмыстық техниканы жөндеу

95.21.0 Электронды тұрмыстық техниканы жөндеу

Бұл ішкі класқа электронды тұрмыстық техникалар: телевизорлар, радиоқабылдағыштар, бейнемагнитофондар, CD дискілерін ойнатқыштар, әуесқой бейнекамераларды жөндеу және қызмет көрсету кіреді.

95.22 Тұрмыстық аспаптарды, үй және бау-бақша жабдықтарын жөндеу

95.22.0 Тұрмыстық аспаптарды, үй және бау-бақша жабдықтарын жөндеу

Бұл ішкі класқа тұрмыстық аспаптарды, үй және бау-бақша жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету:

- тұрмыстық аспаптар: тоңазытқыштар, плиталар, кір жуатын машиналар, кептіргіштер, кондиционерлер және т.б. жөндеу және техникалық қызмет көрсету
- үй және бау-бақша жабдықтары: көгалшапқыштар, қар- мен жапырақ жинайтын машиналар, триммерлер және т.б. техникалық қызмет көрсету және жөндеу кіреді

Бұл ішкі класқа:

- механикаландырылған қол құралдарын жөндеу, (33.12.4 қараңыз)
- ауаны кондиционерлеу жүйесін жөндеу кірмейді, (43.22.0 қараңыз)

95.23 Аяққиімдерді және былғарыдан жасалған бұйымдарды жөндеу

95.23.1 Аяққиімдерді жөндеу

Бұл ішкі класқа:

- аяққиімдерді жөндеу
- өкшеге нәл қою кіреді

95.23.2 Табиғи және жасанды былғарыдан жасалған жол және галантерея бұйымдарын жөндеу

Бұл ішкі класқа:

- былғарыдан және басқа да материалдардан жасалған шамадандарды, сөмкелер мен өзге де жол жабдықтарын жөндеу кіреді

95.24 Жиһаздарды және интерьер заттарын жөндеу

95.24.0 Жиһаздарды және интерьер заттарын жөндеу

Бұл ішкі класқа:

- үй және офис жиһазы мен интерьер заттарын қайта тарту, қайта жылтырату, жөндеу және қалпына келтіру кіреді

95.25 Сағаттарды және зергерлік бұйымдарды жөндеу

95.25.1 Қолсағаттар мен өзге де сағаттарды жөндеу

Бұл ішкі класқа:

- сағаттарды және олардың корпусы, қозғалатын бөліктері, хронометрі және т.б. сияқты бөліктерін жөндеу кіреді

Бұл ішкі класқа:
- таймерлерді, уақытша күнімен мөртабандарды, бұғаттауы бар құлыптарды және уақытты шектеудің ұқсас аспаптарын жөндеу кірмейді, (33.13 қараңыз)

95.25.2 Зергерлік бұйымдарды жөндеу

95.29 Жеке пайдаланатын өзге де заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу

Бұл класқа:
